

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-231
Әдістемелік өндеу		164 беттің 1 беті

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжі

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

ТЕОРИЯЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛГАН ӘДІСТЕМЕЛІК ӨНДЕУ

Пән коды: ЖББП 10

Пәні: Қазақ тілі және әдебиеті

Мамандығы: 09120100 «Емдеу ісі»

Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер»

Мамандығы: 09110100 «Стоматология»

Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»

Мамандығы: 09110200 «Ортопедиялық стоматология»

Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс техникі»

Оқу сағатының/кредит көлемі: 120/5

Теория: 120с.

Курс: 1

Оқу семестрі: 2

Бақылау түрі: емтихан

Шымкент, 2024 ж.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-231
Әдістемелік өндөу		164 беттің 2 беті

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «21 » 08 2024 ж.

Кафедра менгерушісі:  А.Т. Сатаев

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 3 беті

№ 1 сабак

5.1. Тақырып: Еңбек нарығы. Оңаша және ортақ тәуелдеу
Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Мақсаты:

5.3. Оқу міндеттері : электрондық оқулық арқылы ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту; ой түйіндеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру; мәтінді қиналмай әңгімелегу, ауызекі сөйлеуге дағдыландыру, ой-өрісін кеңейту.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Еңбек нарығы туралы
 2. Еңбек нарығында қандай әлеуметтік мәселелер.

3. Еңбек нарығындағы тепе- тендік

4. Еңбек нарығындағы бәсекелестік

5. Тәуелдік жалғау.

6. Оңаша және ортақ тәуелдеу

Жаңа сабакты түсіндіру: 30 мин.

Еңбек нарығы

Еңбек нарығы- жұмыс күшін тауар ретінде сату- сатып алу туралы экономикалық қатынсатар жүйесі. Нарықтың тікелей әсер етуімен жоғары біліктілікке құрылған еңбектің дәрежесі көтеріледі, әрбір жұмыс орнының бағасы өседі, жұмыскерге және оның енбегіне талап күшінеді. Еңбек нарығында ете қабілетті, іскер жұмыскерлер таңдап алынады. Нарық еңбекке қабілетсіздерді, жалқаулар мен әлсіздерді ешқашан аямайды. Ол еңбектің жлғары шапшаңдығын, іскерлік пен біліктілікті талап етеді. Еңбек нарығы – бәсекелестік нарық. Онда жұмыс орындары мен еңбек орындары мен еңбек ресустарының арасында сыйкессіздік болады. Жоғары біліктілікті қажет ететін жұмыс орындарының бір бөлігі бос болып қала береді, ал арнаулы дайындығы жоқ адамдардың бір бөлігі жұмыс таба алмайды. Осында жағдайда қандай да жұмыс түрін табу үшін жұмыссыздар арасында бәсекелестік пайда болады. Сонымен қатар өз енбегімен жоғарытабыс көзделген жоғары білікті жұмыскерлер мен мамандар да бір- бірімен бәсекелік сайыста болады.

Тәуелдік жалғауы

Тәуелдік жалғау — бір заттың басқа бір затқа я адамға тәуелді, меншікті екенін білдіретін қосымша. Тәуелденетін сөз үш жақтың бірінде айтылады. Тәуелдік жалғау өзі жалғанған сөзді ілік септік жалғаулы сөзben байланыстырып тұрады.

Бір я бірнеше заттың бір ғана затқа я адамға меншікті екенін білдіру оңаша тәуелдеу, бір я бірнеше заттың көп затқа я адамға меншікті екенін білдіру ортақ тәуелдеу деп аталады. Тәуелдік жалқау зат есімге тән қосымша болғанмен, зат есімнің қызметін атқаратын, яғни, заттанатын сөздердің барлығына да жалғана береді. Мысалы: әкем, дәптерім деген сөздер зат есім болса, Түйенің үлкені өткелде таяқ жейді (мәтел) деген сөйлемдегі үлкені — заттанып тұрған сын есім.

Оңаша тәуелдеу

Жақ	Жалғаулары	Жекеше түрі	Көпше түрі
I жақ	-м, -ым, -ім	Менің кітаб-ым	Менің кітаптар-ым
II жақ	-н, -ын, -ің -ыңыз, -іңіз, -ныз, -ңіз	Сенің кітаб-ың Сіздің кітаб-ыңыз	Сендердің кітаптар-ыңыз Сіздердің кітаптар-ыңыз

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 4 беті

III жақ	-сы,-сі, -ы, -і	Оның кітаб-ы	Олардың кітаптары
---------	-----------------	--------------	-------------------

Ортақ тәуелдеу


Жақ	Жалғаулары	Жекеше түрі	Көпше түрі
I жақ	- мыз, -міз	Біздің компьютер-іміз	Біздердің компьютер-леріміз
II жақ	-ын,-ін, - тарын,-терін -дарын,-дерін -ларын,-лерің -тарыңыз -теріңіз -дарыңыз -деріңіз -ларыңыз леріңіз	Сендердің компьютер-ін Сіздердің компьютер-ініз	Сендердің компьютер-лерің Сіздердің компьютер-леріңіз
III жақ	-сы,-сі, -ы, -і	Олардың компьютер-і	Олардың компьютер-лері

Тапсырма 1. Мәтінді тындаңыздар. Мәтін не турали? Еңбек нарығында жұмыскерлерге қандай талаптар қойылады?

Тапсырма 2. Сөздікпен жұмыс. Мәтінде кездесетін термин сөздердің мағынасын анықтаңыз

Еңбек нарығы	
Еңбек ресурсы	
Біліктілік	

Тапсырма 3. Төмендегі кластерді толықтырыңыз. Мәтінге сүйеніп және кластерді пайдаланып, шағын монолог дайындаңыз



ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 5 беті

Тапсырма 4. Мәтінді оқыңыздар. Мәтіннен тірек сөздерді теріп жазып, мағынасын анықтаңыздар.

Еңбек нарығында кәсіпкерлер мен еңбекке қабілетті адамдар арасында белгілі бір қарым қатынас орнайды. Нарықтық жағдай жұмыс күшінің бағасына және құнына әртүрлі ықпал жасайды. Ол еңбектің бағасына тікелей, ал жұмыс күшінің құнына жанама түрде әсер етеді. Баға өндіріс салалары дамуының басты бағдары. Тауарлар мен қызметтерді тұтынушы мен сатушы, жұмыс беруші мен жалданушы жұмыскер арасындағы қарым қатынастар да дәл сол қызметті орындаиды. Жалданушы қызметкерлер жұмыс орындарын олардың «бағасына» қарап таңдайды. Қызметкерлер өзінің жұмыс күшін сол жұмыс күшіне неғұрлым мол ақы (баға) төлейтін жұмыс берушіге сатуға құқы бар. Қызметкерлердің бір бөлігі өз жұмысын жоғар ақы төленетін басқа жұмысқа аусытырығысы келген жағдайда, жұмыс беруші оларды жалақы деңгейін арттыру арқылы өз кәсіпорнында алып қала алады. Жалпы біліктілігі жоғары қызметкерлер көп салаларда жалақы деңгейі (еңбек бағасы) төмен болады. Яғни, сұраныс пен ұсныңыс капитал нарығына қалай әсер ететін болса, жұмыс күші нарығына да дәл солай әсер ете алады.

Тапсырма 5. Сұрақтар бойынша диалог құрастырыңыз

1. Еңбек нарығында қарым қатынас кімдердің арасына орнайды?
2. Нарықтық жағдай жұмыс күшінің бағасына қалай әсер етеді?
3. Өндіріс салалары дамуының бағдары не?
4. Жұмыс берушілер жұмыскерлерге өз кәсіпорнына қандай жолмен тарта алады?
5. Біліктілігі жоғары қызметкерлер көп салаларда жалақы деңгейі (еңбек бағасы) төмен болады дегенді қалай түсінесіз?

Тапсырма 6 . Сөйлемдегі көп нұктенің орнына оңаша және ортақ тәуелдеу жалғауларының қажеттісін қойып жаз. Тәуелдік жалғауы қандай сөз таптарына жалғанып тұрғанын айтыңыз

1. Биыл отандық кәсіпкерлердің жиырма бес ... «Алтын сапа» белгісімен марапатталды. 2. Сіздің бизнес саласындағы өкіл... мектепке компьютер тарту етті. 3. Шетелдік инвесторлар мен Алматының ірі кәсіпкерлер... бас қосты. 4. Айтұлы кәсіпорындардың отандық тауарлар... брендке айналуда. 5. Қазіргі таңда жас мамандардың мақсат... — табысқа жету. 6. Олар мәжілісте өздер...нің жетістіктер... жайлы баяндама жасады. 7. Бәріміздің ойлаған... — халықтың жағдай.... .

Тапсырма 7. Мәтінге сүйеніп, еңбек нарығының ерекшелігін айтыңыз. Төмендегі диаграмманы толықтырыңыз. Диалогтен оңаша және ортақ тәуелдеу формасында тұрған сөздерді табыңыз : «Еңбек нарығындағы жұмыссыздық мәселесі»

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-231</p>
<p>Әдістемелік өндеу</p>	<p>164 беттің 6 беті</p>

Тапсырма 8. Мәтін қандай құжаттан алынған? Ол құжаттың елдің дамуындағы маңызы қандай? Мәтінде не туралы айтылған? Мәтінде көтеріліп отырған мәселелеге қатысты өз көзқарасынды айтыңыз

Ушінші кешенді міндет — еңбек нарығын жаңғырту. Біздің ірі кәсіпорындар әкімдіктермен бірлесе отырып, тиісті жол карталарын әзірлеуі керек. Онда қысқартылатын жұмысшыларды қайта даярлау, оларды әрі қарай жұмыспен қамту үшін бірлесіп, инвестиция салу жайы қарастырылуы қажет. Басы артық жұмыс құші бар өнірлерден басқа жерлерге, сондай-ақ ауылдардан қалаларға жұмыс құшін ұтымдылық пен тартуға қолдау көрсету керек.

Тапсырма 9. «Ойшил қалпақтар». Тақырып: «Еңбек нарығының тетігі — бәсекелестік».

Қалпақтар	Қалпақтардың қызметі	Сұрақтары
	«Еңбек нарығы» ұғымы туралы айтады.	Еңбек нарығына қатысты қандай ақпарат білесін?
	Еңбек нарығының артықшылықтары туралы айтады.	Оның қандай артықшылығы бар?
	Еңбек нарығының кемшіліктерін айтады.	Еңбек нарығында қандай кемшілік болуы мүмкін?
	Еңбек нарығының экономиканы көтерудегі тиімділігін айтады.	Оның тиімділігі нeden көрінеді?
	Нарықтың экономикаға қатысты өзінің әмоциясын білдіреді.	Осы мәселеге қалай қарайсын?
	Бақылап, қорыту: айтылған ойды сараптайды, талдайды.	Айтылған ойдан қандай қорытынды шығаруға болады?

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 7 беті

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды. «Еңбек нарығы – бұл бәсекелесу» тақырыбында сұхбаттасыныздар.

Тірек сөздер: жоғары білікті маман, жұмыс орны, жұмыссыздық, бәсекелестік, табыс табу, сұраныс, ұсыныс, жұмысшы күші.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5. 6. Әдебиеттер.

Негізгі:

1. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019
2. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019
3. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>
4. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

1. Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)
2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (T2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018
3. Аманжолова З., Ж.Рахмани Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабак) 5-11 сыныптар Upartners, 2016

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау: Ауызша сұрақ жауап.

1. Еңбек нарығы дегеніміз не?
2. Еңбек нарығындағы кәсіпкерлердің рөлі қандай?
3. Еңбек нарығының атқаратын басты қызметтері қандай?
4. Еңбек нарығының экономикалық функциясына не жатады?
5. Еңбек нарығының принциптері қандай?
6. Еңбек нарығы мен жұмыссыздық мәселесінің қандай байланысы бар?
7. Еңбек нарығының қандай жағымды және жағымсыз жақтары болуы мүмкін?

№ 2 сабак

5.1. Тақырып: Кәсіпкерлік табыс- көзі. Зат есім. Зат есімнің тәуелденуі.

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Кәсіпкерлік туралы түсінік беру. Кәсіпкерліктің түрлері, кәсіпкерге тән қасиеттер туралы, кәсіпкерлік мақсатына жету жолындағы қыншылықтар мен табыстарға қол жеткізуге болатындығы арқылы оқушыларды алға қойған мақсатқа жетуге тәрбиелеу.

Жұмыс нәтижесі Кәсіпкер, кәсіпкерліктің түрлері жайында жана түсініктер қалыптасады, өмірмен байланыстыра біледі. Тақырып бойынша білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, тиянақтау. Пәнге қызығушылығын арттыру.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 8 беті

5.3. Оқу мақсаттары: Зат есімнің тәуелденуі туралы білімдерін тереңдетіп, берілген тапсырмалар ішінен тәуелдік жалғауы бар сөздерді таба білуге үйрету. Өз бетінше қорытынды шығаруға, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытып, ұйымшылдыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Кәсіпкерлік қызмет туралы түсінік.
2. Кәсіпкерлік қызмет формасы.
3. Кәсіпкерлікті дамыту.
4. Зат есім. Зат есімнің тәуелденуі.

Жаңа сабакты түсіндіру: 30 мин.

Кәсіпкерлік табыс- көзі

Нарықтық экономиканың өзгермелі өмір жағдайында өндірістік немесе басқа да іспен айналысадын кез келген кәсіпорынды «кәсіпкер ұйым» деп айтамыз. Кәсіпкер — жекеменшік иесі ретінде экономикаға жаңалық енгізетін, жаңа тәсілді қолданатын субъект. «Кәсіпкер» ұғымы «кәсіпкерлік іс» ұғымымен қатар жүреді. Кәсіпкерлік іс — өндіріс, қызмет көрсету, тапсырыс орындау сияқты шаруашылық және басқа да істе пайда түсіру мақсатымен жеке адамдардың кәсіпорындарда немесе ұйымдарда заң аясында жүзеге асыратын ісі. Жеке адам да, әріптестер бірлестігі де кәсіпкерлік субъектілері бола алады. Кәсіпкерлік істің субъектісі ретінде жеке адам жеке немесе отбасылық кәсіпорындарды ұйымд астыру арқылы әрекет етеді. Мұндай кәсіпкерлер өз еңбегінің айналымымен ғана шектеледі. Кәсіпкерліктің негізгі мақсаты — пайда табу. Бірақ жетілген нарықтық қатынастар жоғарыда айтылған екі мақсаттың үйлесімді болуын талап етеді. Эрине, бизнес — кәсіпкерлердің экономика саласындағы еңбегі, олардың ауқымды пайда табу мүмкін дігі. Сонымен қатар нарықтың экономика жағдайындағы бизнестің дамуы тұтыну нарығының тауар мен қызмет түрлеріне, оның толығуына әсер етеді, экономиканың құрылымдық дамуын жандандырады, ғылыми-техникалық жетістіктердің енгізілуіне себепші болады, өндіріс тиімділігінің жоғарылауына ықпал етеді. Кәсіпорын құрmas бұрын кез келген кәсіпкердің, кәсіпкерлер тобының нақты белгіленген мақсаты болуы керек. Бұл мақсат олардың өз өніміне немесе ұсынатын қызмет түріне қалыпты тапсырысқа сүйені қерек. Шығарылатын өнім немесе көрсетілетін қызмет қажет материалдың ресурстармен қамтамасыз етілуі керек. Жаңа істі бастаған кезде кәсіпкер өз капитальның үздіксіз толықтырылуын ойластырғаны жөн. Міне, осы мәселелер негізгі құжат — кәсіпкерлік бизнес-жоспарда нақты әрі толық көрсетілуі тиіс.

Зат есім. Зат есімнің тәуелденуі.

Зат есім - заттың, құбылыстың атын білдіріп, кім? не? деген сұраққа жауап беретін сөз табы. Күнделікті өмірде кездесетін, әдеттегі жай нәрселерді ғана емес, табиғат пен қоғамдық өмірдегі ұшырасатын әр алуан құбылыстар мен уақыларды, ұғымдар мен түсініктерді де қамтиды.

Мысалы: құс, тас, су, шыны, адам, қол деген сөздермен қатар, жаңбыр, найзағай, сайлау, жүріс, капитализм, эволюция, ұғым, ақыл, сана деген сөздер де зат есімге жатады.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 9 беті

Заттың біреуге меншікті екенін білдіретін қосымшаны тәуелдік жалғау дейміз. Тәуелдік жалғау 3 жақта айтылады. әке-м, әже-ң, ата-сы.

Тәуелдік жалғаулар үш жақта, жекеше және көпше түрде айтылады: көрші-м, көрші-ң, көрші-ңіз, көрші-сі; көрші-міз; көршілер-ің, көршілер-іңіз, көршілер-і.

Тапсырма 1. Мақал-мәтелдегі көп нұктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

Өзің қалаған бір мақал-мәтелдің мағынасын түсіндіріңіз:

1. Кәсіп ... — нәсіп.
2. Қолы қымылдағаның ... қымылдайды.
3. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның

Қажетті сөздер: аузы, тіленбей, түбі.

1. Мәтін оку -кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптың қайсысына жатады?
2. «Кәсіпкер» деген — кім? Одан қандай талаптар қойылады?
3. «Өзгермелі орта», «сын көзben қарау», «өнімді тұтыну» деген тіркестер не мағына береді?

Тапсырма 3. Вен диаграммасын толтырыңыз:



Тапсырма 4. Сұрақтарға жауап беріңіз. Мәтін оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптың қайсысына жатады?

«Кәсіпкер» деген — кім? Оған қандай талаптар қойылады?

«Өзгермелі орта», «сын көзben қарау», «өнімді тұтыну» деген тіркестер не мағына береді?

Тапсырма 5. Мәтін мазмұны бойынша тәмендегі кестені толтырыңдар. Онда қою қаріппен берілген сөздерді қамтыңдар.

Азатжол	Тақырыпша	Тірек сөздер

Тапсырма 6. Тәмендегі мәтінді оқып шығыңыз. Осы қасиеттердің қайсысы өз бойында бар? Өзің үлгі тұтатын кәсіпкердің бойында ше? Салыстырмалы кесте жасап, түсіндіріңіз.

Кәсіпкер болудың жолдары:

Тәуелсіз жұмыс істеу.

Іс-әрекеттің еркіндігін қалау.

Икемді әрі тез шешім қабылдау.

Өзгермелі жағдайға бейім болу.

Табыс көзін тез таба болу.

Ұзак мерзімді пайданы жоспарлай алу.

Бірнеше мамандықты қатар алып жүру.

Рухы құшті болу.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-231</p>
<p>Әдістемелік өндөу</p>	<p>164 беттің 10 беті</p>

Ескеरту: Дүниежүзілік статистикаға жүгінсек, шағын фирмалардың инновациялық, кәсіпкерлік рухы өте жоғары болады, оған заманауи салаларда (электроника, гендік инженерия, компьютерлер) шағын бизнесінің басым болуы дәлел.

Есте сақта!

Нарықтың экономика жағдайында өндіріс немесе басқа да іспен айналысатын кез келген кәсіпорынды «кәсіпкер ұйым» деп айтамыз. Олар өзгермелі ортада өмір сүрге бейім болуы тиіс. Кәсіпкер ісіне сын көзбен қарап, тауар айналымының заңын білгенде нәтижелі жұмыс атқарады.

Кәсіпкер — жекеменшік иесі ретінде экономикаға жаңалық енгізетін, жаңа тәсілді қолданатын субъект. Кәсіпкерлік — өндіріс, қызмет көрсету, тапсырыс орындау сияқты шаруашылық және басқа да істе пайда түсіру мақсатымен жеке адамдардың кәсіпорындарда немесе ұйымдарда заң аясында жүзеге асыратын ісі. Кәсіпкерлік істің субъектілері жеке адам да, әріптестер бірлестігі де бола алады. Кәсіпкердің мақсаты — пайда табу.

Тапсырма 7. Төменде берілген ақпаратты оқы. Қосымша дереккөздерді пайдаланып, өзің қалаған атақты бір кәсіпкердің түйіндемесін жазыңыз.



«2013 жылдың әйгілі бизнесмені» атанған Болат

Өтемұратов мемлекеттің аукциондарына қатыспай-ақ, екінші нарықтың активтерін сатып алған, шетелдік инвесторлардың жобаларына қатысу арқылы табыс таба білген. Болат Өтемұратовтың бизнесі алтын өндіру фабрикасын, қонақ үй салудан, банк секторларын менгеруден бастап жақсарған.



TSC group» корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы, кәсіпкер Бауыржан Оспанов жастарды оқытуға, мәдени мұраға, мектеп, мешіт, аурухана, жағдайы төмен адамдарға демеушілікке корпорация қаржысынан жыл сайын 1 миллион доллар жұмсайды.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жұптастып жұмыс жасау

Жұптық жұмысқа қатысуышылардың мақсаты да, қабылдаған шешімі де бірге. Жұптастып жұмыс жасау – мәселе қойылған сөйлеу жағдаяттың тапсырма бойынша

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 11 беті

жүп болып шешім қабылдау әрекетіне құрылған. Берілген сөйлеу жағдаятының мазмұнын сақтай отырып, сәл өзгеріспен диалог құрады.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

5.Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

6.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme

7.«Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018

8.Аманжолова З., Ж.Рахмани Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабак) 5-11 сыныптар Uppartners, 2016

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ –жауап.

1 ҚР Жеке кәсіпкерлік туралы заңы қай жылы шықты?

1. Кәсіпкерліктің мақсаты не?

2. Кез келген адам айналысуға болатын әрекет түрі.

3. «Кәсіпкерлік» сөзінің мағынасы не?

4. Зат есім дегеніміз не?

5. Жұмбақты оқып, шешуін тап.

Аузы бар, тілі жоқ ,

Терісі бар , жүні жоқ.

Жүргегі бар, ізі жоқ ,

Қанаты бар , ұшпайды,

Су астында қыстайды.

Аузы сөзінің түбірін тап. Өзгерісін айт.

6. Балық сөзін үш жақта , жекеше және көпше түрде тәуелде.

7..Берілген сөздерді жекеше, көпше түрде тәуелдеу.

8. Жағдаят: Өздеріңе 1 айға арналған шағын бизнес жоспар жасауға мүмкіндік берілді.

Бизнес жоспар жасауға қойылатын талаптармен танысындар. Өзара ақылдасып, жоспар құрыныздар

№ 3 сабак

5.1. Тақырып: Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім. Сөз тіркестері, сөз тіркестерінің жасалу жолдары.

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 12 беті

5.2. Мақсаты: Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім тақырыбы бойынша жаңа сөздерді менгерту арқылы сөздік қорларын байыту. Жаңа тақырып туралы білім беру. Жаңа сөздерді менгерту, осы сөздер арқылы сөз тіркестері мен сөйлем құруға дағдыландыру. Отандық тауарларды насхаттау.

5.3. Оқу міндеттері: Тындаушылардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөйлесім дағдыларын арттыру. Сабакқа деген қызығушылықтарын арттыру, танымдық көзқарастарын дамыту.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім туралы түсінік.

2. Сөз тіркестері.

3. Сөз тіркестерінің жасалу жолдары.

Жаңа сабакты түсіндіру: 30 мин.

Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім

Қазіргі таңда отандық тауарларға деген сұраныс артып келеді. Сондықтан еліміздің ауылшаруашылығын өркендетіп, 2021 жылға қарай азық-түлік тауарларының экспортын 40 %-ға көбейту жоспарланып отыр. Қазақстан Республикасының тұнғыш Президенті Н. Назарбаевтың 2017 жылғы халыққа жолдауында: «Көптеген позиция бойынша біз әлемде ірі аграрлық экспорттың өнім өндірушілердің бірі бола аламыз. Бұл әсіресе экологиялық таза тағамдарға қатысты. «Made in Kazakhstan» бренді сондай өнімдердің эталоны болуға тиіс», — деп көрсетті. Отандық экологиялық таза өнім өндіруде шығыс Қазақстандық омарташылардың жетістігін атап өту қажет. Сұранысқа қарай күніне 2 тонна бал тұтынушыларға жөнелтіледі. Бұғанда оны өңір тұрғындары ғана емес, күллі Қазақстан кәдеге жаратып отыр. Келешекте Қытай нарығына шығару жоспары да бар. Осы аймақтағы белгілі кәсіпкер, қожалық басшысының орынбасары А. Қасымбаев былай дейді: — Жоспарымыз өте көп. Болашақта өнімдерімізді Қытай нарығына шығарғымыз келеді. Бұл үшін кәсіпкерлер палатасымен келісім жасадық. Үлкен жәрмеңкелерде біздің тұтынушыларымыз табылатынына сенімдімін. Қазақстандық ет пен ет өнімдері де шетелде сұранысқа ие. Мал мен құс еті Тәжікстан, Қытай, Өзбекстан, Бірік кен Араб өмірліктері, Иран елдеріне жеткізілуде. Енді олардың қатарына Израиль қосылып отыр. Осы айдың басында уағдаластыққа қол жеткізілді. Израиль жағы сиыр мен қой етін тасымалдауға қызығушылық танытып отыр. Қазір өнімнің бағасы бойынша келісімдер жасалып жатыр. Атап өтетін болсақ, израильдіктер жылы на 75 мың тонна сиыр етін импорттайды. Бұл бағыттағы жұмыстар жайында «Атамекен» ҰКП басқарма тәрағасының орынбасары Нұржан Ұлтаев: — Ол етті апару үшін Израильдің ветеринариялық талаптары бар. Сол талаптарға бізден шығып жатқан еттерді сәйкестендіріп, екі тарап келісімшарттарға қол қойды. Егер ветеринариялық жағынан мәселе шешілетін болса, ауылшаруашылық өнімдерімізді, әсіресе ет өнімдерін сол елдің нарығына апаруға дайынбыз. Қазақстандық қымыз өндірушілер де шетелде танылып үлгерді. Сұраныстың артуына орай бие сүтінің құрғақ түрін өндіру алдағы жылы 2 есеге есіп, 30 тоннаға жеткізіледі. Бұл жөнінде саумал ұнтақтарын шығаратын отандық жалғыз компания өкілдері мәлімдеді. Аталған өнімге сұраныс күн өткен сайын артып келеді. Сондықтан компания өндіріс технологиясын жетілдіріп, оны еліміздің түкпір-түкпіріне, алыс-жақын шетелдерге жылдам жеткізу жолдарын қарастырып жатыр. 95 пайыз табиғи өнімнен тұратын ұнтақтың денсаулыққа пайдасы зор. Компания өкілі Меруерт Өмірбекқызының айтуынша, «экспортқа ерекше қызығушылық танытып

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 13 беті

отырған мемлекеттер — Қытай, Корея, Жапония, Ресей және Еуропаның бірқатар мемлекеттері. Ұлттық өнімізді ұлттық бренд ретінде бүкіл әлемге танытуға мүмкіндік бар. Сонда Қазақстан саумалдың отаны ретінде танылады». Осылайша, Қазақстандық өндірушілер шикізат өндірісінен сапалы өнделген өнім шығаруға аудисуда. Бірегей бренд қалыптастыру арқылы халықаралық нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігізді арттыру көзделіп отыр. Мұның барлығы азаматтардың Отан алдындағы парызын сезінуіне байланысты.

kazakh-tv.kz

Сөз тіркестері, сөз тіркестерінің жасалу жолдары.

Сөз тіркесі ([орыс.](#) словосочетание) деп толық мағыналы екі я бірнеше сөздің бір-біріне тұлғалық әрі мағыналық жағынан бағына байланысуын атайдыз.

Мысалы: Қайрат балаларға Досанмен болған әңгіменің мән-жайын баяндады деген сөйлемдегі сөздер мына сияқты тіркестерден құралған:

Қайрат балаларға;
балаларға Досанмен;
Досанмен болған;
болған әңгіменің;
әңгіменің мән-жайын;
мән-жайын баяндады.

Сөз тіркесінің негізгі белгілері:

- сөздердің байланысуы сөйлем ішінде анықталатындықтан, сөз тіркесі сөйлем ішінде танылады;
- кем дегенде екі толық мағыналы сөзден тұрады;
- сөз тіркесінің құрамындағы сөздер бір-бірімен белгілі бір грамматикалық тәсілдер арқылы байланысады;
- сөз тіркесі қандай да бір синтаксистік қатынасты білдіреді.

Сөйлем ішіндегі сөздердің әртүрлі байланысуына қарай сөз тіркесі еркін сөз тіркесі және тұрақты сөз тіркесі болып бөлінеді. Еркін сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді өзгертіп айтуға болады. Мысалы, көрікті деген сөзді бірнеше сөзben тіркестіруге болады: көрікті адам, көрікті жігіт, көрікті қыз, көрікті табиғат, т.б. Еркін сөз тіркесінің құрамындағы сөздер бағыныңқы және басыңқы сыңарға бөлінеді.

Сөз тіркесі болу үшін сөздер белгілі заңдылықпен байланысады. Сөздер бір-бірімен төрт тәсіл арқылы байланысады: 1) жалғау арқылы;

2) шылау арқылы; 3) орын тәртібі арқылы; 4) интонация арқылы.

Сөздердің септік, жіктік, тәуелдік жалғаулары арқылы байланысу жалғау арқылы байланысу деп аталады. Мысалы, достардың кеңесі, мектепке келу, ата-ананы құрметтеу, кітапта жазылған, апасынан сұрау, үлкендермен ақылдасу, біз дайындаламыз.

Сөздер шылау арқылы да байланысады. Мысалы, досым үшін ұялым, күн сайын жаттықты, ата-анасымен бірге барды, сабактан кейін дайындалды, гүл мен жапырак, қалам және қарындаш, т.б.

Сөздер бір-бірімен орын тәртібі арқылы байланысады. Мысалы, ашық мінез, жапырақты ағаш, өнегелі өмір, берілген тапсырма, жылы жаңбыр, биік мақсат, аталы сөз, кәсіби шеберлік, т.б.

Сөздер интонация арқылы да байланысады. Мысалы, Абай – ақын, Сәбит – жазушы, мектеп – кеме, білім – теңіз, т.б.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 14 беті

Тапсырма 1. Мәтін бойынша конспект жазындар қою әріппен жазылған сөз тіркестерінің жасалу жолдарын түсіндіріңдер.

Тапсырма 2. Сұраққа жауап беріңіз.



АЛТЫН САПА

Бұл — ненің суреті? Оның ұлттық өндіріспен қандай байланысы бар? Ақпарат көздерінен бұл белгінің тарихы, қоғамдағы маңызы туралы мағлұмат жинап, өз ойынды таратып айт.

Тапсырма 3. Мәтіндегі парыз, жүктеу, қыруар, жаратушы, мәртебе, опасыздық, ерлік сөздерінің синонимдерін жазыңыз.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Шағын топпен жұмыс.

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Тапсырма 4. Интернет материалдарын пайдаланып, әлемде ұлттық брендке айналған Қазақстандық тауарлар өндіретін кәсіпкерлердің тізімін жазыңыз. Олардың өнімдері жайлы хабарлама жазыңыз

Тапсырма 5. Тыңдалған мәтіннен қажетті сөйлемді дәйексөз ретінде алып, әр адамның отан алдындағы парызы туралы мәтін құрап жазыңыз. Мәтінде қандай тәуелдік жалғауларын қолданыңыз?

Тапсырма 6. «Сұхбат» ролдік ойыны. Мәтінде аталған кәсіпкердің ролінде сұхбатасындар. Сұхбатта сұраныс, экологиялық таза тағам, уағдаластық, өндіріс, кәсіпкерлік, өзгермелі орта, тапсырыс және т.б. сөздерді қолданыңыздар.

Тапсырма 7. Суреттерге қара. Онда қандай ұлттық өнімдер көрсетілген? Ақпарат көздерінен мәлімет тауып, олардың ұлттық өндірісті дамытудағы маңызы туралы айтыңыз.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 15 беті

Тапсырма 8. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Адам ішіп-жеу үшін өмір сүре ме әлде өмір сұру үшін ішіп-жей ме? (Сократ)
- Табыс табудың тетігі — не? • Қоғамдағы экономиканы дамытудың қозғаушы күші — не?
- Қызыметкерлердің сапалы еңбек етуі неге байланысты?
- Болашақ креативтік-шығармашылық қабілетке ие кәсіпкер болуға ықпал ететін факторларды атаңыз.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет:

Негізгі:

- 1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019
- 2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019
- 3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>
- 4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

- 1.Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)
- 2.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (T2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018
- 3.Аманжолова З., Ж.Рахмані Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабак) 5-11 сыныптар Uppartners, 2016

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 16 беті

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ-жауап.

1. Сөз тіркестері дегеніміз не?
2. Сөз тіркестерінің жасалу жолдарына мысалдар келтіру
3. Кәсіпкерлік деген кім? Оған қандай талаптар қойылады?
4. «Өзгермелі орта», «сын көзбен қарасты», «өнімді тұтыну» деген тіркестер не мағына береді?
- 5 Нарық заманында кәсіпкерлерге қойылатын талаптарды диаграмма арқылы түсіндіріп беріңіз.

№ 4 сабак

5.1. Тақырып: Балғабек Қыдырбекұлы – танымал жазушы. Стиль түрлері. Көркем әдебиет стилі.

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: оқушыларға Балғабек Қыдырбекұлы туралы, оның өмірі мен шығармалары туралы мәлімет беру. Ғалымның бізге жеткен мұрасы, зерттеу еңбектері туралы баяндау. Тақырып бойынша білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, тиянақтау. Пәнге қызығушылығын арттыру. Стиль түрлерін түсіндіріп, қолданылу аясын көңейту.

5.3. Оқу міндеттері: қазақтың ақын - жазушыларын біліп, құрметтеуге, отансүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу. Электрондық оқулық арқылы ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту; ой түйіндеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру.

Үйимдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

- 1.Балғабек Қыдырбекұлы – танымал жазушы.
- 2.Стиль түрлері. Көркем әдебиет стилі.

Жаңа сабакты түсіндіру: 30 мин.

Балғабек Қыдырбекұлы – танымал жазушы

Танымал жазушы Балғабек Қыдырбекұлы қоғамдағы келенсіз мәселелерді сыйнап, әртүрлі тақырыптарда сыйқақ, фельетондар жазды. Алғашқы фельетон дар жинағы «Ешкімге айтпа» деген атпен 1962 жылды жарық көрген. Кейінгі жылдарда да осы жанрда өнімді туындылар жазды. Соның нәтижесінде «Шай танның шатағы» (1966), «Қара сандық» (1969), «Маздаған шырақ» (1971), «Ұрының еншісі» (1972), «Ақпа құлак» (1978), «Алатау» (1, 2-кітап, 1986, 1991), «Ақымақтың миы» (1993) секілді шығармалар жинағы жарық көрді. Балғабек Қыдырбекұлы өз шығармаларында халық тарихын, сөз өнерін зерттеді. Сонымен қатар ұлт тарихындағы ірі тұлғалардың бейнесін де шебер сомдаған. Осы тақырыпта қаламынан «Түгел сөздің түбі бір» (1993), «Қым-қиқаш жылдар» (1993), «Қайран Ораз» (1999) және т.б. еңбектер туды. Б. Қыдырбекұлы «Тұп-тұқияннан өзіме шейін» деп аталатын Қазыбекбек

Таясарұлының қолжазбасын тауып, кітап етіп шығарды. Балғабек Қыдырбекұлы әңгіме жанрында көптеген шығармалар жазды. Оның «Теміржолшы», «Жалғыз жолбарыс өлімі» және т.б. әңгімелерінде қазақ даласындағы сан түрлі оқиғалар шеберлікпен суреттелді. Балғабек Қыдырбекұлы Қазақ КСР Жоғары Кенесінің екі мэрте (1983, 1990)

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 17 беті

депутаты болып сайланды. Оған Қазақ журналистикасы мен әдебиетіне сіңірген еңбегі үшін мемлекеттік марапаттар берілді. Жазушы әрі журналист Б. Қыдырбекұлы «Еңбек Қызыл ту», «Халықтар достығы» ордендерімен марапатталған. Балғабек Қыдырбекұлы 1995 жылы 25 маусымда Алматы қаласында қайтыс болды.

Стиль түрлері. Көркем әдебиет стилі.

Стиль терминінің мазмұны кең, оның жұмысалатын орны көп. Стилистика – стиль туралы ілім. Стилистика – тілдің қолданылу заңдылықтарын зерттейтін ғылым, ол тілдік белгілердің дұрыс қолданылу нормасын көздейді. «Стиль» – латын сөзі, қазақ тіліне аударғанда «жазу мәнері» («манера письма») дегенді білдіреді.

Стиль түрлері

Қазіргі әдеби тіл қолданылуы тұрғысынан бес стиль саласына бөлінеді. Ауызекі сөйлеу стиліне тән нәрсе – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы. Ауызекі сөйлеу стилі адамдармен еркін әңгімеде қолданылады. Міндеті – қарым-қатынас. Сөздерді, сөйлемдерді тандауда еркіндік беріледі.

Ғылыми стиль – ғылыми еңбектер, лекция, баяндамаларда жұмысалады. Сөйлеуде жалпылама – дерексіз, логикалық, дәлелдеу жағы басым. Тіл тәсілдері: жалпы және дерексіз мәндегі бейтарап, кітаби сөздер, ғылыми терминдер.

Көркем стиль – көркем шығармаларда жұмысалады. Тілдік тәсілдері нақты, ауыспалы мағыналы сөздер болып, сөйлеу әдетте бейнелі, жанды, әсерлі, сезімді болады.

Публицистикалық стиль – газет, журнал, жиналыстарда пайдаланылады. Сөйлеу қызулы, ұранды болып, көпшілікке ықпал жасау, қоғамдық істерге адамдардың дұрыс қатынасын қалыптастыру міндетін атқарады.

Тапсырма 1. Тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Мәтінде кім туралы айтылған?
2. Кейіпкердің мамандығы қандай?
3. Мәтінде қандай тәуелдік жалғаулары қолданылған?
4. Мәтінде қандай күрделі сөздер кездеседі?
5. Тыңдалған мәтін қай стильтеге жатады?

Тапсырма 2. Мәтінді оқып, өмірбаяндық мәтінмен салыстырыңыз . Қайсысы қандай стилде жазылған? Айырмашылығы неден көрінеді?

Жүрісі қандай — қашан да қағылез, жып-жинағы, ширақ. Киім киісі қандай — «Үстіне құйып қойған ба?!» — дейсің. Сыпайы, сырбаз. Кейде өзі құралпы ағалардың ортасында жайрақ қағып кетіп бара жатса, енді бар ма, қой бастаған серкедей жарасар еді. Кіл өңкей сайдың тасындағы ірікті қаламгерлер, «Қазақ журналистикасы» дейтін жаңа қалыптасқан жарасты ортаның бір-бір үрланайы. «Атағынан ат үркетін» дегенді қазекем осындауда айтқан болар-ау. Әйтеуір біз маңайлай алмаймыз, алыстан көз суарып, алмай-бермей тәнтіміз. Әсіресе Бәкене... Атақты фельетоншы. Болашағынан зор үміт күттіретін журналист. Ол кезде сырттай көріп, көнілге түйгеніміз болмаса, біле бермейміз ғой, бірақ кейін келе анық көзіміз жеткені: өз тұрғыластары, тіпті жасы үлкендеулері де ол кісіні шынында серке санайтын. Тегі, ондай көсемдік («лидер» мағынасындағы) қасиеттері бала кезінен-ақ білінген сияқты. ҚазМУ-да өзімен бірге оқыған достарының айтуына қарағанда, бірінші курста жүргенде-ақ бәрі «қайырған қаршығадай» дейтіндей осынау құбақан баланың ықпалына түсіп, «жас та болса, бас» деп мойындаста керек. «Қой асығы демегін — қолыңа толса, сақа тұт, жасы кіші демегін

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 18 беті

— ақылы асса, аға тұт» дегенді айтқан қазақ қандай даңғыл! Ал сөйткен Бәкең біз көргенде де сол қалпында еді.

Тапсырма 3. Қазақ тілінде шығатын газет, журнал, ғылыми еңбектер, көркем әдебиеттерден стиль түрлеріне үзінділер келтіріңіз.

Тапсырма 4. Сөздікті пайдаланып, орыс тіліне аударыңыз және мәтінді жалғастырыңыз. Үзілген үміт Әпкеміз аяқ-асты жүрек емдеу клиникасына түсті дегенді ести салысымен сол жаққа қарай аласұрып бет алдық. Өз аяғымен емдом алуға келген кісіні бірер сағаттан соң жансақтау бөліміне түседі деп кім ойлаған? «Жүргеңде ақау бар, дереу ота жасаймыз», – деген дәрігердің сөзі бәлкім «үкім» сияқты естілгендей болды ма...

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері : шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмысы нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет:

Негізгі:

- 1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019
- 2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019
- 3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып T2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>
- 4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып T2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

- 1.Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)
- 2.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (T2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018
- 3.Аманжолова З., Ж.Рахмані Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабак) 5-11 сыныптар Upartners, 2016

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау: талдау жұмысы, сұрақ-жауап

- 1.«Мәңгілік ел- мұратым» тақырыбында эссе жазыңыз
2. Е.Құдайбергеновтың орындауындағы Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай» толғауынан үзінді тындалап, алған әсерлері бойынша көркем әдебиет стилінде шағын мәтін құрастырыңыз

№ 5 сабак

5.1. Тақырып: Қазақ киносының атасы. Хабарландыру.

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 19 беті

5.2. Мақсаты: білім алушыларға қазақ киносы туралы, оның өмірі мен шығармалары туралы мәлімет беру. Ақынның бізге жеткен мұрасы, зерттеу енбектері туралы баяндау. Тақырып бойынша білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, тиянақтау. Пәнге қызығушылығын арттыру.

5.3. Оқу міндеттері: қазақтың ақын - жазушыларын біліп, құрметтеуге, отансүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу. Электрондық оқулық арқылы ойлау, есте сактау, көру қабілеттерін дамыту; ой түйіндеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қазақ киносының атасы Шәкен Айманов туралы түсінік

2. Өмірі мен шығармашылық жолы

3. Хабарландыру жазу үлгісі

Жаңа сабакты түсіндіру: 30 мин.

Қазақ киносының атасы

Кино өнердің бір саласы. Кино өнері- әдебиет пен театрдың , бейнелеу өнері мен музиканың көркемдік қасиеттерін пайдаланатын синтезді өнер. Қазіргі кино мәдениетінің , экономиканың, өнеркәсіптің маңызды саласы ретінде танылады. Фильмді жасауға әртүрлі мамандықтағы шығармашыл қызметкерлер: кинодраматург, қаламгер, аудармашы, режиссер, актер, оператор, суретші, композитор, продюсер, каскадер, экономист, менеджер және тағы басқалар қатысады. Фильм жасауда кинорежиссер жетекші рөл атқарады. Сонымен бірге кино жасау ісіне техника саласындағы мамандар: инженерлер, техниктер, лаборанттар мен қызметкерлер үлес қосады.Алуан түрлі күрделі аппаратуралар мен аспаптар колданылады.

Шәкен Айманов — қазақтың әйгілі актёргі, тұңғыш кинорежиссер. Ол 1914 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Орта мектепті бітірген сол Семейдегі педагогикалық техникумға түседі. 1932 жылы Шәкен Аймановты Алматыдағы қазақ драма театрына шақырады. Ол алғашында бірқатар рөлдерде ойнайды. Көп ұзамай классикалық пьесалар бойынша қойылған спектакльдерде басты рөлдерді шебер сомдап, көпшіліктің ықыласына бөленеді. Әсіресе Ақан сері, Қобыланды, Сатин, Петруччо, Отелло сияқты рөлдері ұлттық театр тарихында өшпес із қалдырды. Шәкен Кенжетайұлы актёрлік өнерімен қатар режиссерлік шығармашылық пен де айналысып, спектакльдер қойды. 1947-1951 жылдар аралығында қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының бас режиссері болды. «Абай әндері», «Жамбыл» көркем фильмдерінде күрделі экрандық бейнелерді сомдады. Шәкен Айманов қойған «Махаббат туралы абыз», «Алдаркөсе», «Атамекен», «Найзатас баурайында», «Біздің сүйікті дәрігер» «Тақиялы періште» фильмдері көрермендердің талғамынан шықты. Бұл фильмдер ұлттық кино өнерінде комедия жанрының негізін қалады. 1970 жылы Шәкен Айманов «Атаманның ақыры» атты сонғы фильмін түсірді. «Атаманның ақыры» фильмі режиссер Айманов шығармашылығының биік шыңына айналды. Шәкен Айманов қазақ киностудиясын, кино үйін салуды арманадады. Бұл арманын Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың қолдауымен жүзеге асырды. Қазіргі

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 20 беті

киностудиядағы киногерлердің айтуынша, Шәкен Кенжетайұлы киностудия төңірегіндегі шыршаларды да өз қолымен отырғызған. Шәкен — кейіпкердің жандуниесін шебер ашатын актёр. Қазақтың болмысын, салт дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін кино арқылы барша әлемге паш етті. Шәкен Аймановтың туған күнін барша халық «қазақ киносының туған күні» деп қабылдайды. Себебі Шәкен — қазақ киносының атасы. Шәкен Айманов — қазақтың сахна өнері мен кино өнерінің қалыптасуына, шындалуына жол ашқан дарынды суреткер, шебер актер, ойшыл режиссер.

(« Қазақ мәдениеті» энциклопедиялық анықтамалығынан)

Хабарландыру

Хабарландыру - бірдене туралы хабарлау мақсатында газетке, журналға, басылған немесе бір жерге ілініп қойылған мәтін. Хабарландыру қандай да бір іс-шараның өту мерзімін, уақытын, мекенін хабарлау үшін беріледі. Хабарландырулармен теледидар, радио, газет және хабарландыру тақталары арқылы танысуға болады. Хабарландыруда хабарланғалы отырған нәрсениң мерзімі, күні, айы, жылы және уақыты мен мекенжайы міндетті турде көрсетілуі тиіс.

Хабарландырудың соңында хабарландыру беруші мекеме, ұйым, әкімшіліктік атауы жазылады. Хабарландыру көлемі жағынан әртүрлі және еркін мәтінді болып келеді.

Хабарландырудың басты мақсаты – көпшілікке нақты бір мәліметті жеткізу. Бұл мәлімет әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, егер тұлға өз мүлігін сатса, ол хабарландыруда оның сипаттамасын міндетті түрде жазу керек. Ал егер мекеме ішінде бір шара өткізілсе, онда оның уақыты мен өткізілетін орны жазылуы керек.

Қазіргі нарық заманында баспасөз беттерінде жұмысқа шақыру, бос қызмет орындарына конкурс жариялау үшін де хабарландырулар жа- рияланады.

Хабарландыруларда қызметке алынатын кандидатураға қойылатын талаптар мейлінше тұжырымды, нақты жазылады. Хабарландырулармен теледидар, радио, газеттерден және хабар- ландыру тақталары арқылы танысуға болады. Хабарландыру әртүрлі жағдайлар, мысалы, бос қызмет орны туралы, жылжымайтын мүлікті сату, сатып алу және қандай да бір қызмет түрлерін ұсыну туралы, сондай-ақ қандай да бір шараның өту мерзімін, уақытын, мекенін хабар- лау үшін беріледі. Ресми хабарландырулардың белгілі тәртібі болады.

Мысалы, бос қызмет орны туралы хабарландыруда бірінші – қандай мекеме байқау жариялайтыны, екінші – қандай қызмет орнына жария- лайтыны, одан кейін үміткерлерге қойылатын талаптар мен конкурсқа қатысуға қажетті құжаттардың тізімі, конкурс мерзімі, мекеменің мекен- жайы көрсетіледі.

Тапсырма 1. Мәтінді түсініп оқы, оған ат қойыңыздар. Неліктен олай атағандарынызды түсіндіріңіз:

Кино, негізінен төрт салага бөлінеді: көркем фильм, деректі фильм, мультиликациялық және ғылыми- көпшілік фильм. Көркем фильм - кино өнерінің негізгі және кең таралған түрі. Ол қаламгердің әдеби шығармасын бейімдеу және арнайы жазылған сценарий бойынша актерлардың қатысуымен жасалады. Деректі киноға мәні зор оқиғаларды баяндайтын фильмдер мен қуыршақтарға қимыл бере отырып жасалады. Ғылыми –көпшілік кино- жүртшылыққа жаратылыс пен әлеуметтік құбылыстарды ұғындыратын ғылыми жаңалықтар мен зерттеулерді түсіндіретін, өнер

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 21 беті

сырларымен таныстыратын фильмдер жиынтығы. Кейде ғылыми- көпшілік фильм басқа тілден аударылады.

Тапсырма 2 . Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп, мәтін құраныз:

1	Кино	A	суреткер
2	Дарынды	Ә	Иесі
3	Өнер	Б	өнері
4	Театр	В	режиссер
5	Өз ісің	Г	шебері
6	Тұнғыш	Д	тарланы

Тапсырма 3 . Мәтінді оқып шығып, актёрдің қасиеттері мен еңбектері кездесетін білікті табыңыз, баяндаңыз. Актёрдің айтылмай кеткен қандай еңбектерін білесіз?

Тапсырма 4 . Төменде берілген хронологияның Ш. Айманов өміріне қандай қатысы бар? Мәтінді пайдаланып, дәлелде.

1914 жыл

1932 жыл

1933 жыл

1947-1951 жылдар

1970 жыл

Тапсырма 5 . «ПОПС» формуласын қолданып, «Шәкен — қазақ киносының атасы» деген пікірді дәлелденіз

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ...».

Екінші сөйлем: «Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем: «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

Төртінші сөйлем: «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

Тапсырма 6 . Сұрақтарға жауап беріңіз

1. Сен кастингке қатысып көрдіңіз бе?
2. Сені белгілі режиссер таңдаса, келісер ме едіңіз?
3. Қандай рөлдерді сомдағың келеді?
4. Жақсы көретін актёргің бар ма? Не себепті жақсы көресіз?

Тапсырма 7 . Жақша ішіндегі сөздердің қажеттісін дұрыс түлғада қойып, сөйлемді жазыңыз.

Шәкен атақты рөлдерді (сомдау, қою, жасау). Ол Ақан сері, Қобыланды, Сатин, Петруччо, Отелло рөлдерін (қызық орындау, баяу орындау, шебер орындау).

Шеберлігімен көпшіліктің (көңіліне бөлену, ықыласына бөлену, рақметіне бөлену).

Ұлттық театр тарихында (өшпес із қалдыру, шығарма қалдыру, ой қалдыру). Шәкен Айманов классикалық пьесалар бойынша спектакльдер (жасау, қою, дайындау). Оның қойған шығармалары көрермендердің (көңілін толғанту, талғамынан шығу, мұнын

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 22 беті

сейілту). Бұл фильмдер ұлттық кино өнерінде комедия жанрының (басын ашу, негізін қалау, бағын ашу). «Атаманның ақыры» фильмі режиссер Шәкен Айманов шығармашылығының (биік шыны, мактанды, мақсат) айналды. Шәкен Айманов актёр ретінде кейіпкерінің (бағы, жан-дүниесі, бағыты) шебер ашты.

Тапсырма 8. Жоспар бойынша диалог құрастырыңыздар.

1. Айманов Шәкен Кенжетайұлы — қазақтың әйгілі, тұңғыш кинорежиссері
2. Шәкен Айманов қазақ академиялық драма театрында
3. Шәкеннің атақты рөлдері
4. Режиссерлікпен айналысұы
5. Қазақтың академиялық драма театрының бас режиссері болуы
6. Шәкен қойған көркем фильмдер
7. Ұлттық кино өнерінде комедия жанрының негізін қалаушы
8. Шәкен Айманов шығармашылығының биік шыны
9. Шәкен Аймановтың актёр, ұлы режиссер ретіндегі шеберлігі

Тапсырма 9. Хабарландыруды қазақ тіліне аударып, тұжырым жаса.

В Центральном государственном музее РК 1 октября 2014 года открывается мемориальная выставка «Қазақ киносынын саңлағы», посвященная 100-летию со дня рождения актёра, режиссера, Народного артиста СССР, лауреата Государственной премии КазССР Шакена Айманова (1914-1970). Выставка организована совместно с киностудией «Казахфильм». Шакен Айманов является родоначальником казахского кино, его творчество занимает особое место в казахском национальном искусстве. Широкой зрительской аудитории Айманов знаком по незабываемым кинопостановкам: «Наш милый доктор», «Перекресток», «Безбородый обманщик», «Ангел в тюбетейке», «Конец атамана» и др.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру, шағын топпен жұмыс.

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Білім алушылардың өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәүлетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева.

Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Қекжиек-Горизонт, 2019

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәүлетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Қекжиек-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

1.Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыштану-математикалық

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 23 беті

бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

2.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (T2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018

3.Аманжолова З., Ж.Рахмани Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабак) 5-11 сыныптар Uppartners, 2016

5.7. Бақылау: шағын топпен жұмыс

1. Киноны кім тұсіреді?
2. «Қазақфильм» киностудиясы туралы не білесіз?
3. «Қазақфильм» киностудиясы тұсірген қандай фильмдерді білесіз?
4. «Қызы Жібек» фильмін көрдіңіз бе?
5. Бұл фильм қай режиссердің жетекшілігімен тұсірілді?
6. Режиссер болсаң, қандай фильм тұсірер едіңіз?
7. Қай фильмдер ең үздік отандық фильмге жатады?
8. Баспасөз беттері мен интернет желісінен Ш. Аймановтың өмірі, шығармашылығы туралы қызық, көпшілік біле бермейтін дерек жинаңыз. Тұсаукасер дайындаңыз.

№ 6 сабак

5.1.Такырып: Қазақстанның мәдени өмірі. Сөйлем түрлері. Сөздердің байланысу түрлері.

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Қазақстанның мәдени өмірі мен тұрмыс тіршілігі туарлы тұсінік беру, өткен тақырыптар бойынша ой қорыта отырып, жаттығулармен жұмыс жүргізу, оқушылардың алған білімдерін пысықтау, теориялық білімдерін пікірталас арқылы практикамен ұштастыру;

5.3.Оқу міндеттері: Сөздердің байланысу түрлері жайлы алған білімдерін ғылымда болып жатқан соңғы жаңалықтармен толықтырып, зерттеушілік қабілеттерін ұштау.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1.Қазақстанның мәдени өмірі мен шығармашылығы

2. Сөйлем түрлері

3.Сөздердің байланысу түрлері

Жаңа сабакты тұсіндіру: 20 мин.

Қазақстанның мәдени өмірі

Қазақстанның мәдени өмірі алуан түрлі. 1926 жылы М. Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театры алғаш қойылым көрсетті. Театрды алғаш үйимдастырушылар: Ж. Шанин, драматург-жазушы М. Әуезов, әртістер — Ә.

Қашаубаев, С. Қожамқұлов, Ш. Айманов және т.б. қазақтың өнер қайраткерлері.

Театрда алғаш қойылған спектакль — К. Кеменгерұлының «Алтын сақина» пьесасы. Н. Жантөрин, Ы. Ноғайбаев, А. Әшімов, Т. Жаманқұлов, Б. Римова және т. б. әртістер шеберлігімен елге танылды. Олардың образды сомдауы, ойнау шеберлігі театрды биік белестерге көтерді. Елімізде А. Тоқпанов, Ә. Мәмбетов, Ж. Хаджиевтердің режиссерлік мектебі қалыптасты. 1990 жылдары М. Байсеркеновтің «Абылай ханның ақырғы

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 24 беті

кундері», Б. Атабаевтың «Абылай хан» тарихи шығармалары қойылды. Алматыдағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры 1933 жылы ашылды. Содан бері оның сахнасында қазақтың өнер қайраткерлері көрермендерге қуаныш сыйлап келеді. Бұғінгі таңда опера әншілері — Н. Үсенбаева, С. Байсұлтанов, Ж. Баспақова, М. Мұхамедқызы, С. Ишановалар өнер көрсетуде. 2001 жылы қазақтың елордасында Құләш Байсейітова атындағы ұлттық опера және балет театры ашылды. Қазақтың музика өнері де жақсы дамуда. Жамбыл атындағы мемлекеттік филармония Алматы қаласында орналасқан. Оның құрамында «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі, симфониялық оркестр, хор копелласы, камералық оркестр, үрмелі аспаптар оркестрі жұмыс істейді. Нұр-Сұлтан қаласындағы «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры 2013 жылы ашылды. Театрдың техникалық жабдықталуы әлемдік стандарттарға сай келеді. 2013 жылы 21 маусымда театрда алғаш рет қазақ музикасының жауһары — М. Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсы қойылды. Сол жылдың күзінде Дж. Вердиң «Аттила» операсы қойылды. Бұғінгі таңда «Астана Опера» репертуарында А. Жұбанов пен Л. Хамиидидің «Абай», Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібек» опералары және т. б. әлемдік опера және балет классикасының туындылары бар.

khabar.k

Сөйлем түрлері.

Біршама аяқталған ойды білдіретін жеке сөзді немесе сөз тіркесін **сөйлем** деп атайды.

I. Сөйлем құрылышына қарай екі түрге бөлінеді;

- 1) Жай сөйлем.
- 2) Құрмалас сөйлем.

II. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері;

Хабарлы сөйлем (Ауылға барғанда суға түстік.);
 Сұраулы сөйлем (Ауылға барғанда суға түстің бе?);
 Лепті сөйлем (Шіркін, ауылға барғанда суға түссек!)
 Бұйрықты сөйлем (Ауылға барғанда суға түссін.)

Сөздердің байланысу түрлері.

Қазақ тіліндегі сөздердің өзара байланысу тәсілдері негізінде қалыптасқан байланысу түрлері болады. Ондай байланысу түрлері : қысыу, матасу, менгеру, қабысу, жанасу.

Қысыу. Бастауыш пен баяндауыштың жіктік жалғауы арқылы бір жақта және 1—2 жақтарда жекеше я көпше түрде байланысуын қысыу дейміз. Илияс үйінен жүгіріп шықты. (С. Е.) деген сөйлемде бастауыш пен баяндауыш III жақта қысыып тұр. Егер Илияс деген сөздің орнына біз деген I жақтағы сөзді қойсак, баяндауыш та өзгеріп, I жақ көпше түрде айтылады: біз жүгіріп шықтык.

Матасу. Ілік септік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің байланысу түрін матасу деп атайды. Менің әкем Бауыржанның батырлығын, қамқорлығын айтып отырушы еді. (Ә. Нұрш.) Осындағы менің әкем, Бауыржанның батырлығы, Бауыржанның қамқорлығы тіркестері матаса байланысып тұр.

Менгеру. Басыңқы сыңар мен бағыныңқы сынардағы сөздің атау мен іліктен баска септік жалғауларының біреуі жалғану не шылаулар арқылы байланысу түрін менгеру деп атайды.

Игілік Қызылжардан бұл жолы да ренжіп қайтып еді. (Ф. Мұс.) Сөйлемдегі Қызылжардан қайтып еді менгеріле байланысып тұр.

Қабысу. Сөздердің қатаң орын тәртібі нәтижесінде қатар тұру арқылы байланысу түрін қабысу деп атайды.

Одағым десем ойыма Айдын шалқар көл түсер (Жамбыл.) Осындағы айдын шалқар көл

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 25 беті

дегендер берік орын тәртібі арқылы байланысқан, олардың орнын ауыстырсақ, байланыс бұзылады.

Жанасу. Басыңқы сыңары мен бағыныңқы сыңарының орын таңдамай, жақын да, қашық та тұруы арқылы байланысу түрі жанасу деп аталады. Мысалы: Ол мектепті биыл бітірді деген сөйлемде биыл сөзі бітірді деген сөзге қатысты болып, оның тұрған орны арқылы байланысқан. Кейде Ол биыл мектепті бітірді немесе Биыл ол мектепті бітірді болып, араға сөз салып та байланыса береді.

Тапсырма 1. Мәтін не туралы?

2. Мәтінде қазактың Орал, Семей, Тараз қалаларында не болғаны айтылады?
3. XX ғасырдың басында қандай трупалар құрылған?
4. Қандай драматургтердің пьесалары сахнада қойылған?

Тапсырма 2 . Мәтіннің қай азат жолына қандай сурет сәйкес келетінін айтыңыз.



Театр актрисасы — Бикен Римова

Абай атындағы опера және балет театры

«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры

«Отырар сазы» фольклорлық –этнографиялық ансамблі

Тапсырма 3. Жаңа сөздерді қатыстырып, сөз тіркестерін құрастырыңыз

Қойылым: Ұйымдастырушы: Өнер қайраткерлері: Танылды: Сомдау:	жаңа қойылым көрді, ... Ұйымдастыруши оқушылар, ... қазактың өнер қайраткерлері, ... мектепке танылды, ... образ сомдауы, ...
--	---

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 26 беті

Шеберлігі:	шеберлігін айтты, ...
Биік белес:	биік белестен көрінді, ...
Қалыптасты:	мінезі қалыптасты, ...
Тарихи шығарма:	тарихи шығарма жазылды, ...
Үрмелі аспаптар:	үрмелі аспапта ойнайды, ...

Тапсырма 4. Сөйлемдердегі көп нүктенің орнына төмендегі сөздермен толықтырыңыз:

1. М. Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театры 1926 жылы алғаш рет ... көрсетті. 2. Театрды алғаш ... драматург жазушылар, әйгілі әртістер, режиссерлер болды.
3. Олардың ішінде ... Ж. Шанин, М. Әуезов, Ә. Қашаубаев, С. Қожамқұлов, Ш. Аймановтар бар. 4. Олар қазақ мәдениеті мен өнерінің ... болды. 5. Олар өнердің ... шықты. 6. Театр әртістері образды шебер

Қажетті сөздер: биік белестеріне, өнер қайраткерлері, сомдады, ұйымдастыруышылар, қойылым, шеберлері.

Тапсырма 5. Үш нұсқаның ішінен қажетті сөзді қойып, жазыңыз:

1. М. Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театрында көп әртіс шеберлігімен елге (байқалды, танылды, көрінді). 2. Олардың образды (қоюы, беруі, сомдауы), сахнада ойнау шеберлігі театрды (алыс тауларға, жоғары жолдарға, биік белестерге) көтерді. 3. А. Тоқпанов, Ә. Мәмбетов, Ж. Хаджиевтердің режиссерлік мектебі (қалыптасты, жарысты, жасалды). 4. 1990 жылдары М. Байсеркеновтің «Абылай ханның ақырығы күндері», Б. Атабаевтың «Абылай хан» (қызық ертегілері, тарихи шығармалары, күнделікті әңгімелері) қойылды.

Тапсырма 6. Жұптық жұмыс. Сұрактарды талқыладап, жауап беріңіз:

1. Қазақстанның мәдени өмірі туралы не білдің?
2. Қалай ойлайсың, елдің мәдени өмірін кімдер жасайды?
3. Қазақстанның мәдени өмірі туралы тағы қандай ақпарат білесін?
4. Жаңадан қандай сөздерді үйрәндің?

Оларды қай жерде қолданасың?

5. Білім берудің және оқытудың әдістері : шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау, 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева.

Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 27 беті

1. Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (T2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018

3. Аманжолова З., Ж.Рахмани Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабак) 5-11 сыныптар Uppartners, 2016

5.7. Бақылау:

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау: Сұрақтар тізімі:

1. М. Әуезов атында қандай театр бар? Ол қай жылы ашылды?
2. Оны кімдер үйымдастырды?
3. Театрда алғаш қай спектакль қойылды?
4. Мәтінде шеберлігімен елге танылған қандай әртістер аталған?
5. 1990 жылдары қандай тарихи шығармалар қойылды?
6. 1933 жылы Алматыда қандай театр ашылды?
7. Оның сахнасында кімдер өнер көрсетіп келеді?
8. 2001 жылы қазақтың елордасы — Нұр-Сұлтанда қандай оқиға болды?
9. Қазақтың музыка өнері қалай дамуда?

№ 7 сабак

5.1. Тақырып: Дулат Исабеков. «Әпке» шығармасы. Мінездеме.

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: жазушының өмірімен шығарамасын менгерту. — шығармашылық дағдыларын қалыптастыру,

5.3. Оқу міндеттері: шығарма жайлы алған білімдерін әр түрлі тапсырмалар арқылы жүйелеу, балаларды тез ойланып, жауаптарын тиянақты айта білуге дағылданыру, халқымыздың мұрасын бағалай білуге тәрбиелеу

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Дулат Исабеков шығармашылығы
2. Әпке шығармасынан үзінді
3. Мінездеме жазу үлгісі

Жаңа сабакты түсіндіру: 30 мин.

«Әпке» шығармасынан үзінді

Әпке (үзінді) қатынасушылар: Қамажай, Темірбек — Қамажайдың бауыры, Кәмила — Темірбектің сүйген қызы, Сұлтан — Темірбектің досы, Светлана — Кәмиланың құрбысы. Үйге Темірбек, гитара көтерген бір жігіт пен екі қыз келеді. Бәрі көнілді.

Темірбек: Мамуля, бүгін — менің досым — Сұлтанның туған күні. Қамажай: Темірбек-ау, мынауың ... Ерте неге айтпадың ? Ұят боп қалды-ау, ә? Тым болмаса, телефонмен айта салсаң етті! Темірбек: Ничего, ничего, мамуля. Ал, Сұлтан, бұл кісі — менің әпкем, өзім «мамуля» деймін. Ал мына екі қыз — Кәмила және Светлана. Мы все уже знакомы, моя миссия окончена, теперь прошу за стол. Темірбектің әпкесі Қамажай стол жасайды. Бәрі столға отырады. Қамажай: Ал туған күнің құтты болсын! Қуаныштымыз. Темірбекжанның досы болсан, менің де туған інімсің. Ал өздерің отырындар. Мен

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 28 беті

барып котлет... імм... тамақ дайындағын. Шығып кетеді. Қамажай тамақ әкеп, столға ояды. Қемила сөйлем отыр. Қемила: Біздің өз пікіріміз болуы керек. Өз пікірі, өз ойы болмаса, адам алдына ешқашан мақсат қоя алмайды. Демек, ол өз бақыты үшін құресуді білмейді.

Сұлтан: Ал сен өзің білесің бе?

Қемила: Иә, мен өз бақытым үшін құресе аламын.

Сұлтан: Ал сен өзің «бақыт» дегеннің не екенін білесің бе?

Қемила: «Бақыт» деген ... — ылғи қуаныш, ылғи сәттілік емес. «Бақыт» деген — азап.

Темірбек: Аз-зап? ... (Күледі).

Қемила: Иә. Бірақ ол үлкен мақсатқа баар жолдағы азап. Циолковский, Достоевский, Королев... Қалай ойлайсындар, «солардың бәрі рақ ат өмір сүрді», — дейсіндер ме? Олардың бүкіл өмірі азаппен өтті. Адамзат үшін, ғылым үшін азап шекті, құресті. Міне, «бақыт» деген — сол. Сол құрес пен жеңістің жемісі — мына біз. Біз қалауымызша өмір сүрге тиіспіз.

Светлана: Менің атам, 18-жылды Ақтөбеде ақтартмен шайғаста қаза тауыпты. Әкем Отан соғысында Сталинград түбінде қаза тауыпты. Балалардың бақыты үшін қаза тауыпты. Енді ... енді біз неге бақытты өмір сүрмейміз? Екі ұрпақ қаза тапқанда келмейтін ол — не деген бақыт?!

Дулат Исабеков

Ұлғі:

Мінездеме

Болат Бақытұлы Сыздықов 1967 жылы 15 ақпанда Шымкент облысы, Түркістан қаласында туған. Ұлты – қазақ. Білімі – жоғары. Қазақстан Республикасының азаматы. Болат Бақытұлы 1985 жылы Түркістан қаласындағы Сейфуллин атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін 1995 жылы Алматы қаласындағы «Тұран» университеті, гуманитарлық-зан факультетінің «Журналистика» мамандығына оқуға түсіп, оны 1999 жылы бітірген. 1999-2001 жылдар аралығында «Тұран» университетінде «Журналистика» мамандығы бойынша магистратурада оқыды.

2001-2003 жылдар аралығында Ақтөбе қаласындағы «Ақтөбе» газетінде тілші болып істеді. 2003-2005 жылдар аралығында Алматы қаласындағы «Ұлан» газетінде тілші болып істеді. 2005-2007 жылдар аралығында Алматы қаласындағы «Ақ желкен» газетінде бөлім менгерушісі болып істеді.

2007-2012 жылдар аралығында Алматы қаласындағы «Дала мен қала» газетінде бөлім менгерушісі болып істеді. Б.Б. Сыздықов – өз ісін жетік білетін, тәжірибелі маман. Ол – бірнеше ғылыми еңбектердің авторы. Б.Б.Сыздықовтың «Журналистика» диалект сөздердің орны» атты еңбегі ақшалай сыйлыққа ие болды. Б.Б. Сыздықов компьютер бағдарламаларын жетік менгерген, мінезі ашық, адамдармен тез тіл табыса алатын, әріптестерінің арасында беделді, үлгілі отбасы иесі. Б.Б. Сыздықов қызмет бабында жоғары қызметке ұсынуға лайық. Мінездеме редактордың көмекшісі қызметіне ұсыну үшін берілді.

Мінездеме беруші: «Дала мен қала» газетінің жауапты хатшысы А.Ә. Өмірбеков (қолы) 8 қараша, 2014 жыл

Тапсырма 1. Сұраптарды талқылап, жауап беріңіз.

1. Үзіндіде неше кейіпкер бар?
2. Үзіндіні оқып, Қамажайдың образын толық ашуға бола ма?
3. Қамажайдың сөзінен оның қандай адам екенін байқауға болады?

Тапсырма 2. Жұптық жұмыс. Мәтінді оқындар. Бақыт туралы кейіпкерлердің көзқарасы дұрыс не дұрыс еместігін талқылап, дәлелдендер. Бақыт туралы өз ойларынды

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 29 беті

дәлелдеп айтындар.

1-жұп: Кәмиланың ойынша, ... Біздің ойымызша, ...	2-жұп: Светлананың ойынша, «бақыт» деген — ... Біздің ойымызша, «бақыт» деген — ...
--	--

Тапсырма 3. Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Бақытты болудың дайын формуласы бар ма?
2. «Қалауымызша өмір сүру» дегенді қалай түсінесіз?
3. Біз қалауымызша өмір сүрсек, бақытты боламыз ба?
4. Бақытты болу үшін не істеу керек?

Тапсырма 4. Топтық жұмыс. Бақытты болу үшін керек қасиеттерді/мінезді/ білімді/жұмысты және т.б. анықтандар. Адамның сұлбасын салып, оның ішіне анықтаған қасиеттерді және т.б. жазындар. Тұсаукесер жасаңыз:

Тапсырма 5. Жұптық жұмыс. Сұрақтарға ойланып жауап беріп, диалог құрындар.

1. Үзіндінің негізгі идеясы, ойы қандай?
2. Қандай адамзаттық проблема көтерілген?
3. Алдыңа қойған мақсаты бар ма? Мақсатты не үшін қойдың?
4. Сен үшін «бақытты болу» деген — не?

Шағын топпен жұмыс – білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Тапсырма1. Ыбырай – қазақ балалар әдебиетінің атасы. Шығармаларының идеялық мазмұны және көркемдік ерекшеліктері туралы ауызша әнгімеленіздер.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 10 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6.Әдебиет

Негізгі:

- 1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019
- 2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019
- 3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>
- 4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Косымша әдебиеттер:

- 1.Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңа шартынан мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)
- 2.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (T2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018
- 3.Аманжолова З., Ж.Рахмани Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабак) 5-11 сыныптар Uppartners, 2016

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 30 беті

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау: сұрақ- жауап.

1. Өмірі мен шығармашылығы туралы айтып беріңіз
2. ІІ.Алтынсарин ұсынған педагогикалық принциптері.
3. «Қазақ хрестоматиясы» оқулығы қай жылы шықты?
4. «Қазақ хрестоматиясына» енген шығармалары

№ 8 сабак

5. 1. Тақырып: Ұлттық экология бастаулары. Сан есімнің жасалу жолдары.

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5. 2. Мақсаты: Экологияның қыр-сырын менгертіп терендей бойлату, теориялық негіздерді менгерту, ұлттық экологияның бастауларын түсіндіру.

5. 3. Оқу міндеттері: туған жерін қадірлеу, экологиялық жағдайларын менгерту, халқына қызмет ету, ел тірлігі, ел бірлігі, ұрпақ келешегі, адам жанының рухани тазалығы жайлы ойларын жүйелей отырып, адамгершілік пен адамдық қасиетке тәрбиелеу, кәсіптік бағдар беру, қорытынды ой түю, есте сақтау қабілетін жаксарту.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

5. 4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қазақстанның экология мәселелері
2. Ұлттық экология бастауларын түсіндіру
3. Сан есімнің жасалу жолдарын түсіндіру

Жаңа сабакты түсіндіру: 30 мин.

Ұлттық экология бастаулары

III-XI ғасырлар шамасында Қазақстан мен Орталық Азияны мекен еткен түркі тайпаларының экологиялық әлемі өте нәзік болды. Олар барынша табиғат жағдайына бейім еді. Одан беріде, 5-6 ғасырға жуық бұрын Қазақстан жерінде болған ғалымдар, саяхатшылар өз еңбектерінде Қазақ халқының табиғатты бақылау қабілеттері мен оған деген қамқорлық қасиеттерін ерекше атап айтады. Қазіргі кезде, экологиялық мәселелер бүкіл адамзат баласын ойландырып отырған кезде, қазақтың да бұл бақытта қалдырған тағылымдық та, тәрбиелік те мәні зор асыл мұраларына ерекше көңіл бөлу қажет болып отыр. Қазақ халқының табиғатқа деген сүйіспеншілігі, оны көздің қарашығында сақтауы жайында асыл мұралар даналық сөз түрінде, мақал-мәтел, нағыл сөз, аныз әңгіме, ырымдар мен тыйым сөздер арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған. Қазақ халқы — сакральды дүниетанымға ие халық. Ертеден-ақ Қазақтар табиғаттың өзгеше құбылыстары мен туындыларын киелі, қасиетті санаған. Оларды өл тіруге, жоюға болмайтынын қатаң тәртіп түрінде бекіткен. Сонымен бірге табиғат пен адамды бір-бірінен бөлуге болмайтын бүтін экожүйе ретінде қараған. Сондықтан қазақтарда «жабайы табиғат» деген түсінік жоқ, керісінше, «Табиғат ана» ұғымы ертеден қалыптасқан. «Адам табиғаттан керегін ғана алып, қалғанына зиянын тигізбеуі тиіс» деп есептеген. Халық табиғаттағы қастерлі құбылыстар мен мекендерді «Әулие бұлақ», «Әулие ағаш» деп атап, оларды көздің қарашығындағы қорғап отырған. Ал қарлығаш, аққұ, ұлар, үкі және т.б. құстарды «жақсылықтың жаршысы», «бақыттың белгісі», «сұлулықтың символы» санап, ұясын бұздырмаған, балапанын өлтірпеген. «Андарды

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 31 беті

төлдеу алдында, төлдеген кезінде атуға болмайды, киесі ұрады» деп есептеп, оларға да мылтық кеземеген. Халық даналығында қазақ халқының табиғатка жана шырылық қасиетін таныттын аңыз әңгімелер жүздеген жыл бойы айтылып келеді. Әлі күнге дейін «табиғат» деген сөз «Жер ана», «туған жер», «атамекен» түрінде айтылып келуі — соның белгісі. Осыған орай нақыл, даналық сөз де көп. Заманауи ғылым бүгіндегі табиғат құбылыстары, занылыштары, байлықтарының бір-бірімен тығыз байланысты екенін толық дәлелдеп отыр. Ал қазақ дүниетанымында бұл тұтастық көне дәуірлерден бері қарай айнымас тәртіпке айналған. Сол себепті экологиялық мәдениеттің тамыры көне дәстүрлерде.

Корыта айтқанда, қазіргі қазақтардың ата-бабалары көшпелі өркениет өкілдері ретінде үрпақтарына қоршаған ортаға экологиялық қатынас мәдениетін, табиғатқа, ғарышқа, жалпы ғаламға, оның зандарына деген сый-құрметті, «Табиғат пен адам біртұтас» деген танымды мұра етіп қалдыруды. Сондықтан бұл ұғымдар түркілердің, олардың үрпақтары — қазақтардың материалдық және рухани, соның ішінде экологиялық мәдениетінің де алтын өзегі, асыл бастаулары.

(Ә. Қайратқызы)

Сан есімнің жасалу жолдары.

Сан есім — заттың санын, мөлшерін, ретін, шамасын білдіретін сөз табы. Сан есім өзі анықтайдын сөздің алдында тұрады, заттанғанда көптеледі, жіктеледі, тәуелденеді, септеледі. Сан есімдердің жасалуы:

- есептік сан есім өзге сан есімдердің жасалуына негіз болады (бір, екі);

- реттік сан есім есептік сан есімдерге -ыншы, -інші (бір+інші, екі+інші) жұрнағы жалғану арқылы;
- жинақтық сан есім бірден жетіге дейінгі есептік сан есімге -ау, -еу (бір+еу, алт+ау) Қосымшасы жалғану арқылы;

- топтың сан есім -дан, -ден, -тан, -тен (алтын+дан, жүз-жүз+ден) Қосымшалары жалғану арқылы жасалады.

- болжалдық сан есім есептік сан есімге көптік жалғауы қосылуы (Қырықтарда, үштерде т.с.с.), шамалы, шақты, жуық және т.б. сөздер тіркесуі арқылы (жүз шақты, елуге жуық, отыз шамалы т.с.с.) жасалады;
- бөлшектік сан есім — заттың бөлшектік санын білдіреді, бүтіннің бөлшегі, шығыс септік жалғауы мен тәуелдік жалғаулы сөздің тіркесінен (оннан екі бөлігі) жасалады.

Тапсырма1. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінде не туралы айтылған? Мәтінге қандай ат қояр едің?
2. «Сакральды дүниетаным» дегенді қалай түсінесіз?
3. Қазақтар неге табиғатты, Жерді «ана» деп атайды?
4. «Әулие» деген сөз нені білдіреді?
5. Қазіргі ғылым мен қазақтың ежелден келе жатқан қағидаларының арасында қандай байланыс бар?
6. Көшпелі халық өз үрпағына қандай мұра қалдыруды?

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35мин.

Тапсырма 2. Тыйым сөздерді жаз, мағынасын ашып түсіндіріңіз.

- Суга байланысты тыйым сөздер: «Суга түкірме», «суды лайлама», «түнде суга барма» және т.б.
- Өсімдікке байланысты тыйым сөздер: «Көкті жұлма», «Көкті таптама», «Ағашты кеспе» және т.б.
- Жан-жануарға қатысты тыйым сөздер: «Құмырсаның илеуін бұзба», «Құстың ұясын бұзба», «Ақкуды атпа» және т.б.

OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 32 беті

Тапсырма 3. Қашаған ақынның өлеңін мәнерлеп оқыңыз.

Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері — әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті мазмұнға сай қолданыңыз.

Жаңың сая табатын

Орман болған бұл ағаш.

Қорыққанда жалғызға

Қорған болған бұл ағаш.

Қолы алтын шеберге

Кәсіп болған бұл ағаш.

Нәрестеге бейқұнә

Бесік болған бұл ағаш.

Найзасына батырдың

Сап та болған бұл ағаш.

Кәрі менен **жесірге**

Куат болған бұл ағаш.

Тапсырма 4. Суреттерге қарап, сабакта қандай мәселелер туралы айтылатынын болжап айтыңыз.

Тапсырма 5. Бес топқа бөлініңіздер. «Сөзмоншақ ». Сызба бойынша экология мен табиғат құбылыстарының байланысын мәтін түрінде айтыңыздар.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет:

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева.
Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 33 беті

1. Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)
2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (T2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018
3. Аманжолова З., Ж.Рахмани Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабак) 5-11 сыныптар Uppartners, 2016

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау: талдау жұмысы

1. Қазақстанның экологиялық мәселелері туралы
2. Сан есімнің жасалу жолдарына тоқталыңыз, мысал келтіріңіз.

№ 9 сабак

5.1. Тақырып: Қадыр Мырза Әлі – философ ақын. «Аралым...». Түйінде.

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Білімалушыларға еліміздің ақиық ақыны Қадыр Мырза Әли өмірі мен шығармашылығы туралы жалпы түсінік беру. Адамгершілік, ақындық қасиеттерін таныту және тіл шеберлігін ұғындыру. Қадыр Мырза Әли өлеңдерінің, қанатты сөздерінің мән-мағынасын ұғындыру.

5.3. Оқу міндеттері: білімалушылардың ой тұжырымдарын, әдеби тіл байлықтарын, есте сақтау қабілеттерін, көркем сөз оқу шеберлігін дамыту. Сөздік қорын молайту және тіл дамыту, ақын – жазушылардың жалпы өнерін құрметтей білуге, басқа да ұлы адамдардың көзқарасын сыйлай білуге тәрбиелеу.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қадыр Мырза Әлі өмірі мен шығармашылығы
2. «Аралым.....» өлеңінін мазмұны мен идеясы
3. Түйінде жазу үлгісін түсіндіру

Жаңа сабакты түсіндіру: 30 мин.

Қадыр Мырза Әлі – философ ақын. «Аралым...».

Нагыз қазақ – қазақ емес, нагыз қазақ – домбыра деп жырлаган белгілі ақын, аудармашы, Қазақстанның халық жазушысы Қадыр Финаятұлы Мырза Әлі 1935 жылы 5 қантарда Орал облысының Жымпіты кентінде туған. Бала кезінде жетім қалған Қадыр кедейліктің тауқыметін көріп өсті. Балалық шағынан бастап кітаптарға қызығушылық танытып, Жымпіты аудандық кітапханасының тұрақты оқырманы болды. Тіпті, кітапханадағы барлық кітаптарды қайта оқып шығып, көркем әдеби шығармалардың жаңа басылымдарын асыға күттетін.

Қадыр Мырзалиевтің өз өмірінде көрген алғашқы кітабы «Қырық батыр» деп аталады. Бұл қарапайым халық оқытын ауылдағы ең сүйікті кітап болды. Онда қазақ халқының аңыздары мен қиссалары, эпостар мен ертегілер жазылған. Қадыр алғаш рет өлең жазуды алтыншы сыныпта оқығанында, 11 жасында бастады. Бірде ол ауылдарына концерт қоюға келген ақтөбелік әуесқой әртістер тобы орындаған «16 қыз» атты көнілді және әзіл әнді естіді. Ол әннің әрбір өлең жолында әр түрлі қыздар туралы айтЫЛДЫ. Он алты шумакта әр қыздың мінезі суреттелген. Сонда Қадыр сол секілді, бірақ

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 34 беті

сыныбындағы он алты ер бала туралы өлең жазуды ойлады. Сөйтіп, бес-алты шумак өлең жазып, ары қарай қолы жүргеді. Ертесі шығарған өлеңін мектепке әкеліп, сыныптастарын күлкіге қарық қылады. Қадырдың өлеңі сынып жетекшісіне де ұнады. Осылайша, бұл өлең болашақ ақынның алғашқы жағымды сыншысы болды. Бірақ, осы әзіл өлеңден кейін шығармашылық дағдарыс орын алғып, Қадыр үш жыл бойы ештеңе жазбады.

Әкесі қайтыс болғаннан кейін бала Қадыр интернатқа жіберіледі. Онда ол достар туралы, олардың кемшіліктері туралы жаза бастайды. 1954 жылды жас ақын өлеңдерін республикалық «Пионер» журналында жарияладап, біртіндеп таныла бастады.

Сөйтіп өлең жазуды әдетке айналдырып, үлкен жинақ жинады. Бірақ, ол өлеңдерін болашақ ақынның жақын досы өртеп жібереді. Бұл оқиға Қадырдың шығармашылық жолындағы алғашқы кедергі болды. Дегенмен, Қадыр досының ол әрекетіне ренжіген жоқ. Ақын керісінше, жаман өлеңдерден құтылуыма көмектесті, бұл менің қолымнан келмес еді деп досына алғысын білдірді.

1958 жылы Қадыр Мырзалиев Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін, екі жылдан кейін аспирантураны бітіріп шығады. Окудан кейін көп жылын журналистика арнады. Еңбек жолын, яғни 1958-1962 жылдары «Балдырған» балалар журналының әдеби қызыметкері болып жұмыс істеуден бастайды. 1962-1965 жылдары – поэзия және сын бөлімінің менгерушісі, «Жұлдыз» журналының жауапты хатшысы болды.

1968-1973 жылдары «Жазушы» баспасының поэзия редакциялық алқасының жетекшісі болып қызмет етті. 1973-1978 жылдары – Қазақстан Жазушылар Одағының поэзия бөлімінің менгерушісі, 1992 жылды ҚР жоғарғы кенесінің ұлттық саясат, мәдениет және тілдерді дамыту комитеті төрағасының орынбасары болды. 1994 жылды оны Қазақстан Республикасының халық депутаты ретінде таңдал алады.

Қадыр Мырза Әлі 50-ден астам поэзиялық жинақтардың, әдеби-сыни және балалар кітаптарының авторы. Қадыр Мырзалиевтің шығармашылық жолы «Екпенде құрылыш» өңірлік газетінде жарық көрген «Қектем» атты өлеңден басталды. Бірақ өлеңнің төменгі жағында жазылған жас ақынның тегі дұрыс терілмей, достары ол өлеңнің Қадырдың жұмысы екеніне сенбеді. Сондықтан ақын үнемі ол жайлы сөз қозғамай және өзінің алғашқы өлеңнің 1954 жылды республикалық «Пионер» журналында жарияланғанын айтты. 1955 жылды Қазақстан жазушыларының 3-ші съезіндеге сөз сөйлеген журналдың редакторы Мұзғар Әлімбаев жас ақынның шығармашылығы туралы жағымды пікірлер айтып, Мырзалиевті мадақтады. Осылайша, ақын биіктен көріне бастады.

1959 жылды ақын «Қектем» атты алғашқы өлеңдер жинағын жариялады. Қадыр Мырза Әлі шығармаларын қазақ тілінде жазды. Оның кейбір өлеңдері орыс, неміс, эстон, қырғыз, татар және басқа тілдерге аударылған. Орыс тілінде 13 өлеңдер жинағы жарық көрді. Ақынның мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға, орта және жоғары сынның оқушыларына арналған өлеңдерден тұратын кітаптары бар.

Қадыр Мырза Әлінің өлеңдері қазақ ақындарының «Қазақ Совет поэзиясының антологиясы», «Республикалардың комсомолы 1969-1970 жылдардағы комсомол сыйлығының лауреаттарын ұсынады», «Қазақ балалар поэзиясының антологиясы» секілді ұжымдық жинақтарына енгізілді.

Ақынның орыс тіліне аударылған «Инабат виноват» атты алғашқы балалар кітабы 1962 жылды Алматыда қазақ мемлекеттік көркем әдебиет басылымында жарық көрді. 1966 жылды ақын «Ой орманы» жинағы үшін Қазақстан Ленин комсомолының сыйлығымен марапатталды. 1967 жылды Алматыдағы «Жазушы» баспасында Сергей Киселевтің аудармасымен Қадыр Мырза Әлінің «Бессоница» өлеңдер жинағы шықты. Ақындық жинақтың тақырыбы Қазақстандағы өмірдің барлық аспектілерін қамтиды. Олардың ішінде «Алматыдағы жанбыр», «Қазақстанның физикалық географиясы», «Күз,

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 35 беті

аудыл, тұн» өлеңдері бар. Сондай-ақ, ақынның көрнекті тұлғаларға арналған, солардың арасында америкалық жазушы «Хемингуэй», «Испандық эмигрант ақын Рафаэль Альберти», «Біржан сал», «Құрманғазы» атты өлеңдері бар. Қадыр Мырза Әлінің өлеңдерінде сұрапыл соғыс жылдары, женістің қандай жолмен келгені туралы айтылады.

1976 жылы Мәскеудегі «Балалар әдебиеті» баспасында жарияланған Владимир Коркиннің аудармасындағы «Твой дом» балалар өлеңдерінің кітабы дала дәмімен ерекшеленеді. Ақын баяу, асықпай, халықтық жолмен өзінің туған жері, табигат сұлулығы, дала кеңістігі туралы әңгімелейді. 1979 жылы Алматыда «Жалын» баспасында Шегловтың аудармасында жарық көрген «Круг» жинағындағы өлеңдердің көпшілігінің негізі образды сөздердің түрлі көріністерінің үйлесімді түрде біріктірілуімен құрастырылған. Балалар кітабы композиция бойынша өте ерекше. Ол бастауыш мектептегі сабак кестесінің негізінде жасалған. Бірінші болып «Алқашқы қоңырау» жинағы басталады, одан кейін «Тіл білімінің» бірінші сабактары жалғасын табады.

Жинаққа енген өлеңдердің мазмұны мен пішіні әртүрлі. Ақын жанр таңдауда да өнертапқыштықтың және шеберлігін дәлелдай алды. 1980 жылы Мырзаәлиев «Жерүйік» өлеңдер кітабы үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығымен марарапатталды. 1987 жылы «Жазушы» баспасы ақынның «Қызыл кітап» өлеңдер жинағын басып шығарды. 1990 жылы Мәскеудегі «Кеңес жазушысы» баспасында ақынның «Қорамсақ» өлеңдер жинағы жарияланды. Ондағы өлеңдерде ақын рухани соқырлық пен саңырау туралы қайғыра баяндал, мысалдар келтіреді. Қадыр Мырза Әли «Құндер-ай» жеке жинағын құрайтын 200-ден астам мәтіннің авторы. Мырзаәлиев қазақ балалар әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосқан ақын. Ол мағыналы және тіл жаттықтыруға арналған жаңылпаштар мен жұмбақ, мысалдар мен тапсырмалар, мектепке дейінгі жастағы балалар мен бастауыш сынып оқушыларына арналған ертегілер жазды. Ақынның шығармашылығы қазақ орта мектебінің бағдарламасына еніп, жоғары сынып оқушыларына оқытылады. Оның көптеген өлеңдері қазақ мектептерінің бастауыш сыныптарына арналған «Ана тілі» оқулығына енгізілген. Сондай-ақ, Қадыр Мырзаәлиевтің туындыларына негізделген пьесалар республикалық театрларда сахналанады.

Ақын римдік ақын Овидияның, парсы ақыны Руми Джалаладдин, итальяндық балалар жазушысы Джанни Родари, литвалық ақын Эдуард Межелайтис, француз жазушысы Виктор Гюго, орыстың Лермонтовы мен қазақ ақыны Олжас Сүлейменовтың шығармаларын аударған.

«Арал» өлеңі

Шалқыған теңіз,
Толқыған теңіз,
Көгілдір көк айдыным, көк айдыным.
Биікте жүрген,
Бұлттарды сұзген,
Бұрынғы жоқ айбының, жоқ айбының.
Ақку арман,
Күтемін алдан
Сағынып қанат қаға ма?
Толқыны тулас,
Шағала шулап,
Толар ма ауыл жағаға?
Арал, сен туралы айтам ән,

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 36 беті

Арал, ақ айдыным аңсаған.
 Арал, оралсаңшы қайтадан!
 Арал!
 Қарайған жерге,
 Қуанған шөлгे
 Телміріп күн қарайды, күн қарайды.
 Көк дауыл жеккен,
 Кемелер шеккен
 Жағада құм борайды, құм борайды.
 Ақку арман,
 Құтемін алдан
 Сағынып қанат қаға ма?
 Толқыны тулас,
 Шағала шулап,
 Толар ма ауыл жағаға?
 Арал, сен туралы айтам ән,
 Арал, ақ айдыным аңсаған.
 Арал, оралсаңшы қайтадан!
 Арал!

Түйіндеме

Түйіндеме — белгілі бір қызметке тұру үшін жеке тұлғаның өмірбаяны, білімі, мамандығы, кәсіби шеберлігі, біліктілігі жайлы қысқа да нұсқа мағлұмат беретін ісқағаздың бір түрі.

Түйіндеме жазудағы мақсат — үміткердің өз өмірбаяны мен жұмыс тәжірибесін, жеке бас қабілеттерін ұтымды көрсету арқылы тандаған қызметіне қол жеткізу. Түйіндеменің сауатты рәсімделуіне де көңіл бөлу керек. Түйіндемеде мәлімет ықшам әрі нақты түрде берілуі тиіс.

Түйіндеменің мазмұндық –құрылымдық ерекшелігі — үміткердің еңбек өтілі туралы мәлімет көрі хронологиялық тәртіппе беріледі. Түйіндеменің мазмұндық-құрылымдық жүйесі:

- құжаттың аты;
 - үміткердің аты-жөні;
 - тұған жылы, күні, айы, тұған жері;
 - ұлты;
 - жынысы;
 - мекенжайы;
 - байланыс телефондары;
 - отбасы жағдайы;
 - азаматтығы;
 - білімі; бітірген оқу орындары;
 - калаған лауазымы;
 - кәсіби біліктілігі мен жұмыс тәжірибесі;
 - тілдік дағдысы;
 - компьютерлік сауаттылығы;
 - жеке қасиеттері (қалаған лауазымына бейімділігін аштында болуы тиіс);
 - қызығушылығы;
 - қосымша ақпарат (мақтау грамоталары, сертификаттар, наградалар, патенттер, т.б.)
- Барлық дерек табуляторлық нөлдік деңгейінен басталып, азат жолсыз жазылады, бірақ әр дерек жаңа жолдан басталады. Құжаттың соңында жазылған күні көрсетіледі.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 37 беті

Тапсырма 1. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

1. «Философ ақын» дегенді қалай түсінесіз? Өзің кімді «философ ақын» деп айтар едіңіз? Неге?
2. «Ана тілің — арың үйл, ұтың бол түр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тілінді құрметте!» деген өлеңнің идеясы қандай? Осы өлеңнің авторы туралы не білесіз?
3. Экология тақырыбына жазылған қандай көркем шығармаларды білесіз?

Тапсырма 2. Әртүрлі дереккөздерді пайдаланып, табиғат, экология тақырыбына арналған өлеңді жазып алыныз.

Ақындардың қаламдық мәселені қалай суреттегенін айтыңыз. Әлемдегі көркемдік беріп тұрған сөздерді анықта. Қалақан біреуін жаттаңыз

Тапсырма 3. Суретке қара. Үйл кісі — кім? Оның бейнесін сипаттап жазыңыз. Мәтінде көркемдеуіш құралдарды қолданыңыз.

Тапсырма 4. Тәменде берілген мәтінді оқып шығып, сөйлемдердің мағынасын өз сөзіңмен түсіндіріңіз. Ол үшін дереккөздерден ақынның шығармалары туралы мәлімет жинақтаңыз.

Қадырды білмейтін қазақ жок. Қадырды әлі әріп танымаған бұлдіршін бөбектен бастап, әріпті көзілдіріксіз көре алмайтын қарияға дейінгінің бәрі біледі. Өзін білмесе де, сөзін біледі.

Тапсырма 5. Мәтінді оқып шығып, сұрақтар дайындаңыз:

Қадыр шығармаларындағы қасиет — ол өмірдегі ешбір құбылысты туған жерден, елден, табиғаттан тыс қарастырмайды. Қадыр ақын қамтыған тақырыптардың әр ал уан екенін бірден байқаймыз. Поэзияда ой да, сезім де, қуаныш та, мұң да қатар жүруі шарт. Оның өлеңдерінен әртүрлі көңіл күйді, қылыш мінезді байқау қын емес. Ақынның том-том жыр жинақтарын оқып отырғанда туған жер, табиғат, адам болмысы, ата-ана тағдыры, достық, жолдастық, махаббат, арман-ұміт, бейнет-зейнет — бәрі бәрі маржандай тізіліп тұр. Қадырдың ана туралы жырлары да жүрек тебірентеді. Қадыр қазақтың барлық ұлы адамы туралы өлең жазды. Шоқан, Ыбырай, Исадай, Махамбет, Біржан сал, Қажымұқан туралы жеке жырлары бар. Ол Әл-Фараби жөнінде де тереңінен толғап жазған. Абайға қайта-қайта оралуының да ар жағында ұлы жандардың рухани байлығын байқау қын емес. Қадыр Мырза әлі көркем аударма саласында да жемісті еңбек етті. Әлемдік әдебиет өкілдерінің шығармаларын қазақ тіліне аударды. Ал өзінің біраз топтамалары мен таңдаулы өлеңдері ағылшын, француз, неміс, поляк, болгар, венгер, фин тілдеріне аударылды. Орыс тілінде «Бессонница» (1967), «Белая юрта» (1968), «Соловийный сад» (1971), «Степные пути» (1975), «Твой дом» (1976), «Верхняя струна-dombyra» (1976), «Ладони» (1984), «Нижняя струна-dombyra» (1985) және тағы басқа кітаптары жарық көрді. Ал өзбек тілінде «Күміс қоңырау» (1975), Қыргыз тілінде «Алақан» (1979), әзіrbайжан тілінде «Бұлбұл бағы» (1980), моңғол тілінде «Шымыр жанғак» секілді еңбектері жарияланды. Соңдай-ақ дарынды ақынның оннан аса кітабы бұрынғы КСРО халықтарының көптеген тіліне аударылып, Ташкент, Баку, Бішкек, Алматы, Мәскеу қалаларында басылып шықты. Соңғы жылдары ақынның он алты томдық таңдамалы шығармалар жинағы жарық көрді. Қадыр Мырза әлі 76 жасында, 2011 жылдың 24 қантарында Алматы қаласында қайтыс болды.

Тапсырма 6. Ақын Қадыр Мырза әлінің «Қазақ — осы...» өлеңін әнімен тында. Өлең үзіндісін мәнерлеп оқы. Өлең бойынша сөздік жұмысын жаса. Өлең мазмұнын өз сөзіңмен баяндан айт.

Сәйгүлікті құйрық-жалы таралған
Сүйетүғын қазақ — осы, қарандар.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 38 беті

Қазақ — осы: күй шығарып, ән салып,
 Кекпар тартып, қыз қууға жаралған.
 Қазақ — осы: «Дала!» — дейтін,
 «Құн!» — дейтін, қазақ — осы: «Өнер алды — тіл», — дейтін.
 Қазақ — осы: қарасың ба, ақсың ба,
 Қоңырысың ба — жатырқауды білмейтін.
 Қазақ — осы: ашық-жарғын қабағы,
 Қонақ келсе, шабылып бір қалады.
 Байқа да түр: саған да ол кетерде
 Ат мінгізіп, жібек шапан жабады.
 Қазақ — осы: жайып жатқан қанатын,
 «Батыр халық», «ақын халық» — дәл аты.
 Қазақ — осы: өзімсінген адамға Насыбайға бола өкпелеп қалатын.

Тапсырма 7. «Арал — ғаламдық мәселе» тақырыбында эссе жазыңыз. Эсседе Аралдың ғаламдық экологияға әсерін дәлелдейтін деректер мен статистикалық мәліметті кіріктіріңіз.

Тапсырма 8 . Өлеңді мәнерлеп, мазмұнына сәйкес сазды сақтап оқы.

Шалқыған теңіз,
 Толқыған теңіз,
 Көгілдір көк айдыным,
 Биікте жүрген,
 Бұлттарды сүзген,
 Бұрынғы жоқ айбының!
 Ақку арман,
 Құтемін алдан,
 Сағынып қанат қаға ма?
 Толқыны тулас,
 Шағала шулап,
 Толар ма ауыл жағаға?
 Арал, сен туралы айтам ән,
 Арал, ақ айдыным аңсаған.
 Арал,
 Оралсаңы қайтадан!
 Арал! қарайған жерге,
 Куанған шөлге
 Телміріп Құн қарайды.
 Кек дауыл жеккен, Кемелер шөккен
 Жағада құм борайды.
 Ақку арман, Құтемін алдан,
 Сағынып Қанат қаға ма?
 Толқыны тулас,
 Шағала шулап,
 Толар ма ауыл жағаға?
 Арал, сен туралы айтам ән,
 Арал, ақ айдыным аңсаған.
 Арал,
 Оралсаншы қайтадан!
 Арал! Қадыр Мырза әлі

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 39 беті

Тапсырма 9. Арадың табиғаты мен экологиясы тақырыбына шағын мәтін құрап жазыңыз. Ақпарат көздерінен статистикалық мәліметті тауып, қолданыз:



Тапсырма 10 . «Ойшыл қалпақтар». Тақырып: «Арал тағдыры»

Қалпақтар	Қалпақтардың қызметі	Сұрақтары
	Арал тағдырына қатысты туындаған мәселелер туралы айтады.	Аралға қатысты қандай мәселелерді білесін?
	Арал мәселесін шешуге бағытталған шаралардың барысын айтады.	Олардың қандай артықшылығы бар?
	Аралға байланысты жасалып жатқан шаралардың кемшиліктерін айтады.	Қандай кемшиліктері болуы мүмкін?
	Аралдың оралуы не үшін тиімді болатыннын айтады.	Оны тиімді ету үшін не істеу керек?
	Аралға жасалып жатқан шараларға қатысты эмоциясын білдіреді.	Осы мәселеге цалай қарайсың?
	Бақылап, қорыту: айтылған ойды сараптап, талдайды.	Айтылған ойдан қандай қорытынды шығаруға болады?

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: семинар

Семинар – «semen» - латын тілінде «ұрық» деген мағына береді. Семинар сабакында әр студент өз бетінше жеке пікірлерін дәлелдеп, ортақ шешімге келеді. Жоғарыдағы сұрақтар негізінде мәлімдеме әзірлейді. Семинардың қорытындысын жасайды.

Белсенді демалыс түрін таңдайтын және ойын-сауық түрін таңдайтын туристтер атынан ұсыныстар мен сұрақтар бойынша рөлдік бағытта семинар өткізу.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6.Әдебиет.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 40 беті

Негізгі:

- 1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019
- 2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019
- 3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>
- 4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

- 1.Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)
- 2.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (T2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018
- 3.Аманжолова З., Ж.Рахмані Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабак) 5-11 сыныптар Uppartners, 2016

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау: ауызша, сұрақ- жауап

- 1.Қадыр Мырза әлі қашан, қайда туған?
- 2.Ол қай оқу орнын бітірген?
- 3.Қадыр Мырза әлі еңбек жолын қайда бастаған?
- 4.Ол қандай мекемелерде жұмыс істеген?
- 5.Ақынның алғашқы өлеңі қай басылымда жарияланған?
- 6.Тұнғыш жинағы қашан шыққан?
- 7.Қадыр Мырза әлінің сөзіне жазылған қандай әндерді білесіз?
- 8.«Арал» сөзін естігенде ойыңа не келеді?
- 9.Арал теңізінің мәселесі қаламдық деңгейде көтерілді ме?
- 10.Аралдың қазіргі жағдайы туралы не білесіз?

Үйге тапсырма Аралдың табигаты мен экологиясы туралы шағын мәтін құрап айт.
Ақпарат көздерінен статистикалық мәліметті тауып, қолдан.

№ 10 сабак

5.1. Тақырып: Әбдіжәміл Нұрпейісов «Қан мен тер» романы. Жалқы есімдер.

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: оқушыларға Әбдіжәміл Нұрпейісовтың өмірі шығармашылығы, әдебиеттегі орны жөніндегі алған білімдерін жүйеге келтіру, ғылыми ландыру.

5.3. Оқу мақсаттары: қазақтың ақын- жазушыларын біліп, құрметтеуге, отан сүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу, әдеби сөйлеу тілдерін дамытып, ой-өрістерін кенектүү, ұзак дастандарды қиналмай оқып түсіну, жеткізе білу, шығармашылықта жетелеу, мәтінмен жұмыс түрлеріне жаттықтыру.

Үйимдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:15мин.

5. 4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Әбдіжәміл Нұрпейісов өмірі мен шығармашылығы

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 41 беті

2.«Қан мен тер» романы

3. Жалқы есімдер

Жаңа сабакты түсіндіру: 30 мин.

Әбдіжәміл Нұрпейісов «Қан мен тер» романы

Көрнекті жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов 1924 жылы 22 қазанды Қызылорда облысы, Арал ауданындағы Үшкөз ауылында туған. Ұлы Отан соғысына қатысып, майдан өмірін болашақ көркем дүниелеріне оқиға өзегі етіп алды. Ә.Нұрпейісов 1956 жылы Москвадағы М.Горький атындағы Әдебиет институтын тәмамдап, шығармашылық жолға түседі. 1962-1964 жылдары “Жұлдыз” журналының редакторы болды. Содан беріде таза жазу жұмысымен айналысып келді де, соңғы уақытта ПЕН-Клубтың қазақ бөлімшесін, “Тан-Шолпан” журналын басқарып жүр.

Тұңғыш романы “Курляндия” 1950 жылы жарияланып, кейіннен “Күткен күн” деген атпен (1958) өндөліп, екшеліп жарық көрді. Ол – “Сен”, “Соңғы парыз” роман-дилогиясының, “Толғай” атты сыни еңбектің, көптеген очерктер мен көркем аудармалардың авторы. Басты туындысы – “Қан мен тер” трилогиясы (1-кітап – “Ымырт”, 1961; 2-кітап – “Сергелден”, 1964; 3-кітап – “Күйреу”, 1970). Ә.Нұрпейісов – халық жазушысы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері. Тарихи-революциялық тақырыпқа жазылған қазақ романдарының ішінде жанрлық-композициялық, стильдік тұрғыдан “Қан мен тер” трилогиясының өзгешеліктері мол. Біріншіден, шығармада дәуір тынысын 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінен бастап, Колчак, Дулатов армияларының талқандалған шағына дейінгі мерзім кең қамтылып суреттеледі. Екіншіден, “Қан мен терде” басқа туындыларда аталып қана ететін патшашил ақ әскерінің тіршілік келбеті мейлінше толыққанды бейнеленеді. Үшіншіден, романдағы авторлық мақсат, сюжеттік арналар, көркемдік зерттеу нысаны жаңа. Төртіншіден, Ә.Нұрпейісов сан алуан қасиеттерімен қалыптастып болған әлеуметтік-психологиялық талдау өнерінің қазақ топырағындағы жетілген өресін танытады.

«Қан мен тер» үзіндісі

Райдың үйіне жиналған балықшылар бүгін де теңіз жайын, балық жайын, ауа райын әңгімелеп, әр саққа жүгіртіп жатыр еді. Аттылы біреу кеп есік алдына тоқтады. Дұр етіп аттан түсті. Шылбырын босағаға байлап салды да, сәлем беріп кріп келді.

Шаруанды айт,- деде гой.

Иә ,керек

Өзіңе мұз оятынадам керек па?

Ал,керек.

Ендеше, мені ал!

Теңіз үстінен дауылы тіпті әлемет. Толқындар ірілене бастаған. Қаптай соққан қара дауыл. Аралдың айқай желіне ұласты да, теңіз үсті үылдал- шуылдал , үйдей-үйдей толқындар су бетіне ереуілдеп ойнап шығады. Үйдей толқындар енді ес жиғызбады. Бірінен кейін бірі гүрілдеп келіп, онсыз да бір батып, бір шығып малтығып келе жатқан қайықты сүзеген бұқадай қағып өтеді. Қайық төңкеріле жаздал, екі қапталымен су сабалай бастады.

Балықшылар қараңғыда қайдан шыққандарын білмесе де, қара дауыл құған үй аумағындағы мұздың ілгері жағы бір түйікқа тірелгенін іштері сезгенді. Тұнде тоқымдай -тоқымдай мұздың бірінен-біріне секіріп жүргенде, Итжеміс аяғы тайып суға кетті. Қолы, аяғы үсіген Құлтуманың қозғалуға шамасы жоқ, мұздың ығында анадай жерде дір-дір қағып қалышылдап жатыр. Бұл екеуінен басқа тағы да үш кісісуға кетті, әлде ыққан мұзбен ұлы теңізге кетті ме, өлі ме, тірі ме, белгісіз.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 42 беті

Жалқы есімдер.

Жалқы есім — жеке заттың, құбылыстың атауы болатын сөз, сөз тіркесі. Жалқы есімге адам аттары (антропонимдер), географиялық атаулар (топонимдер), діни атаулар (теонимдер), жануарлар атаулары (зоонимдер), аспан денелерінің атаулары (астронимдер), тарихи уақығалармен байланысты мезгіл атаулары (хрононимдер), рухани нысандар атаулары (идеонимдер) т. б. жатады. Мысалы: кісі адам деген жалпы адам атаулыға тән ат болса, Байжан, Гұлнар дегендер адам атаулының бәріне емес, жеке кісілерге ғана қойылған. Жалқы есім, әдетте, жеке кісінің аты-жөні, мемлекет, республика, облыс, аудан, қала, көше, үйым, мекеме, зауыт, фабриканың жеке аттары, географиялық (жер, су, т. б.) атаулар, әр түрлі шығарма (газет, журнал, кітап, ән, күй, би, т. б.) аттары, мал, құс, хайуаннатурга арнайы қойылған (Тайбурыл, Құлагер, т. б.) аттар болып келеді. Жалқы есімдер бас әріптен басталып жазылады.

Тапсырма 1. «Қан мен тер» трилогиясы туралы айтылған пікірлерді оқып шығып, есімдіктерді табыңыз

Қою ғаріппен берілген сөздердің орнына есімдіктерді қойып жазыңыз.

• Өмірдегі әділетсіздік атаулыға қарсылық білдірген қаламгер қарапайым тіл мен үлкен шындықты айта білген. ...Нұрпейісов өзіне ғана тән таңқаларлық ол таңбасы бар, зама нымыздың ең терең жазушыларының бірі дәрежесіне көтерілген.

(Жан Монтальбетти).

• «Ымырт», «Сергелден», «Күйреу» атты осынау үш кітапта алып әлем бейнесі сомдалған. ...Нұрпейісовтің романы — дала психологиясының энциклопедиясы. «Қан мен тер» — ұлттық ғарышға тән мінездер галереясы.

(Лев Аннинский).

• Біз, мына батыс оқырмандары, француз тіліне аударылған нағыз қазақ қаламгерлері — Мұхтар Әуезов пен Әбдіжәміл Нұрпейісовті мысалға келтіре аламыз. Әуезов жайлы айтқанбыз, енді Нұрпейісовті атап өткім келеді. Иә, Қазақстан мақтана беруіне болады. ...Азаттық пен әділеттік жолында өз халқының қасіреті мен ұлылығын паш еткен нағыз жауһар — шедеврлер бере білген жазушыларымен мақтана беруіне болады.

(Жорж Буйон).

Тапсырма 2. Мәтінді оқып шығып, мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Оқ Еламанның қай жеріне тиді?
2. Еламанға кім көмектесті?
3. Еламан мылтығын кімге берді?
4. Әли кімдерді қуды?

Тапсырма 3. Мәтінді оқып шығып, мәтінді мағыналық бөліктерге бөліңіз. Әр ой бөлікке тақырып қойып, мәтіндегі есімдіктерді табыңыз:

Еламандар араға үш қонып, төртінші күні түстеге Ақтөбеке жетті. Ақтар әлі Ақтөбеке кірмепті. Осы тұрғанда оны қорғайтын қызылдарда «әскер» дейтіндей әскер де қалмағанды. Ал қала маңындағы барлы-жоқты әскер құрамалары еткен ұрыстардан ақтары азайып, басқаны қойғанда, тіпті қолына қару ұстауга жарайтындардың өзі сарт-сұрт солдат өмірінен шаршаған. Осындағы басшылар жау хабарын есіткесін жан таласып жүріп, теміржолшылардан құрған жұмысшы жасағын қаруландыра алмай жатқан көрінеді. Ал бұндағы полк, дивизияларда қару-жарақ жетіспейді. Оқ -дәрі де аз.

Бұлардың басындағы қызындықты Еламан жолға шығар алдында Дьяковтың аузынан есіткен-ді. Енді қазір өз көзімен көріп келеді. Қаланы қорғаудан гөрі қаланы қайткенде есебін тауып тезірек тастап, қашуға әзірленіп, абыр-сабыр бол жатыр екен. Еламанда ешкімнің ісі болған жоқ. Сонда да болса, сақтық ойлаған Еламан көзге түспеуге тырысты. Қалаға жақындаамай, алыстан айналып, көбіне елсіз далалық пен тұнделете

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 43 беті

жүріп отырып, оңтүстік армияның үнемі ілгері оздырып, алдына салып отыратын шолғыншылар отрядына кездесті. Олардан кейін кездескендер де бұларды жиі-жиі тоқтатып, әрқайсысы бір тексеріп, зықысы кетті. Атаман Дутовтың атты казактары бұлардың жылқысына көз алартып, тартып алуға аз-ақ қалды. Еламан шені жоғары бір офицерге өздерін таныстырып, мына жылқыларды Колчактың әскеріне тарту қып сыйға экеле жатқанын айтып, қасына жолбасшы біреуді қосып алды. Еламан жол бойы көрген-білгендерін көкірегіне түйіп келеді. Қазақ жеріне кірген жер қайысқан ауыр қолдың негізгі салмағы әлі де кейінде жатқанды.

«Қан мен тер» трилогиясынан



Тапсырма 4. Сұрақтарға жауап беріңіз. Kitap.kz сайтын пайдалан («Қан мен тер» романы. III кітап. «Күйреу» 193-300-беттер).

1. Мәтінде қай тарихи оқиға суреттелген?
2. Атаман Дутов, Дьяков — қандай кейіпкерлер?
3. Еламан қандай мақсатпен Ақтөбеке келді?

Тапсырма 5. Жақша ішіндегі сөздерді қажетті тұлғада қойып, сөйлемнің мағынасы мен орын тәртібін сақтап жазыңыз.

1. (Ақтөбе) Ақтар (кірмеу) әлі. 2. Ал полк, (дивизиялар) бұндағы қару-жарап (жетіспеу).
3. Енді өз (көзі) көріп қазір (келу). 4. (Еламан) ісі болған жоқ ешкімнің. 5. Атаман (Дутов) тартып атты (бұлар) жылқысына көз (аларту), алуға аз-ақ қазақтары қалды.

Тапсырма 6. Мәтіндегі екі сөйлемге үш түрлі нұсқада сұрақтар қойыңыз. Дайындаған сұрақтарыңа көршінен жауап алыңыз.

Үлгі: Еламандар араға үш қонып, төртінші құні түсте Ақтөбеке жетті.

1. Кімдер араға үш қонып, төртінші құні түсте Ақтөбеке жетті?

2. Еламандар Ақтөбеке қай құні жетті?

3. Еламандар араға үш қонып, төртінші құні түсте қайда жетті?

Тапсырма 7. Берілген есімдіктерді пайдаланып, сөйлем құраныз:

Осы, оны, өзі, ешкім, олар, мына.

Тапсырма 8. Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Маған ... қызын болды. 2. Мен ... тапсырмаларын орындағым. 3. Мен ... екенін түсіндім.
4. Мен ... үйрендім. 5. Мен ... таңғалдым.

Тапсырма 9. Өздерің білетін жалқы есімдерді естеріңе түсіріп, дәптеріңе жазыңыз.

- 1) кісі аттары;
- 2) мемлекет, республика, облыс, аудан, қала, ауыл атаулары;
- 3) ұйым, мекеме, зауыт, фабрика, ұжым атаулары;
- 4) жер, су атаулары;

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 44 беті

5) газет-журнал, кітап, ән, құй, шығарма аттары;

6) жылқыға, сиырға, түйеге, итке, т. б. хайуанаттарға қойылатын аттар.

Тапсырма 10. Жалқы есім мен жалпы есімді теріп жазыңыз.

Бурабайды бұрын көрмеген Жақыпбек айналасына қарады. Ол біресе көлге бірессе Сыртас пен Шошқатасқа, біресе Оқжетпес пен Көкшеге, біресе Бөлектауға тамсана қарады. Бұл жерде бірнеше рет болған Бану мен Байсал да сұлу табиғатты тамашалап тұр. Осы жерде Майбалық көлі де бар. Оның сұзы асқазан ауруын емдейді.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс жасау.

Шағын топпен жұмыс – білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытуыш қадағалайды.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

7. Әдебиет:

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәүлетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева.

Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәүлетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

1.Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

2.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (T2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018

3.Аманжолова З., Ж.Рахмани Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабак) 5-11 сыныптар Uppartners, 2016

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау: топтық жұмысы

Мәтінге сүйеніп, «Әбдіжеміл Нұрпейісов — кім?» деген сұраққа жауап беріңіз.

Мәтіндегі деректерді кірістіріп, жазушы туралы шағын мәтін құрап жазыңыз.

№ 11 сабак

5.1. Тақырып: Адамзат тағдырының жыршысы. Сын есім. Сын есімдердің сөйлемдегі қызметі

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Мақсаты: Адамзат тағдырының жыршысы туралы мәселелерге тоқталып, өлеңдерінің құрылсынына талдау жасау және оның туындыларының ерекшеліктерін түсіндіру, оқушыларды көзқарастары мен пікірлерін ортаға салуға дағдыландыру.

5.3. Оқу міндеттері: тұған жерін қадірлеу, халқына қызмет ету, ел тірлігі, ел бірлігі, үрпақ келешегі, адам жаңының рухани тазалығы жайлы ойларын жүйелей отырып, адамгершілік пен адамдық қасиетке тәрбиелеу, кәсіптік бағдар беру, өнерге айналған

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 45 беті

өмірді танып білу, өзіндік тұжырым-пікір жасау дағдыларына үйрету, әншілік өнердің қасиетімен танысу, әндерін сазымен айта білу, айтыса білуге дамыту

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Адамзат тағдырының жыршысы туралы мәлімет

2. Сын есім. Сын есімдердің сөйлемдегі қызметі

Жаңа сабакты түсіндіру: 30 мин.

Адамзат тағдырының жыршысы

«Мен ең әуелі қазақпын. Менің осына бүтіл жаратылысқа, бүтіл тіршілікке деген көзқарасым мына жарық дүниеге келген сәттен, былайша айтқанда жөргегімнен ана тілімнің әсем әуесі, боз далада бозала таннан шырылдан, шырқырап ән салатын бозторғайдың үні, садаған кетейін қазақ даласының боз жусанының аңы исі мен ән-күйі арқылы ғана қалыптасқан». Қазақ әдебиеттің классигі, Кеңес Одағы Мемлекеттік сыйлығының иегері Әбдіжәміл Кәрімұлы казақ әдебиеттің дамуына қомақты үлес қосқан көрнекті шығармашылық тұлға. Қазақтың жазба әдебиеті аса бай тарихы бар үлкен әлем. Сол көркемсөз саласына Мұхтар Әуезов, Габит Мұсірепов сынды әдебиет алыптарының ізін жалғаған Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер», «Соңғы парызы» сияқты шығармалары әдебиеттің алтын қорына салынған үлкен үлес саналатын асыл қазына. ХХ ғасырдың екінші жартысында жарық көріп, әлем оқырмандарының назарын аударған «Қан мен тер» трилогиясы әлем әдебиеті ойшылдарының үздік бағасына ие болды. Шығарма, кино, театр сахналарынан көрініс тауып, әлемнің көптеген тілдеріне аударылды. Өз шығармаларында кейіпкерлер болмысы арқылы ұлт бейнесін сомдады, тұрмыс - тіршілігін жан – жақты аша білген Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туындылары тек өз әдебиетіміздің ғана емес, сонымен қатар әлемдік әдебиеттің қорына өзіндік орнымен қосылған алтын құйма десек артық айтқандық емес. Әбдіжәміл Кәрімұлының ұлт руханиятына қалтқысыз қызмет еткен шығармалары жалпы ортаға жол тартары сөзсіз.

Сын есім. Сын есімдердің сөйлемдегі қызметі

Сын есім — заттың түсін, сапасын, белгісін, құйін, салмағын, көлемін, ісін т.б. қасиеттерін білдіретін сөздер. Қазақ тілінде сын есімдердің сұрақтары – қандай? қай? Бұл айтылғандар – сын есімнің мағыналық жағы. Тұлғалық жағынан сын есім негізгі және туынды болып екіге бөлінеді.

Негізгі сын есімдерге – түбір сын есім жатады. Түбір сын есімі жүрнақсыз, басқа сөздермен бірікпей, қосарланбай, тіркеспей, жеке тұрып-ақ сындық мағына береді. Мысалы, көк, сары, кен, жылы, терен, таза, алыс.

Сын есімнің туынды түріне сын есімдердің бірігуі, қосарлануы, зат есім мен сын есімдердің тіркесуі арқылы және сын есімге, басқа сөз таптарына түрлі жүрнақтар қосылуы арқылы жасалған сөздер жатады. Мысалы, 1. Көкпенбек еріндері қимылдайды. 2. Төбеміз кішкене-кішкене жақпар тастар. 3. Ақ, сары, қара, ала көк, ауыз жолды, көп балалы, жібек көйлекті.

Дара және құрделі сын есімдер

Дара сын есімдер деп құрамы бір ғана сөзден тұратын сындық мағыналы сөздер аталады: әдемі, жақсы, күлкішіл, ұзын, қоңыр, таңғы т.б.

Құрделі сын есімдер деп ең кемі екі сөзден құралып, бір сындық ұғымды білдіретін сөздер аталады: қүрен қызыл, қара ала, қара сұр, ақ сақалды т.б.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-231</p>
<p>Әдістемелік өндөу</p>	<p>164 беттің 46 беті</p>

Күрделі сынның жасалу жолдары:

Сапа сындарының бір-бірімен тіркесуі арқылы күрделі сын жасалады: қызыл ала, қоңыр күрен, қара сұр, қара көк, көк ала т.б.

Сапалық сыны мен қатыстықсының тіркесуі арқылы жасалады: қалың қамысты (көл), ақ қанатты (құстар), кең мандалы көк көйлекті (қыздар) т. б.

Есім сөз бер қатыстық сын есімнің тіркесіарқылы жасалады: тұлкі тымақты (кісі), қос ішекті (домбыра), былғары етікті (жігіт), қасқыр ішікті (азамат) т. б.

Қатыстық сын мен қатыстықсының тіркесі арқылыкүрделі сын есім жасалады: қазақы мінезді (жігіт), толықша денелі (әйел), сәнді киімді (қыз), өткір көзді (жігіт), сапалы білімді (азамат) т. б.

5. Сын есімдердің қосарлануы арқылы күрделі сын есім жасалады: ұлken-ұlken, жақсылы- жаманды, ұlken-кіші.

Морфологиялық сипаттары:

Сын есімнің табиғи қызметі зат есімге анықтауыш мүше болу. Ол зат есімге тіркесіп анықтауыш қызметін атқарғанда ешқандай өзгеріске үшырамайды: анықталатын зат есім көптік, септік, тәуелдік формаларының қайсысында қолданылса да, сын есім . еш уақытта да тәуелденбейді, көптелмейді және септелмейді.

Сонымен бірге, бір алуан сын есімдер зат есімді анықтауларымен қатар, етістікті де анықтап, үстеу сөздердің қызметтерін атқарады.

Мысалы: Семіз сөйлеп, арық шыққанша, арық сөйлеп, семіз шық (мақал).

Синтаксистік қызметі :

Сын есім, өзінің табиғи жаратылышына сәйкес, сөйлемде көбінесе анықтауыш мүше болып қызмет атқарады. Мысалы: Ұш-ақ нәрсе - адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек (Абай).

Сын есім баяндауыш та бола алады және баяндауыштың құрамына да ене береді.

Мысалы: Төрт бөлмелі тас үй салқын да жайлы (Ғабит Махмұтулы Мұсірепов).

Сын есімдер сөйлем ішінде етістіктерден болған мүшелердің алдында (бұрын) тұрса, әрқашан пышықтауыш мүше болады. Мысалы: Жақсы студент жақсы оқиды.

Сын есімге күшешту үстеулері (өте, аса, тым, тіпті, керемет, орасан, ересен т.б.) тіркесе алады. Мысалы: өте жақсы, аса биік, тым ашы, тіпті жалқау, керемет жүйрік, орасан зор. Егер екі я онан да көп жалаң сапалық сын есімдер бір-бірімен қабаттасатындей болса, олар бірін-бірі анықтамайды да, біріне-бірі бағынбайды да, әрқайсысы өз тұстарынан тікелей зат есімге қатысты болады. Мысалы: Ермек оқтай тұзу, ұзын, биік, кең жолмен келеді (Ғабиден Мұстафин).

Сын есімдер семантикалық мағыналары мен грамматикалық ерекшеліктеріне қарай, сапалық (негізгі) сын және қатыстық (туынды) сын деп аталатын екі салаға бөлінеді. Бұл сындардың қай-қайсысы болса да қандай? қай? (қалай?) деген сұрауларға жауап береді.

Сапалық сын есімдер

«Сапалық сын есімдер» деп мағынасы жағынан заттың әр алуан сыр-сипатын, атап айтқанда, түрі мен түсін (ақ, кара, сұр т. б.), сырлы мен сапасын (жақсы, жаман, тәуір, нашар т. б.), көлемі мен аумағын (ұлken, кіші, ауыр, жеңіл т.б.), дәмі мен иісін (ашы, тәтті, күлімсі т.б.) білдіретін және заттың басқа да қасиет-белгілерін білдіретін сөздердің айтамызы.

Қатыстық сын есімдер

Қатыстық сын есімдер деп бір заттың белгісін басқа бір заттың я іс-амалдың қатысы арқылы білдіретін сөздерді атайдыз.

Осы ерекшелігіне қарай, қатысты сын есімдер тиісті жүрнақтар арқылы басқа есімдер мен етістіктерден жасалады да, заттың сыртқы түрі мен түсіне, кескіні мен келбетіне,

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 47 беті

сыры мен сынына, ішкі қасиеті мен сипатына, мекен мен мезгілге және басқа да сол сияқты белгілеріне қатысты сындық ұғымдарды білдіреді. Мысалы: Балалы үй базар, баласыз үй мазар (мақал); Өткір пышақ қол кесер (мақал); Бұл - жазғы жайлы қоныс (Мұхтар Омарханұлы Әуезов).

Тапсырма 1. Берілген пікірлерді талдай отырып, қою ғаріппен жазылған сөздерге морфологиялық талдау жасандар.

- Меніңше, ол — қазақ топырағына көшірілген орыстың классикалық роман дәстүрін жалғастыруши. Белгілі бір дәрежеде мен Нұрпейісовті Лев Толстоймен салыстыраған едім (Лили Дени, Франция)
 - Мен Нұрпейісовтің кітаптарын баяғыдан бері оқып келемін, оның талантты да татымды прозасына баяғыдан бері ғашықтын. Одан көп нәрсе үйрендім, онымен сан рет сырластым да. Бірақ кездескен сайын жаңа көріп-білгендей боламын да тұрамын. Адам ретінде, сұхбаттас-сырлас ретінде ол әманда терең, салиқалы да сабырлы (Шыңғыс Айтматов).
 - Гасыр бойы құн құрғатпай мақтаған өркениетіміздің де көлеңке тұсы жетеді екен. Соны ой өзегінен Нұрпейісов романында екі сарында — публицистикалық және психологиялық сарында өрілген. Араптың ажалы, шынтуайтқа келгенде, Жер бетіндегі жалпы тірлік атаулының ақырының бастамасы болып жүрмесін...
- (Шерияздан Елеуkenov).

Тапсырма 2. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Жазушының алғашқы шығармасы қалай аталауды?
2. Бұл шығарма қандай атпен қайта басылды?
3. «Қан мен тер» туындысы не жайлы?
4. Әбдіжәміл Нұрпейісов кімнің шығармаларын қазақ тіліне аударған?

Тапсырма 3. Мәтінді оқып шығып, тақырып қойыңыз. Түсінгеніңді баяндаңыз, мәтіндегі есімдіктерді табыңыз.

Қазіргідей теңіз әлі қата қоймаған аласапыран абыржыда жұмыс аз. Көбіне қол бос. Сондайда осы сары бала салып ұрып қазақ аулына барады. Оның қара пайымдылығын ұннататын қазақтар көрген жерде «сары бала» деп, оған кәдімгідей іш тартып тұратын. Андрей де балықшыларды қөрсө үйріле кететін бауырмал. Қазір де жайраңдап күліп, балықшылардың мұздай қолын бір-бір қысты. Бұлар азын-аулақ балықты тапсырып, сыртқа шыққанда анадай бір жерде бір топ қара кимділер тұр екен. Ішінде промсол ұстайтын бай орыс бар. Қаталдығына қарап, бұл өнір оны «Тентек Шодыр» дейді. Биыл күз жел-құзды болды да мұз қатпай, абыржының аяғы ұзаққа созылып, Тентек Шодыр ұрынарға қара таппай жүргенді. Бұндайда Еламан оның көзіне түспеуге тырысатын. Көріп тұрып, соқпай кетудің тағы ретін таппады да амалсыздан қорқа-қорқа барып еді:

— Ну... балық қалай? — деді Тентек Шодыр.

— Қырыққанда, мұз...

— Немене, балық жоқ па?

— Аз.

— Аз?

— Ие, аз. Кісі басына қырық -отыз қадақтан тапсырдық. Федоров сөніп қалған трубканы күректей шеңгелімен сыйымдал ұстап, ұзын қоныш етік киген аяғын әр кездегідей шіреніп, қара жерді нығарлай басып тұр.

— Көріп тұрмын, азғантай балықтың жарым-жартысын өздерің әкетіп бара жатырсындар...

— Тақсыр, асымдық...

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 48 беті

— Бұл жаққа мен иман ізденеп келгенім жоқ. Ендігі жерде менен ұлықсатсыз бір шабақ алмайсындар.

— Тақсыр, бұл қалай?

— Солай! қашан көп балыққа кенелгенше, жалғыз шабақ ... есіттің бе, сыңар шабақ алмайсындар. Үйлеріңе алып бара жатқан ана балықты тапсырындар! Еламан осы орыстан қорқатын. Оған кездескенде назарын тіктемей, көзін төмен сала беретін. Осы жолы әдеттегі именшектігін ұмытып, орыс байының алдында безеріп алды.

— Жарайды, тақсыр. Сүйдеді де бұрылып жүре берді. Анадай жерде өзін тосып тұрған балықшыларға бара сала Мөнкеден басқаның балығын түгелдей лабазға апарып төге алды. — Еламан, Қарағым-ау, мұның — не?

— Бала-шағамыз аш жата ма?

— Менде не тұр?.. Ана сары сайтанға айт!

(«Қан мен тер» трилогиясынан)

Тапсырма 4. Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаларды жалғап, сөйлемдерді аяқта. Қою ғаріппен берілген сөздерге сұрақ қойыңыз.

1. Еламан күрсін... де балық сал... қапты көтеріп иығына салды. 2. Өз үйі... өзі әзер кір...

3. Еламан өзі... бірге шы... Ақбала... байқаған жоқ. 4. Басқа ермек таппаған соң қубі... көже ас... қүйғысы кел... 5. Еламан Есбол атасы баста... шалдар... төр.. өткізіп жіберді.

Тапсырма 5. Э. Нұрпейісов туралы пікірлерді салыстыр. Олардың ұқсастығы мен айырмашылығын Венн диаграммасы арқылы сыйып көрсетіңіз.

• Қазақ даласындағы бір аяулы есім — Әбдіжәміл Нұрпейісов. Франция, Германия, Бельгия, Испания, Болгария, Словакия, Қытай, Ресей жазушылары мен сыншыларының пікірі бір жерде тоғысады: «Қан мен тер» трилогиясы мен «Сонғы парыз» дилогиясының авторы — ірі суреткер, мэтр, әлем әдебиет індегі елеулі құбылыс» дегенге саяды» (Герольд Бельгер).

- «Қан мен тер» — қазіргі қазақ прозасында тенденсі жоқ оқшау туынды. «Қан мен тердегі» өмір қазақ әдебиетінде бұрын-сонды біз көрмеген тың өмір екенін, мұндағы тағдырлар шым-шытырық шырғаланы таусылмас қыын, күрделі тағдырлар екенін, осынау өмір мен тағдырларды суреттеудегі автордың шын мәнінде шыншыл суреткерге тән Қатал реализмін, ал осының өзі қазақтың сөз өнеріндегі су жаңа сонылық екенін түйсінеміз

(Зейнолла Қабдолов)

Тапсырма 6. Мақал-мәтелді аяқтап жазыңыз, мағынасын түсіндіріңіз:

Қар мол болса, дән көп.

Адамзатты сөз бұзар,

Сөз атасы — құлак, су атасы —

Судың да

Таулы жер бұлақсыз болмас,

Батыр туса — ел ырысы,

Бұлақ көрсөн,

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: семинар. Семинар – «semen» - латын тілінде «ұрық» деген мағына береді. Семинар сабағында әр студент өз бетінше жеке пікірлерін дәлелдей, ортақ шешімге келеді. Жоғарыдағы сұрақтар негізінде мәлімдеме әзірлейді. Семинардың қорытындысын жасайды.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 49 беті

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

7. Әдебиет.

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева.

Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

1.Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңаңтылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

2.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (T2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018

3.Аманжолова З., Ж.Рахмани Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабак) 5-11 сыныптар Uppartners, 2016ж.

Үйге тапсырма беру: 10мин.

8. Бақылау: сұрақ-жауап, талдау жұмысы

1.Адамзат әлемі және құндылықтар тақырыбына эссе жазыңыз

2. Сын есім дегеніміз не?

3. Сын есімдердің сөйлемдегі қызметі мен оның түрлерін атаңыз

№ 12 сабак

5.1. Тақырып: Ұлттық мерекелер. Айт қабыл болсын!

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Мерекелерді білу, ажырату. құттықтау, тілек айта білу, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, есте сақтау, сауатты жазу қабілеттерін дамыту, қазақ тілін сүйіп оқуға тәрбиелеу.

5.3. Оқу мақсаттары: қазақтың мерекелері туралы біліп, құрметтеуге, отансүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу, оқушылардың әдеби –теориялық білімдерін, сөйлеу тілдерін, зейін, көру, есту қабілеттерін дамыту. Өз ойларын көркем -әдеби тілде жеткізе білуге дағдыландыру.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Ұлттық мерекелер туралы түсінік

2. Айт қабыл болсын! жайында түсіндіру

Жаңа сабакты түсіндіру: 30 мин.

Ұлттық мерекелер

Діни мерекелер — әрбір дін ұстанушының ерекше қастерлейтін мейрам құндері. Діни мерекелердің аталып өтілуі жеке діннің тарихына байланысты. Рамазан айт мерекесі —

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 50 беті

мұсылман жұртының діни мерекесі. «Айт» сөзі араб тілінде «Қайту, оралу, мейрам, қуанышты күн» деген мағыналарды білдіреді. Айт мерекесінің алдында мұсылмандар отыз күн ораза ұстайды. Барлық мұсылман үшін қасиетті Рамазан айы — қайырымдылық, құлшылық, сабырлық, береке мен бірлік айы. Отыз күн оразадан кейін мұсылмандар үш күн ораза айт мерекесін тойлайды. Олар Рамазан айымен қимай қоштасады. Келесі Рамазанға аман-есен жетулерін тілең, құдіретті Аллаға құлшылық етеді, мешіттерде «Құран» оқиды, Қажылық жасап, құрбандық шалады. Айт мерекесі жыл сайын мұсылмандарға қуаныш, жақсылық алып келеді. Рождество — христиандардың қасиетті мерекесі. Бұл «Иса пайғамбардың өліп, қайта тірілуінің құрметіне тойланады. Бұл күні жақсылық жамандықты, әділдік зұлымдықты жеңген күн» болып есептеледі. Христиандар бұл күні шіркеуге барып, дұха жасайды, Құдайға табынады. Христиан діні бойынша, Иса Мәсіх пайғамбардың «Христос» деген лауазымы бар, ол — құтқарушы, Құдайдың ұлы саналады. «Иса пайғамбар дүниеге келген соң адамзат жақсы өмірге қол жеткізген» деген нағым-сенім бар. Рождество мерекесін де халық өткен жылға рақмет айттып, келер жылдан жақсылық тілейді.

«Алматы ақшамы» газетінен

Айт мерекесі

Айт мерекесі — мұсылмандардың ұлық мерекесі. Бұл күні мұсылмандар өз бауырларымен қуаныштарын бөліседі. Олар жетім, мүгедек жандарға сыйлық таратады, науқас адамдардың халін біледі, оларға Алладан шипа, төзім тілейді. Адамдар туыс, көршілерінің үйіне кіріп, бір-бірін құттықтайты. «Айт» — арабшадан аударғанда, «мейрам» деген мағынаны білдіретін сөз. Демек, ол — қуаныш пен шаттыққа толы күн. Айт мерекесі айт намазынан кейін басталады. Әр мұсылман сабыр, төзімділік, сенім, достық секілді сезімдерді бойына дарытып, ерекше тылсым күшке енеді. Намаздан соң мешіт ауласында жайылған айт дастарханына шақырылады. Бұл мейрам мұсылман үшін басқа мейрамдардан артық. Айт мерекесінің мұра болып қалуы үшін ата-аналар балаларына сый-сияпат жасайды. Оларға әдемі киімдерін кигізіп, туыстардың үйіне алып бару арқылы мерекенің қаншалық киелі екенін сезіндіреді. Айтта өзара кездесіп қалған мұсылмандар бір-біріне: «Айт қабыл болсын!», «Айт құтты болсын!», «Айтсын!», «Жақсылығы бірге болсын, ақ мол болсын!», «Айтың амандық әкелсін!» — деп құттықтайты. Айт күндері көп құлшылық жасалады. Күнелар үшін Алладан кешірім сұрау үшін күні бойы дұха тілеу, жақсылықтан үміт етіп жүру қажет. (А. Оспанов «Мәдени мұра»).

Тапсырма 1. Аудиомәтінді тыңдал, сұрактарға жауап беріңіз:

1. Үзіндіде қандай мәселе туралы айтылған?
2. Дін адамзат мәселесіне жата ма? Неліктен?
3. Қазақстанда халықтың көбі қандай дінді ұстанады?
4. Қазақстан Республикасының заңдарында неге рұқсат берілген?
5. Елімізде қандай діни мерекелер тойланады?

Тапсырма 2. Суреттерге қарап, талқылаңыз:

1. Суретте қандай ұлттар бейнеленген?
2. Бұл ұлттар қандай діни мерекені тойлайды?
3. Өз отбасында қандай діни мереке тойланады?

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-231</p>
<p>Әдістемелік өндөу</p>	<p>164 беттің 51 беті</p>

Тапсырма 3. Топтық жұмыс. Діни мерекелердің айырмашылығы мен ұқсастырын анықтаңдар. Диаграммаға жазып, тұсаукесер жасаңыз.

Тапсырма 4. Мәтінді оқып, көп нүктенің орнына қажетті сөздерді жазыңыз :

1. Мұсылман жұрттының ең үлкен діни мерекесі — 2. Араб тілінде «Айт» сөзі «...» деген мағынаны білдіреді. 3. Рамазан айы — қайырымдылық, ..., ..., береке мен бірлік айы.

4. Рамазан ... Аллаға құлшылық етеді. 5. Мұсылмандар ... «Құран» оқиды. 6. ... жасап, ... шалады. 7. Рождество мерекесінде христиандар ... барады, дұха жасайды.

Қажетті сөздер: оралу, қажылық, құлшылық, айында, айт, мешіттерде, шіркеуге, құрбандық, сабырлық.

Тапсырма 5. Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Қандай ұлттық және діни мерекелерді білесіз?
2. Сенің отбасында қандай діни мереке атап өтіледі?
3. Айт мерекесі жайлы не білесіз?
4. Айт мерекесі несімен ерекше?

Тапсырма 6. Мәтінді оқып, тақырып қойыңыз. Мәтін бойынша сұрақтар дайынданыз. «Қар кесегі» әдісі бойынша шеңбер құрып, көршіңе сұрақ қойыңыз. Екінші оқушы жауап беріп, келесі оқушыға сұрақ қойыңыз:

Ораза айт күндері әрбір мұсылманның үйінде дәмді тағамдар пісіріліп, мерекелік дастархан жайылады, Қонақ шақырылады. Мұсылмандар туыс, достар, көршілерді аралайды. Бір-бірінің үйінен дәм татады. Ораза айт мейрамы адамдар арасында бауырмалдықты, кішіпейілдікті, сүйіспеншілікті, кешірімділікті арттырады. Бұл — ерекше мейрам. Себебі ренжісіп қалған адамдар татуласады, бауырмалдығы артады. Ораза айт күндері балаларға жаңа киім, тәтті тағам, сыйлықтар береді. Сондықтан олар бұл мерекені асыға күтеді.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жұптасып жұмыс

— білім алушылардың топта (командада) жұмыс дағдыларын дамытуға және көптүсты шешімдерді қабылдап, қарапайым жауапты алуға ықпалын беретін оқыту әдісі.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-231</p>
<p>Әдістемелік өндөу</p>	<p>164 беттің 52 беті</p>

«Қазақстанда қандай мейрамдар тойланатынын талқылаңыздар

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 10 мин.

5.6.Әдебиет.

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева.

Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиең-Горизонт, 2019

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиең-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Косымша әдебиеттер:

1.Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

2.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018

3.Аманжолова З., Ж.Рахмани Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабак) 5-11 сыныптар Uppartners, 2016

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау:

Тапсырма: Үлттық мерекелерге сипаттама беріңіздер

№13 сабак

5.1. Тақырып: Жүсіпбек Аймауытов «Әнші» әңгімесі. Тұрақты сөз тіркестері.

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: оқушыларға ақынның адамгершілік ізгілік мәселесін көтерген, достық, махабbat еркіндігін аңсаған лирикаларын талдау, лирикалық қаһарман бейнесін ашу; әңгімесін талдау, барысында сұлулыққа, әсемділікке лайық бейнелі сөз кестелерін табу оқушыны шығармашылыққа ізденіске баулу.

5.3. Оқу міндеттері: туған жерін қадірлеу, халқына қызмет ету, ел тірлігі, ел бірлігі, үрпақ келешегі, адам жаңының рухани тазалығы жайлы ойларын жүйелей отырып, адамгершілік пен адамдық қасиетке тәрбиелеу, кәсіптік бағдар беру, шығарманы талдай білуге, идеясын ашу, қорытынды ой түю, есте сақтау қабілетін, оқу дағдысын қалыптастыру, жүйелі, шешен сөйлеуге дағылдандыру;

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығы
2. Әнші әңгімесі туралы қысқаша түсінік
3. Тұрақты сөз тіркестері.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 53 беті

Жаңа сабакты түсіндіру: 30 мин.

Жұсіпбек Аймауытов «Әнші» әңгімесі.

Жұсіпбек Аймауытов — көрнекті жазушы, драматург, қазақ әдебиетін қалыптастыруш ылардың бірі. Ж. Аймауытов 1893 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Жұсіпбек 1907 жылдан бастап Баянауылдағы орысша-қазақша мектепте, кейін Керекудегі (Павлодар) ауылшаруашылық мектебінде оқиды. Өзі де мектепте бала оқытып, қаражат табады. 1911-1914 жылдары ауылда мұғалім болып істейді. 1914-1918 жылдары Семейдегі оқытушылар семинариясын бітіреді. Семей қаласында алашордашылармен бірге «Абай» журналын шығарады. Семейде Қ. Сәтбаевпен, М. Әуезовпен танысады. Кеңес үкіметі орнаған соң Семей, Орынбор, Ташкент қалаларында шыққан газеттерде Жұсіпбектің мақалалары мен әңгімелері жарияланды. Жазушының ең танымал еңбектері — «Ақбілек» романы, «Күнікейдің жазығы» атты қолемді әңгімесі. Ж. Аймауытов — қазақ драматургиясын қалыптастырушылардың бірі. Ол пьесалар жазып, спектакльде ойнаған. Ж. Аймауытов «Ел қорғаны», «Шернияз» және т.б. пьесаларын жазған. 1915 жылы Семейде «Біржан мен Сара» спектаклін сахналап, өзі Біржанның рөлін ойнаған. Жұсіпбек домбыра тартып, ән айтқан. 1929 жылы «Революцияға қарсы жасырын ұйымның мүшесі» деген жала жабылып, 1931 жылы 21 сәуірде атылды. Кеңес үкіметі кезінде 60 жылдан астам уақыт бойы Ж. Аймауытовтың шығармалары оқытылмады. Жазушының мол мұрасын М. Әуезов атын дағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары жинастырып, 1996-1999 жылдары бес том етіп шығарды. Осылайша, оқырмандар әйгілі драматург-жазушының шығармаларымен қайта табысты.

«Әнші» әңгімесінен үзінді

Жетішатыр — жақсы қала. Жазы-қысы — ойын-сауық. Айт, той, атжарыс, күрес. Жаз шықса, пароход, паром, жасыл арал, қалың орман... Көкке шыққан, масайраған шат көніл... Қызық думан... Қайткенмен сергек қала. Стипендиядан жырмалаған азды-көпті тынының қызығын көргелі адам сияқтанып отыз тынға бержабай жалдап, жексенбі күні ар жаққа тарттық. Біз қос терезелі үйдің алдына тоқтадық. Үйдегі женгей: «Балалар, жоғары шығындар!» — деді. Шағын бөлмеде екі-үш жігіт қымыз ішіп отыр. Сары жігіт орын беріп, отырысымен кесесін ұсынды. Бұл қаланың бір жақсы жері — қазақтың оқыған балаларын сыйлайды. Балалары үлкендерін сыйлайтын болғаны фой.

Үйге бір жігіт кіріп келді. Ол Шәкетке:
«Қымыз күйшы!» — деді.

Қонақтар: **«Бәрекелді! Жақсы келдің!» — деді.**

— Шәкет, қарағым, гармоньды әперші!

— Уақыттым жок, бержабай күтіп тұр...

— Баарсың, азырақ ән салып кет...

Жігіттер болмаған соң әнші сандыққа отырды. Шәкет сырнайын әперді. Әнші гармоньды қолына алды. Әнші еркін, ерке екен. Әнші ұшатын құстай қомданып алды. Отырғандар аузын ашып, аңырды. Әнші жіберді. Бір-бір ауыздан ән салды. Аз да болса, бірегей болды. Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, бойды шымырлатты.

— Өйт, шіркін!.. Па, сабазым-ай!

— Ой, пәле-ай!

— Бұл — қай әнші?

— Әнші Әмірқан — осы, — деді.

— Әмірқанды жүрт мақтайтын. Бір естуге мен де ынтық едім.

— Әмірқанның үйі осында ма?

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 54 беті

— Осында.
 — Үйінен қашан табылар е肯?
 — Оны қайтесіндер?
 Әншейін... Әнін бір естуге...
 — Оны үйден ұстай алмайсындар. Ол — бір сағым.
 — Өзі не кәсіп істейді?
 — Әмірқанда кәсіп бола ма ән салғаннан басқа?!...
 — Ақша тапса, жарайды гой...
 — Көп ұстіндегі жігіт емес пе? Оған кедейлік бар ма?
 — Өлеңді ақша сұрап айта ма? Жоқ...
 — Аштан өлуге бейіл, өлең айтып, ақша сұрағанын көргеміз жоқ.
 — Онысы қызық еken!.. — Өзі де — қызық жігіт. Онсыз топтың ажары кірмейді.
 Әйтеуір жандырып жүреді. Расында жандырып жіберді. Әмірқанның жайынан аз
 әңгімелесіп, қымызға қанған соң пәтерімізге қайттық.

Ж. Аймауытов «Әнші» әңгімесінен

Тұрақты сөз тіркестері. (Фразеологизмы)

Тұрақты сөз тіркестері – екі немесе бірнеше сөздің тіркесуі арқылы бір ғана мағына білдіретін сөз тіркестері. Фразеологизмге тән мағына тұрақты тіркесті құрастыруышы сөздердің жеке мағыналарына үнемі сәйкес келе бермейді, сынарлары тұтасып барып, бір ғана мағынаны білдіреді. Мысалы: «тас бауыр» деген тұрақты тіркестің мағынасы – мейірімсіз болса, «су жүрек» деген тіркестің мағынасы – қорқақ. Тұрақты тіркесті құрайтын сөздер бұрыннан қалыптасқан жүйемен айтылады. Олардың сынарларының орнын ауыстыруға немесе басқа сөзben алмастыруға келмейді. Мысалы: «тайға таңба басқандай» дегенді «жылқыға таңба басқандай» деп бір сөзін алмастырып айтуға болмайды. Фразеологизмдер сөздің көркемдік мәнерін арттырады.

- 1) М: Бұл жарыста қазақстандықтардың бағы жанды. «Бағы жану» деген тұрақты сөз тіркесінің мағынасы – жолы болу, табысқа жету.
- 2) М: Осы жолы ол қарсыласынан тізе бұгуге мәжбүр болды. «Тізе бұгу» деген тұрақты сөз тіркесінің мағынасы – женілу.
- 3) М: Біздің команда женғенде, төбеміз көкке жетті. «Төбесі көкке жету» деген тұрақты сөз тіркесінің мағынасы – қатты қуану.
- 4) М: Олар соңғы минутта женіліп, санын соғып қалды. «Санын соғу» деген тұрақты сөз тіркесінің мағынасы – өкіну.

Тапсырма 1. Жаттап алыңыз, жағдаят құрыңыз:

ақ сөйле – говори правду;
 арзан қол – дешевый;
 аталы сөз – слово-назидание;
 атам заманнан – издавна;
 аты жер жару – стать очень знаменитым;
 ауызы ауыр – неразговорчивый;
 аузы берік – держать язык за зубами;
 аузына қарасту – завоевать, всеобщее уважение;
 аузыңа май, астыңа тай – да сбудутся твои слова;
 тәбе шашы тік түру – волосы стали дыбом;
 бармағын тістеу – кусать себе пальц;
 тыным таппай еңбек ету – работать не покладая рук.

Тапсырма 2. Сәйкестендіріңіз.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 55 беті

Ақ көніл	трусы
тас жүрек	ключок земли
ақ жүрек	старый знакомый
су жүрек	завистливый
іші тар	справедливый, честный
ескі көз	совершенно новый
аядай жер	бездушный, бесчувственный
судай жана	простодушный, добрый малый
сделать карьеру, добиться успеха	тасы өрге домалау
грамотный, образованный	көзі ашық

Тапсырма 3. Тұрақты сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлем құрастырыңыз.

Ұзын құлақ – хабар (молва, весть, слухи); Құлақ салу – тыңдау (слушать); Құлағым сізде – тыңдау тұрмынын (слушают Вас); Он саусағынан өнер тамған – шебер (мастер на все руки); Қой аузынан шөп алмас – момын немесе жуас (тихий, мухи не обидит); Қас пен көздің арасында – жылдам, лезде, тез (мгновенно, быстро). Жұбын жазбау – ажырамау, үнемі бірге жүру (быть неразлучным).

Тапсырма 4. Сұхбаттан тұрақты сөз тіркестерін табыңыз.

- Қайрат, сен өзі ақылыңнан адасқансың ба?
- Неге олай дедің? – Жолдастарыңмен ала ауыз болып не көрінді? – Кімнен естідің? – Бәрі айтып жүр ғой.
- Оның бәрі алып қашпа сөз, сенбе.

Серік, аталы сөз бар емес пе?

Көзің жетпейінше ешкімді кінәлауға болмайды.

– Қайрат, рас айтасың.

– Мен аузы берік адаммын, болған істі ешкімге айтпаймын. Ал олар айналасын ауыздарына қаратқысы келеді, ашса алақанында.

Тапсырма 5. Төмендегі мәтіннен неше адам диалогке қатысқанын анықтап, үйге кім келгенін айтыңыздар. Диалогті рөлге бөліп оқыңыз.

Үйге бір жігіт кіріп келді. Ол Шәкетке:

«Қымыз құйшы!» — деді.

Қонақтар: «Бәрекелді! Жақсы келдің!» — деді.

— Шәкет, қарағым, гармоньды әперші!

— Уақытым жоқ, бержабай күтіп тұр...

— Баарсың, азырақ ән салып кет...

Тапсырма 6. Төмендегі сұраптарды пайдаланып, бір-біріңмен диалог құрыңыз:

1. Сен ән тыңдайсыз ба? Әнді неден тыңдайсыз?

2. Қандай әндер жүргегінді тербетеді?

3. Өзіңе ұнайтын әнді тыңдағанда қандай сезім пайда болады?

Тапсырма 7. Төмендегі сөздерді пайдаланып сөйлем құраңыз.

Сауық, құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, бойды шымырлатты.

Тапсырма 8. Мәтінді оқып, түсінгенізді айтап беріңіз.

Наурызда қазақ шәкіртері сауық жасауга даярландық. Жастардың талабы, өнері, жігері, қорғақтығы, мақтаншақтығы, өзімшілдігі сыналатын жер — сауық. Сауықты бір перделік құлкі, қалғанын декламация, хор, ән домбыра, оркестрмен өткізбек болдық. Сауыққа Әмірқанды шақырып, ән салғызатын болдық. Сауыққа жақсы даярландық. Клубтың театрын алдық. Билет екі құн бұрын сатылды. Жетішатырдың қазақтары бала-шагасымен келді: залға сыймай кетті. Халық сонша көп жиналды. Қоңырау екі соғылды.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 56 беті

Біз сахна жақта домбырамызды күйлеп, кісілерімізді жинап, шашымызды тараң жатырмыз. Қоңырау үш қағылды. Шымылдық ашылды. Зал у-шу, айқайласып, кимелесіп, орынға таласып: «Дауыстама!», «Отырындар!» — десіп жатыр.

Өзімізше: «Жақсы шығардық!» — деп ойладық. Шымылдық жабылды, шапалақ соғылды. Хорымыз жамырап, жақсы шықпады... Рахымбек декламациясын жақсы айтты. Он екі жасар Мәржім скрипкаға қосылып тамаша ән айтты. Оны қайта-қайта шақырып, залды дүрсілдettі. Келесіде Әмірқан ән шырқады. Әмірқан халықты сүйіндірді. Ел ішіндегі жиын, тойда айтқаны болмаса, Әмірқан театрда ән салып көрген жоқ екен. Әмірқан шығысымен шапалақ шартылдады. Өзге шығушылардан Әмірқанның кімі де, түрі де, жүріс-тұрысы да басқа еді, қазақтың еркіндігін еске түсіруші еді. Домбырасын күйлеп, екпіндегіп бір-екі сарынданып алды да айқайға басты. Зал тымтырыс болды... Халықтың алдына шыққанда Әмірқан шабыттанып кетеді екен. Бұрынғы дауысы астар болмай қалды. Зал жаңғырып кетті. Шапалақ та шапалақ...

— Пәле шіркін! Бис-бис...

— Тағы да шық, тағы да!.. Тағы шықты Әмірқан. Бұжолы Әмірқан басқа әнге салды. Әмірқан бейгеден келді! Зал сарт-сұрт, айқай-ұйғай, гүлдеп, толқындаپ барып басылды. Әмірқанды құшақтап алышып, арқаға қағып, бетінен сүйіп жатырмыз. Әмірқандай әнді ешкім сала алмайды. Жай жүргенде Әмірқанды ешкім де елемейді. Әмірқан ән салса, сонда кім екенін білесің. Ән салса, ол өзін өзі ұмытады, оның дауысы көмейінен шықпайды, жүргегінен шығады. Ол әннің әр нақысын ұғады, әнді ғана сүйеді. Ол — тәтті әнге, топқа бола жаралған адам. Ән салса, рақаттанып, гүл-гүл жайнайды. Көзі де, аузы да, денесі де, қолы да бірге ән салады. Әмірқан кісі емес, әнге айналады. Оның ән салғандағы түріне қарап отырсан, тоясың. Әннің ұғушы, тыңдаушы болса, шабыттанып айтады. Тыңдамай, сөйлесе бастаса, Әмірқан тұрып кетеді, айтпайды.

(Ж. Аймауитов «Әнші» әңгімесі)

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері : шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Окушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Окушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6.Әдебиет.

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева.

Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып T2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып T2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

1.Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңа картылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

2.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (T2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 57 беті

3. Аманжолова З., Ж.Рахмани Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабак) 5-11 сыныптар Uppartners, 2016

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау:

1. 1930-1937 жылдары репрессияға ұшырап, «халық жауы» аталған қандай қазақ қайраткерлерін білесіз?
2. Репрессияға ұшыраған ақын-жазушылардың қандай шығармаларымен таныссыз?

№ 14 сабак

5.1. Тақырып: Ұлы Жібек жолы – сауда мәдениетінің өркендеу биігі. Үстеудің жасалу жолы мен сөйлемдегі қызметі.

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Мақсаты: Ұлы Жібек жолының пайда болу, тарапту тарихына шолу жасай келе, Ұлы Жібек жолының тармақтары, Жібек жолының Қазақстандағы сілемдері, Жібек жолы арқылы тасылған негізгі тауарлар, керуен жолының мәдениет пен діннің, сауданың, қалалардың дамуына қосқан үлесі мен әлеуметтік-экономикалық маңызын ашу. Керуен жолының Қызылқоға өніріндегі табылған тармағымен жергілікті тарихи деректермен оқушыларды таныстыру.

5.3. Оқу мақсаттары: туған жерін қадірлеу, халқына қызмет ету, ел тірлігі, ел бірлігі, ұрпақ келешегі, адам жанының рухани тазалығы жайлы ойларын жүйелей отырып, адамгершілік пен адамдық қасиетке тәрбиелеу, кәсіптік бағдар беру, шығарманы талдай білуге, идеясын ашу, қорытынды ой түю, есте сақтау қабілетін, оқу дағдысын қалыптастыру, жүйелі, шешен сөйлеуге дағдыландыру

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Сауда тарихы
2. Ұлы Жібек жолы сауда мәдениетінің өркендеу биігі
3. Үстеудің жасалу жолдары мен сөйлемдегі қызметі.

Жаңа сабакты түсіндіру: 30 мин.

Сауда тарихы

Қола дәүіріндегі түрлі мал, егін, қолөнер салаларының дамуы нәтижесін де қоғамда азық-түлік, зат көбейді. Осыған байланысты адамдар заттарын қажет затына айырбастай бастады. Саудаласқан кезде зат айырбастайтын адамдардың арасында дедалдар жүрді. Дедал — екіжақты мәмілелеге келтіріп, сауданы реттеуші адам. Алғашқы уақытта бір еңбек өнімі екінші еңбек өніміне тікелей айырбасталды. Одан әрі өндіріс пен айырбастың дамуы нәтижесінде тауарлар арасынан бір тауарға басымдық берілді. Басқа тауарлар осы тауарға айырбасталды. Ол тауар әртүрлі тайпалар мен халықтар арасында ақша ретінде ішкери және сыртқары жerde саудасаттықты реттеу үшін қолданылды. Ондай заттар ақшаның орнына жүрді. Мысалы, кейір халықтарда (гректер, римдіктер, славяндар, монголдар, т.б.) ақшаның орнына мал жүрді. Ертедегі Русьте, Скандинавияда аң терісі, Қытайда шай, Абиссинияда тұз ақшаның орнына қолданылды. Қазақстан жерінде ішкі сауда-саттық үшін саулық қой пайдаланылды. Тауар өндірісі мен тауар айырбасының тарихи дамуы нәтижесінде ақша пайда болды. Саудада екі жақты мәміле жасалатын тауар түрі «ақша» деп аталды. Кейін тауар айырбасының, халықтар арасындағы қарым-қатынастың өзгеруі нәтижесінде ақшаның орнына түрлі металдар

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-231
Әдістемелік өндөу		164 беттің 58 беті

қолданыла бастады. Алғаш рет Ақ ғұндар біздің заманымыздың I ғасырында бір беті пехвели, екінші бетіне эфталит (түркі-руни) жазуы бар тенгелер жасап, жаңаша сауда айналымына кіргізген. Қазақ елі (Қазақ халқын құраған негізгі тайпалар) — баба түркілер Ұлы Жібек жолының бойында орналасқандықтан, ақша жасауды өте ерте қолға алған. Осылайша, VI-VIII ғасырларда билеуші рулардың тақ басы Қашалған, ру рәмізі бейнелеген тенгелер құйылған. Қазақстан аумағында өмір сүрген тайпалардың Кола тенгелері VI-VIII ғасырдың I жартысына дейінгі аралықта қолданылған. Мұндай тенгелерді Суяб, Тараз қалаларында арнайы шеберханаларда құйған.

(«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан)

Ұлы Жібек жолы – сауда мәдениетінің өркендеу биігі.

Адамдардың тұрмысына қажет заттарға деген сұраныс сауда орындарының — базардың, жәрменкенің, сонымен қатар ел мен елді, қалалар мен халықтарды бір-біріне жалғаған сауда жолдарының пайда болуына себеп болды. Жолдар бірбіріне қосылып, батысқа, шығысқа, оңтүстікке, солтүстікке қарай көршілес жатқан жерлердің бірінен соң біріне жылжып, созыла берді. Осылайша, Еуропа мен Азияның арасындағы толыққанды әрі беделді сауда жолы — Ұлы Жібек жолы пайда болды. Бұл көpsалалы сауда жолы Чжан Цян саяхатының нәтижесінде б. з. д. II ғасырда ашылды. Қытайдан бастау алған сауда жолы Орта Азия арқылы бүкіл Еуропаға тарады. Аты айтып тұрғандай, керуен жолымен бүгінгі Қазақстан аймағына негізінен жібек маталар әкелінді. Сауда айналымы артып, керуен қатары өскен сайын жолдың бақыты да өзгере берді. Өте үлкен көлемде қаржылай пайда тапқан саудагерлер Қара теңіз арқылы батысқа бет алып, тауарын Еуропа халықтарына тасымалдады. Кәрі құрлықтың халқына осы жолмен өркениетте келді. Ұлы Жібек жолымен бірге Еуропаға сауда тауарлары ғана жеткен жоқ, сондай-ақ Азия халықтарының мәдениеті де келді. Ұлы Жібек жолының бір тармағы — Мысыр мен Вавилон, Иранда өте қымбат бағаланатын, әдемі көк тас лазурит тасымалданған. Сондықтан ол «Лазурит жолы» деп аталды. Екінші тармағы — Қытайдағы императорлар мен ақсүйектердің сүйікті заты болған әшекейлер жасау үшін әдемі нефрит тасын тасымалдайтын «Нефрит жолы» болды. Ал үшінші «Бұлғын жолымен» қымбат бағалы терілер тасылды. ғалымдардың анықтағанында, бұл б. з. д. II ғасырда болған. Жібекпен бірге шығыстан батысқа, батыстан шығысқа Рим, Франция, Византия, Русь, Иран, Араб халифатында, Ерте Түркі қағанаттарында, Қытай, Корея, Жапонияда өндірілген көптеген тауар ағылды. Мұндай экзотикалық тауарлардың тізімі өте үлкен. Олар: хош иісті заттар — жасмин (акгүл, актамақгүл) сұзы мен амбра іісмайы, кар дамон астатымы, мускат жанғағы; женьшень, дәрі-дәрмек; кілем, көне бояулар мен минералды шикізаттар; алмас, яшма, кәріптас пен теңіз маржандары; морждың сүйегі мен азу тістері, алтын, күміс; қымбат терілер мен тенгелер; садақ-жебе, қылыш-найза және бұдан басқа заттар еді. Ұлы Жібек жолы ежелгі Қазақстан жерімен де өткендіктен, түркі тілінің халықаралық тіл деңгейінде қолданылуына жол ашты. (Баспасөз беттерінен)

Үстеуді жасалу жолы мен сөйлемдегі қызметі

Үстеу іс-әрекеттің түрлі сындық, бейнелік, мекендік, мезгілдік, шарттық, мөлшерлік күй-жайын білдіретін сөз табы. үстеу сөздер құрамы жағынан екі топқа бөлінеді: негізгі үстеулер, туынды үстеулер. Негізгі үстеулер: қазір, енді, ілгері, жоғары, төмен, әрі, бері, кері, әрмен, бермен, ерте, кеше, нақ, дәл, нағыз. Туынды үстеу тудыратын журнақтар: 1. -ша, -ше журнағы. Мысалы: құсша, адамша, көзімше, менше, жаңаша, өзінше және т. б. 2. -лай, -лей (-дай, -дей, -тай, -тей) журнақтары. Мысалы: осылай, екіншілей, жастай, күздей, қыстай және т. б. 3. -шалық (-ша+лық), -шама (-ша+ма). Мысалы: осыншама, соншама, соншалы, мұнша, мұншалы және т. б.

OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 59 беті

4. -лап, -леп (-dap, -dep, -tap, -tep) жүрнақтары. Мысалы: қырықтап, отыздал, темірлеп т.
5. -шылап, -шілеп жүрнағы. Мысалы: айтышылап, итшілеп және т.б.
6. -қары (-көрі) жүрнағы. Мысалы: ішкері, сырттары, -шары және т. б.
7. -ын, -ін, -сын, -сін қосымшалары. Мысалы: жасырын, астыртын, үстіртін, ертеңгісін, кешкісін және т. б.

Тапсырма 1. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып, «Ұлы Жібек жолы және сауда өркениеті» тақырыбында шағын мәтін құрап жазыңыз. Мәтінде туынды үстеулерді қамтыңыз:

Қажетті сөздер: орта ғасыр, сауда өркениеті, беделді ел, көпсалалы сауда, қаржы айналымы, толыққанды қарым-қатынас, сауда-саттық, екіжақты мәміле, зат алмасу.

Тапсырма 2. Жұмбақ өлең. Өлеңді мәнерлеп оқыңыз. Мәтінде түсініксіз сөздердің мағынасын анықтаңдар. Өлеңнің авторы мен жазылған уақытын анықтаңдар. Автор туралы тапқан ақпаратынды айтып, ой бөлісініз:

Таңдаулы мыңға жуық түйе тізген,
Жүк артқан келе жатыр бай керуен.
Жүз жирен түйесіне дирхем артқан,
Тағы да қырық түйе динар артқан.
Мускус пен таңдаулы теңдері бар,
Қызықтырып сәндікпен жібектер сал.
Осыларды Шын мен Мысыр, Иран сатып,
Керуенге ерген отыз түйе алған артып.

Тапсырма 3. Аудиомәтінге қатысты сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ұлы Жібек жолында қанша ғасыр бойы сауда жүрді?
2. Бұл жол неге «Ұлы Жібек жолы» деп аталды?
3. Ұлы Жібек жолы қандай аралықты қамтыды?
4. Бұл жолдың ұзындығы қанша шақырым болды?
5. Ұлы Жібек жолында қандай тауарлар сатылды?

Тапсырма 4. Суреттерге қарандар. Бұл суреттердің «Ұлы Жібек жолы» тақырыбына қандай қатысы бар? Диалог құрыңыз:

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 60 беті

Тапсырма 5. Картага қарап, Ұлы Жібек жолының қазак жеріндегі Қала мәдениетінің дамуына ықпалы туралы ойларыңды жазыңыз

Тапсырма 6. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұраптарға жауап жазындар. Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабакта ең маңызды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұп болып қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім? Ортан терек — ойлану. Бүгін қандай білік-дағды алдым? Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабак маған ұнады ма? Неліктен? Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Сабакта өзімді қалай сезіндім?

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері : пікір -талас

Пікір-талас – оқытушы тарарапынан ұсынылған негізгі мәселелер төңірегінде пікір-таласқа қатысуышылар жақтаушы не даттаушы болып екіге бөлініп, өзінің көзқарасын нақты мәліметтерді, дәйектемелерді көрсете отырып дәлелдейді. Өзінің қарсыласын жеңе алатындей дәлеледер келтіріп, сөз шеберлігін, қызуқандылық танытады. Пікір-таласты оқытушы бақылап, бағыт береді.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 61 беті

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева.

Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

1.Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

2.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018

3.Аманжолова З., Ж.Рахмани Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабак) 5-11 сыныптар Uppartners, 2016

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ жауап;

1.«Ұлы Жібек жолы» деген сөзді естігенде ойыңа не келеді?

2. Ұлы Жібек жолының «сауда» ұғымымен қандай байланысы бар?

3. Ұлы Жібек жолы Қазақстанның қай қалаларын басып өтті?

4. Ұлы Жібек жолы ортағасырлық түркі тілдерінің дамуына қалай әсер етті?

№ 15 сабак

5.1. Тақырып: Қазақтың тұңғыш журналист қыздары. Монолог және диалог. Сөз әдебі мен сөйлеу этикеті.

Сағат саны: 3 сағат 135мин.

5.2. Мақсаты: ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала) күрылымы мен рәсімделуін білу;

5.3. Оқу мақсаттары: мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау, екшеліктерін талдау.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қазақтың тұңғыш журналист қыздары.

2. Монолог және диалог.

3. Сөз әдебі мен сөйлеу этикеті.

Жаңа сабакты түсіндіру: 30 мин.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 62 беті

Қазақтың тұңғыш журналист қыздары

«Айқап» журналында қазақтың тұңғыш журналист қыздары жұмыс істеген. Сақыпжамал Тілеубайқызы, Мәриям Сейдалина, Күләйім Өтегенқызы – қазақ қыздарының арасынан шыққан алғашқы журналистер. Мәриям Сейдалина (1891-1916) бала кезінен өлең шығарған. «Айқап» журналында ұлт жоғын жоқтаған мақалаларымен қатар «Зарлау», «Көздер», «Тұр, Қазақ!» секілді жырлары жарияланған. 1916 жылы күйеуі — Сейілбек Жанайдаровпен бірге Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, қаза тапқан. Ол Невель қаласында жерленген. Сақыпжамал Тілеубайқызы «Айқап» журналына озбырлықты, зорлық-зомбылықты айыптаған мақалаларын жариялаған. Ол еркіндік, әйел бостандығы, өнер-білім секілді мәселелерді қозғаған. «Айқап» журналында «Қазақ қыздарының аталарына», «Мұндастарым бір-екі сөз», «Ұзақ күткен үмітім һәм бас адамдарға бір-екі сөз» секілді мақалалары жарияланған. Журналист қазақ қыздарының қалың малға сатылып, сүймеген адамына еріксіз ұзатылатынын жазған. Күләйім Өтегенқызы «Айқап » журналына көркем-публицистикалық мақалаларын жариялаған. Ол да өлең жазған. «Қазақ қыздарына» деген өлеңі «Айқапқа» жарияланғаннан кейін сол кездің қыз-келіншектері бостандықтарын бағалауға, білім алуға ұмтыла бастаған.

Монолог және диалог.

Диалог - екі немесе бірнеше адамның кезектесіп сөйлесуі арқылы пікір алмасатын ауызекі сөйлеу формасы. Диалогта сұрақ қою арқылы сұхбаттасуыш өзі күткен мәліметті ала алады. Мысалы, егер өзіне берілген мағұлмат толық болмаса, қарсы сұрақ қою арқылы күткен жауабын толықтырады. Диалог қысқа түрде екі немесе үш сөйлемнен мазмұны жағынан көлемді келеді. Диалогта келесі айтылымдардың қолданылатынын байқаймыз: сөйлемде фразаларды кірістіріп қолдану, сөзге жауап күту т.б. Диалог барысында сөйлесуші сөз орнына ым-ишара мен ауыз екі сөйлеу түрлерін пайдаланады.

Диалогпен қатар тағы бір сөйлеу түрі бар. Ол «монолог» деп аталады. Монолог - кейіпкердің көшілікке қаратса немесе өзіне арнап айтқан сөзі, толғанысы, өситет-уағызы. Сөз өнерінде жиі қолданылатын монологтар кейіпкердің ішкі жай-күйін, сырт ортаның өзіне әсер еткен жағдайына байланысты тұған толғаныс-тебіренің бейнелеу мақсатында қолданылады.

Монологтың өзге сөйленістерден ерекшелігі - бір адамның ойы бір ғана көрініс табады. Мысалы, өзіміз күнделікті театрдан тамашалайтын сахналық көріністе кейіпкер өзімен-өзі сырласқандай болып, тыңдаушы немесе көрерменнен ешқандай жауап күтпейді. Ұлы ақын Абай Құнанбаевтің «Болыс болдым мінеки» өлеңі лирикалық монологқа, Алтай ("Сұлушаш"), Қонқай ("Ақан сері – Ақтоқты") репликалары эпикалық, драмалық монологтарға мысал бола алады. Монологта кейіпкердің ой-тұжырымы айтылып, оның жай-күйі айқын аңғарылады. Монологтың ғылыми түрғыдағы атауы – «интраперсоналды сөйлеу».

Сөз әдебі мен сөйлеу этикеті.

Сөз әдебі - тіл қатудың, сөз жүмсаудың қоғам қабылдаған, жүртшылық үйгарған, ұлттық сипатқа ие ережелері мен тәртібі. Тіл қатудың тәртібі қарым-қатынас жағдайына қарай жүмсалатын арнайы сөздер мен тұрақты сөз орамдарының жүйесі арқылы жүзеге асады.

Қоғам мүшелерінің арасындағы әрбір қарым-қатынас жағдайын қамтамасыз ететін тілдік құралдар ақылы жүзеге асады. Қоғам мүшелерінің арасындағы әрбір қатынас жағдайын қамтамасыз ететін тілдік құралдар және олардың сирнимдік қатарлары болады. Тілдесуші жақтардың білім, тәрбие деңгейін, мекенін, жыныс, жас айырмасын тұрақты, тұрақты емес т.б әлеуметтік рөлдеріне тән белгілерін есепке алып отыру сөз

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 63 беті

әдебінің әлеуметтік қырлары болып табылады.

Сөйлеу этикеті, мәлімдемелердің формасына, мазмұнына, тәртібіне, сипатына және жағдайға сәйкестігіне осы мәдениетте қабылданған талаптар жиынтығы. Атақты сөйлеу этикетінің зерттеушісі Н.И.Формановская келесі анықтаманы береді: « Сөйлеу этикеті - бұл сөйлесім тәртібін реттейтін ережелер, сұхбатсушылармен байланыс орнатуға, таңдаған үндесті байланыста ұстап тұруға және ұзуге қофам қабылдаған және тағайындаған ұлттық ерекше стереотипті, тұрақты байланыс формулаларының жүйесі.» ... Сөйлеу этикетіне, атап айтқанда, адамдар қоштасу кезінде қолданатын сөздер мен сөз тіркестері, етініштер, кешірім, әртурлі жағдайларда қабылданған үндеу формалары, сыпайы сөйлеуді сипаттайтын интонациялық ерекшеліктер және т.б. Сөйлеу этикетін зерттеу лингвистика, мәдениет теориясы мен тарихы, этнография, өлкетану, психология және басқа да гуманитарлық пәндердің тоғысында ерекше орын алады.

Тапсырма 1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сенің сүйікті газетің қандай?
 2. Отбасың қандай мерзімді басылымға жазылады?
 3. Газет бетіне мақала, әңгіме, ертегі жазасың ба?
 4. Газет-журналда істейтін адамды кім деп атайды?
 5. Сенің ойыңша, республикамызағы ең танымал газет қайсысы?
 6. Өзің тұратын өнірде қандай жергілікті газет-журнал басылыш шығады?
- Оқып тұрасың ба?

Тапсырма 2. Суретке қараңыз. Онда не бейнеленген? Бұқаралық ақпарат құралдарында қайсысы аса маңызды? Ойынды жазыңыз.

Тапсырма 3. Мәтіндегі үш сөйлемге үш түрлі нұсқада сұрақ қойыңыз. Дайындаған сұрақтарыңа көршінен жауап алыңыз:

Ұлғі: Сақыпжамал Тілеубайқызы «Айқап» журналына озбырлықты, зорлық-зомбылықты айыптаған мақалаларын жариялаған.

- Сақыпжамал Тілеубайқызының мақалалары қай журналда жарияланған?
- Сақыпжамал Тілеубайқызы «Айқап» журналындағы мақалаларында қандай мәселелерді айтқан?
- «Айқап» журналында зорлық-зомбылық туралы кімнің мақаласы жарияланған?

Тапсырма 4. Мәтіннен 5 сөз тіркесін тауып, үлгі бойынша талдап жазыңыз:

Ұлғі: Қазақ қыздары – есімді сөз тіркесі, себебі «Қыздары» деген басыңқы сыңары зат есімнен; жалғау арқылы байланысқан, себебі бағыныңқы сыңарға «-ның» ілік септік қосымшасы жалғанған, бұл жерде түсіп қалған, оны «қыздары» сөзінің тәуелдік формада келуінен байқаймыз; байланыс түрі — матасу, себебі ілік септігі мен тәуелдік жалғауының 3- жағы арқылы байланысқан.

Тапсырма 5. Берілген сөз тіркестері қандай байланысу тәсілі арқылы жасалған? Сәйкестендіріңіз

Тұңғыш журналист қазақ қыздары өлең шығарған жырлары жарияланған зорлық-зомбылықты айыптаған өлең жазған	орын тәртібі интонация арқылы жалғау арқылы шылау арқылы
---	---

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 64 беті

білім алуға ұмтылған	
қалыңмалға сатылған	

Тапсырма 6. Рөлдік ойын. «Сұхбат». Оқушы мен газет тілшісінің арасындағы шағын сұхбатты құрындар. Оқушы болашақта журналист болғысы келетінін айтады, сұрақтар қояды. Газет тілшісі оның қойған сұрақтарына жауап беріп, оның не себепті бұл мамандықты қалағаны жөнінде сұрайды.

Тапсырма 7. Ойкөппар: «Баспасөз -өмір айнасы» тақырыбында пікірталас өткізіндер. Екі топқа бөлініңдер. Бірінші топ осы пікірдің жақтаушысы, екінші топ даттаушысы болсын. Әр топ дебат шарттары бойынша өз ойын дәлелдесін. Арнайы құрылған сарапшылар олардың пікірін талдасын. Сөйтіп, жеңімпаз топ анықталсын.

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру.

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытуыш тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Білім алушылардың өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәүлетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева.

Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Кекжиек-Горизонт, 2019

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәүлетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Кекжиек-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

1.Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

2.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018

3.Аманжолова З., Ж.Рахмані Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабак) 5-11 сыныптар Upartners, 2016

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау. Ауызша сұрақтар.

1. Мәтіндегі ақпаратты бүтінгі өмірмен байланыстырып, қазіргі кездегі журналист қыздар туралы мәтін құраныз

2. «Әйелдер мен ер адамдар арасындағы теңдік» дегенді қалай түсінесіз?

3. Қазақстандағы қандай атақты іскер әйелдерді білесіз?

4. Әйел адамдар кебінese қай салада жұмыс істейді? Не себепті?

5. Сен тұратын аймақта қандай танымал әйел адамдар бар?

6. Қазақтың тұнғыш журналист қыздары туралы қосымша мәлімет дайындау

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 65 беті

№ 16 сабак

5.1. Тақырып: Ыбырай Алтынсарин «Дүние қалай етсөн, табылады?». Мақал – мәтелдер.

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: оқушыларға Ыбырай Алтынсаринның шығармашылығы және өлеңдерінің тақырыптары мен мазмұнын әңгімелуе; идеялық ерекшеліктерін таныту; ақын лирикасын талдай, түсіне білуге үйрету.

5.3. Оқу міндеттері: қазақтың ақын- жазушыларын біліп, құрметтеуге, отансүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу, оқушылардың әдеби –теориялық білімдерін, сөйлеу тілдерін, зейін, көру, есту қабілеттерін дамыту. Өз ойларын көркем - әдеби тілде жеткізе білуге дағыландыру.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

Жаңа сабакты түсіндіру: 20 мин.

1.Ы. Алтынсарин өмірі мен шығармашылығы

2. «Дүние қалай етсөн, табылады?» шығармасының идеясы мен мазмұны

3. Мақал- мәтелдер

Ыбырай Алтынсарин өмірі мен шығармашылығы

Аса көрнекті ағартушы Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының қоғамдық ой-пікірі, мәдениеті мен әдебиеті тарихында жаңашыл педагог, жаңа мектептердің ұйымдастырушысы, этнограф, фольклоршы, ақын, прозашы және орыс классиктері туындыларының, атап айтқанда, Крылов мысалдарының аудармашысы ретінде кеңінен мәлім. Ол 1841 жылы 20 қазанды Қостанай облысында туған. Экесі ертерек қайтыс болып, атасы Орынбор шекаралық комиссиясының әскери старшинасы Балғожа бидің қолында тәрбиеленді. 1850 жылы Ыбырай шекаралық комиссия жанынан қазақ балаларына арнап ашылған мектепке түсіп, оны алтын медальмен бітірді. Мектепті бітіргеннен кейін Ы.Алтынсарин үш жылдай (1857-1860) атасының қоластында кеңсе қызметкері, содан соң 1859 жылдың тамызынан бастап Орынбор басқармасында тілмаш болып қызмет етті. 1860 жылы облыстық басқарма оған Орынбор бекінісінде (Торғай) қазақ балаларына арналған бастауыш мектеп ашуды тапсырды да, өзін сол мектепте орыс тілінің мұғалімі етіп тағайыннады. Ағартушылық идеялармен жігерленген ол ауылдарды аралап, халыққа білім алудың маңызын түсіндірді. 1864 жылы 8 қантарда мектеп салтанатты түрде ашылды. 1868 жылы Алтынсарин Торғай уездік басқармасына іс жүргізуші ретінде қызметке орналасып, содан соң уезд бастығының аға көмекшісі және уақытша уездік судья міндеттерін қатар атқарды. Қызмет бабымен ол ауылдарда жиі болып, болыс басқарушылары мен ауыл старшындарының сайлауына қатысып жүреді. Сайлау кезінде ол әділ шешім шығарылу үшін, дауысты сатып алудын, парақорлық пен қиянат жасаушылықтың орын алуына жол бермеуге тырысты. Наразы болған байлар оның үстінен облыстық басқармаға, әскери губернаторға және одан әрі ішкі істер министріне шағым жасап, оны 1868 жылғы Уақытша ережеде белгіленген сайлау жүргізу тәртібін бұзды деп айыптады. Жалақорлар Ы.Алтынсаринді уездік басқармадағы қызметінен кетіруге тырысты. Николаев уезі Аманқарағай болысының басқарушысын сайлау кезінде Ы.Алтынсарин ұсынылған екі байдың орнына халықтың мүддесін қорғайтын үшінші бір адамның сайлауына қол жеткізді. Ы.Алтынсаринның үстінен жазылған шағымдардың бірінде ол “социалист” деп аталды және осы іс бойынша

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 66 беті

тергеу

Ыбырай Алтынсариннің «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімесі - қазақ балаларына арналған өзі құрастырған оқулыққа енген, өзге тілден аударылған шығарма. Әңгіме француз жүрткышың бір білімді адамының жазғанынан деп басталып, Антон деген жол бойында қайыр сұрап отыратын тіленші жігіт туралы баяндалады. Бірде кездескен жолаушы кісінің Антонға ақыл беріп, мысалмен өз басынан өткен жайды өзгеге үлгі етуінің сыры бар. Онда ол еріншектікten арылып, жалқаулыққа салынбай өткен еңбек, төккен терінің арқасында бақуатты жағдайға жеткенін, балаларын да жасынан бос жүргізу, киналмай мал табуға үйретпегендігін, өз қайратымен тұрғызыған екі өндіріс орнын балаларына бергендейдігін айтады. «Осы айтқанымша, машақттанудан қашпасан, сен де бай боласың, Антон», - деген жолаушы кісінің айтқан тілін алған Антон ерінбей еңбек етіп, маңдай терімен жақсы тұрмысқа жетеді. Бұған күә болған шетелдік әңгіме авторының көргені мен түйгені - еңбекті сую, одан қашпай, дүниені өткен еңбек, төккен терден сұрау керек деген оймен тұжырымдалады.

Мақал-мәтелдер

Мақал — нақыл сөз. Ол өмірдегі түрлі құбылысты жинақтап, түйіп, ықшамдал беріп, бір не екі тармақтан тұратын, алдыңғы жолдарында пайымдал, соңғы жолдарында қорытылған ой айтатын халықтық бейнелі поэтикалық жанрдың бір түрі, ғасырлардан екішеліп жеткен терең мазмұнды, тақырып аясы кең сөз мәйегі. Мақалдар көбіне өлең үлгісінде кейде қара сөзбен де айттылады. Ұйқасқа (“Қайраны жоқ көлден без, қайырымы жоқ ерден без”), аллитерацияға (“Етігін шешпей ер шыңаймас”), ассонансқа (“Қатты жерге қақ тұrap, Қайратты ерге бақ тұrap”) құрылады. Мақалдар тұра және ауыспалы мағынада қолданылады. Ауыспалы мағынадағы сөздер ішкі астары бар, тұтас бір ойды білдіреді (“Бір жеңнен қол шығар, бір жағадан бас шығар”), (“Ырысқа қарай ұл өсер, Қонысқа қарай мал өсер”), (“Ел — ырыстың орманы, ер — ырыстың қорғаны”), (“Ер жігіт үш ак үй тігеді, үш қара үй тігеді”).

Мәтел — өзінің негізгі түйіндеуін кесіп айтпайтын, бір-бірімен көреғар шенdestіруі жоқ, қорытындысы тұспалды, қысқа да нұсқа нақыл сөз. Мақалға өте жақын. Мәтел сынар тармақ болып келеді. Сөз үстемелене келіп, мақалға айналады. Мысалы, “Қаңбақтан қашсан, дөңбекке” — мәтел. “Қаңбақтан қашсан, дөңбекке жолығасың” — мақал. Мәтел тұра, ауыспалы, астарлы мағынада қолданылады. Мәтел адамның айтқан пікіріне ой қосады, сезімін әсерлі де айшықты жеткізеді. Ақын-жазушылардың ұтымды сөздерінің біразы Мақал-Мәтелге айналған: (“Ұылымды іздел, дүниені көздел” — Абай), (“Жалғанды жалпағынан басып өтіп” — Жамбыл, т.б.).

Тапсырма 1. Төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіз:

Ыбырай Алтынсарин

Николай Иванович Ильминский

1. Ыбырай Алтынсарин — кім?

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 67 беті

2. Оның қандай шығармаларын білесіз?
3. Неге ЙІ. Алтынсаринді «Қазақ балалар әдебиетінің атасы» деп атайды?
4. Н. И. Ильминский — кім?
5. ЙІ. Алтынсарин мен Н. И. Ильминскийдің арасында қандай байланыс болуы мүмкін?

Тапсырма 2. Үбірайдың Н. Ильминскийге жазқан хатын оқыңыз. Хаттың авторына қандай мінездеме беруге болады? Өз пікірінді айтыңыз:

«Осы жылы қантардың 8 күні көптен күткен күн орнына келіп мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді. Бері де –есті жақсы балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай кірістім. Бұл балаларды небәрі үш айдың ішінде оқи алатын және орысша ,татарша жаза білетін болды. Кейін парапор болмауы үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге де бар күшімді салып отырамын. Мен бос уақытымда оларға дін тарихынан білгенімді айтамын. Оған басқа да пайдалы, түсінікті әңгімелерді де қосып айтамын. Менің үнемі ұмтылған тілегім – оларды қалай да, пайдалы адам етіп шығаруға көмек беру еді. Ал қазір, осыған қолым жетіп отырғанын ойласам , көnlім толық жұбаныш табады».

Тапсырма 3. Аудиомәтіннің мазмұны бойынша төмендегі сөз тіркестерін екі топқа бөліп жазыңыз:

Ағартушылы-педагогтік қызмет, арман еткен, оқу құралы, ауылды аралау, жиналған - қаражат, ынтасын арттыру үшін, балаларға арналған, мектеп салғызы, балалар әдебиеті,

Тапсырма 4. Мәтінді оқып шығып, түсінгенізді айтып беріңіз:

Француз жүртінгенің бір білімді адамы былай деп жазады: «1791 жылы өзім «университет» деген үлкен школда оқып жүрген жігіт едім. Апта сайын Версаль қаласындағы шешеме жаяу барып-қайтып тұратынмын. Сонда әрдайым жолымда «Антон» деген тіленші қайыр сұрап отырушы еді. Бір күні тағы сол жолмен келе жатып, орта бойлы арықтау кісімен жолықтым. Екеуіміз бірге келе жатқанда Антон алдымыздан шығып, қайыр сұрады. Қасымдағы кісі тоқтап, Антонның бетіне қарап тұрды да:

— Сен қарауға есті кісі секілді көрінесін, жұмыс істеуге қуатың да бар. Сөйтіп тұрып, мұндай жаман іспен өзінді кемшілікке салып жүрсің. Бай болғың келсе, мен саған ақыл айтайын: мен өзім де сендей кедей едім, бірақ тіленші болған жоқпын. Елден, қала қаладан қыдырып жүріп, әуелі қоқыстан не болмаса жай кісілерден ескі шүберек сұрап, жиып жүрдім. Ол шүберектерді қағаз істейтін фабрикаларға апарып, саттым. Сөйтіп, біраз ақша болған соң бір есек, бір арба алдым. Мұнан соң әуелі аздал, бара-бара көбірек, әр үйден ескі-құскы, тұтынуға жарамайтын шүберектерді сатып алыш, арбамен жүріп сауда ете бастадым. Осындай іспен жеті жылда он мың франк ақша таптым. Содан кейін қағаз фабрикасына кірістім. Жасым жас, ісіме нық , жинақты, еріншектікті білмедім. Осы күнде екі үлкен тас үйім бар. Фабрикамды балама бердім. «Балам да аштық көре қалмас» деген үмітім бар. Себебі — баламды жасынан бос жүргүре, еріншектікке, қиналмай мал табуға үйретпедім. Осы айтқанымды тыңдал, еңбектен қашпасаң, сен де бай боласың, — деді де жөніне жүріп кетті. Антон бұл сөздерді есіткен соң терең ойға қалып, қайыр сұрауын да ұмытып, тұрып қалды. 1815 жылда «Брюссель» деген қаладан өтіп бара жатып, бір кітап сататын үлкен дүкенге кірдім. Дүкеннің ішінде бірнеше приказчикке: «Олай ет! Бұлай ет!

— деп бұйырып тұрған бір купеңтің кескіні көніліме таныс көрінді. Сөйтіп тұрғанымда әлгі кісі мені көріп, бетіме қарап тұрды-тұрды да қасыма келіп:

— Айып етпесеңіз, сұрайын. Мұнан жиырма бес жыл бұрын сіз оқу оқып жүріп, жұма сайын Версальдегі үйінізге барып жүруші ме едіңіз? — деді. Сонда ойыма түсіп, таңқалып:

— Сен Антонбысың? — дедім.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 68 беті

— Ра-ас, — деді Антон,
 — Мен сондағы көрген тіленші Антоныңызыбын. Бір күні қасыңызда бірге жолықкан кісінің айтқандары көңіліме қонды. Тіленшілікті тастап, жұмысқа кірістім. Ісіме нық, малыма күтімді болдым. Ақырында, сол кісінің айтқаны келіп, мінекей, осы зор дүкеннің иесі болдым, — деді.
 (Ы.
 Алтынсарин)

Тапсырма 5. Мәтіннен жаңа сөздерді тауып, қандай сөзben тіркесіп тұрғанын анықта.
 Тағы қандай сөздермен тіркеседі? Жазыңыз

№	Мәтіндегі жаңа сөз	Мәтіндегі сөз тіркесі	Басқа сөзben тіркесі
	Тіленші	тіленші қайыр сұрады	көшеде қайыр сұрады
	Ески	ескі шүберек

Тапсырма 6. Тәмендегі сөздерді қатыстырып, мәтіннің мазмұнына қатысты 5 сұрақ құрап айтыңыз:
 Үлгі: Студенттің серігі Антонға не үшін кеңес берді?
 үшін, көмек, әлі, бөгде, берешек, толыққанды, кеңес.

Тапсырма 7. «Балық қаңқасы» диаграммасын толтырыңыз. Жазғандарымды өзара алмасып, пікір бөлісіндер:

1. Балықтың басына әңгіменің мақсатын;
2. Үстіңгі қаңқасына әңгіменің идеясын;
3. Астыңғы қаңқасына кейіпкерлердің мінездемесін;
4. Құйрығына қорытындыны жаз.

Тапсырма 8. Топтық жұмыс. Қарама-қарсы идеялармен танысып, пікірталас ұйымдастырындар. Әр топ өз идеясының артықшылығын, қарсы топтың идеясының кемшілігін айтсын.

Бірінші пікір	Мүмкін	Екінші пікір
Байлыққа қол жеткізу үшін беделді адамның көмегі керек.	Ойламаған жерден байып кетуің мүмкін	Байлыққа қол жеткізу үшін беделді адамның көмегі керек емес.
Себебі ...	Себебі.....	Себебі

Тапсырма 9. Тәмендегі мақал-мәтелді оқыңыз. Оларды кірістіріп, «Екіжақты келісім: саудагер мен тұтынушы мәдениеті» тақырыбында шағын диалог құрыңыз:

- Алаған қолым береген.
- Аласыға алтау аз,

<p>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 69 беті

Бересіге бесеу көп.

- Алғаннан алашағың артпайды,
- Бергеннен берешегің ортаймайды.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жұптасып жұмыс жасау

Жұптасып жұмыс жасау – студенттердің топта (командада) жұмыс дағдыларын дамытуға және көптүсты шешімдерді қабылдаپ, қарапайым жауапты алуға ықпалын беретін оқыту әдісі.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева.

Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

1.Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

2.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018

3.Аманжолова З., Ж.Рахмани Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабак) 5-11 сыныптар Uppartners, 2016

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау: бағыт беру.

Сұрақтар тізімі:

І). Алтынсариннің өмір жолы мен шығармашылығы туралы айтып беріңіз.

ә) «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімесінің мазмұнын айтыңыз.

б) «Еңбекпен тапқан нан» немесе «Байлықтың көзі - еңбекте» деген тақырыптарға шағын шығарма жазыңыз.

№ 17 сабак

5.1. Тақырып: Қазақтың тұңғыш дикторы.

Сағат саны: 3 сағат **135мин.**

5.2. Мақсаты: ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала) құрылымы мен рәсімделуін білу;

5.3. Оқу мақсаттары: мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау, екшеліктерін талдау.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 70 беті

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

Қазақтың тұңғыш дикторы туралы ақпарат

Жаңа сабакты түсіндіру: 30 мин.

Қазақтың тұңғыш дикторы.

Радио дүниенің сырын үн арқылы жеткізетін өркениеттің ғажап жетістігі. Ол - ақпарат айдынында ең жедел әрі шынайы құрал. Шынайы дейтін себебіміз - адамның жан-дүниесін, көңіл-күйін оның дауысынан-ақ тануға болады. Ұлттық үнжарғысы – Қазақ радиосында жылдар бойы халыққа қызмет етіп, оған тағдырын байлаған жандар қаншама. Солардың бірі – Қазақ радиосының ардагері, қазақтың тұңғыш дикторы Мина Сейітова.

Мина Сейітова 1919 жылы 25 тамызда дүниеге келген. Ол Қазақ радиосының табалдырығын алғаш аттаған кезде небәрі 15 жаста болды. Содан бастап, 44 жыл микрофон алдында қызмет етіп, талай дикторға, сонымен қатар, Бибігүл Төлегенова, Ермек Серкебаев, Мұқағали Мақатаев сынды ұлттық мәдениеттің марқасқаларына ұстаз болған. II Дүниежүзілік соғыс кезінде ақпарат бюросының барлық ақпараты Мәскеуде Левитанның үнімен тарап жатса, қазақ даласына ол Мина Сейітованың дауысымен жеткен.

Қазақ телевизиясының ардагері тұңғыш диктор Зұлқия Жұматова 100 жасқа толды. Қос ғасырдың қуәсі сонау 60 жылдары алғаш рет телеарна табалдырығын аттаған болатын. Жарты ғұмырын осы салаға арнаған ардагер жазушы Мұхтар Әуезовтің көзін көріп, сұхбат алған. Ал сол кездегі режиссер Шәкен Айманов Зұлқия Мұқанқызын дикторлыққа 750 үміткердің ішінен таңдал алған екен. Өлең оқуды жаны сүйеттін Зұлқия Жұматованың дәл осы туындысы телевизия саласына жетеледі. Әйткені, Шәкен Айманов үміткердің даусы мен мәнеріне жоғары баға берген еді. 1958 жылы балалар бағдарламасына редактор болам деп келген ол 37 жасында ойламаған жерден диктор атанады. Зұлқия Мұқанқызы - дикторлық дәуірдің дара тұлғасы. Оның саналы ғұмыры көрерменнің көз алдында. Көптің ықыласына бөлөнген ол халқына қашанда тілекші.

Тапсырма 1. Жұмбакты шеш. Сөз тіркестерін тауып, жазыңыз. Оның қандай тәсіл арқылы байланысып тұрғанын айтыңыз:

- Батырмасын басасың, қажет файлды ашасың.
- Компьютерге енеді, қағазды басып береді.
- Мәліметті сұрасан, Экранға шыгарған.
- Төртбұрышты терезеден

Аласың жаңалық әлемнен

Тапсырма 2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сен қандай ақпарат құралдарын оқысың?
2. Сенің ең сүйікті бағдарламаң қандай?
3. Сен үшін қандай байланыс құралы тиімді?
4. Компьютерді жіңі қолданасың, ба?
5. Қандай компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істей аласың?

Тапсырма 3. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексеріңіз. Дәлелде.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Жанболат Аупбаев — Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,		

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 71 беті

аудармашы, сценарист		
Ол ертегі жазумен айналысады.		
Ол сирек кездесетін мамандық иелері, табиғат құпиялары туралы деректі әңгімелер жазады.		
Ол Олжас Сүлейменов пен Сәтімжан Санбаевтың публицистикалық шығармаларын орыс тіліне өте шебер аударған		
« Қажымұқан мен Қажытай», «Хан Тәнірі» атты деректі кино сценарийлерінің авторы. «Диктор» атты деректі әңгімесінде қазақтың тұңғыш дикторы — Лазиза Аймашева туралы айттылады.		
Радиолокаторлар алыс қашықтықтағы ұшақ не кемені таба алады.		

Тапсырма 4. Диалогті ролге бөліп оқыңыз.

— Кез келген адамның өмірінде өзі ерекше қастерлейтін, жақсы көретін бір құндері болады. Мен үшін сондай құн — 8 наурыз. «Неге?» — дейсің гой? Айтайын. Осы құні мен шыр етіп дүниеге келіппін. Бұл — қуаныш па? — Куаныш! Осы құн сонау XX ғасырдың алғашқы жартысында біз сияқты әйелдердің халықаралық мейрамы болып жарияланған екен. Ол — мереке ме? — Мереке! Бұл — аз десеніз, міне, сол құні, яғни, 1958 жылдың 8 наурызында мен жаңадан ғана құрылып, жұмыс істей бастаған Алматы телестудиясының дикторы болып тұңғыш рет көгілдір экранға шықтым. Бұл — есте қаларлық оқиға ма? — Оқиға! Міне, осындағы үш сәтті жағдайға байланысты өз басым 8 наурызды жақсы көріп, оны әр уақытта асыға күтемін, — деді Лазиза Аймашева. — Сонда қазіргі қазақ телевизиясының көрмермендерге алғаш рет хабар берген құні — 8 наурыз болғаны гой, — дедім мен. — 6 наурызда Медеу мұзайдыны туралы шағын сюжет көрсетілді. Бірақ 8 наурыздан бастап хабар тұрақты тұрде өз жұмысын бастады. — Телевизияға диктор бол қалай келдіңіз? — Шынымды айтайын, бұл — менің мұлде көрмеген, білмеген жұмысым еді. «Студия», «камера», «микрофон» деген сөздерді сол уақытқа дейін тіпті естімеппін де. Өйткені мамандағым, атқарып жүрген жұмысым басқа салаға қатысты еді. Алматы медицина институтын бітірген мен сол кезде орталық аптекада фармацевт-провизор болатынмын. Ақын Жаппар Өмірбеков пен Қадыр Дәуітов Қазақстандағы тұңғыш ашылғалы жатқан телестудия дикторлары байқауына қатысуға шакырды. Дикторлар байқауына 100-ден артық адам қатысты. Мен байқауда жеңіп шығып, «Қазақтың тұңғыш дикторы» атандым.

(Жанболат Ауыпбаевтың «Диктор» деректі әңгімесінен)

Тапсырма 5. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрып жаз. Жоспардағы тақырыпшалардың аясындағы тірек сөздерді анықта. Жоспарың бойынша мәтінді баянда.

Тапсырма 6. Жақша ішіндегі қажетті сөздерді дұрыс тұлғада қойып, сөйлемді жаз.
1. 1965 жылы қазақ телевизиясы 5 сағаттық бағдарламамен тұңғыш рет одақтық аренага (соғу, шығу, орнау). 2. Содан бері жыл сайын 3 қазанды Мәскеуден тікелей эфирге шығып (отыру, жату, жүру). 3. Орталық телевизияның «Көгілдір от» залында Роза

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 72 беті

Бағланова, Ермек Серкебаев, Бибігүл Төлегенова, Сәбира Майқановалар туралы (жазу, айту, көру). 4. Қазіргі кезде компьютерлік техника барлығын өзі реттеп (отыру, жазу, кіру).

Тапсырма 7. «Егер мен диктор болсам...» деген тақырыпта ой бөлісіндер. Ол үшін дереккөздерден дикторға қойылатын талаптар туралы ақпарат жинаңдар.

Тапсырма 8. Досыңа соңғы шыққан байланыс құралы туралы хат жазыңыз

Тапсырма 9. Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаларды қойып, жазыңыз. Сөз тіркесін талдаңыз:

1. Теледидар пайда болған сон да радио... рөлі төмендеген жоқ. 2. Қазіргі таңда дүниежүзі... радиохабар тарататын ел... қатары күннен күнге көбейе түсуде. 3. Радио... тыңдау үшін арнайы уақыт бөлу, күш жұмысаудың қажеті жоқ. 4. Адам... есту қабілетіне құрылған радио тыңдарманың қиял... мен сезіміне де өзгеше әсер етеді. 5. Мерзімді басылым... бұқаралық ақпарат құралдарына жатады. 6. Сақыпжамал Тілеубайқызы «Айқап» журналы... озбырлық..., зорлық-зомбылықты айыптаған мақалаларын жариялаған. 7. Әйелдер... әлеуеті өсіп келеді. 8. Қазақстан... гендерлік саясат жақсы жүзеге асып келеді.

Тапсырма 10. Мәтінді оқып шығып, тақырып қойыңыз. Адамның табиғи, дene ерекшеліктеріне байланысты туындаитын әлеуметтік қарым-қатынас гендерлік және жас айырмашылығы теңсіздігін тудыруды. Өркениетті қоғамда социолог-мамандар осы өзекті мәселелерді зерттеуге көп мән береді. Себебі өркениетті қоғамда осы негізде құрылған үйим, қозғалыс, бірлестіктер қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етіп отыр. «Гендерлік теңсіздік» ұғымы әйел адамның мен ер адам арасындағы теңсіздікті білдіреді. Әйел адам мен ер адамның арасындағы айырмашылық өте күрделі үйимдардан тұрады. Социологтар гендерлік теңсіздік жыныстық сәйкестіктің әсерінен болатынын ескертеді («Әлеуметтану» оқулығынан).

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру.

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Білім алушылардың өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

- 1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019
- 2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019
- 3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>
- 4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

- 1.Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оку бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)
- 2.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 73 беті

«Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018

3.Аманжолова З., Ж.Рахмани Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабак) 5-11 сыныптар Upartners, 2016

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау. Ауызша сұрақтар.

1.Өзіне ұнайтын бағдарламаны жүргізетін тележургізуши туралы шағын мәтін жазыңыз. Мәтінде телехабарда көтерілетін мәселелер, тележүргізушиңің сөйлеу мәнері және т.б. туралы ақпараттарды қамтыңыз.

2. Дереккөздерді пайдаланып, өнертапқыш балалар туралы ақпарат жинап, лл туралы тұсаукесер дайындаңыз:

3. Қазақстан Республикасында гендерлік саясат қалай жүзеге асырылады?

4. Бұл туралы қандай құжат қабылданған?

5. Құжатта қандай мәселелер көтерілген?

6. Қазақстанда әйелдер құқы қалай қорғалады?

7. Егер сен заңгер болсан, бұл мәселені қалай шешер едіңіз?

№ 18 сабак

5.1. Тақырып: Жұмыссыздық және әлеуметтік теңсіздік. №1 Аралық бақылау жұмысы.

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Мақсаты: Әлеуметтік құрылым ұғымының мәнін ашу, қазіргі Қазақстан қоғамының әлеуметтік құрылымы және әлеуметтік қамтамасыздық мәселелері туралы түсінік беру;

5.3. Оқу мақсаттары: Қазіргі Қазақстанның әлеуметтік дамуы мен келешегі туралы ой қорыту; әртүрлі іскерлік ойындарға қатыса отырып, кішігірім топтарда жұмыс істеуге қажет практикалық тәжірибелі дамыту, ойлануға үйреніп, дұрыс шешімдер қабылдау.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

5.4. Такырыптың негізгі мәселелері:

Жұмыссыздық және әлеуметтік теңсіздік мәселесі туралы мәлімет

Жаңа сабакты түсіндіру: 30 мин.

Жұмыссыздық және әлеуметтік теңсіздік

Жұмыссыздық — еңбек ұсынысының еңбекке деген сұраныстан артып кетуі; еңбекке жарамды халықтың жұмыс таба алмауы немесе жұмыспен қамтылмауы. Еңбек нарығында тепе-теңдік орын алғанда жұмыспен толық қамтылады. Еңбек нарығында жұмыссыздықтың негізгі үш түрі бар:

1) фрикциондық жұмыссыздық — адамдардың әртүрлі өмір кезеңдерінде бір жұмыс орнынан басқа бір жұмыс орнына ауысып отыруына байланысты қыска мерзімдегі еркін жұмыссыздық. Жұмыссыздықтың бұл түрі жұмыс ізден, күтүмен байланысты.

Азаматтардың кәсіби біліктілігі мен жеке талғамдарына сәйкес келетін жұмыс орындарын іздеу белгілі бір уақытты талап етеді. Жұмыс күшінің бір болігі кәсіби мұдделерінің, мекенжайының өзгеруімен байланысты өз қалауы бойынша жұмыстан шығып кетіп отырады. Сондай-ақ жұмыс орнын бірінші рет ізден жүрген азаматтар да жұмыссыздықтың осы категориясына кіреді. Мысалы, оқу бітіріп диплом алған жас маман біліктілігін іске асыру үшін аса қолайлы жұмыс орнын іздеуі мүмкін. Бұл кезде жұмыс беруші мен жұмысшы бір-бірін еркін ұғынады;

2) құрылымдық жұмыссыздық — еңбек ұсынысы мен еңбекке деген сұраныстың сәйкес келмеуінен пайда болатын мәжбүрлі, ұзақ мерзімді жұмыссыздық. Жұмыссыздықтың бұл түрі өндірістегі технологиялық прогрессе сәйкес жұмыс күшіне деген сұраныстың

OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 74 беті

азаюынан туады. Бұл жұмыссыздық мамандықтары «ескірген» немесе заманауи экономикаға қажеті шамалы азаматтардың арасынан көрініс табады. Қайта даярлаудан өту үшін аса көп уақыт кетеді, көбінесе мемлекет тараапынан қосымша шығын жұмсауды талап етеді. Бұл — жұмыс беруші мен жұмысшының арасында түсініспеушілік тудыруы мүмкін; 3) циклдік жұмыссыздық — өндіріс деңгейінің құлдырауы немесе сұраныстың төмендеуіне байланысты кез келген мамандық бойынша жұмыс таба алмау салдарынан пайда болатын жаппай жұмыссыздықтың аса ауыр түрі. Бұл — жұмыссыздықтың нақты деңгейінің табиғи деңгейінен ауытқуымен байланысты. Мұндай кезде әртүрлі шерулер, қақтығыстар орын алуы мүмкін. Экономикалық құлдырау кезеңінде циклдік жұмыссыздық пен құрылымдық жұмыссыздықты толықтырады, ал экономикалық өсу (өрлеу) кезеңдерінде циклдік жұмыссыздық жоғалады.

Тапсырма 1. Бағанда берілген сөздерді тіркестір. Байланыстық қай түріне жататынын дәлелдеп айтыңыз. Сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлем құраңыз:

1	жұмысшылардың	Келісім
2	мансалтың	Ұғыну
3	ұлтаралық	Мұқтаж
4	әлеуметтік	жол бермеу
5	Міндеттін	Қақтығысы
6	Байлыққа	Тенсіздік
7	Кемсітүге	сатысына көтері

Тапсырма 2. Суреттерге қарап шығып, осы мәселелердірдің жұмыссыздықпен байланысы бар ма? Пікірінді айтыңыз.

Тапсырма 3. Ұлы адамдардың пікірін оқыңыз. Нақыл сөздердің әлеуметтік теңсіздікпен, жұмыссыздық пен сабактастығын ашып, ойларынды дәлелдендер.

Кейбіреулерге қанша мал бітсе де, байлық бітпейді (Абай). Байлық — адамдардың ақсары. Бірақ ол маған еңбексіз келсе, мен оны пайдаланбаймын. Кедейлік —

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 75 беті

адамдардың қорқынышы. Бірақ ол менің еңбегіме сай келсе, мен одан қысылмаймын (Конфуций).

Тапсырма 4. Мәтін мазмұны туралы пікірінді «Төрт сөйлем» құрылымына салып жазыңыз:

1. Пікір: оқыған мәтін бойынша өз пікірінді бір сөйлеммен жазыңыз.
2. Дәлел: өз пікірінді бір сөйлеммен дәлелдеңіз
3. Мысал: пікірінді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіз.
4. Қорытынды: мәтін бойынша қорытынды жасаңыз.

Тапсырма 5. Мәтінді оқы, қою ғаріппен жазылған терминдердің мағынасын «Әлеуметтік сөздікке» сүйеніп анықтаңыз.

Енжар саясат кезінде мемлекет еңбек нарығында жұмыссыз қалғандарды мемлекеттік қолдау, әлеуметтік қорғау шараларын жасайды. Мұндай жағдайда жұмыссыз азаматтарға келесідей кепілдемелер беріледі:

- материалдық көмек, жәрдемақы және басқа да әлеуметтік төлем түрінде әлеуметтік қолдау;
- тегін медициналық қызмет. Дамыған елдерде жұмыссыздарға қаржылай көмек беру жұмыссыздық бойынша сактандыру жүйесі негізінде жүзеге асырылады, сол арқылы жұмыссыздардың өмірлік ең тәменгі шығындары қамтамасыз етіледі. Жоғарыда аталып өткендей, еңбек нарығын реттеуде еңбек биржалары маңызды орын алады.

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: ауызша баяндау, талдау

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

№1 Аралық бақылау жұмысы

1. «Еңбек нарығы» тақырыбы бойынша мәтін құрастырып жазыңыз.
2. Зат есім дегеніміз не?
3. «Кәсіпкерлік табыс көзі» тақырыбы бойынша мәтін құрастырып жазыңыз..
4. Оңаша және ортақ тәуелдену дегеніміз не?
5. «Қазақ киносының атасы- Шәкен Айманов» тақырыбы бойынша мәтін құрастырып жазыңыз.
6. Сөз тіркестері, сөз тіркестерінің жасалу жолдары
7. «Ұлттық мерекелер» тақырыбы бойынша мәтін құрастырып жазыңыз.
8. Тәуелдік жалғау дегеніміз не? 5 сөзді тәуелдеп жазыңыз.
9. «Қазақстандағы экологиялық мәселелер» тақырыбы бойынша мәтін құрастырып жазыңыз
10. Сөйлем түрлері. Мысалдар келтіріңіз
11. «Ұлы Жібек жолы – сауда мәдениетінің өркендеу биігі» тақырыбы бойынша мәтін құрастырып жазыңыз.
12. Сөздердің байланысу түрлері.
13. «Балғабек Қыдырбекұлы – танымал жазушы» тақырыбы бойынша айтып беріңіз.
14. Сын есімдер дегеніміз не?
15. «Қазақтың тұңғыш журналист қыздары» тақырыбы бойынша мәтін құрастырып жазыңыз

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

- 1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019
- 2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019
- 3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki->

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-231</p>
<p>Әдістемелік өндөу</p>	<p>164 беттің 76 беті</p>

[kaz/tbr11-1](#)

4. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

1. Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)
2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (T2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018
3. Аманжолова З., Ж.Рахмани Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабак) 5-11 сыныптар Upartners, 2016

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау. Сұрап-жауап

Жұмыссыздық мәселе ме ?

Жұмыссыздық неден пайда болады ?

Болашақта маңызды мамандық қандай ?

Жұмыссыздықты жою үшін нені дамыту қажет?

№ 19 сабак

5.1. Тақырып: Ұлықбек Есдәulet – ақын, қайраткер. «Қара пима» поэмасы.

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: оқушыларға ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы түсінік беру.

Өлеңдерінің мазмұны мен идеясын ашу, көркем ойлау, жүйелі сөйлеу дағыларын қалыптастыру

5.3. Оқу міндеттері: туған жерін қадірлеу, халқына қызмет ету, ел тірлігі, ел бірлігі, үрпақ келешегі, адам жанының рухани тазалығы жайлы ойларын жүйелей отырып, адамгершілік пен адамдық қасиетке тәрбиелеу, кәсіптік бағдар беру.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Ұлықбек Есдәулеттің өмірі мен шығармашылығы.

2. «Қара пима» поэмасы

Жаңа сабакты түсіндіру: 30 мин.

Ұлықбек Есдәulet – ақын, қайраткер

Ұлықбек Есдәulet 1954 жылы 29 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы үлкен Қаратал ауылын да дүниеге келген. Еңбек жолын 1971 жылы облыстық «Коммунизм туы» («Дидар») газетінде корректорлықтан бастаған. 1977 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. «Қазақстан пионері» («Ұлан») газетінде, «Жазушы» баспасының поэзия редакциясында қызмет істеген. 1983-1985 жылдары М. Горький атындағы әдебиет институтының жанындағы Жоғары әдеби курсы бітірген. Бұдан кейін «Қазақстан» телеарнасының жастар редакциясында, «Жазушы» баспасының сын редакциясында редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде сын бөлімінің қызметкері болды. 1988-1991 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, 1991-1993 жылдары «Жас Қазақ» газетінің бас редакторы, 1993-1997 жылдары ҚР Сыртқы істер министрлігінің ЮНЕСКО істері және мәдени байланыстар басқармасында, 1997-2001 жылдары ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 77 беті

келісім министрлігінің Тілдерді дамыту департаментінде бөлімдерді басқарған. 2001 жылдың басынан бері ҚР үкіметінің әлеуметтік-мәдени даму бөлімі секторының меншерушісі. 2002-2008 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, 2008 жылдан бері «Жұлдыз» журналының бас редакторы. 2018 жылы Тұңғыш Президенттің жарлығымен Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы болып сайланды.

ҚАРА ПИМА

Алай да дүлей ақ боран
 Ыскырып, ұйтқып, бұрқырап,
 Аттаған жанды қақпадан
 Қақпағыл қылар жұлқылап...
 Ішуге сылтау табылар,
 «Ішемін, — дейді, — күйіктен».
 Қызған соң айтар әні бар:
 «Өмір-ая, неткен сүйікті ең!»
 Қызып ап кейде: «Сорлым!» — деп,
 Құшақтап ұлын жылайды.
 «Арақты енді қойдым», — деп,
 Төсекке барып құлайды.
 Әкесін сонда бас салып,
 Кемсендеп, ернін тістелеп,
 Көзінен ыстық жас тамып,
 Жалынар: «Папа, ішпе!» — деп. ...
 Киім жоқ, тесік тыын жоқ,
 Бір кездे болған, әрине.
 Үйде де ешбір бұйым жоқ,
 Араққа салған бәрін де.
 Сатылған қой мен сиыры,
 Домбыра, сағат, кілем де.
 Жарының бұқіл киімі
 Табылмас қазір бір «емге».
 ...Қалтасын қайта сілкеді
 Қазына тауып алардай.
 Көзімен үйді тінтелі
 Сататын нәрсе табардай.
 Сілеркей сарсақ күйімен,
 Шөліркей аңсан пимасын.
 Қолтықтап шықты үйінен
 Ұлының қара пимасын.
 Жалынышты үнмен тіл қата,
 Жанында ұл жүр айналып:
 «Пимам қой менің — бұл, папа,
 Барасың оны қайда алып?».
 Жабысты жолын кес-кестеп,
 Көз жасы тарам-тарам боп.
 «Пимамды, папа, тастап кет,
 Мектепке қалай барам?!» — деп.
 Кешкірген мезгіл, Әтештер
 Шақырып жатты қорада.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 78 беті

Табанын қарып кетті қар,
Елейтін оны бала ма?..
Қаңқандай содан айызы,
Әкесі ұзап барады.
Қанды қар болып ауызы,
Артында ұлы қалады.

Тапсырма 1. Оқып шығып, қою ғаріппен жазылған сөздердің синонимін табыңыз:

Нақыл сөздердің сабақ тақырыбымен қандай байланысы болуы мүмкін? Өз болжамыңды айт, ойынды дәлелдеңіз.

Ақын болып туады, шешен болып қалыптасады (Цицерон). Ақындық — тұа бітті қасиет, шешендік — жүре келе қалыптасатын қабілет (Әл-Фараби). Ақын болу — шарт емес, азамат болу — парызың (Н. А. Некрасов).

Тапсырма 2. Төменде берілген сөздерді тіркестіріп жазыңыз. Сол сөз тіркестерін қолданып, сөйлем құраңыз.

Қарар	Нәсіл
Елбасының	Келтірді
Ақындық	Қабілет
Ұлтаралық	Болды
Дәйек	Қабылдады
мұқтаж	Жарлығы
шешендік	Қасиет
Қара	Қақтығыс

Тапсырма 3. Суреттерге қараңыз. Символдар туралы ойынды сабактың тақырыбымен байланыстырып айтыңыз:

Тапсырма 4. Мәтіндегі күрделі атауларды табыңыз. Олардың мағынасы мен жасалу жолын анықта.

қою ғаріппен жазылған сөз тіркестері байланыстың қай түріне жататынын дәйектеп айтыңыз:

Тапсырма 5. Мәтіннен басқа тілден енген термин сөздерді тауып, мағынасын анықтаңыз. Оларды қатыстырып сөйлем құрап жазыңыз.

Тапсырма 6. Мәтін мазмұны бойынша ақынның түйіндемесін жазыңыз.

Тапсырма 7. Жұптық жұмыс. Телехабардағы ақын мен журналистің сұхбатын көрсетіңдер. Әңгіме өзегі ақынның шығармашылық жолы туралы болсын.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 79 беті

Тапсырма 8. Ақпарат көздерін пайдаланып, Қазақстан Жазушылар одағының тәрағалары туралы мәлімет тауып, жинақы мәтін (компрессия) құрап жазыңыз. Ақпарат бойынша постер қураңыз:

Тапсырма 9 . Мәтіндегі қай шумаққа қай сөйлем сәйкес келеді?

Үйдегі заттың бәрін сатып жіберген

Бала әкесіне: «Арақ ішпе!» — деп жалынады.

Әкесі баласының пимасын алып кетеді

Баланың табанынан сүйк өтеді.

Далада — катты аяз.

Тапсырма 10. «Ассоциограмма». «Пима» диаграммасын толтырыңыз

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Білім алушылардың өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева.

Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 80 беті

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиең-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Косымша әдебиеттер:

1.Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

2.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (T2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018

3.Аманжолова З., Ж.Рахмани Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабак) 5-11 сыныптар Uppartners, 2016

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау:

1. Islam.kz сайтынан Ұлықбек Есдәулеттің поэмасы бойынша түсірілген бейнефильмді көріп, мәтінін тыңдаңдар. Әнін жазған: Қазақтың белгілі композиторы — Алтынбек Қоразбаев. Әнді орындаған: Алма Аманжолова. Бейнебаяннан көргеннен соң, тыңдаған поэма бойынша түсінгендерінді айтыңдар.

№ 20 сабак

5.1. Тақырып: Нашақорлық – қоғамдық дерпт. Темекі тарту – зиянды әдет. Құрмалас сөйлемдер.

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Мақсаты: Оқушыларға әлемді алаңдатып отырған нашақорлық, СПИД, арақ, темекі сияқты зиянды әрекеттердің белен алып бара жатқандығын ескерте отырып, оны болдырмаудың алдын – алуға тәрбиелеу. Оларды жаман әдеттерден сақтандыру. Оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту және тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Фасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру.

5.3.Оқу мақсаттары: қазақ тілі арқылы Отанын құрметтеуге, отансүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу, электрондық оқулық арқылы ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту; ой түйіндеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру; мәтінді қиналмай әңгімелегу, ауызекі сөйлеуге дағдыландыру, ой-өрісін кеңейту.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру 15мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Нашақорлық – қоғамдық дерпт.
- 2.Темекі тарту – зиянды әдеттер туралы түсінік
- 3.Құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары.

Жаңа сабакты түсіндіру: 35 мин.

Нашақорлық – қоғамдық дерпт. Темекі тарту – зиянды әдет.

1987 жылдың 7 желтоқсанында БҰҰ Бас ассамблеясына мүше мемлекеттер 26 маусымды «Халықаралық нашақорлықпен күрес күні» деп жариялады. Себебі нашақорлық барлық халыққа ортақ әлеуметтік мәселеге айналды. Нашақорлық —

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 81 беті

есірткі пайдалануға құмарлық. Ол ағзаның психикалық және физикалық қызметтерінің бұзылуына әкеледі. Есірткі — адамның миын, психикасын, ішкі органдарды біртіндеп бұзатын у. Есірткі адамды 3-4 жылдың ішінде ақыл-есінен айырады. Морфин қолданатындар 2-3 айдан кейін қызмет ету қабілетін жоғалтады, өз-өзіне қарауды қояды. Кокаин қолданатын адамдар 4 жылдан артық өмір сүрмейді. Олар жүргегі жарылып, не болмаса мұрын қалқаны жүқарып, қансырап өледі. Нашақорлар өз-өзін сақтау түйсігін жоғалтады. 60%-ға жуық нашақор есірткіге тәуелді болып, өзіне өзі қол жұмсап өлуге ұмтылады. Есірткіге тәуелді адамдарда жұқпалы аурулар жиі кездеседі. Сондықтан бүкіл адамзат нашақорлыққа қарсы қуреске шығып отыр. Қазақстанда да есірткі таратушылар қылмыстық жауапкершілікке тартылып, өмір бойы бас бостандығынан айырылады. Ал Иран сияқты кейбір мұсылман елдерінде есірткі сатқандарды өлім жазасына кеседі. («Экология және ұлт денсаулығы» кітабынан).

Құрмалас сөйлемдерді жасалу жолдары

Екі я одан да көп жай сөйлемнен құралып, құрделі ойды білдіретін сөйлемді құрмалас сөйлем дейміз.

Құрмаласу жолдары	Мысалдар
Интонация арқылы іргелесе байланысады.	Қазақстанда ресми тіркелген нашақорлар саны 57 мың адамға жеткен, оның 42,5 пайызын 17-26 жас аралығындағы жастар құрап отыр.
Жалғаулық, кейде септеулік шылаулар арқылы байланысады.	Досым қатты семіріп кетті, себебі ол дұрыс тамақтанбайды.
Құрмалас сөйлемнің бірінші сөйлемінің баяндауышы тиянақсыз формада келіп (көсемше, есімше, шартты рай тұлғалы етістіктер) екінші сөйлеммен құрмаласа байланысады.	Қазіргі таңда есірткіге қарсы құрес күшейіп, оған қарсы іс-шаралар жүйелі жүргізіліп келеді.

Тапсырма 2. Мәтінді тында. Мәтінде жауабы бар нұсқаны белгілеңіз.

А) Қазір дүниежүзінде интернетке тәуелді балалар саны артып келеді.

Ә) Қазір дүниежүзінде 155 миллион салмағы артық бала бар.

Б) Қазір дүниежүзінде есірткіге тәуелді балалар көбейіп келеді.

Тапсырма 1 . Берілген мақал-мәтелді қалай түсінесіз? Ойынды дәлелдеп айтыңыз.

- Ауру —астан.
- Ауруын жасырған өледі.
- Ас тұрған жерде ауру тұрмайды.
- Ертеңгі асты тастама, кешкі асқа қарама.
- Тәні саудың жаны сау.

Тапсырма 2. Сұрақтарға жауап беріңіз:

1.Мәтіндегі жастар арасында кездесетін ауру тұрлерін айттып бер.

2.Балалардың артық салмақ қосуына әсер ететін тағамдар жайлы айт. Мысалдар арқылы дәлелде.

Тапсырма 3. Мәтінді оқып шығып, тақырып қойыңыз.

1987 жылдың 7 желтоқсанында БҰҰ Бас ассамблеясына мүшес мемлекеттер 26 маусымды «Халықаралық нашақорлықпен құрес құні» деп жариялады. Себебі

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 82 беті

Тапсырма 4. Сөйлемдерді құрмаласу тәсілі бойынша жазыңыз:

- Есірткіге тәуелділердің 27 пайызын 12-16 жастағылар құраса, 42,5 пайыздан астамы 17-26 жас аралығындағы жастар болып отыр.
- Нашақор адамның қоршаған ортаға, айналасындағы адамдарға көзқарасы өзгеріп, көніл күйі жиі бұзылады.
Нашақорлыққа душар болған адамның психика, жүрек қан-тамыры, жүйке жүйесі, бауыр, бүйрек қызметі бұзылып, ой-өрісі төмендейді.
- Нашақорлық — бүкіл қоғамның дерті, болашағымызға қауіп төндіріп тұрған қасірет.

Тапсырма 5. Берілген жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдырыныз.

- Су лалагүлі (құмыра) — суда өсетін гүлді өсімдік. Бұл — судың бетінде қалқып тұратын, үлкен өсімдік.
- Қазіргі таңда семіз адамдардың қатары қебейіп келеді. Семіздік синтетикалық сусындарды, фастфуд тағамдарын қолданғаннан болады.
- Жастардың денсаулығы қоғамда аландатушылық тудырып отыр. Қазақстан Республикасында жастарға арналған денсаулық сақтау орталықтары жұмыс істейді.

Тапсырма 6. Мәтінді оқып шығып, тақырып қойыңыз, мәтін бойынша сұрақтар дайындаңыз:

Темекі тарту (никотинизм) — зиянды әдет, нашақорлықтың бір түрі. Статистикалық мәлімет бойынша, ересек адамдардың 40 пайызы темекі тартады. Оқушылардың жартысы мектептегі, ауладағы жасы үлкен балаларға еліктеп, темекі тартады. Темекіге әуестену баланың денсаулығына кері әсер етіп, түрлі ауруларға әкеп соғады. Темекі тартатын адамда никотиннің ықпалынан асқазан шырынының қышқылдығы төмендейді. Қан қысымы артады, орталық жүйке жүйесі мен жүректің қызметі бұзылады. Темекінің ұзақ тартқанда тісте жарықшақ пайда болып, қанқұрт жейді. Бронхитпен ауыра тындардың 75 пайызы — темекі тартушылар. Темекі адамның сыртқы келбетін де өзгерtedі. Тұтіннен шыққан зиянды, улы заттар беттегі ұсақ қан тамырларын зақымдайды. Соның салдарынан безеу пайда болады («Тіршілік қауіпсіздігі» кітабынан).

Бұл зиянды әдет — 70-90% жағдайда өкпе мен көмей обырына себеп. Адам темекіні қаншалық көп әрі қаншалық ұзак шексе, ауруға шалдығу қаупі де соншалық жоғары болады. Темекі тартпайтындармен салыстырғанда, күніне бір қорап темекіден артық шеккендердің өкпе обырына шалдығу қаупі 15-25 есе жоғары екені дәлелденген. Ал бұдан да көп шегетіндерде бұл көрсеткіш — 60 %. Әйелдер шегетін «жеңіл» темекінің де зардабы кем емес. Оның құрамындағы ментол өкпе тамырларын кеңейтеді, соның салдарынан зиянды заттардың тез сінуі күшіне түседі. («Денсаулық» журналынан).

Тапсырма 7. «Темекінің зияны» деген тақырыпта пікірталас ұйымдастырыңыз.

Пікірталасқа қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- регламент сақтау;
- сөз әдебін сақтау;
- тіл мәдениеті;
- тілдің көркемдеуіш құралдарын (мақал-мәтел, синоним, антоним, омоним, фразеологиялық тіркес, метафора және т.б.) қолдану;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері :шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – білім алушыларды өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 83 беті

әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 20 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева.

Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып T2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып T2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

1.Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

2.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (T2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018

3.Аманжолова З., Ж.Рахмани Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабак) 5-11 сыныптар Uppartners, 2016

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау: презентация дайындау.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1.«Біз есірткіге қарсымыз» тақырыбында әңгіме өткізіндер. Қосымша дереккөздерден есірткінің зияны туралы жинаған мәліметтеріңмен бөлісініздер.

2. «Нашақорлық — қоғам дерті» тақырыбында эссе жазындар. .. Эссеge қойылатын талаптар: • нақты айқындалған кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерден құралуы шарт; • тақырыптан ауытқымаған дұрыс; • тезистерді ұтымды дәлелдермен растау қажет; • өмірмен байланыс болуы тиіс; • өзіндік тың пікірлер келтіру керек; • баяндау стилі нақты болуы шарт; • көркемдеуіш құралдарды ұтымды қолдану қажет; • көлемі — 100-150 сөз.

№ 21 сабак

5.1. Тақырып: Саламатты өмір салтын ұстанамын. Денсаулықты сактау өз қолымызда. Салалас құрмалас сөйлем.

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Мақсаты: оқушыларға салауатты өмір салтын сактаудың қажеттілігін, зиянды заттардың зардалтарын білуге, жат әдеттерден аулақ болуға үйрену, ой - өрістерін, сана, сезімдерінің, тілдерін, шығармашылықтарын дамыту, адамгершілік пен биік мәдениеттілік қасиеттерді бойына сінірген жан – жакты, рухани дамыған тұлғаны тәрбиелеу

5.3. Оқу мақсаттары: Әр оқушының ой- қиялыша ерік бере отырып, өзінше ой түюгे баулу, шығармашылыққа, мәнерлеп оқуға дағылданыру, ойлау әрекеттерін қозғалысқа түсіру, ойлау дағыларын дамыту. Оқушының дүниетанымын, сөздік қорын, мәнерлеп оқи білуін дамыту.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 84 беті

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Саламатты өмір салтын ұстанамын.
- 2.Денсаулықты сақтау өз қолымызда.
3. Салалас құрмалас сөйлем.

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

Саламатты өмір салтын ұстанамын.

Азаматтың дені сау болуы салауатты өмір сүруді қалыптастырумен тікелей байланысты, яғни салауатты өмір салтын қалыптастыру – денсаулық кепілі.

Салауатты өмір салты - ең әуелі денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекет. Адамның салауатты өмір сүру салты өздігінен қалыптаспайды. Салауатты өмір сүру салты өмір сүруде мақсатты түрде қалыптасады.

Адам денсаулығына зиянын тигізетін жат әдеттерден аулақ болғаны жөн. Егемен еліміздің туын көкке көтеретін, елдің елдігін танытатын бүгінгі ұрпақ қандай болуы керек?

Адам баласы үшін ең кымбатты – оның мәнді де сәнді өмірі. Өмірін қызықты етіп өткізу үшін өз күш-жігерін аямауы қажет. Өкінішке орай «нашақорлық», «ішімдік», «темекі» торына бейкүнә жандар ілігіп, дүние салып, аурулардың азабын тартып жатыр.

Ал осы зияндылармен құресу оңайға түсер емес. Халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін «Салауатты өмір салты» кешенді бағдарламасы, сондай-ақ Денсаулық сақтауды реформалау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында шаралар кешені іске асуда. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еліміздің халқына жолдауында 2030 жылға дейін экономикалық — әлеуметтік биіктеге көтерілу үшін рухани байлықтың, денсаулықтың қажеттігі атап көрсетілгені мәлім.

Сондықтан Жолдаудағы салауатты өмір салтын қалыптастыру, оны насиҳаттау шараларын белсендірек жүргізгеніміз азсал. Сондықтан да басты міндеттердің бірі — балалардың ауырмауға, денсаулықтарын күтүге, салауатты өмір салтын ұстауға, гигиеналық дағды жан мен тән саулығы жан-жақты даму, қабілетін көтеру, ата-ана мен баланың бір-бірін тануға үйрету, үлкендерді сыйлау осы міндеттерді атқару үшін тәрбиені мектептегі білім беруден бастауымыз керек. Бүгінгі танда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті. Салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортпен шұғылдану-деніміздің сау болуының негізгі кепілі. Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата - бабаларымыз “тәні саудың – жаны сау” - деп бекер айтпаған. Спорттың қай түрімен айналысу адамның қабілетіне байланысты болады. Ол денсаулықты нығайтып қана қоймай, сонымен қатар мінезді тәрбиелеп, ерік-жігерді шынықтырып, қындықтарды женуге көмектеседі.

Салалас құрмалас сөйлем

Салалас құрмалас сөйлем — құрамындағы жай сөйлемдері салаласа байланысқан құрмаластың түрі. Салалас құрмалас сөйлем баяндауыштары тиянақты тұлғада келіп, бір-бірімен тең дәрежеде байланысады. Салалас құрмалас сөйлемнің жай сөйлемдері өзара мағыналық тұтастықта

болып, интонация (жалғаулықсыз) және жалғаулық шылаулар арқылы байланысады. Жалғаулықсыз (іргелес байланысқан) салалас мезгілдес, себептес, қарсылықты, түсіндірмелі, шартты, салыстырмалы түрлерге жіктеледі.

Салаластың құрамындағы жай сөйлемдер өзара екі түрлі жолмен байланысады:

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 85 беті

- 1) Іргелес тұрып, ұласпалы интонация арқылы байланысады. Мысалы: Жалпақ балуан оқ бойы алда отырды, астындағы сары қасқа ат киіктей орғып келеді.
- 2) Салаластың құрамындағы жай сөйлемдер жалғаулық шылаулар арқылы байланысады. Салалас құрмалас сөйлемдерді байланыстыратын жалғаулық шылаулар: 1) да, де, та, те әрі және деген ыңғайлас мәнді жалғаулық шылаулар арқылы; 2) бірақ, алайда, дегенмен, сонда да, әйтсе де деген қарсылық мәнді жалғаулық шылаулар арқылы; 3) өйткені, себебі, сондықтан, сол себепті, неге десеніз деген себеп-салдар мәнді жалғаулық шылаулар арқылы; 4) не, немесе, я, яки, не (я) болмаса, болмаса, әлде деген кезектес мәнді жалғаулық шылаулар арқылы.

Құрамындағы жай сөйлемдерінің мағыналық қарым-қатынасина қарай салалас құрмалас сөйлем алты түрге бөлінеді: **1) ыңғайлас салалас, 2) себеп-салдар салалас;** **3) қарсылықты салалас, 4) кезектес салалас, 5) түсіндірмелі салалас;** **6) талғаулы салалас.**

1. Ыңғайлас салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің бірінде айтылған ой мен екіншісіндегі ой мезгілдес, бағыттас, ыңғайлас мәнде айтылады.

Мысалы: Төлеутай әскерге кетті де, содан қайтып оралмады. Ыңғайлас салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер да, де, та, те, және, әрі деген ыңғайлас мәнді жалғаулық шылаулар арқылы байланысса, жалғаулықты ыңғайлас салалас деп аталады. Мысалы: Жанай балуан қайратты әрі үнемі қол бастайтын болат жүректі адам еді. Өзі ешкімге соқтықпайды және ит баласына жібімейді. Бір мезгілде қу шөмшектер дыбысы келді де, бірдеме қасына тасырлатып жетіп келді. Ыңғайлас салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір мезгілде қатар болатын не болған істі білдіріп, баյндауыштары бір шақта айтылса, жалғаулықсыз ыңғайлас салалас деп аталады.

Мысалы: Ертеңіне жат иістер шықты, алыстан әлдекандай дабырлаған дауыстар естілді. Бір күні ауданнан қос ат жеккен шана келді, Мың бұлақтың сақшысындей болып тұрған Байшынарға қарай беттеді. Әрі шылауы ыңғайлас салаластың әрқайсысымен қайталанып келгенде, жай сөйлемдердің

арасына үтір қойылады. Мысалы: Эншінің әрі дауысы да жағымды, әрі әні де сазды екен. Ал қайталанбай бір-ақ рет келсе, жай сөйлемдердің арасына үтір

қойылмайды. Мысалы: Құрылых жұмысы басталды әрі құрылыхшыларды орналастыру керек. Және жалғаулық шылауымен

байланысқан ыңғайлас салаластардың арасына үтір қойылмайды. Мен өзімді-өзім ұмыттым және көнілім шалықтан әлдекайда алып-ұшып кеткен сияқты.

2. Себеп-салдар салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің алдыңғысы соңғысының, соңғысы алдыңғысының себебін білдіріп тұрады. Мысалы: Көмекші жігіт қойларды ерте айдан әкеліпті, себебі күннің арты бұзылып келе жатқанын байқайды.

Себеп-салдар салалас құрмаластар жалғаулықты және жалғаулықсыз болып бөлінеді.

Себеп-салдар салаласты байланыстыратын жалғаулық шылаулар: себебі, өйткені, сондықтан, сол себепті, неге десеніз.

Салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдердің байланысуы:

1. Себеп мәнді сондықтан 2. Салдар мәнді

жай сөйлем сол себепті жай сөйлем

1. Салдар мәнді өйткені, себебі

2. Себеп мәнді жай сөйлем неге десеніз жай сөйлем

Себеп-салдар салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің орындарын

аудыстырып айта беруге болады. Мысалы: Мен сұлап жатқан орнынан тұра алмадым, себебі Тортай мінер ақ боз ат менің тақымымда кеткендей еді. Тортай мінер ақ боз ат менің тақымымда кеткендей еді, сондықтан мен сұлап жатқан орнынан тұра алмадым.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 86 беті

Жалғаулықсыз себеп мәнді сөйлем салдар мәндіден бұрын тұрса, арасына үтір қойылады. Мысалы: Үлкендер көрші ауылға кеткен еді, сондықтан жастар кешкілік сауық-сайран құрмақ болады. Жалғаулықсыз салдар мәнді сөйлем себеп мәндіден бұрын тұрса, арасына қос нүктө қойылады. Мысалы: Жастар кешкілік сауық-сайран құрмақ болады: өйткені үлкендер көрші ауылға кеткен еді.

3. Қарсылықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің біріндегі іс-оқиға екіншісіндегі іс-оқиғаға қарама-қарсы болады. Қарсылықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдер бірақ, алайда, дегенмен, сонда да, әйтсе де деген шылаулар арқылы байланысса, жалғаулықты қарсылықты салалас деп аталады. Мысалы: Ауырғанда жаным көзіме көрініп барады, бірақ анамды қинағым келмейді. Жалғаулықты салалас құрмаластардың арасына үтір қойылады. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем жалғаулық шылаусыз іргелес тұрып байланысса, жалғаулықсыз қарсылықты салалас деп аталады. Мысалы: Балықшылар ауды бірнеше рет салды, – балдырдан басқа ештеме ілінбеді. Жалғаулықсыз қарсылықты салалас сөйлемнің баяндауыштары көбіне антоним сөздерден және болымды-болымсыз формадағы сөздерден жасалады. Мысалы: Атаниң баласы болма, – адамның баласы бол. Жалғаулықсыз қарсылықты салаластың аражігі үтір мен сызықша арқылы ажыратылады. Мысалы: Қектем шықты, – ауада суық ызғар бар.

4. Құрамындағы жай сөйлемдердің алдыңғысы соңғысын нұсқап, ал соңғысы алдыңғы сөйлемнің мағынасын ашып, түсіндіріп тұратын құрмаластың түрі түсіндірмелі салалас деп аталады. Түсіндірмелі салаластың құрамындағы жай сөйлемдер жалғаулық шылаусыз, іргелес тұрып байланысады да, арасына қос нүктө қойылады.

Мысалы: Ернеудің бір айналма тұсында із екі айырылды: бірі ернеуді бойлап ілгері кетті, екіншісі тәмен қарай түскен.

Түсіндірмелі салаластың бірінші жай сөйлемнің баяндауышының құрамына сол, сонша, соншалық, сондай деген сілтеу есімдіктері қатысса, екі жай сөйлемнің аражігіне сызықша қойылады. Мысалы: Тасқынның қаттылығы сонша – жолындағының бәрін жапырып кетті.

5. Құрамындағы жай сөйлемдерде айтылған іс-әрекеттің біреуі ғана жүзеге асатынын білдіретін саласатың түрі талғаулы салалас деп аталады. Талғаулықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдер тек жалғаулықты шылаулар арқылы байланысады да, арасына үтір қойылады. Талғаулықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдер не, немесе, я, яки, не болмаса, я болмаса, болмаса, әйтпесе, әлде деген талғаулық мәнді жалғаулық шылаулар арқылы байланысады. Мысалы: Бұл жолы құрбысымен не ит жығыс түседі, не болмаса оны женуге тырысады.

6. Кезектес салаластың құрамындағы жай сөйлемдері айтылған іс-әрекеттің кезектесіп жүзеге асуын көрсетеді. Кезектес салаластың құрамындағы жай сөйлемдер бірде, біресе, кейде деген кезектес мәнді жалғаулық шылаулар арқылы тек салаласа байланысады да, араларына үтір қойылады. Мысалы: Бірде желбіреген ақ сәулелі дала кездеседі, кейде қызыл бұйра тобылғылы адырлар ұшырасады, біресе көкала қамысты көлдер кездеседі.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 87 беті

Тапсырма 1. Суреттер бойынша мәтін құраңыздар

Тапсырма 2. Мына белгілер нені білдіреді? Әр белгіге қысқаша сипаттама жазыңыз.

Тапсырма 3. Мәтінді оқып шығып, тақырып қойыңыз. Мәтіндегі тірек сөздерді анықтаңыз

Адамға қараңыздаршы, қандай құдіретті! Ол Айға аяқ басты, жағында басқа ғаламшарларда да болады, табиғилықты жасанды өмір мен ой арқылы бақылай алады. Ал, міне — басқа суреттер үлкен қаланың көшелерінен семіз, көздері ісінген, әзер демалып бара жатқан адамдарды көптеп кездестіреміз. «Денсаулық туралы ойлау» атты кітабымда мен осының айтпақшымын. Оқырманға денсаулық туралы бірнеше ұсыныс айтқым келеді: 1. Көптеген ауруларға табигат та, қоғам да кінәлі емес, тек адамның өзі кінәлі. Ол көбінесе сарандықтан, кейде санасыздықтан ауырады. 2. Дәрігер сізді емдейді, ауруыңыздан айықтырады. Бірақ денсаулықты сақтау өз қолыңызда. 3. Барлық ұмтылыс алға қойған мақсат, уақыт, нәтиже арқылы анықталады. Сонымен бірге ол мінезге де байланысты. Бір өкініштісі — адам денсаулығын аурумен бетпе-бет келгенде ғана ойлайды. 4. Денсаулықты нығайтудың төрт шарты бар: денеге физикалық құш түсіру; тамақ ішуде өзін шектеу; денесін шынықтыру; демала білу. Бақытты өмір сұру. 5. Күніне

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 88 беті

20-30 минут дene шынықтырумен айналыссаңыз, денсаулығыңыз жақсарады. 6. Тамаққа шектеу қойыңыз. Сіздің салмағыңыз бойыныздың мөлшерімен сәйкес келуі керек (170 см — 70 кг).

(Н. М. Амосовтың «Денсаулық туралы ойлау» кітабынан)

Тапсырма 4. Мәтіннен құрмалас сөйлемдерді тауып, семантикалық картаны толтырыңыз. Мысалдар жалғаулық шылау арқылы, интонация арқылы, есімше арқылы, көсемше арқылы сөйлемдер құраныз:

Тапсырма 5. Мәтіндегі төрт сөйлемге үш түрлі нұсқада сұрақ қойыңыз. Дайындаған сұрақтарыңа көршінен жауап алыңыз:

Улгі: Құніне 20-30 минут дene шынықтырумен айналыссаңыз, денсаулығыңыз жақсарады.

- Құніне неше рет дene шынықтырумен айналыссаңыз, денсаулығыңыз жақсарады?
- Құніне 20-30 минут немен айналыссаңыз, денсаулығыңыз жақсарады?
- Құніне 20-30 минут дene шынықтырумен айналыссаңыз, негіз жақсарады?

Тапсырма 6. Жақша ішіндең қажетті сөздерді дұрыс тұлғада қойып жазыңыз:

1. Ұлкен (қала, дала, тау) көшелерінен семіз, көздері (көрмеу, ісіну, боялу) әзер демалып бара жатқан адамдарды көптеп кездестіреміз.
2. Саламатты (құмыр, дүние, өмір) сұру үшін еңбек ету де, (тиімсіз, орынды, қажетсіз) демалу да керек. 3. Адам өмірі қоршаған ортамен тығыз (байланысу, нығайту, сабактасу).
4. Темекі ас қорыту органдарына да (пайда, көмек, зиян) келтіреді.

Тапсырма 7. «Дұрыс тамактану — денсаулық кепілі» деген тақырыпта аргументативті әссе жазыңыз. Әссе жазуда төмендегі мәселелерді ескеріңіз:

- Тақырыпты іштей бірнеше тармаққа жіктеп алыңыз.
- Концептуалдық кесте дайындалған алып, не туралы жазатыныңды белгілеңіз.
- Қандай сөздер мен сөз тіркестерін қолданатыныңды ірікте. Көркемдегіш құралдарды пайдалануға тырысыңыз.
- Тақырыпты ашатын бірнеше идеяны жазып алыңыз.
- Әр тармаққа жазатын аргументтерінді дайындаңыз.
- Тармаққа қажетті аргументтерінді статистикалық мәліметтермен, нақты мысалдармен толықтыр. Бұл — әссеңің мазмұнды болуына ықпал етеді.
- Әрбір тармақты логикалық тұрғыдан жүйеле. Бірінші тармақта тақырыпты қалай қолдайтыныңды, екінші тармақта практикалық идеяныңды, үшінші тармақта тақырып бойынша не істейтініңді жаз.
- Қорытындыда аргументтерінді келтіре отырып, ұсынған идеяның дәлелденіз.

Тапсырма 8. Жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдырыңыз. Күрделі сөздерді табыңыз. Олардың жасалу жолын түсіндіріңіз:

1. «Дүниежүзілік денсаулық сақтау» ұйымы — 1946 жылы Біріккен Ұлттар ұйымының жанынан құрылған халықаралық медициналық мекеме. 2. Жер бетіндегі барша халықтың денсаулығын жақсарту мақсатында құрылған ұйымның жарғысы 1948 жылы 7 сәуірде қабылданған. 3. Бұл күн «Дүниежүзілік денсаулық күні» болып бекітілген. 4. Денсаулық күнін жыл сайын атап өту дәстүрі 1950 жылдан басталады. 5. Бұл күні адамдарға денсаулықтың басты байлық екені айттылады.

Тапсырма 9. Мәтінді оқып шығып, тақырып қойыңыз.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-231</p>
<p>Әдістемелік өндөу</p>	<p>164 беттің 89 беті</p>

Қазақша курес адамның денесін ширатып, бұлшық етті қатайтады, төзімділікке, батылдылыққа, ептілікке, керек кезінде тез ойланып, әдіс таба білуге машиқтандырады. Қазақша күрес — құш жетілдіретін спорт. Сонымен қатар ол — қорғану өнері. Қазақша күресте адам өзін еркін ұстап, бойындағы қүшін түгел пайдалана алады. Мұнда шалу, жата тастау, арқалай тастау, қол байлап күресу, салмақпен басу, тіресу, ашадан алу, аяқтың басымен іліп тастау, жамбасқа алып иіре лақтыру, белінен қысып, тірсектен шалу сияқты әдістерді де қолдануға болады. Палуандар кілем үстінде, арнаулы жазық жерде, тегістегі қарда белдесіп күресе береді. Ойын ережесі бойынша, қымыл үстінде адамға закым келтіре құш жұмысауға, дөрекілік жасауға болмайды. Қарсыласын жығып, жауырынын жерге тигізген палуан женеді. Жаңадан енгізілген ереже бойынша, күресетін палуандар жасына қарай 3 топқа, салмағына қарай 8 категорияға бөлінеді. Күрес мерзімі ересектер үшін — 10 минут, жасөспірімдер үшін — 5 минут. Кейде жығылған адамды басып жатып, жауырынын жерге тигізу — шарт емес. Күрестің басты шарты — қүшін, әдісін асырып, талассыз жығу. Кейде жыққан адам жығылған адамның басынан аттап, «құш алу» деген байырғы женісін белгісін жасайды. Қазақша күрес — аудандық, облыстың, республикалық спартакиадалардың бағдарламаларына енгізілген, спорт командалары бар, ресми түрде жүргөн танылған өнер.

Тапсырма 10. Мәтіндегі құрмалас сөйлемдерді жасалу жолына қарай бөліп жазыңыз:

1. «Дүниежүзілік денсаулық сақтау» ұйымының мәліметіне сүйенсек, темекі 6 секунд сайын бір адамның өмірін жалмап, жыл сайын 5,4 млн адамның өліміне себепкер болуда.
2. Жастардың есірткіге салынып, оңай жолды таңдауы өмір де гі әр түрлі келеңсіздіктерге байланысты. 3. Ғалымдардың зерттеуінше, есірткіні пайдаланған жастардың өмірі қысқа болады, өкпелері қабынып, бронхит, тіп тен өкпе обырына шалдығуы мүмкін. 4. Рәзия апа әкесі туралы әңгіме айтудан әсте жалықпайды, тебірене, толғана сыр шертеді.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – білім алушыларды өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Білім алушыларды кіші топтарға бөлінеді. «Мен қалай өз мақсатыма жетемін?» тақырыбы бойынша көпшілік алдында сөйлеуге дайындалындар. Оларға талдау жасандар. Мәтіннің жетістігі мен кемшілігін дәлелдендер.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.
Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6.Әдебиет.

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәүлетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева.

Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Қекжиек-Горизонт, 2019

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәүлетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Қекжиек-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып T2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-14>.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып T2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

1.Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті»

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 90 беті

жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт).

2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (T2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018

3. Аманжолова З., Ж.Рахмани Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабак) 5-11 сыныптар Uppartners, 2016.

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау:

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Саламатты өмір салты» дегенді қалай түсінесіз?
2. Сен өз денсаулығынды бағалайсыз ба?
3. Денсаулығынды қалай сақтайсыз?
4. Күнделікті жаттығу жұмысын жасайсыз ба?
5. Спорттың қай түрімен айналысасыз?

Жағдаят: 2017 жылы «Қазақстан барысы» атанған Еламан Ергалиев туралы кеш өткізу саған тапсырылды. Кешті қалай өткізесіз? Қазақша күрестің жастардың денсаулығына тигізетін пайдасын қалай жеткізесіз? Кештің сценарийін дайында.

6. Қосымша ақпарат көздерінен қазақтың ұлттық спорт ойындары туралы мәлімет жинаңыз. Осы мәлімет бойынша ақпараттың мәтін жазыңыз.

№ 22 сабак

5.1. Тақырып: Бердібек Соқпақбаев «Он алты жасар чемпион» (әңгіме). Сабактас құрмалас сөйлем.

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: оқушыларға ақынның өмірі, шығармашылығынан жалпы мәлімет бере отырып, өлеңнің тақырыбын, идеясын ашу. Тұған жерінің елжанды азаматы болуга, отансуйгіштікке тәрбиелеу.

5.3. Оқы мақсаттары: Алған білімдерін жадында сақтау, ойлау қабілетін дамыту, тіл шеберлігін, білімге құштарлығын, дүниетанымдық көзқарасын арттыру.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Бердібек Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашлығы
2. «Он алты жасар чемпион» (әңгіме)
3. Сабактас құрмалас сөйлем.
4. Сабактас құрмалас сөйлемнің түрлері мен жасалу жолдары.

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

Бердібек Соқпақбаев «Он алты жасар чемпион» (әңгіме).

Бердібек Соқпақбаев - 1924 жылы 15 қазанда Алматы облысының Нарынқол ауылында туған. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын, кейіннен Мәскеуде Жоғары әдеби курсы бітірген. Біраз жыл ауыл мектебінде бала оқытқан. «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Балдырған» журналында, Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында істеген. Қазақстан Жазушылар одағында балалар әдебиеті жөніндегі әдеби кеңесші болған.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 91 беті

Шығармашылық жолын өлеңмен бастап, 1950 жылы «Бұлақ» атты жыр жинағын шығарған. Кейін балалар мен жасөспірімдерге арналған 20-дан астам әңгіме, повесть, роман кітаптарын ұсынды. «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Бозтебеде бір қыз бар», «Өлгендер қайтып келмейді» және «Қайдасың, Гаунар» секілді туындылары КСРО халықтарының және шетелдердің көптеген тілдеріне аударылып, сахналық, экрандық нұсқаға айналған. 1967 жылы Балалар мен жасөспірімдерге арналған фильмдердің Канн қаласында (Франция) өткен халықаралық фестивалінде «Менің атым Қожа» фильмі (Б.Соқпақбаевтың сценарийі) арнаулы жүлдеге ие болды.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған. «16 жасар чемпион» 1957 жылы «Чемпион» болып, 1962 жылы тағы да өндөліп «Жекпе-жек» деген атпен жарық көрді. Шығарманың 1951 жылғы нұсқасының сыртқы құрылымына назар аударсақ, туынды «Аурушаң бала», «Тұсінбеймін», «Тұңғыш табыс», «Керісу, келісу» т.б сияқты тақырыпшалары бар 14 тараудан тұрады. Кейінгі нұсқаларында тақырыпшалар алынып, повесть қысқа-қысқа 55 бөлімге бөлінген. Балалар әдебиетінде елуінші жылдарға дейін қоріне қоймаған жаңа сипаттағы оқушы немесе спортшы бала образы Б.Соқпақбаевтың құрделі тартысқа құрылған “Жекпе-жек” туындысында бейнеленді. Жас адамның мінез қалыптастыру процесін, азamatтық жетілу жолын көрсетуге арналған бұл повесте ауыл баласы Мұрат Батырбаевтың жалықпай, қажымай, талмай, табандылықпен жаттығуының нәтижесінде бокстан әлем чемпионы атағын алуды айттылады. Повесть кейіпкері түрлі жағдайлар, қайшылықтар, күрестер үстінде толысып сомдалады. Сондай-ақ, шығармадағы физкультура пәнінің мұғалімі, спортшы, көпшілік мұддесі үшін жан сала қызмет ететін, ізденгіш жастарды әр нәрсеге еліктіргіш Николай Трофимовичтің және педагогика мен спорт дегеннің ісі мұрындарына бармайтын “Қызыл шекарашы” мектебінің директоры Тоқмолданың, ефрейтор Байғұлактың бейнелері қаламгердің суреткерлік дарынын, өмір ақиқатын дәл, нақты көрсету шеберлігін байқатады.

“Суреткер өз шығармасында не жайлы, қандай өмір шындығы жайлы ой толғағанда да, басты шындықты адам образы арқылы ғана ашып береді” (2,156) дейтін болсақ, шығармадағы Тоқмолда образы дәуір шындығынан хабар береді. Соғыстан кейінгі жылдардағы мектептердің мұғалім кадрлары шыннында да ойдағыдан емес еді.

Педагогикалық білімі мен тәжірибесі мол мұғалімдердің барлығы майданға аттанып, олардың орнын осындағы дүмшелер басқаны ақиқат. Тоқмолдадай өте қызықты, тың бейнені сомдай алғаны жазушының сәтті табыстарының қатарында атауымызға болады. Суреткер бұл кейіпкердің мінез диалектикасын жіті талдайды. Педагогикалық істегі жауапсыздық, шәкіртке тәрбие берер ұстаздың жеке басының надандығы, білімсіздігі Тоқмолда, Байғұлак бейнелері арқылы әшкереңенеді. Қаламгердің бұл шығармасы туралы сын пікірлер, рецензия түріндегі мақалалар шығарма жарық көрген жылдардан-ақ республикалық баспасөз бетінде жариялана бастады. Бұл шығарманың кезінде көптеген жасөспірімдердің спортпен, әсіресе, бокспен айналысуына септігін тигізгені анық. Сонымен «Жекпе-жек» – ұлkenge де, кішіге де тартымды, қызғылықты шығарма. Қырқыншы-елуінші жылдардағы өмірдің кейбір шындықтары, шыншыл, толыққанды адам бейнелерінің көрсетілуі повестің құндылығын арттырады.

Сабактас құрмалас сөйлем.

Сабактас құрмалас сөйлем — құрамындағы жай сөйлемдері бір-бірімен сабактаса байланысқан құрмаластың түрі. Сабактас құрмалас сөйлем құрамындағы алғашқы жай сөйлемнің баяндауышы тиенақсыз тұлғада келіп, екіншісіне бағына байланысады.

Мысалы: Қасым тере түрегеліп, күміс қынды сапысын шешіп, Кенесарының алдына қойды (I.Есенберлин). Сабактас құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің бірі басынқы келіп, негізгі ойды білдіреді, қалғандары бағыныңқы болады да басынқыдағы

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 92 беті

ойды айқындалап, іс-әрекеттің орындалу шартын, себебін, мақсатын, мезгілін, амалын, т.б. қатынастарды білдіреді.

Сабактас құрмалас сөйлем мағынасына қарай төмендегіше бөлінеді:

Шартты бағыныңқылы іс-әрекеттің орындалу шартын білдіреді, -са, -се жүрнағы арқылы жасалады.

Қарсылықты сабактас құрмалас сөйлемде бағыныңқы сөйлем басыңқыдағы ойға қарама-қарсы мағыналық қатынаста болады. Мысалы, Май құйған шам сөнсе де, Шамшырақ сөнбес дүниеде. (Жамбыл)

Себеп бағыныңқылы сабактас;

Мысалы, Соны Ербол біліп қоймасын деп, Әзімбай әдейі үндемеді. (М.Әуезов)

Мезгіл бағыныңқы сөйлемде бағыныңқы сөйлем басыңқыда айтылған ойдың мезгілін, мақсат сабактас құрмалас сөйлем мақсатын,

қимыл-сын бағыныңқы іс-әрекеттің қалай жүзеге асқандығын білдіреді.

Салыстырма бағыныңқылы сөйлемде оқиға бір-біріне салыстырыла, тенденстіріле беріледі. Мысалы, Басқалар қандай қуанса, ол да сондай қуанған еді (Ә.Әбішев).

Тапсырма 1. Мәтінді рөлге бөліп оқыңыз, мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтаңыз:

...Биылғы жазғы демалыстың қалай өткенін Мұрат сезбей қалған сияқты. Бірсыныра жолдастарымен бірге пионер лагеріне жіберілген еді. ...Лагерьде Мұрат бір ай болып, әр жағынан жетіліп, іштей де, сырттай да жаңғырып қайтты. Ойы сергіп, бойы өскендей болды. ...Мұрат лагерьден қайтып келген қүннің ертесіне терезенің тұсында бірдеме та сырлаған соң Ұлжан сыртқа қараса, баласы жүгіріп бара жатқан адамға ұқсап, бір орында безек қағып тұр екен.

— Экем-ау, бұнысы — несі? — деп таңданды Ұлжан. Бір кезде Мұрат жүгіргенін қойды да қолын жоғары созып, онан соң қайта төмен түсіріп, осылайша бірнеше рет қайталады. Бұнымен де тынған жоқ. Бір кезде екі бүйірін таянып, біресе отырып, біресе тұрды.

— Мұратжан-ау, бұның

— не, лагерьден осыны үйреніп қайттың ба? — деді Ұлжан шешей.

— Зарядка жасап жатырмын.

— Ол — не дегенің?

— Лагерьде бізге құнде ертемен зарядка жасатын. «үйде де жасап тұрындар», — деген. Апа, бұның пайдасы зор. Атам екеуінің жасауларыға да болады.


... Жеңіл атлетикадан болатын аудандық жарыска бұл мектептен он адам қатыспақшы. Мұрат солардың құрамында. Ол қазір жүз метр жүгіруге жаттығып жүр. ...Мектеп оқушыларының жеңіл атлетикадан болған аудандың жарысында Николай Трофимович бастап барған «Қызыл шекара» жеті жылдық мектебінің колективі бірінші орынға ие болды. Мұраттың да қажырлы тұрде жаттығуы жемісін көрсетті, ол жүз метрге жүгіруден аудан бойынша екінші орынға ие болды... — Сенің боксер болғың келе ме? — деп сұрады Николай Трофимович кенеттен. Мұрат үндемей тұрып қалды.

— Жарайды, сен гимнастика емес, бокс секциясына қатынас. Жүре-бара көрерсің, — деді Николай Трофимович.

— Жақында мен бокс секциясын ұйымдастырамын. Сенен жақсы боксер шығуы мүмкін. Мұрат боксқа зор ынтымен қатынасып жүрді. үйде де ертелі-кеш көлеңкесімен соғысып жатады, жілтін секіреді, ақсандаиды, әйтесе неше түрлі жаттығулар жасайды.

(Б. Соқпақбаевтың «Он алты жасар чемпион» әңгімесінен үзінді)

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 93 беті



Тапсырма 2. Мәтінді оқып шығып, сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Мұрат қандай бала болатын?
2. Оны ата-анасы қайда шығармайтын?
3. Мұрат неше күннен бері ауырып жатыр?
4. Дәрігер оның ата-анасына не деді?

Тапсырма 3. Мәтінді тыңдаңыз, мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексеріңіз.

Дәлелденіз:

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес

Мұрат — Батыrbай Қария мен Ұлжанның сұт кенжесі. «Суық тиеді, сыз өтеді, шаншу қадалады», — деп сабакқа да жібермейтін. Мұрат үш күннен бері ауру. Балаларыңыздың мықты болып өскеніне өздеріңіз айыптысыздар. Таза ауада ойнаудың бөгет жасаңыздар. Күнге күйіп, суға шомылып, жаланаяқ жүрсін.

Тапсырма 4. Бердібек Соқпақбаев туралы пікірлерді оқып, диаграмманы толтырыңыз:

Бердібек Соқпақбаев — сөзіне берік, ісіне ұқыпты жан. ...Қаламгердің анық өсіп, шеберлік тің белгілі бір биігіне шыққанын көрсеткен туындысы — «Менің атым — Қожа» повесі. Бердібек әскери адам сияқты, әбден жинағы. Ол жұмыс істеп отырған кезде еденде не үстел үстінде көлденең жатқан дүние көрмейсің. Тіл өнерінде де солай, әр сөздің, әр сөйлемнің өз орындарында тұрғанын қалайды. Қашан көnlі толғанша түзетуден талмайды (Қадыр Мырза әлі). Бердібек Соқпақбаев — адал да қырағы, оқиға өрнектерін жазбай танып, тап басатын шыншыл, реалист жазушы (Төлен Қаупенбайұлы). Бердібек Соқпақбаев — ірі тұлға, үлкен талант иесі (Елнұр Мейірбеков). Бердібек өз көзімен көрген нәрсени ғана жазатын, қағазды бекерден бекерге шимайламайтын еді ғой. Жазады, түбін түсіріп барып бір-ақ тоқтайды. Бұл — Бердібектің шырайы, Бердібекке ғана тән қасиет

(Сайын Мұратбеков). kitap.kz

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жұптасып жұмыс жасау

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6.Әдебиет.

Негізгі:

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 94 беті

- 1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019
- 2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019
- 3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>
- 4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

- 1.Ерназарова З., Бекетова А., Кужакова С. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқыту әдістемесі. 1,2-бөлім. –Алматы: Атамұра, 2020.
- 2.Кәрібаев Б. Тәуелсіздіктің 25 аса маңызды оқигалары. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. –Алматы: Сардар, 2016. -272 б.
- 3.Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. Мектеп, 2019.
- 4.Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. Мектеп, 2019.
- 5.Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. –Алматы: Мектеп, 2020.
- 6.Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. – Алматы: Мектеп, 2020.
- 7.Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Дидактикалық материал. Көкжиек – Горизонт, 2019.
- 8.Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Мұкеева Б. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Лексикалық минимум. Көкжиек – Горизонт, 2019.
- 9.Хазимова А., Салыхова Б., Бейсебекова М.. Қазақ тілі. Әдістемелік құрал. –Алматы: Кітап, 2016.

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау: презентация әзірленеңіз

Сұрақтар мен тапсырмалары:

- 1.« Тән саулығының тамыры –тазалықта, Жан саулығының тамыры- саулықта»
А.Байтұрсыновтың сөзін қалай түсінесіз?
- 2.Спорттың адам өміріндегі маңызы қандай?
- 3.Қандай спорт түрлерін білесіз?
- 4.Б.Соқпақбаевтың «Он алты жасар чемпион» әңгімесінен үзінді айтып беріңіз
- 5.Мәтін мазмұнына сүйеніп, Мұратқа мінездеме беріңіз

№ 23 сабак

5.1. Тақырып: Ата Зан. Арапас құрмалас сөйлем.

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Мақсаты: Қазақстан Республикасының Конституциялық құрылымы мен мазмұны туралы мағлұмат беру, қоғамдық заңдар мен нормаларын орындауға құрметтеуге тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, жасөспірімдердің азаматтық белсенділігін нығайту.

5.3. Оқу мақсаттары: білім алушыларға арапас құрмалас сөйлем туралы түсінікті тілмен оқушыларды қатыстыра отырып жан-жақты мәлімет беру, сөйлемнің түрлерін түсіндіре отырып ұжымдық, деңгейлік тапсырмалар арқылы білім алушыларға адамдық қасиеттерін дамыту, білімалушылардың белсенді ойлау қабілеттерін жандандырып, сауатты жазу, оқу дағдыларын жетілдіру.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 95 беті

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Ата заны туралы түсінік
2. Арапаса құрмалас сөйлем

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин

1. Конституция - мемлекеттің Негізгі заны.
2. 1993жылғы Конституция
3. 1995жылғы Конституция
4. Құрылымы мен мазмұны
5. Конституацияның жоғарғы зандық күші.

Ата Зан.

Еліміздегі жаңа қолданыстағы заң ережелерін орындау – Конституция баптарын бұзу деген сөз. Өйткені Қазақстан Республикасында қабылданған зандардың бәрі Негізгі заң – Конституцияға сәйкестендірілген. Бүгінде үй мүліктерін ұрлау, адамдарды соққыға жығып, киім кешектерін тартып алу, мал ұрлау, кісі өлтіру қылмыстары орын алғып жатады. Қылмысты мас күйінде жасаушылар да кездеседі. Қолданыстағы Конституацияның сот төрелігін тек сот ғана жүзеге асырады деп көрсетілген. Әртүрлі жағдайда сот алдында сот алдында жауап беретін адамдардың ішінде өзінің конституциялық құқықтарын білмейтіндері де жиі кездеседі. Ал ол жеке тұлғаның өз басына қосымша проблемалар туғызумен қатар, сottың да іс қарауын қыннадады. Сондықтан мектеп оқушыларынан бастап зейнеткерге дейін еліміздің Негізгі заны- Конституацияны бес саусақтай білуі тиіс.

Арапас құрмалас сөйлем

Құрамындағы жай сөйлемдері бір-бірімен салаласып та, сабактасып та байланысқан құрмаластың түрін арапас құрмалас сөйлем дейміз. Амантай Серғазыларға ақылдасып еді, Жамантайдың науқасының түрі жаман болғандықтан, олар ырық бере қоймады. Арапас құрмалас сөйлемнің құрамында кемінде үш жай сөйлем болады. Олардың екеуінің баяндауышы тиянақты да, біреуінің баяндауышы тиянақсыз болып келеді. Баяндауышы тиянақсыз сөйлем бірде арапас құрмаластың бас жағына орналаса, бірде тиянақты жай сөйлемдердің арасына орналасады. Мысалдары:

1. Құн шығып, ел тұра бастады, - Нұрлан әлі жоқ. Сызбасы: бағыныңқы, басыңқы, басыңқы.

2. Қорған кезінде топырақ араластыра тастан қаланған екен де, бұл кезде қорғанның үстіне жыңғыл мен шенгел арапаса шығып, өзінше ол да бір сән беріп тұр. Сызбасы: басыңқы, бағыныңқы, басыңқы.

Арапас құрмалас кейде төртжай сөйлемнің құрмаласуы арқылы да жасалады. Мұндайда екі жай сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз болып келеді. Тиянақсыз сөйлемдер бірде арапас құрмаластың бас жағына бірыңғай орналасса, бірде тиянақты сөйлемдердің арасына орналасады немесе тиянақсыз сөйлем мен тиянақты сөйлемі кезектесе орналасады.

1. Ақбоз алдыңқы екі аяғын ербитіп, көзі шатынап тұра бергенде, Шолақ құлағын төмен қарай тұқырта басып қалып еді – ат етпетінен тұсті.

Сызбасы: бағыныңқы, бағыныңқы, басыңқы, басыңқы.

2. Дастанхандай қағаздағы шимайда не сиқыр жатқанын Шәрипа мен Нұрбай біле алған жоқ, бірақ дән шығындалу тыйылған соң, екеуі де инженерге дең қойып, оның аузынан шықкан сөз атаулыны бас шұлғи мақұлдады.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 96 беті

Сызбасы: басыңқы, бағыныңқы, бағыныңқы, басыңқы.

3. Кеген ауданына келгенінше, мен де аңшы емес едім, мұнда келген соң, еріксіз үйрендім. Сызбасы: бағыныңқы, басыңқы, бағыныңқы, басыңқы.

Тапсырма 1. Сөйлемді толықтырыңыз:

Қазақстан Республикасы өзін , , , , мемлекет ретінде орнықтырады, және оның ең қымбат қазынасы -.....,

..... , мен

Тапсырма 2. «Тарихқа саяхат» сайысы, сұрақтарға жауап беріңіз:

1. “Қасым ханның қасқа” жолы неше бөлімнен тұрды?
2. Қасым ханнан кейін құқықтық жүйені дамытуға үлес қосқан хан.
3. Тәуке ханның “Жеті жарғысында”қандай жаңа құқықтық ережелер болды?

Тапсырма 3.Мәліметтерді сәйкестендіріңіз:

1995жыл Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды.

2007жыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы заңы қабылданды.

1991 жыл Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар

Енгізілді.

Тапсырма 4. Өлеңді оқып шығып, өлеңде не туралы айттылған?

Ата заң Азат елдің басталған айқын жолы тәрізді

«Ата заң» деп аталған конституциямыз бар біздің.

Ата заңмен бекіткен дербестігін еліміз,

Ата-баба мұра еткен тұтастығын жеріміз.

Халық сенген заңымыз әділдікті қолдайды,

«Жақсарсын», — деп, — халіміз», адам құқын қорғайды.

Дейді заңы мемлекет үлкенге де балаға:

«Оқу оқы, еңбек ет, кәсіп жаса қалаған!».

Әрбір бабы маңызды, әр көнілдің жыры бір,

Бізде 30 тамыз — Ата заңының күні бұл.

(Ермек Өтетілеуұлы)

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: презентация

Презентация студенттерге слайдтар, қағазда үлестірілетін материалдар, компьютер экранда анимациялық көріністерді бейнелеуге, дайындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тақырыптарды еркін менгеруге көмектеседі.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5. 6. Әдебиет:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып T2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып T2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

1.Ерназарова З., Бекетова А., Кужакова С. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқыту әдістемесі. 1,2-бөлім. –Алматы: Атамұра, 2020.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 97 беті

2. Кәрібаев Б. Тәуелсіздіктің 25 аса маңызды оқиғалары. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. –Алматы: Сардар, 2016. -272 б.
3. Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. Мектеп, 2019.
4. Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. Мектеп, 2019.
5. Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. –Алматы: Мектеп, 2020.
6. Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. – Алматы: Мектеп, 2020.
7. Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Дидактикалық материал. Қекжиек – Горизонт, 2019.
8. Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Мұкеева Б. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Лексикалық минимум. Қекжиек – Горизонт, 2019.
9. Хазимова А., Салыхова Б., Бейсебекова М.. Қазақ тілі. Әдістемелік құрал. –Алматы: Кітап, 2016.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: ауызша сұрап-жауап

1. Құқық дегеніміз не?
2. Құқықтық мемлекеттің ең басты және айқын белгісін атаңдар.
3. Құқықтық мемлекеттің маңызды белгілерінің бірі.
4. Билік неше тармақтан тұрады?
5. Соттардың тәуелсіздігі.
6. Қазақстан Республикасы Президентінің “Құқықтық жаппай оқытууды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы” Жарлығы қашан шықты?
7. Қазақстан Республикасының құрылымы мен мазмұны (түсінік айту, конституцияның қандай бөлімдерден тұратынын дәптерге жазу).

№ 24 сабак

5.1. Тақырып: Табиғатты аяла. Тұган өлкенің экологиясы.

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Максаты: Окушыларға табиғат ұғымының мәнін ашып, түсіндіру. Табиғатты аялау , сүюге тәрбиелеу, экологиялық білім беру, табиғатты қорғау . Тақырып бойынша білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, тиянактау. Пәнге қызығушылығын арттыру.

5.3. Оқу мақсаттары: Табиғатты қорғауға, аялауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Жеке адамның санаына табиғатқа деген ізгілік қатынастарды қалыптастыра отырып «адам-қоғам-табиғат» арасындағы толық үйлесілімділікті дамыту, уйрету. Окушыларға жасыл даланың әсемдігін сактауға, сүюге, баба өсietін қастерлеп. қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Окушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Окушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Табиғат туралы түсінік
2. Табиғатты аялайық мәліметтер
3. Тұган өлкенің экологиясы

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 98 беті

Табиғатты аяла

Қазақ халқы өмірдегі ең қасиетті, ең құдіретті ұғымдарға «ана» сөзін қосып айтады: «Жер ана», «Табиғат ана», «Отан ана» және т.б. Табиғат ана біз үшін өмірге қажет барлық нәрсені береді. Үстіміздегі киіміміз, оқитын кітапымыз, жазатын қағазымыз, мінер көлігіміз, жейтін тамағымыз, тыныс алар ауамыз, ішер суымыз — бәрі-бәрі табиғаттан алынады. Табиғаттағы барлық зат жерден өседі, қазба байлықтар жерден қазылып алынады. Жердің асты да, үсті де — толған байлық. Адамдар, жануарлар, өсімдіктер өз қорегін осы жерден алады. Байлық өзі келмейді, оған еңбек сініру керек. Жеміс жеу үшін жеміс ағаштарын отырғызамыз. Нан жеу үшін егін егеміз, оны күтіп, баптаймыз. Жерден мұнай алу үшін мұнайы бар жерді іздең тауып, арнайы қондырғылар орнатамыз, оны сорып, жердің бетіне шығарамыз. Бірақ жердегі қазынаның да сұрауы бар, ол да күндердің бір күнінде азаяды, таусылады, сондықтан оны тиімді пайдалану қажет («Экологиялы әліппе» кітабынан).

2. Соңғы жылдары адамдар табиғат ресурсын көп пайдаланатын болды. Адамзаттың табиғатқа тигізетін әсері күштейді. Ғылыми-техникалық революция экологияны ластады. Лас тану дегеніміз — ая, жер мен судың біз қаламайтын, қолайсыз өзгерістерге ұшырауы. Экологияның ластануы өсімдіктер, жануарлар мен адамның өміріне, өнеркәсіп пен ауылшаруашылыққа, табиғат ресурстарына қауіп төндіріп отыр. Табиғи ресурстарды пайдалану көлемінің үнемі артуы табиғи ортаның өндіріс қалдықтарымен, шаң-тозаңмен ластануын қебейтті. Адамдар қазір қөптеген химикаттарды пайдаланады. Мысалы, адамзат масаларды улы химикатпен өлтіреді. Маса-шіркейді құртуға шашылған пестицидтерді суда тіршілік ететін жәндіктер денесіне сініреді екен. Удың залалы балықтармен коректенетін құстарға да тиеді. Өлген құстарды лабораториялық зерттеулерден өткізгенде олардың май қабаттарында у бары анықталған (Baq.kz сайтынан).

Тұған өлкенің экологиясы.

Қазақ халқының асыл мұраларының бірі — табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен адамгершілік қасиеті. Халқы ұғымында «табиғат» деген қасиетті сөз «тұған жер», «өскен ел», «атамекен», «аяулы өлке», «ауылым» деген аса қымбат сөздермен байланысты. Халық табиғаттағы өздері қастерлеген жерлерді «әулие бұлқа», «әулие ағаш» деп, көздің қараышыныңдай сактаған. Карлығаш, аққу, ұлар сияқты құстарды «жақсылықтың жаршысы, бақыттың бастауы» деп қастерлеген. Халқымыз ежелден өсімдіктер мен жануарлардың табиғаттағы, адам өміріндегі қадір-қасиетін, пайдасын жақсы білген. Балаларына үнемі айтып отырған, оларды сақтап, қорғауға үйреткен. «Ер — елдің көркі, орман-тоғай — жердің көркі», «Бір тал кессен, он тал ек», «Дәрі шөптен шығады, дана көптен шығады», «Қорада малың болсын, көшенде талың болсын», «Тау бұлағымен көрікті, бұлақ құрағымен көрікті», «Дала көркі — мал, өзен көркі — тал», «Мал өсірсөн — қой өсір, өнімі оның көл-көсір» деген халық мақал мәтелдері бұған дәлел. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасында бидай масағы мен қанатты пырақ бейнеленген. Бұл — өсімдіктер мен жануарлар әлемін қадірлеп, құрметтеуден туындаған тұған жерімізге деген тере сүйіспеншіліктің белгісі. Халқымыздың өз ұрпағын табиғатты аялап, сақтауға тәрбиелейтін алуан түрлі құралы бар. Солардың бірі — тыйым сөздер. «Көк шөпті жұлма, таптама», «Көктемде жан-жануарға тиіспе», «Үйге кірген жыланға ақ құйып шығар», «Құстың ұясын бұзба» деген тыйым сөздерді әр бала жастайынан біліп өскен. Адам табиғаттан бөлініп кете алмайды. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, күн санап адамдардың табиғатты қорғауға деген жауапкершілігі құлдырап бара жатыр. Сондықтан қазір барлық мемлекет табиғат байлығын тиімді пайдалануға, қоршаған

сүйіспеншіліктің белгісі. Халқымыздың өз ұрпағын табиғатты аялап, сақтауға тәрбиелейтін алуан түрлі құралы бар. Солардың бірі — тыйым сөздер. «Көк шөпті жұлма, таптама», «Көктемде жан-жануарға тиіспе», «Үйге кірген жыланға ақ құйып шығар», «Құстың ұясын бұзба» деген тыйым сөздерді әр бала жастайынан біліп өскен. Адам табиғаттан бөлініп кете алмайды. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, күн санап адамдардың табиғатты қорғауға деген жауапкершілігі құлдырап бара жатыр. Сондықтан қазір барлық мемлекет табиғат байлығын тиімді пайдалануға, қоршаған

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өндөу	044-73/11-231 164 беттің 99 беті
---	--	---	---

ортаны таза ұстауға мән беріп отыр. Қазақстан Республикасының Конституциясында: «Қазақстан Республикасы азаматтары табиғатты қорғауға, оның байлықтарын үнемдеп пайдалануға міндетті», — делінген. Адамдар туған өлкесінің экологиясын зерттең, оны сақтауы тиіс. Сонда біз қасірет шекпейміз, рақат өмір сүретін боламыз (Ш.-Құрманбаевадан).

Тапсырма 1. Мақал- мәтелдерді жазып, сұрақтарға жауап беріңіз

1. Табиғат — алтын бесік.
 2. Адамның табиғатсыз күні жоқ. Табиғаттың оны айтар тілі жоқ.
 3. Табиғат — жер байлығы, батырлар — ел байлығы.
 4. Жер — таусылмайтын қазына.
 5. Табиғат - аң құсымен ажарлы.
1. Халық табиғатты неге алтын бесікке теңеген?
 2. Адам табиғатсыз өмір сүре ала ма?
 3. Табиғатты не себепті «жер байлығы» дейміз?
 4. «Жер — таусылмайтын қазына» ма?

Тапсырма 2. Суреттерге қарап, мәтін құрап ой бөлісінің



Тапсырма 3. Жақша ішіндеңі сөздерді қажеттісін дұрыс тұлғада қойып жазыңыз. Қою гаріппен берілген сөздерді лексика-грамматикалық омонимдерін тап. Оларды қатыстырып, сөйлем құрап жазыңыз.

1. Табиғат адам (тағдыр, өмір) барлық қажетін толық өтеуі үшін ештеңемен былғанып, уланбаған болуы тиіс (К. Аманжолов). 2. Біз (тіршілік, табиғат) иесіміз, ол — біз үшін өмірге қажет, мол байлықтың көзі (М. Жұмабаев). 3. Табиғат дегеніміз — біздің санамыздан тыс, бізге бағынбайтын, біздің өмірімізге (қажет, тірек) болып тұрған

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 100 беті

болмыс, әсем дүние (К. Мырзалиев). 4. Табигат (қурделі, қыын) көп түрлі. Біз оны неғұрлым көп танып, түсінсек, соғұрлым табигат бізге (тиімді, қызықтырақ) бола түседі (Х. Ергалиев).

Тапсырма 4. Төменде айтылған әлеуметтік-қоғамдық мәселе туралы ой бөлісіндер. Экологияның ластануы өсімдіктер, жануарлар мен адамның өміріне, өнеркәсіп пен ауылшаруашылықта, табигат ресурстарына қауіп тәндіріп отыр. Табиғи ресурстарды пайдалану көлемінің үнемі артуы табиғи ортаның өндіріс қалдықтарымен, шаңтозаңмен ластануын көбейтті.

Тапсырма 5. Топтық жұмыс. Қазақ халқыны табигатқа қатысты тыйым сөздерін жазыңыз. Эр топ сөздеріне ұнаған тыйым сөздегі ойды дәлелдеп, корғасын. Өмірден нақты мысалдар келтіруге тырысыңыз.

- Құстың ұясын бұзба, жұмыртқасын жарма.
- -Құмырсқаның илеуін бұзба.
- Аққуды атпа.
- Малды басқа ұрма, теппе.

Тапсырма 6. Жұптық жұмыс. Сурет бойынша бірнеше сұрақ дайындаңыз, диалог құрындар.

Мәнін түсініп, көршіңмен диалог құрыңыз.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-231</p>
<p>Әдістемелік өндөу</p>	<p>164 беттің 101 беті</p>

Тапсырма 7. Тындаған мәтінге сұйеніп, акпаратты дұрыстырын анықтаңыз:

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – білім алушыларды өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

«Қазақ халқы өмірдегі ең қасиетті, ең құдіретті ұғымдарға «Ана» сөзін қосып айтады. «Жер ана, Табиғат ана, Отан ана » деген сөйлемнің мәнін түсініп, диалог құрындар. Диалогте айтылған пікірге байланысты, дәлелдер келтіруге тырысындар.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6.Әдебиет:

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып T2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып T2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

1.Ерназарова З., Бекетова А., Кужакова С. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқыту әдістемесі. 1,2-бөлім. –Алматы: Атамұра, 2020.

2.Кәрібаев Б. Тәуелсіздіктің 25 аса маңызды оқигалары. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. –Алматы: Сардар, 2016. -272 б.

3.Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. Мектеп, 2019.

4.Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. Мектеп, 2019.

5.Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. –Алматы: Мектеп, 2020.

6.Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. – Алматы: Мектеп, 2020.

7.Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Дидактикалық материал. Көкжиек – Горизонт, 2019.

8.Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Мукеева Б. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Лексикалық минимум. Көкжиек – Горизонт, 2019.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 102 беті

9. Хазимова А., Салыхова Б., Бейсебекова М.. Қазақ тілі. Әдістемелік құрал. –Алматы: Кітап, 2016.

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ жауап.

Сұрақтар мен тапсырмалары:

Адам мен табиғат бір-бірінсіз өмір сүре ала ма?

2. Адам тіршілігі үшін қажет заттарды қайдан алады?

3. Табиғатта қалай қамқорлық жасау қажет?

4. Табиғатта қандай заң қатаң сақталады?

5. Қазақ халқының асыл мұрасына не жатады?

6 «Табиғат» сөзі қандай сөздермен байланысты?

7. Халық өзі қастерлеген жерлерді қалай атаған?

Табиғат туралы қандай мақал-мәтелдер бар?

№ 25 сабак

5.1. Тақырып: Әлеуметтік мәселе туралы не білесің? Лексика-грамматикалық омонимдер

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Қоғамның әлеметтік құрылымы туралы түсінік беру,

5.3. Оқу мақсаттары: кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Әлеуметтік мәселе туралы акпарат

2. Лексика-грамматикалық омонимдер

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

Әлеуметтік мәселелер

Әлеуметтану — жаңа ғылым саласы. Әлеуметтану — адамзат қоғамын, әлеуметтік топтарды, олардың өзара әрекеттерін жүйелі түрде зерттейтін ғылым. Америкалық ғалым Л.Уорнердің әлеуметтік зерттеуі бойынша Америка тұрғындары алты түрлі тапқа жіктеледі:

1) Ең жоғарғы тап, бұған өте бай адамдар жатады, ең басты белгісі — мұрагерлік байлығы мен ақсүйектік тегі. Бұлар — ең алғашқы қоныстанушылардың үрпақтары. Өз клубтары бар. Әдетте өз меншіктерін тікелей басқармайды.

2) Жоғарғы тап, бұлар — өте бай, ауқатты, қүйлі адамдар, іскерлік қабілетінің арқасында жаңа байыған нувориштер. Әдетте өз меншігін өздері басқарады, қымбат автокөліктер мен бұйымдарды пайдаланып, әрқашан қоғамның назарында болып, пікір қалыптастырады. Билеп-төстеуді де жек көрмейді.

3) Орта таптың жоғарғы тобы. Бұлар — интеллектуалдық еңбекпен айналысатын жоғары білімді, кірісі бар іскер адамдар. Олардың қатарына атақты өнер қайраткерлері, ғалымдар, жазушылар, заңгерлер, білікті дәрігерлер, жалдамалы басқарушылар — менеджерлер жатады.

4) Орта тап, оларды әдетте «ақ жағалылар» деп атайды. Бұлар — ой еңбегімен айналысатын қызметкерлер, мысалы, кенсе қызметкерлері, оқытушылар, хатшылар, мемлекеттік қызметкерлер және т.б.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 103 беті

- 5) Орта таптың төменгі тобы, оларды әдетте «көк жағалылар» деп атайды. Бұлар — көбіне дene еңбегімен айналысатын қызметкерлер, мысалы, инженер-техник мамандар, жұмысшылар және т.б.
- 6) Ең төменгі тап, бұлардың қатарына жұмыссыздар, көше сыйыруышылар, қаңғыбастар және т.б. Қоғамдық жүйеде өз орын таба алмаған әлсіз адамдар жатады. Олардың халі аянышты, күйсіз келеді. Олардың ішінде адамдар берген садағамен күн көретіндер де бар.

(«Әлеуметтану негіздері» кітабынан)

ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫ ОМОНИМДЕР

Қазақ тіліндегі омонимдер мағыналары мен формаларына қарай лексикалық, лексика-грамматикалық және аралас омонимдер болып үшке жіктеледі. Лексикалық омонимдер бір ана сөз табына қатысты болады да, барлық жадайда бірыңғай тұлғада айтылады. Мысалы: ара — 1. жәндік; 2. ағаш аралайтын құрал. Ал лексика-грамматикалық омонимдер әртүрлі сөз табына қатысты боландықтан, түбір тұлғасында омоним болады да, қалған уақытта әр сөз өзіне тән тұлғаларда түрленіп, өзгере береді. Мысалы: 1) жұз — адамның бет-әлпеті; 2) жұз — пышак, ұстара, т. б. Заттардың өткір жағы; 3) жұз — саяси-әлеуметтік термин (Ұлы жұз, Орта жұз, Кіші жұз); 4) жұз — тоқсан тоғыздан кейінгі сан; 5) жұз — суда қозғалу, малту. Аралас омонимдер жоарыда аталан екі топтың да ерекшелігін қамтиды. Мысалы: 1) ақ — сүттін, қардың түсіндей аппақ тұс; 2) ақ — шын, тұра, ақиқат; 3) ақ - судың өз арнасымен бірқалыпты жылжуы; 4) ақ - демеулік шылау (сен-ақ айтши!).

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Студенттер өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Тапсырма 1. Төмендегі сөйлемдерді оқы. Құрамындағы лексика грамматикалық омонимдерді тап, мағыналарын ажыратыңыз.

1. Қоғам іштей халықтың өмір сүру деңгейіне қарай бірнеше әлеуметтік тапқа бөлінеді.
2. Атасы күй тартты. 3. Қашан да елді ер бастайды. 4. Балалар жаңа биді менгерді.
5. Ол топ ішінен өзіне керегін тапты. 6. Халық оның соынан ерді.
7. Туыстары күйлі тұрады екен. 8. Үстем тап халықты билейді.

Тапсырма 2. Мәтін мазмны бойынша бір-біріне сұрақ қойыңыздар. Мәтіннің жанрлық, стильдік ерекшелігі туралы айтындар. Сұрақта төмендегі термин сөздер мен сөз тіркестерін қолданып, мағынасын анықтандар:

әлеуметтік жіктелу, теңсіздік, теңсіздік салдары, жіктеу өлшемдері, табыс көзі, маманды мәртебесі, билікке қатынасы, страта, үш тип, сословие, тап.

Тапсырма 3. Төмендегі сөйлемдерді оқыңыз. Құрамындағы лексика- грамматикалық омоноимдерді тап, мағыналарын ажыратыңыз.

1. Қоғам іштей халықтың деңгейіне қарай бірнеше әлеуметтік тапқа бөлінеді.
2. Атасы күй тартты. 3. Қашан да елді ерн бастайды.
4. Балалар жаңа биді менгереді.
5. Ол топ ішінен өзіне керегін тапты.
6. Халық оның соынан ерді.
7. Туыстары күйлі тұрады екен.
8. Үстем тап халықты билейді.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 104 беті

Тапсырма 4. Мәтінде кездескен төмендегі сөздердің лексика- грамматикалық омоноимдерін тап. Оларды қатыстырып, сейлем құрап жазыныз.

Керек сөздер: бас, мен, жас, табыс, кіріс, ат, жат.

Тапсырма 5. Әртүрлі дереккөздерден Қазақстандағы әлеуметтік өткір мәселелер туралы бірнеше ақпарат тап. Оларды топтастырып, сызба түрінде рәсімдеп жаз. Өз ойынды айт.

Тапсырма 6. «Әлеуметтік мәселеге не жатады?» деген тақырыпқа ой бөлісіндер. Ол үшін ғылыми әдебиеттерден әлеуметтануға қатысты теориялар мен қағидаларды анықтаңдар. Ойбөлісте талқыланатын сұрақтарды бірлесіп талдандар.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

1.Ерназарова З., Бекетова А., Кужакова С. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқыту әдістемесі. 1,2-бөлім. –Алматы: Атамұра, 2020.

2.Кәрібаев Б. Тәуелсіздіктің 25 аса маңызды оқиғалары. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. –Алматы: Сардар, 2016. -272 б.

3.Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. Мектеп, 2019.

4.Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. Мектеп, 2019.

5.Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. –Алматы: Мектеп, 2020.

6.Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. – Алматы: Мектеп, 2020.

7.Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Дидактикалық материал. Көкжиек – Горизонт, 2019.

8.Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Мукеева Б. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Лексикалық минимум. Көкжиек – Горизонт, 2019.

9.Хазимова А., Салыхова Б., Бейсебекова М.. Қазақ тілі. Әдістемелік құрал. –Алматы: Китап, 2016.

5.7.Бақылау: шағын топта жұмыс

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1.Әлеуметтік мәселелер қатарына нені жатқызар едің?

2.Отбасы мәселелері әлеуметтік мәселеге жата ма? Неге?

3.Болашақта қандай маман болуды қалайсын?

4. Таңдаған мамандығының әлеуметтік мәселелерге қатысы бар ма?

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 105 беті

№ 26 сабак

5.1.Такырып: Қазақ тілі – мемлекеттік тіл.

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2.Мақсаты: оқушыларды ізденуге дағдыландыру, сөздік қорын молайту, көпшілік алдында сөз сөйлеуге дағдыландыру; оқушылардың ауызша ой – өрісін дамыту, туған тілін сүюге, қадірлеуге, мақтан етуге, тілдің қоғам өміріндегі маңызын түсінуге тәрбиелеу.

5.3.Оқу мақсаттары: мемлекеттік тілді құрметтеу, қазақ тілінің мәртебесін көтеру; тыңдаушылардың білімге деген құштарлықтарын арттыру, сөздік қорын молайту, өз ойларын дұрыс жеткізуге дағдыландыру, елімізді, ана тілімізді, Отанымызды сүюге тәрбиелеу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Мемлекеттік тіл - қазақ тілі

2. Қазақ тілі — түркі тілдері

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

Қазақ тілі — түркі тілдерінің ішіндегі ең таза, әуезді тіл. Қазақ тілінің негізгі лексикалық қорын көне түркі сөздері құрайды. Түрік тілінде араб тілінен енген сөз өте көп екен. Солардың орнын алмастыру үшін түріктер қазақ тілін донор тіл ретінде қолданғылары келеді. Қазақ тілі — кемел тіл. Қазақ тілі — стильдік тармақтары сараланған, әдеби стильтері қалпына келген, қолдану әлеуеті өте жоғары тіл. Қазақ тілі — өте бай тіл. Қазақ тілінің байлығы лексикалық қоры мен грамматикалық формалардың көптігінен ғана көрінбейді. Мысалы, «Есікті жап» деген сөйлемнің қанша формасы бар екенін көрейік: есікті жап, есікті жапшы, есікті жабыңызшы, есікті жауып жіберші, есікті жауып шыға ойши, есікті жаба салсақ болар еді, есікті жауып жіберсеніз болар еді, есікті жауып жіберсен игі болар еді. Бұл форма байлығы сөйлем түрган адамның сөйлеушіге деген әртүрлі қарым қатынасын, эмоциясын, сөйлеуші мен тыңдаушының мәртебесін көрсетеді. Ең бастысы, қазақ тілінде қазақ халқының жаны, рухы сақталған. «Рұх» деген — ақыл. «Ақыл» деген — білім. Қазақ ұлтының ғасырлар бойы жинақтаған білімі мен моральдық этикеттік нормалары, сұлулық пен әділдіктің, жақсылық пен жамандықтың эталоны қазақ тілінде сақталған. Сондай-ақ өмір сүруді, өзін ортада ұстауды үйрететін көп құнды деректе тілде сақталған. Ұрпаққа өнегелі тәрбие берудің жолдарын да тілмен өрнектеген. Академик Рәбіға Сыздықова: «Қанша ғасыр бойы қазақ халқы тірі, бар болса, ол — тілінің арқасы», — деген. Қазақ халқының өмір сүрген мемлекеттері, әлеуметтік жағдайы, қазақ ұлтын құраған тайпалар мен рулардың құрамы да өзгеріп отырған. Бірақ тілінен қазақ ешқашан айырылмаған.

(А. Фазылжанова)

Тапсырма 1. Мәтелді оқып, мағынасын түсіндіріңіз.

Тіл қылыштан да өткір.

Тапсырма 2. «Шашылған сөздер» ойыны. Шашылған сөздерден сөйлем құрандар. Көп сөйлем құраған оқушы жеңімпаз атанады.

Тапсырма 3. Жұптық жұмыс. Мәтіннің 2-ой бөлігін оқып, «Қазақ тілі — кемел тіл» деген пікірді дәлелдейтін сөйлемдерді теріп жазыңдар.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 106 беті

Үлгі: «Қазақ тілі — кемел тіл»:

1. Қазақ тілінің стильдік тармақтары сараланған;
- 2.
3. ...
- ...

Тапсырма 4. 3-ой бөлігін қайта оқып, қазақ тілінде сақталған құндылықтарды анықта. Кластерге жазыңыз.

Тапсырма 5. Академик Рәбиға Сыздықованың «Қанша ғасыр бойы қазақ халқы тірі, бар болса, ол — тіліні арқасы» деген сөзімен келісетін, келіспейтіндерінді сұрап, диалог құрындар

Үлгі: 1. Мен академик Рәбиға Сыздықованың сөзімен келісемін. Себебі тілі жоғалмаса, халық жоғалмайды;

2. ...
3. ...

Тапсырма 6. Бауыржан Момышұлының «Бір тіл білген адам — бір адам, екі тіл білген — екі адам» деген сөзін топта талдап, дәйектендер. Тұсаукесер дайындаңдар

Үлгі: Б. Момышұлы: «Бір тіл білген адам — бір адам, екі тіл білген — екі адам», — деген. Себебі

1. Екі тіл білген адамның табысы көп болады.
2. Екі тіл білген адамның досы көп болады.
3. ...
4. ...

Тапсырма 7 . Берілген сөздердің ішінен синонимдерді тауып, әрқайсысын қатыстырып бір сөйлемнен құрастырыңыз:

Қостілді, шығармашыл, арқау, адам, жазу, нақыш, қазақ, орыс, екі тілді, өнер, рухани, әдеби, кісі.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – білім алушыларды өзара екі топқа бөлінеді. Эр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

С.Мұқанов қазақ әдебиетіндегі роман жанрын дамытудағы еңбегі туралы айтып беріндер

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Окушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 10 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева.

Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

1.Ерназарова З., Бекетова А., Кужакова С. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқыту әдістемесі. 1,2-бөлім. –Алматы: Атамұра, 2020.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 107 беті

2. Кәрібаев Б. Тәуелсіздіктің 25 аса маңызды оқиғалары. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. –Алматы: Сардар, 2016. -272 б.
3. Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. Мектеп, 2019.
4. Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. Мектеп, 2019.
5. Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. –Алматы: Мектеп, 2020.
6. Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. – Алматы: Мектеп, 2020.
7. Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Дидактикалық материал. Қекжиек – Горизонт, 2019.
8. Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Мұкеева Б. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Лексикалық минимум. Қекжиек – Горизонт, 2019.
9. Хазимова А., Салыхова Б., Бейсебекова М.. Қазақ тілі. Әдістемелік құрал. –Алматы: Кітап, 2016.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау:

1. Түрік және түркі сөздері бір мағына бере ме?
2. Қазақ тілінің негізгі лексикалық қоры қандай сөздерден тұрады?
3. Түріктер қазақ тілін неге донор тіл ретінде қолданғылары келеді?
4. Түркі тілдерінің ішіндегі ең таза әрі өуезді тіл қандай тіл?
5. Қазақ тілі неліктен таза тіл саналады?
6. Түріктер қай тілді донор ретінде қолданғылары келеді? Неліктен?
7. Тілде қандай нормалар мен құндылықтар сақталған?

№ 27 сабак

5.1. Такырып: Шешендік сөз өнері.

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Мақсаты: Қазақ ауди әдебиетінің бір саласы - қазақтың шешендік сөздері және жанрлық түрлері туралы мағлұмат беру, сөйлей білудің шеберлік екендігін ұғындыру. Шешен сөйлеудің мәнерін игеруге ынталандыру. Ой белсенелілігін дамыту, шығармашылық ізденіске бағыттау, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, ой бөлісе отырып, ой – пікір, сөз еркіндігіне баулу.

5.2.Оқу мақсаттары: Шешендік сөздерді түсініп окуға, мәтіннің негізгі ойын табуға үйренеді, дұрыс ойлау, сөйлеу қабілетін, ой өрісін дамытуға дағдыланады

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген такырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Такырыптың негізгі мәселелері:

1. Шешендік сөз өнердің түрлері
2. Шешендік сөз өнерінің би шешендері

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

Шешендік сөз өнері.

Ақындық пен шешендік — егіз өнер. Әдетте қазақтың ақыны — шешен, шешені — ақын. Мысалы, қазақ әдебиетінің классиктері: Бұқар Қалқаманұлы (1668-1781), Махамбет Өтемісұлы (1804-1846) және Абай Құнанбайұлы (1845-1904) — барлығы ақын әрі шешен болған. Қазақ ақындары мен шешендерінің алғашқы ұстаздары — әкесі мен

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 108 беті

шешесі, атасы мен әжесі, халық даналары мен ойшылдары. Көпті көрген, ұзак өмір сүрген қазақ қариялары көргендерін, білетіндерін терең оймен бедерлеп, әдемі сөзбен зерлеп, жастарға үйретіп отырған. Қазақ жастары қариялардың аттарын ерттеп, бірге жүрген. Данышпан-ойшыл шешендерден өнер-білім үйренген. Оларға әрқашан сәлем беріп, ақыл сұраған, құрметтеген. Осылайша, жастар «халық мектебінен» тәрбие алған. Шешендей өнердің өзіне тән ерекшеліктері бар. Біріншіден, шешендердің көпшілігі — билер. Билер адамдардың арасындағы даулы мәселелерді әділ шешкен. Сондықтан шешендей сөздер — әділдік пен достықта шақыратын сөздер. Екіншіден, шешендей сөздер әдеби тілді, сөздік көрді дамытты. Шешендей сөздің дамуы үшін еркіндік қажет. Ал қазақ елінде ежелден сөз бостандығы болған. Үшіншіден, шешен тапқыр болған. Нағыз шешен зерлі сөзбен қылмысты жазалап, кінәсі жоқ адамды қорғаған. Абай сөз өнерін өте жақсы білген әрі аса жоғары бағалаған. Халықтың ақындық шешендей өнерін еркін менгерген. Абайдың алғашқы ұстаздары — әкесі Құнанбай мен әжесі Зере болды. -Құнанбай ел басқарған ақылды әрі шешен адам болған. Ал Зере әжесі Абайды бала кезінен аңыз-әңгіме, ертегілер айтып өсірген. Абай: «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал», — деп өсiet айтқан. Қазақтың би-шешендері әділ шешім мен зерлі сөздері арқылы халықтың құрметтіне бөленген. Сондай-ақ халықтың ең қадірлі қонағы болған. (Б. Адамбаев)

ҚАЗЫБЕКТІҢ АТ ДАУЫН ШЕШУИ

Бір үлкен ас болып, сол аста бәйгіге шапқан қаншама аттың алдынан бір қара жал құла жеке-дара озып келіпті. Асқа жиналған топтың ішінен бір адам:
— Мынау менің тай күнінде жоғалтқан атым,— деп аттың шылбырына жармасады. Атты қосып отырған иесі:

— Жоқ бұл мұлдем жала, өзімнің кер биемнен туған қол тума малым,— дейді. Көпшілік екі жағына да «сенікі жөн» деп айта алмай, содан барып Қазыбектің туған әкесі Келдібек биге жүгініске келеді. Бірақ екі даугердің сөзін тыңдаған Келдібек «ат сенікі» деп кесіп айта алмай, дағдарып отырып қалады. Екі даугердің айтқан дәлеліне құлақ түре жүріп, оған билік айта алмай дағдарған әкесін байқап, жеті жасар Қазыбек:

— Сен қалай танығыш болып алдын? — деп даугерлердің біріне сұрақ қояды.
— Мен енесін көрсем, одан туған төлін, төлін көрсем енесін жаза баспай танимын,— деп жауап береді, атын тай күнінде жоғалтқан адам. Сонда Қазыбек атты бәйгіге қосқан адамға:— Кәні, сіз қалай мал танығышсыз? — дейді.

— Мен, енесін бір көрсем, ішіндегі құлынын туғаннан кейін сол биеден туғанын бұлжытпай танимын,— дейді. Сонда Қазыбек тұрып:

— Жарайды. Енді екеуің бар да, анау жүрген қозыдан екі қозы ұстап әкеліндер,— дейді. Олар барып алып келгенде:

— Қозыны көгендеп қойыңыздар да, өрістегі қойдан өзді-өзің әкелген қозының енесін алып келіндер,— дейді. Екі даугер өрістегі қойдан екі саулықты алып келіп қозыларды бауырына салғанда, ат қосқан адам әкелген саулық қозыдан жериді, қозы да жатсынып саулыққа жуымайды. Ал тай күнінде жоғалттым деген адам саулыққа қозысын салғанда енесі еміреніп тұра қалады. Қозы бауырына кіріп еме береді. Қазыбек көпшілікке қарап:— Кәне, халайық, бұған сіздер не айтасыздар? — дегенде, көпшілік бір ауыздан «ат тай күнінде жоғалтқанадамдік» екен деседі.

Тапсырма 1. Жаңа сөздермен сөйлем құрап жазыңыз. Ойшыл, шешен, даулы, шешендей.

Тапсырма 2. Мәтінді тыңдал, негізгі идеяларды қысқаша жазып отырыңыз. Берілген тапсырмаларды орындаңыз:

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 109 беті

1. Сұрақтарға жауап бер.
- a. Шешендік сөз ненің жалғасы?
- ә. Шешендік сөз ненің бастауы?

Тапсырма 3. Ауыз әдебиеті мен шешендік сөзді ерекшеліктерін «Редактор күнделігіне» жазыңыз:

Ауыз әдебиетінің ерекшелігі	Шешендік сөздің ерекшелігі
.....
.....

Тапсырма 4. Шешендік сөзде не туралы айтылады? Кластерге жазыңыз

1. Реалистік оқығалар

2.
3.
4.

Тапсырма 5. Төмендегі оймен келісетінінді не келіспейтінінді айтып, дәлелденіз.

Ақындық пен шешендік — егіз өнер.

Үлгі: 1. Мен «ақындық пен шешендік — егіз өнер» деген сөзben келісемін. Себебі

2. Мен «ақындық пен шешендік — егіз өнер» деген сөзben келіспеймін. Себебі

Тапсырма 6. Жүптық жұмыс. Мәтіннен ақын әрі шешен Абай туралы жазылған үзіндіні тауып оқындар. Үзінді бойынша бірнеше сұрақ құрастырып, басқа топтан жауап алышыңыз.

Тапсырма 7 . Мәтінді оқып, «Борт журналын» толтырыңыз.

Қазақ халқының тарихында би-шешен көп болған. Олар: Жиренше шешен, Сырым Датұлы, Қазыбек би, Төле би, Әйтеке би, Малайсары би және басқа да би-шешендер. Би-шешендер адамдар арасындағы даулы мәселелерді бір ауыз сөзben әділ шешкен. Ежелгі қазақтың би-шешендері бүгінгі соттың қызметін атқарған. Олар сөзге шешен, қын мәселелерді зерлі сөзben шешетін тапқыр болған.

Борт журналы	
Тақырып бойынша бұрыннан білетінім:	Мәтіннен білгенім:
Үлгі: Мәтінді оқығанға дейін мен осы тақырып бойынша қазақ шешендерінің алғашқы ұстаздары кім болғанын білдім.	Үлгі: қазақ халқында би -шешеннің көп болғанын білдім.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет

1. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Қекжиек-Горизонт, 2019
2. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Қекжиек-Горизонт, 2019
3. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 110 беті

4. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

- Ерназарова З., Бекетова А., Кужакова С. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқыту әдістемесі. 1,2-бөлім. –Алматы: Атамұра, 2020.
- Кәрібаев Б. Тәуелсіздіктің 25 аса маңызды оқиғалары. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. –Алматы: Сардар, 2016. -272 б.
- Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. Мектеп, 2019.
- Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. Мектеп, 2019.
- Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. –Алматы: Мектеп, 2020.
- Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Дидактикалық материал. Қекжиек – Горизонт, 2019.
- Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Мүкеева Б. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Лексикалық минимум. Қекжиек – Горизонт, 2019.
- Хазимова А., Салыхова Б., Бейсебекова М.. Қазақ тілі. Әдістемелік құрал. –Алматы: Кітап, 2016.

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.6. Бақылау: ауызша сұрақтар.

- «Шешен» деген кім?
- «Шешендік өнер» дегенді қалай түсінесіз?
- Қазақтың шешендері туралы естідің бе?
- Қалай ойлайсың, қазіргі уақытта шешендер бар ма? Болса, олар кімдер?
- Қазақ ақындары мен шешендерінің алғашқы ұстаздары кімдер болды?
- Көпті көрген қазақ қариялары жастарға нені үйреткен?
- Қазақ жастары кайдан, қалай тәрбие алғанын мәтіннен тауып оқы.
- Дауды тура шешкен, қара қылды қақ жарған қандай би шешендерді білесіздер?
- Шешен болу үшін қандай қасиеттер керек?

№ 28 сабак

5.1. Тақырып: Қазақ поэзиясының сұлу сарайы. Илияс Жансүгіров. «Күй» поэмасы (үзінді)

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Мақсаты: I.Жансүгіровтың өмірі туралы мағлұмат беру, Илиястың жыр әлемімен танысу, поэзияның тереңіне бойлау, өлеңдерінің идеялық мазмұнын мәнерлеп оқыта отырып талдау.

5.3. Оқу мақсаттары: оқушылардың танымдық деңгейін көтеру, ойларын еркін айтуда, ізделмаздыққа баулу, шығармашылықпен жұмыс істеуге ұмтылдыру, тұған жерге деген сүйіспеншілік, патриоттық сезімдерін қалыптастыру.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 111 беті

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қазақ поэзиясының сұлу сарайы Илияс Жансүгіровтің өмірі мен шығармашылығы
2. «Күй» поэмасы (үзінді) қысқаша мазмұны

Жаңа сабакты түсіндіру: 35 мин.

Қазақтың ұлы ақыны Илияс Жансүгіров 1894 жылы Алматы облысы Ақсу ауданында дүниеге келген. 1937-38 жылдары қазақтың зиялы ұлт қайраткерлеріне жала жабылып, құғын сүргінге ұшырады. Илияс Жансүгіровке де жала жабылды. 1938 жылдың 26 ақпанында КСРО Жоғары сотының әскери коллегиясы Илияс Жансүгіровті ату жазасына кесті. Өнерді сүйген, өнерді жырлаған қазақтың ұлы ақыны Илияс 44 жылғана өмір сүрді. Талдықорған қаласындағы Жетісу мемлекеттік университетіне I. Жансүгіровтің есімі берілді. Университетте мындаған жас білім алуда. 1994 жылы университеттің алаңына ақынның қоладан құйылған ескерткіші орнатылды. Талдықорғанда ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған әдеби мемориалдық мұражай жұмыс істейді.

Тапсырма 1. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Жансүгіровтің есімімен таныссыз ба?
2. Ақынның қандай шығармаларын білесіз?
3. Мәтінді оқыған соң I. Жансүгіров туралы не білдіңіз?

Тапсырма 2. Мәтінді тыңдал, негізгі ақпаратты қысқаша жазып отыр. Сұрақтарға жауап беріп, кластерді толтырыңыз.

1. Илияс Жансүгіров кім?

Тапсырма 3. Мәтінді оқып шығып, қою ғаріппен жазылған сөздердің мағынасын сөздіктің көмегімен анықта.

ӨМІРБАЯНЫМ

Менің өскен жерім — Жонғар Алатауынан аққан, Балғашқа құятын Ақсу өзенінің бойы, Жетісу губерниясы Талдықорған үйезі Ақсу болысы. Жансүгір — әкем. Көзі тірі. Жылы — жылан. Биыл 71-де. Менің жылымды «жылқы» дейді. Онысы 1894 жыл болады. Жазға қарай туыппын. Анамды аз білем, 4 жасымда жетім қалдым. Әкем әріп үйретті. Одан кейін 1912 жылғы күзде Қыли мектебіне бардым. Оның сабагы — құран, оқу, жазу, есеп. Онан кейін оқи алмадым. Егін егіп, мал бақтым. Шешендік сөздер, әңгіме, ертегілер, өлеңдер тыңдағанды ұнатамын. Әріп таныған соң кітапты көп оқитын болдым. «Қызы Жібек» жырын қызығып оқушы едім. 1914 жылы «Қазақ» деген газеттің бір нөмірін көрдім. Онда «Қазақтың бас ақыны» деген Абай туралы мақала болды. «Абай» дегенді алғаш естігенім сол. Кітабын қолыма түсіруге құштарландым. Семейдегі досыма: «Абайдың кітабын тауып бер!» — деп жалындым. 1916 жылы ол Абайдың кітабын тауып берді. Оны 1 теңгеге сатып алдым. Абай қатты әсер етті. Ойым ояна бастады. Қайта-қайта оқи беретін болдым. Өзімде біртүрлі сергектік, сілкініс, жүрегімде жаңаңыз қозғалық сездім. Жазуға талабым оянды. Келсе де, келмесе де өмірді өлең қыла бастадым. Абайдың торында қалдым. Сол қыста бірталай ұсақ өлеңдер жаздым. Оның атын «Балдырган» қойдым. Тіпті Абайдың орыстан аударған мысалдарын да өлең қылдым. Мәселен, «Бұлбұл мен есек» деген өлеңімнің бір кесегі әлі есімде:

Салды бұлбұл енді әнге.

Құйқылжытқан келді әнге.

Тау менен тас мұнданып,

Арғы мен салды бергі әнге.

Ағаш, тоғай қуанып,

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 112 беті

Әкетті ерітіп жерді әнге.
 Жан-жануар танырқап,
 Тамсандырды елді әнге.
 Тоқсан толғап қайырып,
 Тоқтады барып әренгे...
 Міне, Абаймен алғашқы танысқаным, Абайдың маған еткен әсері.

Тапсырма 4. Жұптық жұмыс. Мәтінді оқып, қою ғаріппен жазылған сөздерді мағынасын анықтаңыз. Мәтінге жоспар құрыңыз. Жоспар бойынша мазмұнын айтыңыз:

Ілияс Жансүгіров «Күй» поэмасын 1929 жылы жазды. Бұл — ақынның өнер тақырыбындағы алғашқы поэмасы. Поэманың сюжеті бар. Поэманың сюжеті халық арасындағы «Бозінген»abyзына негізделген. Поэманың кейіпкері — қобызшы Молықбай шал. Поэмада ақын қобызшы Молықбай шалдың айтқаны ретінде аңызды әңгімелеп береді. Баяғыда Сыр өзенінің бойында «Бағлан» деген бай болыпты. Оның маңғаз боз інгені болады. Бір күні боз інген боталайды. Ұрылар ботаны ұрлап, боз інгенді керуенге сатып жібереді. Боз інген ботасын іздең, зарлайды. Молықбай қобызшы күй арқылы боз інгеннің зарын шебер жеткізеді. Ақын Молықбай шалдың өнері арқылы халықтың өнерін көрсетеді. Халық арасындағы ғажайып өнерді жырлайды. Өнердің құдіретін, эстетикалық құшін танытуды мақсат еткен. Илияс Жансүгіровтің поэманы жазудағы негізгі қағидасы — өнердің құдіретін көркем сөзбен жеткізу болды. Ақын сол мақсатына жеткен.

Тапсырма 5. Мәтінді тыңдал, көп нұктенің орнына қажет сөзді жазыңыз.

1. Жетісуудың ... күйіші ақыны — Молықбай Байсақұлы 1857 жылы туған.
2. 1927 жылы I. Жансүгіров пен М. Әуезов қобызшы Молықбайды арнайы
3. Содан кейін I. Жансүгіров ... поэмасын жазды.

Тапсырма 6. Мәтінді түсініп оқыңыз. I. Жансүгіров қобызшы Молықбай шалдың бейнесін былай суреттейді:

Қобызшы — Молықбай шал Матайдағы,
 Матайда Кенже, Тұңғат Сақайдағы.
 Қазакта қобызшының қалғаны сол,
 Жорға еді маймаңдаған бақайшағы.
 Жар қабақ, сида, арсақай, сар шұбар шал,
 Жарықшақ, үні тозған, қаңсыған шал.

*** Илияс обызшының кнерін, қобызда тартылған күйді үлкен шеберлікпен сипаттайды: Қобызшы ол «Ақ көбікті» аңыратқан, Боздатып «Бозінгенді» күніренткен.

Қобызшы ол «Кек көбекті» күрілдеткен, «Дүлдүлін Ер Әлінің » дүрілдеткен.

«Онсан мен Ормамбеттің айырылғанын», Жыласқан ноғай-қазақ күйін шерткен.

Қобызшы ол Қорамжанның күйін тартқан, Зарлы қыл қыр киялын қыннатқан.

Қалыпты қолда қоңыр көне қобыз, О баста сырмайларатқан, күміс шапқан.

*** Қобызбен тартылған күйдің құдіретін ақын былай суреттейді:

Бас бұрап, төрт түкіріп, толғап тоғыз, Қозғалар құлақ күйден жосып қобыз.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 113 беті

Көтерген көк тұндігін қүй өрнегі
 Құлатып аскарда ақын, мәңгіде мұз.
 Үзгыған ызырық күн, құлдырап қыл,
 Алатау, әсем бұлақ сылдырап тұр.
 Қиқылдан қырда қызығыш, көлде қаз-қу,
 Қыңқылдан таңдай қаққан талда бұлбұл.
 Кейде қүй талмаураған, толықсыған,
 Кейде өжет, кейде долы, албытсынған.
 Кейде пан, кейде дарқан, кейде сергек,
 Шаршы өрге кейде шапшып, шауып тынған.

Тапсырма 7. Мәтінді ролге бөліп оқып, түсінгендерінді айтындар. Сырым шешеннің жауабын дәйектеп, өз ойларынды айтындар.

Сырым Үргеніштің ханына барып жөзкөріс қылған. Хан Сырымның атағына сырттай қанық: «Қазақтың өзі шешен, өзі батыр кісісі», — деп естиді екен. Хан Үргеніш шешені мен Сырымды айтыстырыпты: Үргеніш шешені: — Сөз анасы не? Су анасы не? Жол анасы не? — деп сұрайды. Сырым батыр: — Сөз анасы — құлақ, су анасы — бұлақ, жол анасы — тұяқ! — деп жауап береді. Б. Адамбаев Үлгі: Сырым шешен: «Сөз анасы — құлақ », — дейді. Бұл оймен келісемін Себебі.....

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.

Шағын топпен жұмыс – білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Эр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Илияс Жансүгіровтің өлеңдерін орыс тіліне аударған ақын Всеғолод Рождественскийді пікірін оқып, ойды дәйекте. Ақынның табиғаттың сұлулығын жырлаған бір өлеңін тауып, сыныпта оқы.

Илияс Жансүгіров — халық аңыз-әпсаналарының буырқанған қайнар көзінен қуат алған ақын. Қаламгердің терең тынысты, танымдық шығармалары туған өлкесінің ғажайып сұлулығын танытады. Жетісу өлкесін жырлағанда тау өзендерінің лебін, қарлы мұзарттардың ұлылышын, тұнып тұрған табиғаттың шетсіз-шексіз жаратылышын паши етеді.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6.Әдебиет:

Негізгі:

1. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәүлетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Қекжиек-Горизонт, 2019
2. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәүлетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Қекжиек-Горизонт, 2019
3. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып T2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>
4. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып T2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

1.Ерназарова З., Бекетова А., Кужакова С. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқыту әдістемесі. 1,2-бөлім. –Алматы: Атамұра, 2020.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 114 беті

2. Кәрібаев Б. Тәуелсіздіктің 25 аса маңызды оқиғалары. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. –Алматы: Сардар, 2016. -272 б.
3. Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. Мектеп, 2019.
4. Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. Мектеп, 2019.
5. Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. –Алматы: Мектеп, 2020.
6. Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. – Алматы: Мектеп, 2020.
7. Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Дидактикалық материал. Қекжиек – Горизонт, 2019.
8. Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Мұкеева Б. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Лексикалық минимум. Қекжиек – Горизонт, 2019.
9. Хазимова А., Салыхова Б., Бейсебекова М.. Қазақ тілі. Әдістемелік құрал. –Алматы: Кітап, 2016.

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау: талдау жұмысы

Сұрақтарға ауызша жауап беріңіз:

1. Жансүгіров алғаш рет Абай туралы қайдан білген?
 2. Ұлы Абай Ілиясқа қалай әсер еткен?
 3. Абаймен танысқан соң Ілияста қандай өзгеріс пайда болған?
 4. Сенің талабынды не оята алады? И. Жансүгіров қандай ақын?
 5. Ақынның «Күй» поэмасының жазылу тарихы қандай?
 6. «Күй» поэмасының негізгі идеясы қандай?
 7. Ілияс Жансүгіров күйдің құдіретін қалай суреттегенін, неге теңегенін тауып оқы.
- Түсінгеніңізді айтып беріңіз

№ 29 сабак

5.1. Тақырып: Ыбырай Алтынсарин «Атымтай Жомарт» әңгімесі

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Мақсаты: Ыбырай Алтынсарин әңгімелері мен поэмалары жөнінде мәлімет алады, тақырыптық талдау жасауды үйренеді. Адам өміріне қажет өзеннің пайдасын білуге, оны қорғауға баулу, өз елін, жерін сүюге қастерлеуге дағдыланады.

5.3. Оқу мақсаттары: Ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасады, жеке тұлғалық және шығармашылық қабілеттері дамиды, шығарманы құрылышына талдай білуге машиқтанады.

Үйимдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Ы.Алтынсарин өмірі мен шығармашылығы
2. «Атымтай Жомарт» әңгімесі

Жаңа сабакты түсіндіру: 30 мин.

Үлттық прозаның, қысқа әңгіме жанрының іргетасын қалаушы Ыбырай

Алтынсариннің әдеби мұрасындағы ең құнарлы, ең жемісті сала — көркем проза. Ыбырай шығармашылық қабілетін ұстаздың қызметіне құрал, көрнекілік ретінде пайдаланған. Оның қысқа сюжетті әңгімелерінің тәрбиелік, тағылымдық сипаты осыған байланысты. Өзі құрастырған оқулықта шығармаларды орналастыруда баланың жас ерекшеліктеріне мән беріп, қабылдау ерекшеліктерін ескеріп, реттілікті сақтаған. Қысқа, түсінуге жеңіл әңгімелерден бірте-бірте салмақ арттырып, қүрделі сюжетті әңгімелерге өтіп, баланың танымдық өрісінің кенеюіне ықпал етуді көздеген.

Әтімелерінің негізгі тақырыбы: жақсы міnez, адамгершілік, оқу-білім, еңбекті сую, адамдың парызы мен қарызы. Ыбырай Алтынсарин «Атымтай Жомарт» әңгімесін ертеден келе жатқан халық аңыздарының желісі бойынша жазған. Мұнда есепсіз бай бола түрып, күн сайын отын шауып, шөп тасып талап қылатын Атымтай Жомартты еңбек сүйген дана адам кейіпінде суреттейді. Атымтай Жомарт болмысы өзіне таңдана сұрақ қоятын таныстарының сұрағына берген жауабынан толық ашылады. Осы арқылы Ыбырай еңбектің мәні мен маңызын ардақтап көрсетеді.
(Е. Годотов)

(Е.Болатов)

Атымтай Жомарт әңгімесі

Атымтай Жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құскы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын, таныстары сұрады дейді:

– Жомарт, құдай бергей дәүлетіңіз бар, ашқа – тамақ, жалаңашқа – киім, үйсіздерге – үй болдыныз, сөйтіп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не? – деп.

Жомарт айтты дейді:

– Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәuletті өне бойы әдет етсен, көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. Екіншісі: бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер әбірет алсын деймін. Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі: құдайтағаламның берген дәuletін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне құнелі болармын деп корқамын, – деді. Әңгіменің тақырыбына қарап «Жомарт» - адамға тән қасиет, «Атымтай» - адамның есімі деп ойлауымыз мүмкін. Алайда Атымтай Жомарт – түрлі халық фольклорында кездесетін, әрдайым жағымды образ ретінде сипатталатын кейіпкер. Оның нақты қай жылдары өмір сүргені белгісіз, алайда ғалымдар арасында VI ғасырда өмір сүрген деген болжам бар. Аталған кейіпкер Шығыс халықтары фольклорында хикаяттық, қиял-ғажайып ертегі, тұрмыс-салт ертегі сынды үш түрлі сипатталады. Жоғарыда жазылған Ыбырай Алтынсарин әңгімесі оның өмірі мен жомарт болу себебін нақты баяндайтындықтан, осының алғашқысына жатады. Бұл әңгіме жас өрендерді еңбекке баулып, маңдай термен табылған нанның тәтті болатындығын баяндайды.

Тапсырма 1. Жұптық жұмыс. Мәтінде айтылған ойды дәйектеген пікір берілген. Осы пікірді бекітетін 4 себеп жазыңдар. Жауаптарыңды басқа жүппен алмастырып, ұқастықтарын, ерекшеліктерін табыңдар.

Ыбырай Алтынсарин – әрі педагог, әрі қаламгер Себебі

Тапсырма 2. Мәтінді оқы.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p> <p>Әдістемелік өндөу</p>	<p>044-73/11-231 164 беттің 116 беті</p>
--	---	--	--

Атымтай Жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі құскы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып жұмыс қылады еken. Бір күні өзінің жақын, таныстары: — Жомарт, Құдай бергей дәuletіңіз бар, ашқа тамақ, жалаңашқа киім, үйсіздерге үй болдыңыз. Сөйтеп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не? — деп сұрайды. Сонда Жомарт: — Төрт түрлі себеп бар.

Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, аскан дәuletті өне бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді; сол «желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кемкетікке жәрдем беруді ұмытармын» деп қорқамын. Екіншісі: бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер ұлғі алсын деймін. Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем ғана, бойыма сол тамақ болып тарайды. Енбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады еken. Төртіншісі: «Құдай тағаламның берген дәuletін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын» деп қорқамын, — дейді.

(Ыбырай Алтынсарин)

Тапсырма 3. Мәтіндегі жомарт адамның бойындағы болуы тиіс қасиет туралы пікірмен келісетінінді не келіспейтінінді айтып, ойынды дәлелденіз:

Жомарт адамның бойында болатын қасиет							
Жәрдем беру	Жақсы киім киу	Табысы мол болуы	Өзгелерге ұлғі болу	Өзі еңбектеніп, мал табу	Дәүлетті өзіне ғана жұмсау	Құдайдан қорқу	Мақтан үшін беру
Келісемін/ келіспеймін							
Себебі							

Тапсырма 4. Берілген сұрақтар бойынша шығармаға өз көзқарасынды білдіріңіз:

Шығарманың негізгі идеясы не?

Шығармадан қандай әсер алдыңыз?

Қандай мақалмен түйіндер едіңіз?

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәүлетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәүлетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып T2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып T2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

1.Ерназарова З., Бекетова А., Кужакова С. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқыту әдістемесі. 1,2-бөлім. –Алматы: Атамұра, 2020.

2.Кәрібаев Б. Тәуелсіздіктің 25 аса маңызды оқиғалары. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. –Алматы: Сардар, 2016. -272 б.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 117 беті

3. Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. Мектеп, 2019.
4. Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. Мектеп, 2019.
5. Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. –Алматы: Мектеп, 2020.
6. Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. – Алматы: Мектеп, 2020.
7. Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Дидактикалық материал. Көкжиек – Горизонт, 2019.
8. Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Мұкеева Б. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Лексикалық минимум. Көкжиек – Горизонт, 2019.
9. Хазимова А., Салыхова Б., Бейсебекова М.. Қазақ тілі. Әдістемелік құрал. –Алматы: Кітап, 2016.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: сұрақ- жауап.

ІІбырай Алтынсарин әңгімелерін оқу, талдау «ІІбырай Алтынсарин шығармалары-балалар әдебиетінің бастау көзі» тақырыбына шығарма жазу.

№ 30 сабак

5.1. Тақырып: Атқа міну мәдениеті. Заманауи ат спорты.

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Мақсаты:

5.3. Оқу міндеттері: Шығармалардың мазмұндық желісін тақырыбына сай талдау жасау арқылы оқушының ойлау қабілеттерін арттыру, эстетикалық сезімін ояту, әдеби пікір – таластар арқылы оқушының тілін дамытып, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, өздігінен іздену және өзіндік ой тұжырым жасауға баулу.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Атқа міну туралы мәліметпен таныстыру

Жаңа сабакты түсіндіру: 35 мин.

Атқа міну мәдениеті.

Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылық жер жүзіне ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Еліміздің солтустік өніріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұнғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпендейлер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды. Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі — батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпендейлер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементі. ...қазіргі киім үлгісінің базалық компоненттері. Дала өркениетінің ерте кезеңінен тамыр тартады.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 118 беті

Атқа мінү мәдениеті салт атты жауынгердің ықшам киім ұлгісін дүниеге әкелді. Ат үстінде жүргенде ыңғайлыш болуы үшін бабаларымыз алғаш рет киімді үстінгі және астыңғы деп екіге бөлді. Осылайша, кәдімгі шалбардың алғашқы нұсқасы пайда болды. Бұл — салт атты адамдардың ат құланында ойнауына, ұрыс кезінде еркін қимылдауына мүмкіндік берді. Дала тұрғындары теріден, киізден, кендір мен жүннен, кенептен шалбар тікті. Содан бері мындаған жыл өтсе де, киімнің осы түрі өзгере қоймады. Қазба жұмыстары кезінде табылған көне шалбарлардың қазіргі шалбардан еш айырмасы жоқ. Сонымен қатар бүгінгі етіктердің барлық түрі көшпендерілер атқа мінгенде киген жұмсақ өкшелі саптама етіктің «мұрагерлері» екені белгілі. Ат үстінде жүрген көшпендерілер тақымына басқан сәйгүлігіне неғұрлым еркін мініп жүруі үшін биік ер-тұрман мен үзенгіні ойладап тапты. Бұл жаңалық салт атты адамның ат үстінде қаққан қазықтай мығым отыруына, сонымен бірге шауып бара жатып, қолындағы қаруын еш қындықсыз және неғұрлым тиімді қолдануына мүмкіндік берді.

(Н. Ә. Назарбаевты «Ұлы даланы жеті қыры» атты мақаласынан)

Заманауи ат спорты

- Ат спортының бірнеше түрі бар. Ат спорты олимпиадалық ойындар және олимпиадаға кірмейтін ойындар болып бөлінеді. Олимпиадалық ат спорты ойындары: конкур, ат үйрету, үш сайыс. Конкур — конкур алаңында белгіленген тәртіpte белгілі бір қындық пен биіктікте кедергілерді өту бойынша жарыстар. Конкур — ең бейнелі ат спорты тұрлерінің бірі. Шабандоз батыл әрі табанды, жылқыны басқару өнерін жетік біліп, жақсы физикалық дайындықта болуы тиіс. Ат үйрету — халықаралық терминология бойынша, «дрессурас», ат мінудің жоғарғы мектебі, олимпиадалық спорт түрі. Ат үйрету ат спортының ең әдемі түрі болып есептеледі. Спортың бұл түріндегі шабандоз тұрлі жаттығуларды көрсетуі тиіс. Өресекел қателік жылқыны жаралауды мүмкін. Сондықтан шабондоз қателік жібермеуге тырысады. Сондай-ақ жылқының жалпы сыртқы бейнесі, үйлесімдігі, икемі, әсем қимылдарға табиғи қабілеті бағаланады. Белгіленген схемалары бар міндетті бағдарламалардан басқа жоғары деңгейдегі жарыстарда, соның ішінде олимпиада ойындарында «кюр» (kür) деп аталатын еркін бағдарлама болуы мүмкін, онда спортшылар музыкалық әуенмен ат үйретуге тән жаттығуларды көрсетеді. Үшсайыс — олимпиадалық ат спортының бір түрі. Мұнда жануардың манеждік жүріс, кросс, кедергілерден жүріп өту секілді байқаулардағы ептілігі сынға түседі. Үшсайыс үш күн жүреді. Бірінші күні манежде, екінші күні дала тексерісі, үшінші күні кедергілерден өту арқылы жарысады (<http://olympic.kz> сайтынан).

- Қазіргі кезде ұлттық ат спорты дамып келеді. Қекпар, аударыспақ, теңге ілу, жамбы ату, қыз қуу, асау үйрету сияқты спорт тұрлерінен тұрлі жарыстар өтеді. 2017 жылы «ЭКСПО» көрмесі кезінде Қазақ халқының ұлттық ат спорты бойынша жарыстар өтті. Атжарыстан Елбасы Н. Назарбаевтың жүлдесі үшін «ЭКСПО кубогі» болды. Атжарыс «Ұшқыр бәйге» (2, 4 км), «Аламан бәйге» (25 км), «Жорға жарысы» (7 км), «Топ бәйге» (15 км), «Ұшқыр бәйге» (1,8 км) тұрларі бойынша өтті. Бәйгелердің жүлде қорының ең төменгісі 5 мың АҚШ долларынан басталып, жоғарғысы 50 мың долларға дейін болды. Жамбы атудан «Алтын жебе» халықаралық турнирі өтті. Бұл жарыска 25 мемлекеттен 50 мерген қатысты. Аударыспақтан әлем чемпионаты өтті. Қекпардан «Әлем кубогі» сарапқа салынды. Сонымен бірге теңге ілу, қыз қуу сияқты спорт тұрлерінен жарыстар өтті. Соңғы жылдары ұлттық ат спортына жастардың қызығушылығы артып келеді. Бұрын ұлттық спортпен айналысатын жасөспірімдер некен-саяқ болса, қазір ұлкендердің ізбасарлары көбейіп келеді. Аймақтарда ұлттық ат спортының мектептері ашыла бастады

(<http://argymaq.kz> сайтынан).

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 119 беті

Тапсырма 1. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жаз. 1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы дала ... жеті қыры»- атты мақаласын ... Ұлы дала елі ... бүгінгі мұрагер ... тәуелсіз бірлігі мен берекелі тыныс тіршілігі ұйысқан еліміз .. әлемдік өркениет ... алатын орны айқындалған (Ғаламқайыр Мұтанов, ғалым). 2. Президентіміз бұл мақалада атқа міну мәдениеті... бастап, ежелгі «аң стилі» өнер...н тіл...е тиек етеді (Серік Аңсұнқарұлы, ақын). 3. 2018 жылы Елеке сазында киімі алтын... қапталған олжа, 17-18 жас аралығындағы ақсүйек жас жігіт... жақсы сақталған қалдықтар... табылды. Біз оны «шамамен біз... заманымыз... дейінгі VIII-VII ғ. жерленген» деп есептейміз (Зейнолла Самашев, археолог).

Тапсырма 2. Суреттер мен мақал-мәтелді пайдаланып, ой бөлісініз.

- Ат — адамның қанаты, ас — адамның қуаты.
- Аттан айырылсаң да, ер-тоқымнан айырылма.
- Ер қанаты — ат.
- Жылқы — малдың патшасы.
- Ат мұратқа жеткізер

Тапсырма 3. Мәтінді тыңдал, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақ халқы нені жетілдірді? 2. Түркі тайпалары қандай технологиялық жаңалықты ойлап тапты? 3. Ол қандай құралға айналды? 4. Атты әскер қалай пайда болды?

Тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құра.

1	Аттың	а	бала түсті	1	жауынгерлік	а	Сүрген
2	барынша	ә	Тузу	2	қарудың	ә	Белгісі
3	қуатты	б	кешпендейлерің	3	өмір	б	темір құрсанған
4	Ойлап	в	үстінен	4	технологиялық	в	Тартуды
5	Оқтай	г	жаңалығына	5	ерекше	г	Еткен
6	Еуразия	ғ	пайда болды	6	мұздай	ғ	құрылымы
7	Әскери	д	жетілдірді	7	қамтамасыз	д	үстемдік
8	осылайша	е	Тапқан	8	садақ	е	жаңалық

Тапсырма 4 . Мәтінді тыңда. «Қазақстан аумағында өмір сүрген түркі тайпалары ойлап тапқан тағы бір технологиялы жаңалық — қылыш» деген пікірді ары қарай жағластырып, дәлелдеңіз.

Тапсырма 5. <https://itube.kaztrk.kz> сайтынан «Жылқы — қазақтың рухы» деп аталатын - Қазақстан телеарнасынан берілген ақпаратты көріндер. Мәтінде айтылмаған ақпаратты анықтаңдар. Бейнематериалдағы атбеті Ерлан Омаровқа бірнеше сұрақтар дайындандар. Бірі

тілші, бірің Ерлан Омаров рөлінде диалог құрындар.

Тапсырма 6. Қазақ халқының атқа міну мәдениетіне қатысты фотоколлаж жасап, қорғаңыздар:

Тапсырма 7. Әлемдегі және Қазақстанның кинематографиясы саласында жарық көрген жылқы туралы үздік фильмдерден өзіңе ұнайтынын көріңіз. Фильмдегі жылых туралы айтыңыз: Фильм туралы қысқаша мәлімет жазыңыз:

- «Шоқ пен Шер» («Қазақфильм», 1971 жыл);
- «Құлагер» фильмі («Қазақфильм», 1987 жыл);
- «Қш бол, Гүлсары!» драмасы («Қазақфильм», «Ардфильм», 2008 жыл);
- «Сұңқар» телекихаясы («SATAIFILM», 2013 жыл);
- «Клара» фильмі (Швеция, 2010 жыл);

OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 120 беті

- «Чемпион» фильмі (А-Ш, 2010 жыл);
- «Жауынгер жылқы» фильмі (А-Ш, 2011 жыл);
- «Менің жарық жұлдызыым» фильмі (Франция, 2012 жыл) және т.б.

Тапсырма 8. Жақша ішіндегі сөздердің қажеттісін дұрыс тұлғада қойып жазыңыз:

1. Қазақ (сиыр, жылқы, түйе) салт міну, жүк тасу, ет пен қымыз алу үшін өсіреді.
2. Олар ауа райының қолайсыз жағдайына төзімді, үнемі (аула, қала, дала) жайылады.
3. Басы үлкен, мойны жуан, аяқтары өте (әлсіз, мықты, нашар) болады.
4. Олар тәулігіне 300 шақырым жол (кел, жүр, айт) алады.
5. 100 шақырымды 4 сағатта шауып (жат, өт, кел).
6. Бүгінде еліміздің (қазір, барша, барлық) өнірінде ат спорты мектептері бар.
7. (Ол, бұл, сол) мектептерді мемлекет қаржыландырады.
8. Бұл (аймақ, өнір, мектеп) жастарды бәйге, көкпар, аударыспақ, қыз күу сынды ұлттық спорт түрлеріне баулиды.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс жасау.

Шағын топпен жұмыс – білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Эр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытуышы қадағалайды.

Тапсырма1. Әдебиетте жаңаша ізденістердің өріс алуына қандай жағдайлар әсер еткені туралы айтындар.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6.Әдебиет:

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәүлетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева.

Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәүлетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 121 беті

4. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

- Ерназарова З., Бекетова А., Кужакова С. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқыту әдістемесі. 1,2-бөлім. –Алматы: Атамұра, 2020.
- Кәрібаев Б. Тәуелсіздіктің 25 аса маңызды оқиғалары. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. –Алматы: Сардар, 2016. -272 б.
- Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. Мектеп, 2019.
- Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. Мектеп, 2019.
- Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. –Алматы: Мектеп, 2020.
- Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Дидактикалық материал. Қекжиек – Горизонт, 2019.
- Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Мүкеева Б. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Лексикалық минимум. Қекжиек – Горизонт, 2019.
- Хазимова А., Салыхова Б., Бейсебекова М.. Қазақ тілі. Әдістемелік құрал. –Алматы: Кітап, 2016.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: сұрақ- жауап.

- Атқа міну мәдениеті қайдан тарады?
- Қандай қазба жұмыстары жылқының Қазақстанда қолға “ үйретілгенін дәлелдеді?
- Атқа міну мәдениеті қалай қалыптасты?
- Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі нені білдіреді?
- Атқа міну мәдениеті қандай киім үлгісінің пайда болуына әсер етті?
- Қазақ халқы жылқының пірі не деп санаған?
- Жылқының қымызы қандай сусын?
- Жылқының еті қандай тағам?
- Жылқының терісінен қандай бүйімдар дайындаиды?
- Жылқының қылышан не жасайды?
- Қазақстанда жылқының қандай түрлері бар?
- Ұлттық ат спортының түрлері туралы толық ақпарат беріңіз

№ 31 сабак

5.1. Тақырып: Құсбегілік – ұлттық өнер.

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Мақсаты: қыран құстармен таныстыру, жыртқыш құтардың табигатқа тигізетін пайдасы туралы , құсбегінің қыран құстарды қалай баулитынын , өнер екеніні түсіндіру

5.3. Оқу міндеттері: қыран құстарды қорғауға, әсемділікке баулу, қыран құстар туралы толық мағдұмат беру, дүние танымын кеңейту

Үйимдастыру кезеңі: 5 мин.

Окушылардың сабака қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабака дайындығын тексеру.

Окушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

- Құсбегілік – ұлттық өнер туралы мәлімет

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 122 беті

Жаңа сабакты түсіндіру: 35 мин.

Аңшылық -саятшылық — көшпелі өмір салтының әрі күнкерістік, әрі көңіл кетеретін дәстүрі болумен бірге әскери жаттығудың, шындалып-шынығудың да жарқын улгісі.

Құсбегі (бүркітші) — аңға, құсқа салу мақсатымен бүркіт, Қаршыға, Қырғи және т.б. сияқты құстарды қолға үйрететін адам. Құс салуға бірнеше кісі бірігіп шығады. Құсбегі аңға шыққанда бүркітті оқ қолына қондырып, атта бекем отырып, білек бауларынан ұстайды. Басқалар түрлі құралдармен да даңғырлатып, аң құсты үркітеді. Осы Карбалас сәтте биіктеу жерге шығып, құс не аңды көргенде томағасын тартып, бүркітін ұшырады («Сен білесің бе?» энциклопедиясынан).

Саятшылық өнер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде маңызды рөлге ие. Тарихи мәліметтерге сүйенсек, Абылай ханның өзі 500-ге жуық бүркіт ұстаған. Ақан сері, Біржан сал, Сәкен Сейфуллиннің бүркіттері болған. 1980 жылдары республикада тұңғыш рет Алматы облысының Дегерес ауылында Құсбегілердің басын Косатын орталық ашылды. «Жерұйық» этнографиялық ұйымы құрылды. 1989 жылы орталық стадионда бүркітшілердің ең алғаш халықаралық фести-валі етті. Он жылдан кейін Нұра ауылында «Жалайыр Шора» бүркітшілер мектебі ашылды. Әбен Тоқтасынұлы, Айтбай Жетібайұлы, Шәкен Ошанбаев, Байжұніс, Сейітжан секілді бүркітшілер саятшылықты ілгері дамытты, Қазақ туын талай сайыстарда желбіретті.

Жыл сайын Құсбегілер арасында «Сонар» республикалық сайысы өткізіледі. 2005 жыл-лы Алматыда «Қыран» федерациясы құрылды. Бүркітшілердің ортақ киім ұлгісі әзірленді.

«Қазақ Құсбегілері» деген тұңғыш кітап жарық көрді. Қыран құсқа қажет құрал-жабдық жасайтын шеберханалар пайда болды. 2007 жылы Англияда бүкіл дүниежүзілік Құсбегілердің фестивалі өтті. Оған Қазақстан да қатысты.

Асыл Касиеттердің барлығын осы киелі құстың бойынан көрген халқымыз желбіреген көк туға да қыранның бейнесін салды. Бүркіттей тұз тағысын үйретіп, аңға салу қазақтың Фана қолынан келген. Қазір шетелдіктер бұған тамсанып, таңдай қағуда. Әлемде Құсбегілікпен айналысатын елдер бар. Ал дәл бүркіт балтаудың әдіс-тәсілін білетін — қазақ қана. Сондықтан халқымыз кейде «ақсүйек өнер» деп атайдын.

(Бағдат Мұптекекызы)

Тапсырма 1. Құсбегілік туралы мақал-мәтелді жазыңыз. Мақал-мәтелдің мағынасын түсіндіріңіз:

- Қаңтар қақпанды сүйер, Сонаршы ақпанды сүйер.
- Аң таппаған атынан көреді, Ата алмаған мылтығынан көреді.
- Құмай тазы қуғанын алады.
- Саятшылық сабырлыға жарасар.
- Айлалы түлкі алдырмас.
- Аңшының кешіккеніне сүйін.

Тапсырма 2. Жұптық жұмыс. Сурет бойынша көршіне бірнеше сұрақтар қойыңыз.

OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 123 беті

Тапсырма 5. Н. Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласынан алғынған мәтіндегі аң стилі туралы қысқаша тезис жазыңыз

Тапсырма 6. Сөйлемдерді мағынасына қарай сәйкестендіріңіз.

Өз жазуы мен мифологиясы бар -Қазақстанның		көшпендердің рухани бағдарын айқындаپ отырган.
Жануарлар бейнесін тұрмыста пайдалану адам мен табиғаттың өзара байланысының символына баланып		— жергілікті жануарлар әлемінде сирек кездесетін тұрпаты текті қар барысы екені кездесе соқ емес
Олар жыртқыштардың, негізінен		соның ішінде, мыс пен қоладан балқыма жасап, құймалар құюдың, жайма алтын дайындаудың күрдеі әдістерін жақсы менгерген.
Егемен Қазақстанның символдарының бірі		ежелгі тұрғындарының озық мәдениеті болды.
Аң стилі бабаларымыздың		Мысық тұқымдас андардың суретін көбірек қолданған.
Олар оюлап кескіндеуді, металмен жұмыс істеу техникасын,		айрықша жоғары өндірістік тәжірибелі болғанын көрсетеді.

Тапсырма 7. «Құсбегілік — қазақ халқының брендісі» деген тақырыпта аргументативті эссе жазыңыз. Эссе жазуда төмендегі мәселелерді ескеріңіз:

- Тақырыпты іштей бірнеше тармаққа жікте ал.
- Концептуалдық кесте дайында, не туралы жазатыныңды белгіле.
- Қандай сөздер мен сөз тіркестерін қолданатыныңды ірікте. Көркемдеуіш тілдік құралдарды пайдалануға тырыс.
- Тақырыпты аштын бірнеше идеяны жазып ал.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 124 беті

- Әр тармаққа жазатын аргументтерінді дайында.
- Тармаққа қажет аргументтерінді статистикалық мәліметтермен, нақты мысалдармен толықтыр. Бұл — эссеңің мазмұнды болуына ықпал етеді.
- Әрбір тармақты логикалық түрғыдан жүйеле. Бірінші тармақта тақырыпты қалай қолдайтыныңды, екінші тармақта практикалық идеяңды, ушінші тармақта тақырып бойынша не істейтінінді жаз.

Қорытынды да аргументтерінді келтіре отырып, ұсынған идеяңды дәлелде.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері : семинар

Семинар – «semen» - латын тілінде «ұрық» деген мағына береді. Семинар сабағында әр студент өз бетінше жеке пікірлерін дәлелдей, ортақ шешімге келеді. Жоғарыдағы сұрақтар негізінде мәлімдеме әзірлейді. Семинардың қорытындысын жасайды.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6.Әдебиет.

Негізгі:

1. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019
2. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019
3. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>
4. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

- 1.Ерназарова З., Бекетова А., Кужакова С. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқыту әдістемесі. 1,2-бөлім. –Алматы: Атамұра, 2020.
- 2.Кәрібаев Б. Тәуелсіздіктің 25 аса маңызды оқиғалары. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. –Алматы: Сардар, 2016. -272 б.
- 3.Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. Мектеп, 2019.
- 4.Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. Мектеп, 2019.
- 5.Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. –Алматы: Мектеп, 2020.
- 6.Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. – Алматы: Мектеп, 2020.
- 7.Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрак. Дидактикалық материал. Көкжиеқ – Горизонт, 2019.
- 8.Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Мұкеева Б. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрак. Лексикалық минимум. Көкжиеқ – Горизонт, 2019.
- 9.Хазимова А., Салыхова Б., Бейсебекова М.. Қазақ тілі. Әдістемелік күрал. –Алматы: Кітап, 2016.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ-жауап.

1. Қазақстанның ежелгі түрғындарының мәдениеті қандай болды?
2. «Аң стилі» өнері ненің көрінісі?
3. Жануарлар бейнесін қайда пайдаланған?
4. Қазақ халқы қандай жануарлардың суретін қолданған?
5. Аң аулаудың қандай құралдарын жасаған?

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 125 беті

№ 32 сабак

5.1. Тақырып: Дүкенбай Досжан «Төрт патшаны көрген кейуана» (хикаят).

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Мақсаты:

5.3. Оқу мақсаттары: шығарманы жан-жақты талдау арқылы оқушылардың дүниетанымын көнегіту, сөздік қорын байыту, ізденіс- шығармашылық дағдыларын дамыту, тіл мәдениетін жетілдіру. Оқушыларды елін, жерін сүюге, Отанға деген сүйіспеншілік сезімге баулу, халқын қастерлеуге, патриоттыққа тәрбиелеу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Дүкенбай Досжан шығармашылығы

2. «Төрт патшаны көрген кейуана» хикаяты

Жаңа сабакты түсіндіру: 35 мин.

Дүкенбай Досжан – жазушы. 1942 жылы 9 қыркүйекте Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданында туған. 1964 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. 1963-1966 жылдары «Жетісүй» газетінде әдеби қызметкер, 1966-1974 жылдары «Жазушы» баспасында аға редактор, 1976-1984 жылдары Қазақстан Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінде бөлім менгерушісі қызметтерін атқарған. Кейін Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кенесші, «Жалын» журналында бөлім менгерушісі болған. 1964 жылы тұнғыш өлеңдер жинағы жарық көрген, 11 роман, 22 повесть, 100-ден астам әңгіменің авторы. Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Парасат және Құрмет ордендерінің иегері. 2013 жылы 15 қыркүйекте Астана қаласында қайтыс болған.

«Төрт патшаның көрген кейуана»

Ұщақ ішінде бұлт арасымен келе жатып, анам марқұмның басынан төрт патшаны қалай өткөргенін бейнелі сөзben баяндал қағазға түсірейінші деп ойладым... Баяғыда, студент кезімізде, ұстазымыз Мұхтар Әуезов: «Белі, мен өзім қос бірдей қоғамдық фармацевтикалық-феодализмді, социализмді бастаң өткөрген адмммын гой», - деп айттып қалған еді. Сол айтқандай жастық өмірін феодализмнен бастап қызыл төңкерісті көріп социализм дәуірін кешіп кеп, мына қазақ баласы ұлт ретінде тәуелсіздік алып, капитализмнің нарық мاشақтына топ етіп түскен ел анасының бастаң кешірген өмірін кезең-кезеңімен баяндал берсем гой. Бәлкім біреуге тасқа жанығандай қажыры өнерге болар, бәлкім, тастай берік төзім иесін тани түсер. Өмір сүре білудің өзі үлкен өнер. Сол өнердің күнгейі мен көлеңкесіне зер салыр, көкірек көзімен қарап тәлім алар. Құрығында, кейінгі , өскелен буынға сабак болар сөзі қалар. Ендеше тәуекел еттім. Анам марқұмның көзі тірісінде әрқыл қөңіл қалыбында отырып, үзіп-үзіп айтқан әңгімесін бір желінің бойына тізіп, оқырманға қайта әңгімелеп беруге тәуекел еттім.

Тапсырма 1. Қою ғаріппен берілген сөздердің синонимін жазыңыз. Осы сөздердің қатыстырып сөйлем құраңыз.

- Д. Досжан тақырыбы бейне домбыраның қос ішегі секілді: бірі — қоныр үнді **көне** тарихи оқиғалар тізбегі; келесісі — **аңыз** шындығымен құлаққа қытымыр, шыңылтыр естілетін қазіргі өмірдің өз үні (Герольд Бельгер, жазушы). • Досжан шығармалары даралық стилімен, **бейнелі** тілімен ерекшеленеді. Жазушы кейіпкердің жан толқанысын сезім шырқалағы, ой ақыны арқылы суреттеуге машық. Оның шығармалары әлемнің 19 тілінде **жеке** кітап болып шыққан. Екі томдың таңдамалы

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 126 беті

шығармалары жарық көрді (1990). «Құм кітабы» үшін Қазақстан Мемлекеттік сыйлығын алған (1996). Қазастан Республикасының Тұңғыш Президентінің ғұмыры күнделігі мен еліміздің тәуелсіздігін көркем кестелеген «Ақ Орда» (2005) романын жазды. Жазушы 11 роман, 23 хикаят, 100-ден астам әңгіме жазды (Нұртөре Жұсіп, публицист, журналист).

Тапсырма 2. <https://adebiportal.kz> сайтындағы «Келбет» бағдарламасынан Дүкенбай Досжан туралы бейнебаянды көріңіз. Түсінгенінді баяндан айтыңыз

Тапсырма 3. Мәтінді тыңдал, тақырып қой. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Мәтінде кім туралы айтылады?
2. Жәмила Жанұақоваға жеделхат қайдан келді?
3. Жеделхатта не туралы жазылған?
4. Жәмила әжені Мәскеуге не үшін жіберді?

Тапсырма 4. Мәтінді оқып шығып, мәтіннің стильдік ерекшелігін сипаттаңыз.

Сырғып кеп тоқтай қалған әдемі көліктен әуелі ырғып-ырғып сыйтығыр жігіттер түсті. ... Әдемі көліктің терең түкпірінен сыйтығырдай ұзын бойлы кісі көрінді, мәшинеде екі бүктеліп қалыпты. Сыртқа шығып, белін жазды. Епті ауыздар:

— Қонаев кеп қалды! — деді. Бәріміз дастарқанға осылай қол созған күйі ақырайып омалып қалыппыз. — Тұрындар, озаттар, Қонаев қөкелерің келді, — деді әлдебір өктем дауыс. Дүрк етіп турегелейік.

Әлгі өктем үннің «Қонаев» дегені қарадай сұын үрей шақырса дағы, «қөкелерің» деген сөз аз-аздап ішімізді жылдытты. Әлгі әдемі мәшинеден тускен ұзын кісі кен адымдап келіп осылай үймелеп отырған, тұрган бізге қаратып қоңыр үнмен: «Сәлеметсіздер ме, бауырлар!» — деді. Иә, дәп солай. «Здрасты!» — деген жок, «Армысыздар!» — дегенін естімдім, Ұмытпасам... шынымды айтсам... құлағымда қалғаны... сол... «Сәлеметсіздер ме, бауырлар!» болыпты. Жағалай төніп, бір-бірлеп бәрімізге қол беріп амандастып шықты. Жылты алақанынан адам жанына енетін айтып болмас әсерлі толқын жүгіріп өтті. Состишп тұрган біздерге әлгі ұзын келісті сирек кездесетін кісі қазақшалап былай деді:

— Таңғы шайларыңызға ортақпын, жолдастар. Алыс жолдан әлгіде шаршап жеттім. Жоспар бойынша, сіздердің алдарыңызға, кездесуге апта бұрын келуім керек еді, жол бұзылып, мәшине жүрмей, оның үстіне тығыз шаруалар қолымды байладап, кешігіп қалдым. Сайлаушыларыммен кездесуге құмартып, үлкен сезіммен, биіктеп жеткенім осы!.. Таңысайық, аманаттарың болса, оны қысылмай, ұялмай айтыңыздар! Баяғы осыдан біраз бұрын аудан, облыстан өкілдер саулап жеткен жалпы жиналыста көлденеңнен сауал қоямын деп қарадай жазықты болып, аузым күйгені есіме түсіп... осылай тұрган жерімде тырс етіп үндей алсамшы. Басқарма қайнаға:

«Бірдеме десенші!» — деген кісіше бұрылып, маған қарайды. ... Үлкен кісі өзі тілге келді. — Ендеңе, өзім бірер ауыз сөйлейін, жолдастар. Ұлы Отан соғысы бітті, жеңіс біздің қолда. ... Енді соғыстан кейінгі бесжылдықты жақсы аяқтап келеміз. Жақсысы сол: мал басы құрт өсті, өндіріс ошақтары қайта жанданып, жана бастады. Соғыс кезінде бықсып өшіп тынған зауыттар қайта істеп, өнім бере бастады. Сталин жолдас, Шаяхметов жолдас «бесжылдық жоспарды ойдағыдай, тіпті артығымен орындаиды» деп үлкен сенім артып отыр сіздерге. Енді сол үлкен сенімге құдік келтіріп алмауымыз керек ғой, жолдастар. Ортак қазанға неғұрлым мол астық құйып, мал өнімдерін көп беретін болсақ,

— «қарнымыз тоқ, көйлегіміз көк» деген сөз, жолдастар. «Қонаевтың сөзі түсінікті шықты. Сол жолы астанадан ат арытып жеткен Қонаев қара шаруа — қалың жүрттың

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 127 беті

«Тәнір жарылғасын-ай!» — деген батасын алды, сол бата биік кісіге майдай жағып, Жоғарғы Кеңеске депутат болып сайланды», — дейді Жәмила анам. Енді есептеп қарасам, Жоғарғы Кеңеске депутат болып сайланар кезде сол Қонаев атамыз 36 жас та екен.

(Дүкенбай Досжан)

Тапсырма 5. Дүкенбай Досжан туралы қосымша дереккөздерден мәлімет жинап, жазушыны

еңбектері туралы фотоколлаж дайындаңыз.

Тапсырма 6. Көп нұктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жазыңыз.

- Қазақ оқырман... тынымсыз ізденіс үстін... жүретін қаламы ұшқыр, ойы жүйрік, талантты жазушымыз Дүкенбай Досжан... жаңа шығармасын ұдайы тосып отыратын. Үлғи соны әсер, соны пікір, соны сөз іздейтін және табатын, табанды қаламгер дәніккен оқырманы... дәйім қуантатын (Әбіш Кекілбайұлы, жазушы).
- Дүкенбай Досжан шығармалар... қазақ әдебиеті... қатар шетел әдебиетінде де өзіндік ізін қалдырыды. Олай дейтініміз — жазушы... ғалым оқырман қауым... қуаныш... бөлеген әңгіме, повестері көзі тірісінде-ақ жиырма... астам ел... тілі... аударылды (Гүлжанат Әбіханова, әдебиет зерттеушісі).

Тапсырма 7. Төмендегі сөздер мәтіндегі қай сөздермен тіркеседі? Мәтіннен тауып, оны қандай сөйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын айтыңыз.

Баяғы, ауыл, өз, қабылдау, жүзге, көмекшісіне, көзін, жақсы, баламның, қазағы, сөзінің, теңіз, есімде, ниеті, жарық, әлгі, жауап, қартайған.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері : шағын топпен жұмыс

Окушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Окушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6.Әдебиет.

Негізгі:

- 1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019
- 2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019
- 3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>
- 4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Косымша әдебиеттер:

- 1.Ерназарова З., Бекетова А., Кужакова С. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқыту әдістемесі. 1,2-бөлім. –Алматы: Атамұра, 2020.
- 2.Кәрібаев Б. Тәуелсіздіктің 25 аса маңызды оқиғалары. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. –Алматы: Сардар, 2016. -272 б.
- 3.Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. Мектеп, 2019.
- 4.Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. Мектеп, 2019.
- 5.Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. –Алматы: Мектеп, 2020.
- 6.Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. – Алматы: Мектеп, 2020.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 128 беті

7. Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Дидактикалық материал. Қоғзақ – Горизонт, 2019.

8. Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Мұкеева Б. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Лексикалық минимум. Қоғзақ – Горизонт, 2019.

9. Хазимова А., Салыхова Б., Бейсебекова М.. Қазақ тілі. Әдістемелік құрал. –Алматы: Кітап, 2016.

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау: ауызша сұрап-жауап.

1. Мәтін кейіпкерлері кімдер?

2. Келген өкіл қандай хабар әкелді?

3. Қөрмеге неліктен Жәмилданы жіберуге үйгартады?

4. Д.Досжановтың өмірбаяны туралы айтып берініз?

5. Хикаятың толық нұсқасын оқып шығып, Жәмила әже Н. С. Хрущевті тағы қай жерде көргені туралы айтыңыз.

№ 33 сабак

5.1. Тақырып: Қазақ театрының қайнары. Қөсемше.

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Мақсаты: «Қазақ театрының тарихы» мәтіні бойынша болжам жасайды, тиісті ақпаратты анықтайды, оқушыларды қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресімен, қол жеткен жетістіктерімен таныстыры

5.3. Оқу мақсаттары: Қазақтың қасіби театр өнерінің қайнар көзі халық шығармашылығына (әнші, ақындар айтысы мен шешендік өнерге), ежелден келе жатқан әдеп-ғұрып пен түрмис-салтқа (беташар, бәдік, жар-жар, жоқтау, коштасу, қызынде, шілдехана), ойын-сауық (алтыбақан, қызынақ, қынаменде, ортеке, судыр-судыр) пен Алдар Қосе, т.б. секілді күлдіргі қулар өнеріне саяды туралы мәлімет жинактайды.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қазақ театрының қайнары.

2. Қөсемшениң жасалу жолдары

Жаңа сабакты түсіндіру: 35 мин

Қазақ театрының тарихы XX ғасырдың 14-15 жылдарынан басталады. Сол жылдары алғашқы драмалық шығармалар жазылып, әуескөй әртістердің күшімен сахнада қойылды. Қазақ театрының тарихында сахнада тұңғыш қойылған пьеса — «Еңлік-Кебек». Бұл пьесаны Мұхтар Әуезов 1917 жылы 20 жасында жазған. Қойылымда Шыңғыстау өлкесінде болған оқиға суреттеледі. Пьесага ару қызы — Еңлік пен Кебек батырдың махаббаты арқау болған. Жауласқан екі елдің батыры — Кебек пен ару қызы — Еңлік бір-бірін сүйеді. Оған екі елдің адамдары қарсы болады. Соңында екі елдің адамдары Еңлік пен Кебекті өлтіреді. Бұл шытырман оқиғаны М. Әуезов трагедиялық пьесаға айналдырған. Осылайша, М. Әуезов драма жанрының іргетасын қалады. «Еңлік-Кебек» пьесасы алғаш рет 1917 жылы мамыр айында қойылды. Пьеса Ойқұдық жайлауында Абайдың жары — Айгерімнің үйінде көрсетілді. Қойылымда Кебектің рөлін Аймағанбетов Ақсенже ойнаган. Еңліктің рөлін ойнайтын қызы табылмайды. Адам

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 129 беті

табылмаған соң Еңліктің рөлін «Ахмет» деген жігіт ойнаған. Қойылымды М. Әуезовтің өзі басқарған. 1925 жылы Қызылорда қаласында тұңғыш кесіби театр ашылды. Театр 1928 жылы жаңа астана — Алматы қаласына көшті. Өнер ордасы «Қазақ драма театры» атанды. Қазіргі кезде «Астана Опера» театры репертуарында А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай», Е.Брусловскийдің «Қызы Жібек» опералары Ф.Жұбановының музикасына қойылған. «Қарагөз» балеті сынды шығармаларымен қатар әлемдік опера және балет классикасы: Дж. Вердиң «Аида», «Травиата», Ж.Бизенің «Кармен», П.Чайкоскийдің «Ұйқыдағы ару», «Аққу көлі», «Щелкунчик», Р.Петидің «Париж Құдай Анасының соборы» қойылымдары бар. Әр маусым сайын театр репертуары жаңарып, классикалық шығармалармен толықтырылуда. (<https://kk.wikipedia.org/wiki>)

КӨСЕМШЕ

Көсемше — етістіктің ерекше түрі. Көсемше курделі етістіктің құрамында негізгі қимылды білдіреді, қосымша қимылды айқындаиды. Көсемше етістікке үш түрлі жүрнақ жалғану арқылы жасалады. Көсемшениң жасалу жолдары:

1. -ып, -іп, -п: бар+ып, жүр+іп, кес+іп. Мысал: Ол драмалық үйрімеге бар+ып жүр.
2. -а, -е, -й: айт+a, жүр+e, оқ(ы)+и. Мысалы: Жолда көргенінді айт+a отыр.
3. -ғалы, -гелі, -қалы, -келі: бар+ғалы, жүр+гелі, аш+алы, кет+келі. Мысалы: Біз жүр+гелі отырмыз.

Тапсырма 1. Мәтіндегі театр саласына қатысты кесіби термин сөздерді анықтаңыз. Сол сөздерді қатыстырып сөйлем құраныз.

Улғі: Театр саласына қатысты кесіби термин сөздер: драмалық шығарма, әртіс, Сейлем: М. Әуезов тұңғыш рет драмалық шығарма жазды.

Тапсырма 2. Берілген сөйлемдердегі етістіктерді көсемшеге айналдыр.

1. М. Әуезов алғаш драмалық шығарма жазды да, оны жайлау төрінде сахналады.
2. Біз сабакта «Еңлік-Кебек» қойылымынан үзінді көрдік те талдадық.
3. Драмаға Еңлік пен Кебектің махаббаты арқау болды да, ол пьесаға айналды.
4. Жауласқан екі елдің адамдары қарсы болады да, оларды өлтірді.

Улғі: «Еңлік-Кебек» пьесасы сахнада тұңғыш қойылды да қазақ театрының тарихында алды. «Еңлік-Кебек» пьесасы сахнада тұңғыш қойылып, қазақ театрының тарихында алады.


Тапсырма 3. Төменде берілген сөйлемдердің дұрыс немесе дұрыс емес екенін анықтаңыз:

№	Сөйлем	Дұрыс	Дұрыс емес
1	Қазақ театрының тарихы XX ғасырдың 50-60 жылдарынан басталады.		
2	Қазақ театрының тарихында сахнада тұңғыш қойылған пьеса — «Еңлік-Кебек»		

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p> <p>Әдістемелік өндеу</p>
		<p>044-73/11-231 164 беттің 130 беті</p>

3	Қойылымда Шыңғыстау өлкесінде болған оқиға суреттеледі.		
4	Еңліктің рөліне «Ахмет» деген жігіт таңдалды.		
5	Тұңғыш кәсіби театр 1925 жылы Қызылорда қаласында ашылды		
	6. Кебектің рөліне қыздар таңдалды.		
	7. Алматы қаласында 1928 жылы театр ашылды		

Тапсырма 4. Театрдың қандай түрлері бар? Венн диаграммасы арқылы әр театрдың өзіне тән ерекшеліктерін айтыңыздар



Тапсырма 5. Оқыған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз. 1. Театр деген не? Театрда нелер өтеді? 2. Театр ең алғаш қайда ашылған? 3. Қазақ театр өнері неге негізделген? 4. Қай спектакль, қай жерде және қашан тұңғыш рет қойылды? 5. Тұңғыш музика театры қашан және қай жерде ашылды? 6. Театр алғаш рет құрылған жылы онда кімдер қызмет етті? 7. Қазақ драма театры қашан ашылды?

Тапсырма 6. Тындалған мәтін бойынша сөйлемдердің дұрыс, бұрыстырын анықтаңыз.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 131 беті

Дұрыс	Дұрыс емес

Театрда ойын-сауықтан басқа драмалық шығармалар, мәдени шаралар да өтеді. 1925 жылдың аяғында Астана қаласында тұңғыш музыка театры ашылды. Театр ең алғаш Германияда ашылған. Бұрынғы қазақ музыкалық театрының орнында қазір F.Мүсірепов атындағы жастар театрдың ғимараты тұр. 1917 жылы Ойқұдық жайлауында (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданында) М. Әуезовтің «Еңлік – Кебек» трагедиясы тұңғыш рет қойылды.

Тапсырма 7. Мәтін бойынша төмендегі сөйлемдерді толықтырып жазыңыз.

Театр – ойын-сауық орны, мұнда өтеді. Қазақ театр өнері негізделген. Халқымыздың талантты өнерпаздары өнер көрсеткен. 1917 жылы тұңғыш рет қойылды. 1925 жылдың аяғында ашылды. Театр шымылдығы ашылды. Театр алғаш рет құрылған жылы онда қызымет етті. Олар қалдырыды. Бұрынғы қазақ музыкалық театрының орнында тұр. Бұл күнде ашылды. Қазақ драма театрының сахнасында қойылған түспей келеді. байи тұсті.

Тапсырма 8. «Алматы ақшамы» газетінің Бас редакторы Қали Сәрсенбайдың берген жауабы бойынша сұрақ дайындал, өзара сұхбаттасыныздар -

.....?

- Біз театрмен есейдік. Студенттік жылдары осы театрға келіп, корифейлердің ойынын көріп, сұхбат құрып, мақала жазуды бақыт санадық. -

.....?

- Біздің канатымызды қатайтқан, оймызды, көзқарасымызды қалыптастырған – театр. Қарашаңырақ арқылы ұлттық мәдениетіміздің, тарихымыздың, болмысымыздың қайнар көзін сездік. -

- Әлі де орайы келсе, жаңа қойылымдардан қалмауға тырысамын. Әр спектакль – жаңа таным, жаңа резонанс. -

- Мұнда еңбек ететін әр адамның өнер жайлы түсінігі, өмір жайындағы түйсігі өзгелерден биіктеу боларына сенімдімін. -

.....?

- Театр туралы жиі жазу, актерлермен, суретшілермен, драматургтермен жиі әңгімелесу журналистерді өсіреді. «Алматы ақшамы» газеті театрдың әр жаңалығына атсалысып, жарияладап тұрады.

.....?

- Бүгінгі театр – дамуды, шығармашылық тұрғыдан өсуді мақсат тұтқан ұжым.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері : шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – білім алушыларды өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6.Әдебиет.

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева.

Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 132 беті

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиең-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

1.Ерназарова З., Бекетова А., Кужакова С. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқыту әдістемесі. 1,2-бөлім. –Алматы: Атамұра, 2020.

2.Кәрібаев Б. Тәуелсіздіктің 25 аса маңызды оқиғалары. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. –Алматы: Сардар, 2016. -272 б.

3.Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. Мектеп, 2019.

4.Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. Мектеп, 2019.

5.Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. –Алматы: Мектеп, 2020.

6.Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. – Алматы: Мектеп, 2020.

7.Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Раҳметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Дидактикалық материал. Көкжиең – Горизонт, 2019.

8.Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Раҳметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Мұкеева Б. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Лексикалық минимум. Көкжиең – Горизонт, 2019.

9. Хазимова А., Салыхова Б., Бейсебекова М.. Қазақ тілі. Әдістемелік құрал. –Алматы: Кітап, 2016.

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау: талдау жұмысы

Тапсырмалар:

1. Сен қандай театрға барғанды ұнатастыз?

2. Қандай қойылымдарды білесіз, қандай қойылымдарды көрдіңіз?

3. Сен көрген қойылымдар не туралы?

4.Елімізде алғаш сақналанған қандай қойылымдарды білесіздер?

5.Топқа бөлініп, «Қазіргі театр қандай болуы керек?» деген тақырыпта пікірталас үйимдастырыңыз

№ 34 сабак

5.1. Тақырып: Ұлттық өнердің тарландары. Сәбит Оразбай «Өмірдің өзі – театр» (үзінді)

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Мақсаты: тәрбиеленушілерге жазушының өмірі мен шығармашылығымен таныстыру, мағлұмат беру, халық қамын ойлайтын, ұлтжанды, елін, Отанын сүйетін азамат болып өсуге баулу. Әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тариихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспрессивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау;

5.3. Оқу мақсаттары: жазушы шығармаларын түсіне білуге, идеялық тұрғыдан алғанда сыншыл реализмін түсінуге, ізденуге төсөлдіру

Үйимдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 133 беті

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Ұлттық өнердің тарландары туралы мәлімет
 2. Сәбит Оразбай «Өмірдің өзі – театр» (үзінді)
- Жаңа сабакты түсіндіру: 35 мин.

Ұлттық өнердің тарландары

Театр сахнасы өмірдің саяхатшысы сияқты. Шымылдық артынан дүниежүзінің тарихын, бүгінгі күнді, болашақты 3-4 сағат ішінде көресің. Халықтың бар өмірімен бір қойылымда танысадасың. Театр — жақсылық пен жамандықты, адалдық пен арамдықты, махаббат пен зұлымдықты тануға көмек беретін мәдени орын. Эр қойылым өмірден туады. Соңдықтан театр — өмірдің айнасы. Театрда актер, режиссер, суретші, композитор, балетмейстер, жарық беруші, гример, шаштараз, бутафор және т.б. мамандар ұжым болып енбек етеді. Олардың бірінсіз бірінің күні жоқ. Театрдың шығармасы — қойылым (спектакль). Қойылымның ең үлкен міндеті — өмірді дәл суреттеп, адамдардың бейнесін дәл көрсету. Режиссер қойылымға қатысатын мамандарды ұйымдастырып, ұжымды басқарады, бақыт береді. «Режиссер» — француздың «басқарушы» деген сөзі. Ол жазушының шығармасын оқиды, талдайды. Сонымен қатар режиссер жазушының өмірін, дәуірін, пьесаның қалай жазылғанын зерттейді. Пьесадағы негізгі идея не, басты рөлде кім екенін анықтайды. Қандай рөлді қай актер ойнай алатынын ше шеді. Сосын ұжыммен ақылдасады. Рөлдерді бөледі. Сахнада үй-жай, табигат көрінісі, кейіп керлердің жүріс-тұрысы жасалады. Ол да өте жауапты. Оның барлығын режиссер жасайды. Театрдың негізгі тірегі — актер. Актерсіз театр жоқ. Қойылымның идеясын халықта көрсететін де — актер. Егер актер өз рөлін ойнай алмаса, сахналық бейне тумайды. Актердің әншілік өнері болса, тіпті керемет. Рөлді шебер ойнаған актер театр саласына айналады. Соңдықтан режиссер мен актерлер әр бейнені терең түсінуге тырысады. Режиссердің өзі шымылдықтың артында қалып, енбегі қойылым арқылы көрінеді. Қойылым жақсы болса, режиссер де, актер де


OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 134 беті

халықтың ықыласына, ілтипатына бөленеді.
(А. Топанов)

Сәбит Оразбай «Өмірдің өзі – театр»

Сәбит Қоңырбайұлы Оразбаев (1936 жылы 29 қаңтарда Түркістан облысы Арғыс ауданында туған) — актер, театр қайраткері. Қазақ КСР халық артисі (1976). Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1994). Отан, Парасат, Достық және Еңбек Қызыл түркістан ордендерінің иегері. Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы мемлекеттік степендиясының лауреаты. Сәбит Қоңырбайұлы 1936 жылы 29 қаңтарда Түркістан облысы Арғыс ауданында дүниеге келген.

1955 - 1959 жылдары Қазақ ұлттық консерваториясының театр факультетін бітірген. 1960 жылдан Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының актерлік құрамында. Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры сахнасында: Алғашында негізінен комедия жанрында, К. Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында», «Құдағи келіпті», Қ. Шаңғытбаев пен Қ. Байсейітовтің «Беу, қыздар-ай!» спектакльдерінде жарқырады. Осы сахнадағы жартығасырдан аса шығармашылық өмірінде қазақ және әлем классикасы, қазіргі заман драматургиясынан жүзге тарта сахналық кейіпкер сомдады. Олардың үздіктері қатарында Ф. Мұсіреповтің «Қозы Қорпеш-Баян сұлуындағы» Жантық, Ә. Тәжібаевтың «Майрасындағы» Дүрбіт, З. Шашкиннің «Жаяу Мұсасындағы» Жаяу Мұса, А. Островскийдің «Жазықсыз айыптылардағы» Муров, Қ. Мұхамеджанов, Ш. Айтматовтың «Көктөбедегі кездесуінде» Исаbek, О. Бодықовтың «Дала тұтқынындағы» Достоевский, Т. Ахтановтың «Антындағы» Эбілхайыр хан, Н. Гогольдің «Ревизорындағы» Даунбасы, Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен теріндегі» Сүйеу, Ә. Таразидің «Жолы болғыш жігітіндегі» Асан, Д. Исаbekовтің «Тыныштық құзетшісіндегі» Демесін, Чеховтың «Сүйікті менің агатайымындағы» Серебряков, т.б. сияқты біріне-бірі ұқсамайтын кесек кейіпкерлер бар.



Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, сахна саңлағы Сәбит Оразбайдың «Өмірдің өзі – театр» атты кітабы жарық көрді. Автор бұл кітапта қазақ театры мен кино өнері тарландастының сахна сыртындағы өзіл-оспағын, театрдан тыс тіршілігін, қарапайым өмірдегі әртүрлі қызық оқиғаларын және өнер туралы өз ой-толғамдарын топтастырған.

Тапсырма 1. Мәтінді оқып, қою ғаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықтаңыз:

Қазақ театр және кино өнерінің **тарландаresы** Құман Тастанбеков пен Меруерт Өтекешова мәңгілік махаббаттың **нышанына** айналды. Оған қос тарланның «Қызы Жібек»

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 135 беті

көркем фильмінде ғашықтардың рөлін ойнауы себеп болды.

Бұл фильм халық ауыз әдебиетінің інжу-маржаны «Қызы Жібек» жырының желісі мен

түсірілді. Басты рөлдерде -Қ Тастанбеков пен М. Өтекешова ойнаған. -Құман Төлегеннің,

Меруерт Қызы Жібектің бейнесін терең түсініп, шеберлікпен ойнады. Халықтың ықыласы

мен қошеметіне бөленді. Төлеген жар іздең, Сырлыбайдың еліне келеді. Көп қыздың ішінен Сырлыбайдың қызы Жібекті ұнатып, ынтызар болады. Алайда Төлегеннің әкесі Базарбай — оған қарсы болады. Төлеген әкесінің қарсылығына қарамай, сүйіктісі Жібектің еліне келеді.

Сырлыбай елінің сарбазы Бекежан да Жібекке ынтызар болып, ғашықтардың махаббатын қызғанады. Сейтіп, ол Төлегенді өлтіреді. Оны естіген Жібек Жайық өзеніне батып өледі.

Өнер тарландары - Қ.Тастанбеков пен М. Өтекешовымен ойнауымен «Қызы Жібек» махаббат дастаны халық санасында қайта **жанғырды**. Екі актердің өнердегі, өмірдегі **ұстанымдары** үйлесім тауып, олар 1970 жылы отбасын құрды. -Құман мен Меруерт мәңгілік махаббаттың, пәк сезімнің нышанына айналса, «Қызы Жібек» фильмі Қазақ киносының алтын қорына айналды. Қ Тастанбеков пен М. Өтекешова М. Өуезов атындағы қазаө драма театрында көптеген рөлде ойнады. «Сахна саңлағы» атанды. Көрермендердің қошеметіне бөленді.

Тапсырма 2. Мәтінді оқып, сұрақтар құрастырыңыздар:

Басты кейіпкер — Жібектің рөлін ойнайтын бойжеткен іздең, 1968 жылы

1 қантарда «Лениншіл жас» (Қазіргі «Жас Алаш») газетіне хабарландыру жарияланады. Жібекті 500 қыздың арасынан таңдап алады.

Төлегеннің ақ сауыты мен Жібектің көйлегі «Қазақфильм» мұрағатында сақтаулы.

Бішкек қаласының хайуанаттар бағынан киноға түсіру үшін арнайы аққулар әкелінген. Фильмнің бас суретшісі — Гүлфайруз Ысмайылова мың жарымнан астам эскиз жасаған.

Тапсырма 3. Жұптық жұмыс. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріп, диалог құрыңыздар.

1. «Махаббат нышаны» деген атқа кімдер, қалай ие болды?

2. Фильм ненің желісімен түсірілді?

3. Басты рөлдерде -Қ Тастанбеков пен М. Өтекешова ойнады ма?

4. Төлеген жар іздең, қайда барады?

5. Фильм қалай аяқталады?

Тапсырма 4. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қандай театр тарландарын білесіз?

2. Махаббат нышанына айналған әртістер жұбын білесіз бе?

3. Егер саған таңдау берсе, қандай әртіске қошемет көрсетер едіңіз? Неге?

Тапсырма 5. Көсемшениң тиісті жүрнақтарын жалғап, сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Театр тарландарымен кездес 2. Еңлік пен Кебек мәңгілік махаббат нышанына айнал... . 3. Қойылым режиссерін қошемет... . 4. Төлеген Жібекке ынтызар бол... .

5. Сахнада актердің даусы жанғыр... .

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 136 беті

Тапсырма 6. Суреттерге қарап, «С. Оразбаймен кездесу» тақырыбына әңгіме құрастырыңыз. Тірек сөздерді пайдаланыңыз. Тірек сөздер: өнер тарландары, кездесу, қошемет, ықылас, қойылым, «Өмірдің өзі — театр», әзіл-оспақ, шапалақ.

Тапсырма 7 . Суреттерге қарап, «Махаббат символына айналған қос тарланмен кездесу» тақырыбына шағын әңгіме құрастырыңыз.
Тірек сөздер: бейне, ілтипат, ықылас, тарлан, нышан, қошемет, ынтызар.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері : пікір -талас

Пікір-талас – оқытушы тарарапынан ұсынылған негізгі мәселелер төнірегінде пікір-таласқа қатысушылар жақтаушы не даттаушы болып екіге бөлініп, өзінің көзқарасын нақты мәліметтерді, дәйектемелерді көрсете отырып дәлелдейді. Өзінің қарсыласын

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 137 беті

жеңе алатындағы дәлелдер көлтіріп, сөз шеберлігін, қызуқандылық танытады. Пікір-таласты оқытушы бақылап, бағыт береді.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6.Әдебиет.

Негізгі:

1. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Қекжиек-Горизонт, 2019
2. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Қекжиек-Горизонт, 2019
3. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>
4. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

- 1.Ерназарова З., Бекетова А., Кужакова С. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқыту әдістемесі. 1,2-бөлім. –Алматы: Атамұра, 2020.
- 2.Кәрібаев Б. Тәуелсіздіктің 25 аса маңызды оқиғалары. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. –Алматы: Сардар, 2016. -272 б.
- 3.Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. Мектеп, 2019.
- 4.Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. Мектеп, 2019.
- 5.Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. –Алматы: Мектеп, 2020.
- 6.Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. – Алматы: Мектеп, 2020.
- 7.Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Дидактикалық материал. Қекжиек – Горизонт, 2019.
- 8.Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Мүкеева Б. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Лексикалық минимум. Қекжиек – Горизонт, 2019.
- 9.Хазимова А., Салыхова Б., Бейсебекова М.. Қазақ тілі. Әдістемелік құрал. –Алматы: Кітап, 2016.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7.Бақылау:

1. Сәбит Оразбай кіммен бірге оқыған?
2. С. Мұратбеков қандай кеңес берді?
3. Газеттің редакторы С. Оразбайға не айтты?
4. С. Оразбай неліктен өзі қолымен жаза бастады?
5. Оқырмандар қандай пікір білдірді?
6. Қазақстанға белгілі театр тарландары туралы суретті постер дайындацыз
7. <https://www.youtube.com> сайтынан С.Оразбаймен болған «Жүздесу» бағдарламасын көріп, түсінгеніңізді айтыңыз.

№ 35 сабак

5.1. Тақырып: Қазақстандағы экотуризмнің дамуы. Ойталқы.

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Мақсаты: Жазушының өмірі мен шығармашылығымен танысу, шығармаларының көркемдік ерекшелігін ұғындыру.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 138 беті

5.3. Оқу мақсаттары: шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстырып, образын ашады, шығармадағы құндылықтарды өзіндік көзқарасымен салыстыра отырып, өзіндік пікір білдіреді.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қазақстандағы экотуризмнің дамуы.

2. Ойталқы

Жаңа сабакты түсіндіру 40 мин.

Қазақстандағы экотуризмнің дамуы.

Туризм — халықаралық көлемде танылған, аса маңызды мәдени-ағарту, спорттық, демалыс мақсатында ұйымдастырылатын, әлеуметке қолжетімді саяхаттың түрі. Саяхат — адамдардың әртүрлі мақсатына байланысты кеңістіктең қозғалысы. Адамзат тарихында саяхаттау сауданы дамыту, жаңа жерлерді жаулап алғып, игеру, ресурс іздеу секілді мақсаттарға байланысты пайда болды. Адамның түрлі қажеттілігі саяхат түрлерінің көбеюіне әкелді.

2. Зерттеушілердің пікірінше, туризмнің түрлерін жіктеуде мотивациялық факторлар басты белгі саналады. Сондықтан адамның саяхатқа аттануына тұртқы тудырған негізгі себептерді анықтау қажет.

3. Ғылыми әдебиеттерде туризмнің 6 түрі көрсетілген. Олар: Демалу мақсатындағы туризм. Мұндай туризм қыска мерзімге немесе едәуір ұзак уақытқа ағзаны физикалық немесе психологиялық түрғыдан қалпына келтіру мақсатын да жүзеге асырылады. Бұл топқа емделіп, әл-ауқатын қалпына келтіруге климат, теңіз суы секілді табиғи құбылыстар пайдаланылатын алыс-жақын жерлердегі курорттық демалысты да жатқызуға болады. Мәдениетті зерттеу мақсатындағы туризм. Бұл туризм өзге елдің рухани құндылықтарын, мәдениетін, тарихын зерттеп, білуге бағытталады. Ол танымдық және діни табынушылық болып бөлінеді. Танымдық туризм тарихи, мәдени және географиялық құндылықтарды зерттеуге байланысты ұйымдастырылады.

Қоғамдық туризм. Қоғамдық туризм саяхатшының өз туысқандарын, таныстарын, достарын көру, қонақ болу мақсатында жүзеге асырылады. Сондай-ақ бұл топқа клубтың туризмді де жатқызуға болады.

Спорттық туризм. Спорттық туризмге белгілі бір спорттың іс-шараға белсенді қатысуга бағытталған жол сапар, сондай-ақ спорттық жарыстарға қатысу пассив немесе белсенді емес мақсатындағы жол сапар да жатады. Белсенді түрде спорттық жарысқа қатысу саяхатшының өз қалауына байланысты. Қазіргі кезде Қазақстанда да бұл бағыттағы саяхаттар құнделікті өмір салтына еніп үлгерген. Экономикалық туризм — кәсіптік және коммерциялық мақсатта жүзеге асырылатын жолсапар. Халықаралық биржа, көрме, жәрменеке және тағы басқаларға қатысу үшін ұйымдастырылатын мәдени шаралар осы топқа енеді.

Конгрестік (саяси) туризм. Бұл туризм дипломатиялық және саяси іс-шаралар мен байланысты туризм болып екіге бөлінеді. Дипломатиялық туризм белгілі бір елдегі экономикалық, әлеуметтік жағдайларды талдау, баға беру немесе өз пікірін білдіру мақсатында жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалы, белгілі бір мемлекеттің азаматы нақты бір саяси партияның жарғылық мақсаттарына қызығушылық танытып, сол партияның съезіне қатысу үшін жолсапарға шығуы мүмкін. Туризмнің аталған түрлері іштей тағы да бірнеше бағытқа жіктеледі.

(«Туризм негіздері» кітабынан)

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 139 беті

Ойталқы

Ойталқы – қоғамдық маңызды мәселені талқылау. Ойталқының басқа таластарынан ерекшелігі талқылауға түсken мәселенің қойылысы, мақсаты түрлі нәтижесі, т.б. сипаттарынан танылады.

- Ойталқы – жиылған топка талқылауға ұсынылар сөз таласы.
- Ұсыналар тақырып алдын ала белгіленеді.
- Түрлі көзқарастарды талдай отырып, он шешім мүмкіндіктерін табу.
- Ортақ шешімге келу міндетті емес.
- Ғылыми және қоғамдық тақырып талданады.
- Бірнеше адам баяндама, хабарлама да жасауды болады.
- Ғылыми тақырыпты, көркем шығарманы талқылау, «Дөңгелек үстел», т.б.
- Қатысуышылар саны үштөрттен он бес, жиырмаға дейін болу мүмкін.

Диспуттың басты сипаты сөз таласы емес, белгілі бір мәселені талдау, талқылау екенін есте ұстаған жөн. Сөз таласынан, айтыстан талқылаудың айырмашылығы қатысуышылар өз пікірлерін, көзқарастарын айтады, әрі жаңа мәліметтер, тың ойлар алады. Ойталқыда өз ойның дұрыстығын, екінші біреудің пікірінің бұрыстығын дәлелдеудің қажеттігі жоқ. Сөз таласы, пікірталасы сияқты белгілі бір мәселені талқылауда түрлі көзқарастарды ортаға салу. Қатысуши жақтар өз көзқарас, ойларын, пікірлерін дәлелдейді. Бірақ қарсы жақты сынамайды. Сөз таласының мақсаты да неғұрлым ынғайлы, қолайлы, маңызды мәселені ашу. Анықталған мәселені кейінде толықтыру, әрі қарай зерттей түсү міндеті қойылады. Көшілікпен талдау дебат немесе жарыссөз болуы мүмкін.

Дебат – қоғамдық мәні бап мәселеге қатысты түрлі көзқарастарды көшілікпен талдау.
Жарыссөз – ғылыми, саяси, есеп беру баяндамасына қосымша талдау.

Тапсырма 1. Қазақстандағы экотуризм саласыны дамуы жөнінде Орталық Азиядағы «Еуразия» қорыны (ОАЕ) атқарушы директоры Ринат Темірбековten алынған сұхбаттан үзіндіні оқыңыз.

— Ринат Сабырұлы, Қазақстанда экотуризмді дамытудың маңызы жайында айтып берсөніз. — Орталық Азиядағы «Еуразия» қоры Қазақстандағы экотуризмді дамыту бастамасын жүзеге асырады. Ол екі маңызды мақсатты көздейді: 1) ауылдық жерлердегі халықтың бизнеске белсенділігін арттыру; 2) Қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Соңғы жылдары экономикалық дағдарыс болды. Сондықтан көптеген ауыл тұрғындары амалсыз дан браконь ерлікпен, орманды заңсyz кесумен айналыса бастады. Ал экотуристік бизнес осы тұрғындар үшін заң аясында әрі табиғатпен үйлесімде пайда табу мүмкіндігін қарастырады.

— Қазақстанда экотуризмді дамытудағы проблемалар қандай?

Және бұл саланы көптеген шетелдердегі сияқты мемлекеттің негізгі табыс көзіне айналатындағы деңгейге көтеру мүмкін бе?

— Сөз жоқ, республикамыздың аумағында орналасқан мол табиғи, тарихи көрнекті жерлер сырттан туристерді тартып, ішкі туризм салаларын дамытуда бізге үлкен мүмкіндік ашып отыр. Бірақ қосымша инфрақұрылымдар жасалмаса, ресурсты ұқыпты қолдануға тиісті деңгейде назар бөлінбесе, бұл салада бәсекеге қабілетсіз болып қалатынымыз сөзсіз. Мұндай салаларда имидж қалыптастыру өте қыын, бірақ жоғалтып алу өте онай. — ОАЕ ғылымға дейін қандай экожобаларды жүзеге асырды? — ОАЕ-ның Қазақстанда экологияны қорғауға қатысты іске асырган жобалары өте көп. Ақсу-Жабагылы (Түркістан облысы), Лепсі (Алматы облысы) және Қатонқарағай (Шығыс Қазақстан облысы) экотуристік бағыттарда ірі жобаларды іске асырдық. Сондай - ақ

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 140 беті

Ақмола мен Солтүстік Қазақстан облыстарында жеті экотуристік бағыт құрылды. — Жергілікті тұрғындар туристерге қандай қызмет түрлерін ұсынып отыр? — Қазақстандық экотуристік бағыттарда ауыл тұрғындары көбінесе қонақ үй мен жатын бөлмелерді, үй жағдайында пісірілген ас мәзірін ұсынады. Сонымен бірге табиғи және тарихи көрнекті жерлерге саяхатқа шығару, салт атпен, түйемен серуенде ту мен Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлерімен таныстыру секілді қызметтерін ұсынып отыр. — Алдағы казан айының басында Астанада БҰҰ Дүниежүзілік туристік ұйымы Бас Ас самблеясының 18-сессиясы өтеді. Қалай ойлайсыз, әлемнің 160-ға жуық мемлекеті көз тігіп отырған ауқымды шара отандық туризмнің дамуына қалай әсер етеді алады? — Бұл оқиғаны елдің туристік саласының ілгерілеуіне серпін беретін үрдіс ретінде қарастыруға болады. — Форум барысында «Қазақстанның жеті кереметі» байқауының нәтижелері таныстырылмағышы. Сіз үшін «Қазақстанның жеті кереметі» атауына қандай жерлер мен ғимараттар лайық? — Біз үшін Қазақстандағы әр жердің қайталанбас ерекшелігі бар. Қатон қарағай, Маңғыстау облысы, Көкшетау, Оңтүстік Қазақстан, Қарқаралы... Бұл тізімге көптеген көрікті мекендерімізді қоса беруге болады. — Әңгімемізге рақмет!

(inform.kz. сайтынан)

Тапсырма 2. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сұхбатта қандай тақырып сөз болды?
2. Қазақстандағы экотуризмнің дамуы қандай деңгейде?
3. ОАЕ- Қазақстанда экологияны қорғауға қатысты қандай жобаларды іске асырған?
4. Экотуризмді дамытуға ауыл тұрғындары қандай көмек жасап отыр?
5. Экотуризм қарапайым халықтың бизнеспен айналысуына қандай мүмкіндіктер береді?
6. Елдегі экотуризмнің дамуына қандай факторлар кедергі келтіріп отыр?
7. Әлемдік форумда қандай байқаудың нәтижелері ұсынылады?

Тапсырма 3. Суреттерге қараңыз. Қайсысы экотуризм нысаны саналады? Өз болжамыңды айтыңыз.



Тапсырма 4. Мәтін бойынша берілген тұжырымдарды оқыңыз. Қайсысы дұрыс деп санайсыз? Ойынды дәлелденіз.

№	Тұжырым
1	«Экотуризм » термині «сейілдеу», «сапар» деген үғымдарды білдіреді.
2	Экотуризм Жер шарындағы адам аяғы баспаған, төңірегітіп-тыныш тап –түйнектай таза жерлерге саяхат жасаудың дастырумен ғана айналысады.
3	Экотуризмде білім беру мен ағарту элементтері міндетті түрде болуы тиіс.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 141 беті

4	Экотуризм – туризмнің ең көне тұрларынан бірі
5	Экотуризмнің бір нысаны – тұрлі – тұрлі тарихи – мәдени ескерткіштер.

Бәйдібек би кесенесі

Қатонқарағай

Ақсу- Жабагалы қорығы

Домалақ ана кесенесі

Тапсырма 5. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіз

1. Сұхбатта қандай тақырып сөз болады?
2. Қазақстандағы экотуризмнің дамуы қандай деңгейде?
3. ОАЕҚ Қазақстанда экологияны қорғауға қатысты жобаларды іске асырған?
4. Экотуризм дамытуға ауыл тұрғындары қандай көмек жасап отыр?
5. Елдегі экотуризмнің дамуына қандай факторлар кедергі келтіріп отыр?
6. Экотуризм қарапайым халықтың бизнеспен айналысуына қандай мүмкіндіктер береді?
7. Элемдік форумда қандай байқаудың нәтижелері ұсынылады?

Тапсырма 6. Іскерлік ойын. Егер саған толық мүмкіндік берілсе, Қазақстандағы қандай жерлерге экотуристік саяхат жасар едін? Өзің қалаған экотуризм бағыттарының картасын сыйыныз. Себебін айтыныз.

Тапсырма 7. «Тұған жерімізде экотуризмді қалай жаңдандыруға болады?» деген тақырыпта ойталқы өткізініздер. Ойталқыны өткізу үшін қажет дереккөздерді зерттеп, экотуризмді дамытуға қатысты мәліметтерді жинаңыздар. Ойталқыны жоспарын құрыңыздар.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері пікір-талас

Пікір-талас – оқытушы тарапынан ұсынылған негізгі мәселелер төнірегінде пікір-таласқа қатысушылар жақтаушы не даттаушы болып екіге бөлініп, өзінің көзқарасын нақты мәліметтерді, дәйектемелерді көрсете отырып дәлелдейді. Өзінің қарсыласын

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 142 беті

жеңе алатындағы дәлелдер көлтіріп, сөз шеберлігін, қызуқандылық танытады. Пікір-таласты оқытушы бақылап, бағыт береді.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева.

Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

1.Ерназарова З., Бекетова А., Кужакова С. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқыту әдістемесі. 1,2-бөлім. –Алматы: Атамұра, 2020.

2.Кәрібаев Б. Тәуелсіздіктің 25 аса маңызды оқиғалары. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. –Алматы: Сардар, 2016. -272 б.

3.Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. Мектеп, 2019.

4.Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. Мектеп, 2019.

5.Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. –Алматы: Мектеп, 2020.

6.Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. – Алматы: Мектеп, 2020.

7.Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Дидактикалық материал. Көкжиек – Горизонт, 2019.

8.Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Мұкеева Б. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Лексикалық минимум. Көкжиек – Горизонт, 2019.

9.Хазимова А., Салыхова Б., Бейсебекова М.. Қазақ тілі. Әдістемелік құрал. –Алматы: Кітап, 2016.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: сұрақ- жауап.

Тапсырма: Белсенді туризммен айналысатын адамдардың бойында қандай қасиеттер болуы тиіс? Неге? Оны диаграмма түрінде жазып, ойыңызды дәлелдеп айтыңыз.

№ 36 сабак

5.1. Такырып: Сәкен Сейфуллин «Көкшетау» поэмасы.

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Мақсаты: Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет беру, мәнерлелі оқу дағыларын дамыту, адамгершілікке, өз елін суюге, қазақстандық патриот сезімін оқушылардың бойына сінірту.

5.3. Оқу мақсаттары: жазушы шығармасы «Көкшетау» поэмасы арқылы табиғаттың қадір қасиетін түсіне білуге, идеялық тұрғыдан алғанда сыншыл реализмін түсінуге, ізденуге тәселдіру.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 143 беті

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы

2. «Көкшетау» поэмасын оқып талдау

Жаңа сабакты түсіндіру: 35 мин.

Сәкен Сейфуллинның туған жері — Қарашилік бүгінгі Қарағанды облысы, Ортау мекені. Алғаш сауатын Ағаш аяқ молдадан оқып хат танып, 1905 жылы Нілді мыс қорыту зауытындағы орыс-қазақ мектебінде оқиды. Кейін Ақмоладағы приходская школада екі жыл, үш кластық қалалық училищеде үш жыл оқиды. 1925-1937 жылдары ақын жазушылығымен қатар орта, жоғары оқу орындарында сабак берді. «Қызылорда қалалық халық ағарту институтында, Ташкент педагогикалық институтында (1927-1928), 1930-1937 жылдары Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтта қазақ әдебиеті тарихынан сабак берді. Сәкен қазақтың ауыз әдебиеті нұсқаларын «Көкшетау» поэмасын жазу дәүірінде жинай бастаған. Майкөт, Қарақожа, Ақан сері, Біржан сөздерін ел аузынан жинайды.

Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы мәдени мұрамыздың қатарына енген шоқтығы биік шығарма. Композициясы құрделі, бірнеше сюжетті желіден тұратын, көркем бейнелі туынды. Автор табиғатты, дыбыс пен қымылды Абылай хан заманын, қазақ еліне жан-жақтан жасалған қысым жайында адам мен табиғатты салыстыра отырып жазады. Поэма сюжеті қазақ жеріне басқыншылық саясат жүргізіп, тынышсыз көрші қалмақтармен есеп айырысу кезінде қолға түскен тұтқын қызы төнірегінде өрбиді.

Тапсырма 1. Сәкен Сейфуллиннің өлеңдерін мәнерлеп оқыңыз.

Көкшетау

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы.

Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.

Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,

Жүреді біліп кетіп есен-сауын.

Сексен көл Көкшетаудың саясында,

Әрқайсы алтын кесе аясында.

Ауасы дертке дауа, жұпар иісті

Кекірек, канша жұтсан, тоясың ба?

Ыңғалған көкке бойлап қарағайы,

Қасында көк желекті аппақ жайық,

Жібектей жеммен шарпып төніректи,

Балқытып мас қылады иіс майы.

Көкпеңбек шың басынан мұнар кетпес,

Басына атсандағы оғың жетпес.

Бір жұтсан Көкшетаудың жұпарынан,

Өлгенше көкірегінен құмар кетпес.

Сары алтын Көкшетаудың ерте-кеші,

Тау мен күн сүйіскендей еркелесіп,

Суретті шежіресі өткен күннің,

Сілекей ағызады ертегісі.

Талай сыр ертегіні ел айтады,

Ізындалап таудан соққан жел айтады.

Сырласып, сыйырласқан жапырақтар,

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p> <p>Әдістемелік өндөу</p>	<p>044-73/11-231</p> <p>164 беттің 144 беті</p>
--	---	--	---

Күндіз-тұн күніренген көл айтады.

Ертегі болмаса да хатта қалған,
Аузында шежіренің қартта қалған.
Қарттардың баян қылған әңгімесін
Есіткен кейінгілер жаттап алған.

Бурабай

Тағы бір ақбас бура, - емес атан,
Жүріпті Көкшетауды қылыш Отан.
Мұныда "көзі көрген" қартайтады,
Тындаған әлеуметке алқа-қотан.
Тағы еken жанға ұстаттай жүрген қашып.
Күркіреп тұрады еken көбік шашып,
Бір көлді мекен қылыш күнде келіп,
Су ішіп кетеді еken алшаң басып.
Дүниеде әрбір бөлек жердің аты,
Себеппен қойған бәрі елдің аты;
Бурабай атаныпты содан бері
Ақ бура мекен қылған көлдің аты.
Мөп-мөлдір Бурабайдың суы күміс,
Көргенде шаршаған жан алар тыныс.
Мінбелеп қоршалаған шымылдықтай,
Қарағай, қайың менен қалың жыныс.
Ақ көбік көпіреді күміс судан,
Сан сұлу сол көбікпен бетін жуған;
Көл басы бірде күнкіл бірде у-шу,
Әңгіме сансыз сырлы ертек туған.
Ақ бура көп жыл тауды қылған мекен,
"Бір үлкен іс боларда сезеді еken".
Ол істі елге айтқандай маңайдағы.
Бақсыдай тауды азынап кезеді еken...

Оқжетпес

Кек торғын Көкшетауды мұнар басқан,
Бастары көкке бойлап бұлттан асқан.
Бір шың бар етегінде тіп-тік найза
Адамзат жасағандай құйған тастан.
Сұп-сүйір бейне найза шың, құз, биік,
Төбесі кейде тұрад бұлтқа тиіп.
Қарасаң етегінен шың басына,
Тақияң жерге түсед тұрған киіп.
Тіп-тік шың көкке қарай кеткен бойлап,
Тұрғандай таусылмайтын бір ой ойлап.
Жалғыз-ақ шың басында ноқаттай боп,
Құйқылжып қалықтайды бүркіт ойнап.
Басына атсан-дағы оғың жетпес,
Иіліп ешбір тауға тәжім етпес,
Сол шыңға жан шықпаған ұя салып,
Шаңқылдан қаршыға мен бүркіт кетпес.
Осы шың Бурабайдың жағасында,

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-231
Әдістемелік өндөу		164 беттің 145 беті

Күнбатыс тауға кірген сағасында,
 Орта жүз хан Абылай заманында,
 Айтарлық бір іс бопты тағы осында...
 Ертегі толып жатыр өткен-кеткен;
 Өтірік-шынды әнгіме бізге жеткен.
 Эйтеуір расы сол: Қекшетауды,
 Ел шапқыш хан Абылай мекен еткен.
 Біреулер батыр мен би, ханды мақтап,
 Бұрынғы надан, шірік заңды мақтап,
 Сарнайды, жыр қылады сөзін сырлап,
 Бақсыздай жын шақырған сандырақтап.
 Тартынбай қан төккенді батыр деген,
 "Бір өзі жүз кісіге татыр" деген.
 Зиянсыз момындарды шаруа баққан,
 "Қолынан түк келмейтін қатын" деген.
 "Хан" деген жерге тамған қанға құмар,
 Дірілдеп өлім күткен жанға құмар;
 Жазықсыз бейпіл жатқан елді шауып,
 Типыл ғып жер күніренткен даңға құмар.

Жеке батыр

Болыпты баяғыда Жеке батыр...
 Тау бағып жатады еken тігіп шатыр.
 Бір күні қарауылда қалғып кетіп,
 Сол батыр бүгінгеше ұйықтап жатыр.
 Сол батыр — осы күні бір үлкен тау,
 Көз жұмған көкке қарап сыры үлкен тау.
 «Ұйықтаған батыр» дейді таудың атын,
 Адамша көлбеп жатқан қыры үлкен тау.
 Батырдың қырыққа таяу келген жасы,
 Денесі биік жота, таудай басы,
 Сақалы төсін жапқан, қыр мұрынды,
 Киюлі баста жатыр дұлығасы.

С. Сейфуллин

Тапсырма 2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақтың қандай ақындарын білесіз?
2. Қандай шығармалары есінде қалды? Ол шығармаларда не туралы айтылған?
3. Табигат тақырыбында жазылған кімнің өлеңдерін жатқа білесіз?

Тапсырма 3. Төмендегі термин сөздерді анықтамасын жазыңыз.



OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 146 беті

Тапсырма 4. Суретке қара. Бұл — Сәкен Сейфуллин. Суреттің астында жазылған жылдарға назар аударыңыз. Ол кісінінің ғұмыры туралы қандай тұжырым жасауға болады? Болжамыңды айтыңыз.

1934 жыл

1938 жыл

Тапсырма 5. Тыңдалған мәтінге сүйеніп, Сәкен Сейфуллин жазған шығарманы жанрын, көлемін анықта. Шығарма үшін ақынға қандай айып тағылған? Неге? «Көкшетау» поэмасы туралы автор берген ақпаратты баяндап айтыңыз.




Тапсырма 6. Өлеңнен Көкшетаудың сұлулығы суреттегі шумақтарды табыңыз. Ондағы көркемдеуіш сөздерді теріп жазыңыз. Көсемше тұлғасында тұрған сөздерді анықтаңыз

Тапсырма 7. Өлеңде суреттегі заттар мен табиғат көріністерінің қайсысы туралы айтылған? Олар шығармада қандай мақсатта қолданылған?

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-231</p>
<p>Әдістемелік өндеу</p>	<p>164 беттің 147 беті</p>

Тапсырма 8. Сәкен Сейфуллиннің көркем шығармасы мен Көкшетау пейзажын бейнелеген қылқалам шебері Н. С. Сивенковтің өнер туындыларын салыстырып, талдаңыз



Тапсырма 9. Бурабай шипажайы туралы ақпарат жинаңыз. Сол мәліметтерді қамтып, Бурабай туралы, оның отандық туризмдегі орны жайлы сипаттамалық мақала жазыңыз. Мақалада Сәкен Сейфуллин өлеңінде қолданылған көркемдеуіш құралдарды пайдаланыз. Ақын сөзін дәйексөз ретінде қолдаңыз.

Тапсырма 10. Сәкен Сейфуллин поэмасындағы Көкшетау өніріндегі жер-су аттарына байланысты аныздардың бірі туралы үзіндін оқыңыз. Түсінгенізді айтыңыз.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері : шағын топпен жұмыс

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6.Әдебиет.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 148 беті

Негізгі:

- 1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Қекжиек-Горизонт, 2019
- 2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Қекжиек-Горизонт, 2019
- 3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>
- 4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

- 1.Ерназарова З., Бекетова А., Кужакова С. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқыту әдістемесі. 1,2-бөлім. –Алматы: Атамұра, 2020.
- 2.Керібаев Б. Тәуелсіздіктің 25 аса маңызды оқиғалары. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. –Алматы: Сардар, 2016. -272 б.
- 3.Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. Мектеп, 2019.
- 4.Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. Мектеп, 2019.
- 5.Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. –Алматы: Мектеп, 2020.
- 6.Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. – Алматы: Мектеп, 2020.
- 7.Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Раҳметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Дидақтикалық материал. Қекжиек – Горизонт, 2019.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: бағыт беру.

- 1.Сәкеннің «Кекшетау» поэмасының ерекшелігі неде деп ойлайсыздар?
2. Поэманың көркемдік ерекшелігіне талдау.
- 3.Сәкен – еліміздің елдігінің, ерлігінің, ақындығының, сұлуулығының бейнесі деген тақырыбына мәтін құрастырыңыз

№ 37 сабак

5.1. Тақырып: Ел болашағы. Шылаулар және мағыналық түрлері

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Мақсаты: Бийк шындарға біліммен.Танымдық белсенділікті арттырып, өз пікірлерінді тұжырымдан айтуда, еркін сөйлеуге, өзіне сенімді болуға үйрену.

5.3. Оқу мақсаттары: Оқушылардың танымдық ықыласын молайту, қызығушылығын, белсенділігін арттыру. Оқиғаға сыни көзқараспен қарап, өз пікірін еркін жеткізу дағдыларын дамыту.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Ел болашағы.
2. Шылаулар және мағыналық түрлері

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 149 беті

Ел болашағы.

Қазақстанда жастар мәселесіне көп көңіл бөлінеді. Өйткені біздер, жастар, елдің болашағымыз. Болашақта елдің экономикасын да, өндірісін де, ғылымын да, медицинасын да дамытатын — жастар. XX ғасырдың басында өмір сүрген қоғам қайраткері Ғани Мұратбаев: «Жастардың бүгінгі міндеті — оку, білім, тәрбие жұмыстары. Жастар бүгін сөзден іске көшетін заман. Білімсіз істің реті болмайды. Сондықтан жастардың жалпы назары мектепке аударылуы керек», — деген. Олай болса, біріншіден, біз мектептегі уақытты тиімді пайдаланып, оқуға, пайдалы білім алуға жұмсауымыз қажет. Мемлекеттің байлығы шикізаттың көптігі, өндірістің дамуымен ғана өлшенбейді, ең алдымен, білімді жастарымен өлшенеді. Мұхтар Әуезов: «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін — білім», — деген. Білімді жастар ғана Қазақстанның болашақ келбетін айқындарды. Білімді әрі бастамашыл жастар мемлекетті басқа елдерге таныта алады. Екіншіден, біздің уақыт бос сөздің заманы емес. Алған білімді өзіміздің қажетімізге, елді дамытуға, өмірдегі көптеген түйткілді шешуде пайдалана алуымыз керек. Үшіншіден, еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына байланысты. Жастар — қоғамның қозғаушы құші әрі ең белсенді тобы. Еліміздегі тұрғындардың 30 пайызы — 29 жасқа дейінгі жастар. Сондықтан бізге үлкен үміт артылуда. Біз, жастар, еңбектің және жаңа идеялардың бастамашысы болуға тиіспіз. Уақытты бос жіберіп, қол кусырып отыруға болмайды. Біз еңбек еткенде ғана қоғам дамиды. Төртіншіден, әрбір жас азамат патриот болғанда ғана елге адаптығын көзмет етеді. Әлеуметтік сауалнамаға жауап берген жастардың 74,3 %-ы Қазақстанды «Өз Отаным» деп көрсеткен. әрбір екінші бозбала мен бойжеткен өзін «патриоттың» деп есептеген. Бесіншіден, мемлекет біздің білім алуымызға, еңбектенуімізге, өсуімізге тұрткі болып, жағдай жасап отыр. Батыр Бауыржан Момышұлы: «Әр іс-әрекеттің тууына тұрткі болар себеп бар», — деген екен. Сондықтан біз де елдің сенімін ақтап, адаптығын көзмет еткенде міндеттіміз. Біз елдің, жердің иесіміз. Осылай мемлекет пен жастардың ұстанымы тоғысан кезде қоғам дамиды.

(Назым Қалкен)

Шылаулар және мағыналық түрлері

Шылаулар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады. Шылаулардың лексикалық мағынасы жоқ, морфологиялық жағынан түрленбейді, сөйлем мүшесі бола алмайды. Шылауларды мағыналы түрлері:

1. жалғаулықтар; 2. септеуліктер; 3. демеуліктер. Жалғаулытар Жалғаулықтың 5 түрі бар.
1. Үңғайлас жалғаулықтар: және, мен, пен, бен, тағы, әрі, да, де, та, те.
2. Қарсылықты жалғаулықтар: бірақ, алайда, сонда да, дегенмен және т.б.
3. Талғаулықты жалғаулықтар: әлде, біресе, бірде, не, немесе, болмаса және т.б.
4. Себеп-салдар жалғаулықтар: өйткені, себебі, сол себепті, сондықтан.
5. Шартты жалғаулықтар: егер, егер де, алда-жалда.

Тапсырма 1. Жастарды нені дамытатынын анықтап, тірек-схемага салыңыз . Мәтінде айтылғаннан баса тағы қандай саланы қосуға болатыны жайында ойланып толытырыңыз.



OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 150 беті

1. Саябақта **бозбала** мен бойжеткен отырды. 2. Қыздың келбеті сұлу еken. 3. Мен олармен амандастым да **сауалнама** алдым. 4. Олардан **жора-жолдастары** қандай еkenін, кімге **еліктейтінін** сұрадым. 5. Бозбала мен бойжеткеннің сөздері бір-бірімен тоғысты. 6. Олардан жастардың **түйткіл** мәселесін сұрадым. 7. Бозбала мен бойжеткен бірнеше **бастамашыл** ой айтты.

Тапсырма 3. Эр сөзге екі сөз тіркесінен құрастырыңыз.

Бозбала, келбет, бойжеткен, бастамашыл, сауалнама, тоғыс, елікте, түйткіл, жора - жолдас. Үлгі: Сұлу бойжеткен, білімді бойжеткен; ... бозбала, ...

Тапсырма 4. Өлеңді оқыңыз.

1. Өлеңнің авторын анықтаңыз
2. Айн жастарды неге теңегенін анықтап, диаграммаға жазыңыз.
3. Айнның жастар туралы айтан сөздерімен келісетінінді не келіспейтінінді айтып, дәлелдеңіз.

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!

Тапсырма 5. «Броунды қозғалыс» ойыны. Дәрісханада қозғала жүріп, 3 минутты ішінде досыңызben сауалнама алыңыз. Кім көп сауалнама алса, сол жеңіске жетеді. Сауалнама сұрақтары:

1. Бұғінгі бозбаланың сыртқы келбеті қандай?
2. Жолдастарыңың арасында тәқаппарлары көп пе, кішіпейілдері көп пе?
3. Жора-жолдасыңың ішінде бастамашылдар бар ма? Олар кімдер?
4. Сенің пікірің жора-жолдастарыңың пікірімен үнемі тоғыса ма?
5. Қазіргі кезде жастардың қандай түйткіл мәселелері бар?
6. Сен кімдерге еліктейсің?

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 10 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет:

Негізгі:

- 1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019
- 2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиеқ-Горизонт, 2019
- 3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>
- 4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

- 1.Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Дидактикалық материал. Көкжиеқ – Горизонт, 2019.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 151 беті

2. Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Мүкеева Б. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Лексикалық минимум. Қекжиек – Горизонт, 2019.

3. Хазимова А., Салыхова Б., Бейсебекова М.. Қазақ тілі. Әдістемелік құрал. –Алматы: Кітап, 2016.

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау түрлері: ауызша сұрақтар.

Ел болашағы –білімді жастар тақырыбына эссе жазыңыз.

Шылаулар және мағыналық түрлерін қатыстырып, сөйлемдер құраңыз.

№ 38 сабак

5.1. Тақырып: Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы 1-кітап Қайтқанда

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Мақсаты: Оқушыларға ұлы жазушымыз, өлкеміздің мақтанышы Мұхтар Әуезовтың өмірі мен шығармашылығы, Абай жолы роман эпопеясы туралы білімдерін көңеңту. Өз еліне деген патриоттық сезімдерін жігерлендіре түсіп, қазақ төл ақын-жазушыларының шығармашылығына деген қызығушылықтарын арттыра тусу.

5.3. Оқу мақсаттары: Жаңа тақырыпты менгеруге бағыт беру, іздену қабілетін, мәнерлеп айту дағдысын, сөйлеу мәдениетін, қалыптастыру.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы

2. «Абай жолы» роман-эпопеясы 1-кітап Қайтқанда

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

М.Әуезовтің әлемге әйгілі роман-эпопеясы. «Абай жолы» – қазақтың көркем прозасын жоғары деңгейге көтеріп, әлем әдебиетіне биік эстетикалық талғам, көркемдік қуат әкелген үздік туынды. Әуезов өзінің роман-эпопеясында қазақ халқының, оның үлгіттің дәстүрін барлық қырынан жан-жақты ашып көрсеткен. Қазақтың дана ұлы Абай образын, шығармалық және қайраткерлік тұлғасын сөз өнерінде өзгеше даралықпен сомдаған. «Абай жолы» роман-эпопеясына шетелдік қаламгерлер Луи Арагон, Н.Тихонов, Б.Матип т.б.жоғары баға береді. Әуезов алғашқыда романға «Телғара» деген ат бермек болды. Автордың алғашқы мөлшерлеуінде роман үш кітаптан құралмақшы болатын. Алайда жұмыс барысында оның шенбері көңеңе түсті. Әуезов алғашқыда екі кітаптан тұратын «Абай», онан кейін мұның жалғасы болып табылатын «Абай жолы» (бұл да екі кітаптан тұратын) романын жазды. 1-кітабы 1942 жылы, 2-сі 1947 жылы, 3-сі 1952 жылы, 4-томы 1956 жылы жарыққа шықты. Алғашқы екі кітаптан тұратын «Абай» романы үшін жазушыға КСРО мемлекеттік сыйлығы (1949) беріліп, төрт томдық «Абай жолы» роман-эпопеясы жарық көргеннен кейін, ол Лениндік сыйлықтың лауреаты (1959) атанды. Жазушы ойшыл, ақын Абайды басты кейіпкер етіп ала отырып, оның бейнесін айналасына топтасқан көптеген қаһармандармен тығыз қарым-қатынас үстінде жан-жақты ашады. «Абай жолы» роман-эпопеясында қазақ халқының этнография, діни, жалпы мәдени-танымдық дәстүрлері: жаз жайлауға көшу, құдалыққа бару мен той жасау, кісі өлімі мен аза тұту, ас беру, жүрт, болыс сайлауы, дауға билік айту т.б. бәрі бар. Оқиғалар мен фактілерді баяндау үстінде жазушы өмірлік тартысты барынша ашып көрсетуге, оның әлеуметтік мәнін қүшейтуге тырысады. Белгілі фактілердің шенберімен

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 152 беті

шектелмей, қажет жағдайда бүкіл баяндаудың барлық желісін бір түйінге келтіру үшін, басты мәселелерді бір арнаға түсіріп, түйістіру үшін болған оқиға барысын өзгертіп, өзінше қызыстырып, жаңғыртады. Романдағы түгелдей немесе жарым-жартылай ойдан шығарылған көптеген кейіпкерлердің тағдыры өмірде болғандай кескін-кейіпке ие болып, жалпы тарихи даму бағытымен байланысты, біртұтас көркемдік ойдаң өзегімен тығыз ұстасып жатады. Тарихи оқиғалар мен фактілердің бәрі роман-эпопеяның бүкіл мазмұнымен тығыз ұстасып, шығарманың көркемдік өміріне орайлас мән-мағынасы басқаша ашыла түседі. Жазушы көркем шығарманың өз зандалықтары мен мүмкіндіктерін толық пайдалануға күш салады. Яғни жазушы кейіпкердің өмірде болған адамның жай көшірмесі ғана болмай, типтік тұлға дәрежесіне көтеріліп суреттелуін ұтымды көрді. «Абай жолы» эпопеясының ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетімізді, ана тілімізді өркендегудегі рөлі орасан зор. Эпопеяның кең мағынасында тарих, этнография секілді ғылымдар тұрғысынан қарағанда да танымдық мәні аса күшті екенін көзінде академик Қ.Сәтбаев атап көрсеткен болатын. «Абай жолы» дүние жүзі халықтарының 116 тіліне аударылған. 200 томдық «Әлем әдебиеті кітапханасы» топтамасында екі том болып басылды.

«Абай жолы» роман-эпопеясы 1-кітап Қайтқанда үзінді.

Бала енді асығып, өз шешесіне қарай жақындағанда беріп еді, Жұманың қатыны, «-алиға» деген бір жеңгесі:

— Телғара! Айналайын Телғара! Соқталдай азамат боп кетіпсің-ау! — деп, мойынынан құшақтай алып, бетінен сүйді. ... Содан кейін үлкен қатындар және осы топтағы үлкен еркектің, ағалардың да бір-екеуің сүйіп жатыр. Абайды шын балага айналдырып жіберген — осы сүйістер еді. Барлық үлкеннің құшағына амалсыз кезек-кезек кіріп болып, енді сыйтылып, шешесіне қарай баса берді. Абайдың өз шешесі — Ұлжан мен екінші шешесі, сұлу жүзді Айғыз қатар тұр екен. Бала топтан шыға бергенде Айғыз құліп:

— Пай, жаман қатындар сілекейлеп, баламыздың бетінен сүйер жер де қалдырмады-ау, — деп паңдана құлді де Абайды қөзінен сүйді. Кезек өз шешесіне келгенде ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да мәндайынан иіскеді. Абайдың әкесіндегі тартымды салқындық шешесіне де көптен бері мінез болған. Бала осыдан арғыны күтпеуші еді. Бірақ бауырына басқаның өзінде де Абайдың жүргегін қатты-қатты соқтырған аса бір өзгеше жақындық білінді. Ана құшағы! Ұлжан көп ұстасаң жоқ. — Әжеңе бар, әнеки! — деп үлкен үйдің алдына қарай бұрып жіберді. Кәрі әжесі — Зере бәйбіше таяғына сүйеніп, ұрсып тұр екен. — Жаман неме, маған бұрын келмей, әкеңе кеттің-ау! Жаман неме! — дей беріп, қасына, құшағына немересі барғанда «жаман неменің» артынан лезде: — Қарашибір, қоңыр қозым... Абайжаным... — деп кемсендеп, жылауға айналып кетті. Әжесі құшақтаған бойында үлкен үйге кірген Абай ымырт жабылғанша осында болды. Шешелері бұған біресе қымыз, біресе тоңазыған ет, біресе шай ұсынып тықпалай берсе де, баланың бойына ас батпады. Жөндеп ішкен де жоқ. Күні бойғы аштығы да ұмытылған сияқты. Ас бере отырып, бойлары үйреніскең сайын шеше, жеңгелері баладан: — Елді сағындың ба, кімді сағындың? — Молда болдың ба? — Оқып болдың ба? — деген сияқтыларды қайта-қайта сұрады. Абай өзге сұрақтарға жонді жауап берген жоқ. Жалғыз-ақ: «Кімді сағындың?» дегендеге:

— Оспан қайда? Ол қайда жүр? — деп, өзінің кіші інісі тентек Оспанды бірнеше рет сұрап еді. Ұлжан басында ол сұрауын елеусіз қалдырып, артынан тағы бір айналғанда:

— Е, жүр дағы жынды неме. Бүгін осында маза бермеген соң әжен екеуіміз қуып шыққамыз, — деп әжесіне нұсқады. Әжесі өзіне байланысты бір нәрсеге ишара қып отырғанды көріп: — Не дейді? Не деп жатырсындар, естімедім, — деп еді, Абай Оспан жайын айтып кеп, қатты сейлеп:

— Әже-ау, былтыр мұндаидай емес ең. Құлағына не болған, неге естімейсің? — деді. Көптің ортасында отырса да, еріксіз жапа-жалғыз боп оқшауланып қалған әжесіне жаны ашып,

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 153 беті

құшақтап алдына жантайды.

Әжесі түсінді де аз ғана босансып:

— Балам-ай, әженде кеуде болмаса, не сымбат қалды? — деп, өзінің дағдылы мұншызына қарай беттеп еді, баласы қимады.

— Жазыла ма өзі? Емдесе қайтеді? — деді. Үй іші де, әжесі де құр күліп қана қойды.
 («Абай жолы» роман-эпопеясынан)

Тапсырма 1. Қою ғаріппен берілген сөздердің синонимін тап. Осы сөздерді қатыстырып сөйлем құраныз.

- М. Әуезов — қазақ халқының **кеменгер** ойшылы, ұлы суреткері. Мұханды құрметтеу — елдің тәуелсіздігін құрметтеу, өз елінді **сүю**, отаныңды қорғау, Қазак елінің тәуелсіздігі үшін **жан аямау** (ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев).
- Оқушылар, сіздерге қазақ халқының **ұлы** ақыны — Абай туралы романың ағылшын тіліндегі бірінші кітабын тұнғыш рет **мақтанышпен** ұсынамыз.

Өзгеге көнілім тоярысын,

Өлеңді қайтіп қоярсың... — депті қой ақын алаулаған асқақ жырының бірінде. Халық **аяулы** перзентінің лебізіне сүйсіне құлақ қойған да сияқты. Қандай ер көніл, қандай **ізгі жанды** мейірбан, қандай **дарынды** халық — «Қазақ» дегенін! Қазақтар туралы біздің бұрынғы бейхабарлығымыз өкінішті-ақ екен! («Нортн нейборз» журналы, Канада).

• Әуезов — қазақ болмысы мен мінезінің **ғажайып** айнасы, қазақ өмірінің кең тынысты көркем әдебиет пен көркем өнердегі келісті кескіні, **қайталанбас** полотносы, реалды шындығы, кеменгерлік кестесі. Өзі туған ұлтын бар артық-кемімен ішінен үнги отырып тану, зерттеу, соны өзіне ғана, яғни қазаққа ғана емес, **жұмыр** жердің **ұлы** төсін жайлаған кез келген ұлтқа, әрбір **жұмыр басты** пендеге түсінікті ете отырып таныту — Әуезов әлемінің сиқырлы да сырлы қуаты (жазушы Нұрлан Оразалин).

Тапсырма 2. Сурет бойынша бірнеше сұрақтар дайындал, диалог құрыныздар.

Тапсырма 3. Мәтінді тындаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қаладан келген Абайды кітіп алуға кімдер келді?
2. Абай ең бірінші кіммен амандаспақшы болды?
3. Одан анасы қандай ескерту жасады?
4. Абай әкесі Құнанбаймен қалай амандасты?
5. Құнанбай Абайдың қандай қасиетін бағалайтын?
6. Абай әкесіне қалай жауап берді?

Тапсырма 4. Тындаған мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты кесте бойынша бөліп жазыңыз.

Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат

Тапсырма 5. Мәтінді тындаңыз. Мәтінде жауабы бар сұрақты белгілеңіз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

А) Қай топқа ауылдың үлкендері жиналып жатыр?

Ә) Екі жолдасының атын Абай алғып кетті ме?

Б) Құнанбай Абайдың қасына шақырды ма?

В) Құнанбай кімдермен амандасты?

Тапсырма 6. Мәтіннен адамның ішкі сезімін ым-ишара арқылы жеткізіп түрған сөздерді тауып, түсіндір.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231 164 беттің 154 беті
Әдістемелік өндөу	

Тапсырма 7. «Оңай және қыын сұрақтар» кестесін толтыр. Кестенің сол жағына оңай, оң жағына қыын сұрақтарды жазыңыз. Қершіне дайындаған сұрақтарыңды қой. Оңай сұрақтар мәтін мазмұны бойынша, қыын сұрақтар қөршінің өзі ойланып жауап беретін сұрақтардан тұруы тиіс.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.

Шағын топпен жұмыс – білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Эр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды. Білім алушылар кіші топтарға бөлінеді.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 мин. Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6.Әдебиет.

Негізгі:

- 1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019
- 2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019
- 3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>
- 4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

- 1.Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Дидактикалық материал. Көкжиек – Горизонт, 2019.
- 2.Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Мұкеева Б. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Лексикалық минимум. Көкжиек – Горизонт, 2019.
- 3.Хазимова А., Салыхова Б., Бейсебекова М.. Қазақ тілі. Әдістемелік құрал. –Алматы: Кітап, 2016.
- 4.Хазимова А., Салыхова Б., Бейсебекова М.. Қазақ тілі. Окулық+CD. –Алматы: Кітап, 2016.
- 5.Бақылау диктанттары 5-11 сыныптар. Оқу орыс тілдерінде жүргізетін қазақ тілі мұғалімдері үшін. Жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне арналған оқу-әдістемелік құрал. Қостанай облысы, 2014 ж.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

8. Бақылау: сұрақ-жауап

М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы «Қайтқанда» тарауын оқып, мазмұндау

№ 39 сабак

5.1.Тақырып: Отан қорғау – парызым. Үстеудің мағыналық түрлері.

№2 Аралық бақылау

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Оқушылардың өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру, өз Отанын қорғай білу керек екенін түсіндіру;

жас үрпаққа өз Отанымыздың туының мәңгі биіктегі желбіреуі бабаларымыздың осы бостандық үшін жан алыш, жан беріскеңінің арқасында екенін айттып түсіндіру;

<p>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 155 беті

5.3. Оқу мақсаттары: Оқушыларды өздігінен іздену арқылы деректермен жұмыс істеуге баулу, поэзияны сүйе отырып, сұлулық пен махаббатты тануға, адамгершілік мен мейрімділік қасиеттерін, өнерді құрметтеуге тәрбиелеу.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Отан қорғау – парызым.

Үsteудің мағыналық түрлері

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

Отан қорғау – парызым.

Тұған өлке, тарихи орданы сую – ақылдың ісі емес, жүректің ісі. Ең аяғы, аң-құс та бір өнірді мекендей, басқа аймақтарды жерсінбейді. Не нәрсені де саудалау сәнге айналған бір жылдары араб жұртынан келген қонақтар қазақ даласының қырандарын сатып әкеткені бар.

Қырандардың аяғына сақина кигізіп, әлпештеп, аялап-ақ ұстайды. Бір қызығы, сол биіктік сақшылары бір күні ізім-қайым жоғалыпты. Сөйтсе, олар өздерінің бауыр басқан мекені, ата жұрты, жалғыз Отаны – қазақ даласына қайта оралған екен. Бұл олардың асып бара жатқан ақылдылығынан емес, туған өлкесіне деген жүректегі сағынышы мен махаббатынан туындаған.

Біздің де сонау дәуірлерден бері тамырын теренге жайған бір ғана Отанымыз бар. Ол – Қазақ жері. Осынау алып қазақ сахаrasын көздің қарашуындағы қорғап, оны шексіз сую әр қазақтың міндеті және азаматтық борышы. Өйткені қазақтың Қазақиядан басқа Отаны жоқ.

Егер осы бір төрт әріптен құралған сөздің түпкі мағынасына үңілер болсақ, оның қаншалықты қастерлі ұғым екендігіне көз жеткіземіз. Өйткені Отан деген тек туып өскен жерің ғана емес, ол – күнделікті отбасы, ошақ қасың, ауасын жұтып, суын ішіп, байлығын игілігіне жаратып отырған кең-байтақ жерің, қазыналы қариясы мен ақ жауалықты анасы бар алтын бесігің, тай-құлыштадай бірге өскен құрбы-құрдастан құралған ыстық ауылың, қадірлі ата-ана, сүйікті жар, сүйкімді балаң жүрген туған елің. Қойнауы қазынаға, өрісі малға толы ырысты атамекен, «атамыз күйеу, анамыз келін болған жер». Міне, осы туған ел мен жерге еге болу, амандығын тілеу, ұрпақтың болашағына жауаппен қарау, ел тыныштығымен қатар рухани бірлікті сақтау – әрбір мұсылманның парызы.

Үsteудің мағыналық түрлері

№	Үsteудің түрлері	Сұрақтары	Мысалдар
1.	Мезгіл үстейі	қашан? қашаннан?	Бұгін, былтыр, биыл, кешке, қазір, ертеден, қыстай, күн бойы, баяғыдан, күндіз-түні және т.б.
2.	Мекен үстейі	қайда? қайдан?	Ілгері, кейін, мұнда, осында, жогары, төмен, алға, тысқары және т.б.
3.	Сын-қимыл үстейі	қалай? қайтіп? қалайша?	Әрең, ақырын, бірге, бұрынғыша, қолма-қол, емін-еркін, лезде және т.б.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p> <p>Әдістемелік өндеу</p>
		<p>044-73/11-231 164 беттің 156 беті</p>

4.	Мөлшер үстеуі	қанша? қаншама? қаншалық? қалай? қалайша?	Онша, сонша, соншалық, соғұрлым, қыруар, талай, бірталай және т.б.
5.	Қүшейткіш үстеуі	қалай? қандай?	Тым, ең, тіпті, керемет, орасан, эрең, өте және т.б.
6.	Мақсат үстеуі	қалай? не мақсатпен?	Әдейі, жорта, қасақана.
7.	Себеп-салдар үстеуі	не себепті? неге? қалай?	Босқа, бекерге, жоққа, құр босқа, амалсыздан және т.б.

Тапсырма 1. Мәтінді оқып, қою ғаріппен берілген сөздердің мағынасын анықта. Мен биыл мектеп бітіремін. Мамандық таңдауда көп ойландым. Ата-анамның да пікірін тыңдадым. Соңында ұлттық қауіпсіздік саласының маманы болғым келетінін түсіндім. Ен әуелі ұлттық қауіпсіздік маманы болу үшін қандай оқу орнына тұсу керек екенін анықтадым. Баспасөз беттерінен ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ақпарат іздедім. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік комитеті 1992 жылды 13 шілдеде құрылған екен. Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық қауіпсіздік органдының тарихы осы күннен басталыпты. Ұлттық қауіпсіздік үш деңгейді — **жеке адамның қауіпсіздігін, қоғам қауіпсіздігі мен мемлекеттің қауіпсіздігін** — қамтиды екен. Ұлттық қауіпсіздік органдары 4 бағыт та қызмет етеді. Олар: 1. **ланкестік пен экстремизмге** қарсы әрекет; 2. Ақпараттық қауіпсіздік; 3. Экономикалық қауіпсіздік; 4. негізгі мемлекеттік шегара. Мемлекеттік шегара қызметі шегаралық аумақтар мен кедендік бекеттерді қамтиды. Ұлттық қауіпсіздік мамандарын дайындастын екі білім беру мекемесі бар екен. Олар — Алматыдағы Қазақстан Республикасы ҰҚҚ Академиясы және ҚР ҰҚҚ Шегара қызметінің академиясы. ҰҚҚ Академиясы 1999 жылғы 6 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен құрылған. Академия — республикадағы үздік оқу орындарының бірі. Онда 6 факультет бар. Мен Алматыдағы Қазақстан Республикасы ҰҚҚ академиясына окуға бармақпын. Осы академияда білім алғып, елді түрлі қауіптен қорғағым келеді. Отан қорғау — әр азаматтың **абзал парызы**. ҰҚҚ академиясының тұлэктері міндетті түрде шет тілдерді менгеруі керек. Мен шет тілді жақсы білемін, болашақта жетілдіремін. Мениң ойымша, бірнеше тіл білген адамның әрекеті қашанда өміршең болады. Ал сенің аңсаған мамандығың қандай? Қандай оқу орнына барғын келеді? (Н. Қалкенқызынан)

Тапсырма 2. Ұлттық қауіпсіздікті неше деңгейі бар екенін анықтап, кластерге түсір. Әрқайсының өз түсінігі бойынша сипаттама бер. Үлгі: 1. Жеке адамның қауіпсіздігі. Яғни республиканың әр азаматының өмірін қорғау. Адамның жеке өміріне қатысты мәселелелерді жария болмауын, ... , ... қадағалау

Тапсырма 3. Дұрыс және дұрыс емес ақпаратты анықтаңыз

№	Мәтіндегі ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
1	Ұлттық қауіпсіздік комитеті 1992 жылғы 13 шілдеде құрылған.		
2	Ұлттық қауіпсіздік екі деңгейді қамтиды.		
3	Ұлттық қауіпсіздік органдары төрт бағытта		

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 157 беті

4	Астанада ұлттық қауіпсіздік мамандарын дайындастын білім беру мекемесі бар.	
5	ҚР ҰҚҚ Шегера қызметінің академиясы Алматыда орналасқан.	

Тапсырма 4. Топтық жұмыс. Әр топ ұлттық қауіпсіздік органдарыны 1 бағытын таңдап, оларды қызметіне не кіретінін шамалап анықтасын.

Үлгі: 1. Лаңкестік пен экстремизмге қарсы бағыт. Бұл бағыт елді лаңкестік ... қоргайды.

Тапсырма. Өзіңе ұнаған пікірді таңдап, келісетінінді не келіспейтінінді дәйектеп айтыңыз.

1. Отан қорғау — әр азаматтың абзal парызы.
2. Ата-ананы сыйлау — әр азаматтың абзal парызы.
3. Жақсы оқу — әр азаматтың абзal парызы.
4. Жоғары оқу орнына түсу — әр азаматтың абзal парызы.
5. Елге қызмет ету — әр азаматтың абзal парызы.

Тапсырма 5. Төмендегі ойларды сұрақтарға айналдырып, диалог құрыңыздар.

1. Шет тілін білген адамның әрекеті өміршеш болады.
2. Ана тілін білген адамның әрекеті өміршеш болады.
3. Білімді адамның әрекеті өміршеш болады.

Тапсырма 6. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сен болашақта қандай маман болғың келеді?
2. Өзің баратын оқу орны туралы білесіз бе?
3. Қалай ойлайсыз, отан қорғау әр адамның парызы ма?
4. Отан қорғауға өз үлесінді қалай қосасыз?

Тапсырма 7. Қазыбек бидің сөзімен келісесізбе? Ойынды жүйелеп айтыңыз.

Алтын ұян — отан қымбат,
құт-берекен — атаң қымбат,
Аймалайтын анаң қымбат,
Аскар тауың — әкең қымбат.

5.5. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне жету үшін оқытудың негізгі

түрлері/әдістері/технологиялары: бағыт беру

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Оқушылар өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Сабактың қорытынды бақылау жұмысы : 30 мин.

1. Сәкен Сейфуллин «Көкшетау » поэмасы жайында айтып беріңіз
2. Мінездеме. Түйіндеме
3. «Отанды қорғау - парызым» тақырыбы бойынша мәтін құрастырып жазыңыз.
4. **Жалпы және жалқы есімдер дегеніміз не? мысал келтіріңіз**
5. «Ел болашағы - жастар» тақырыбы бойынша мәтін құрастырып жазыңыз.
- 6.Айқындауыш дегеніміз не? мысал келтіріңіз
7. . «Қазақ театрның қайнары» тақырыбы бойынша мәтін құрастырып

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 158 беті

жазыңыз

8. Көсемше дегеніміз не?
9. «Шешендік өнер» тақырыбы бойынша түсінгенізді айтып беріңіз.
10. Үстеу дегеніміз не?
11. «Бабалардан жеткен ұлы мұра» тақырыбы бойынша мәтін құрастырып жазыңыз.
12. Сабактас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
13. «Нашақорлық- қоғамдық дерпт» тақырыбы бойынша мәтін құрастырып жазыңыз.
14. Құрмалас сөйлем дегеніміз не?
15. «Жүсіпбек Айтмауытов «Әнші әңгімесі» тақырыбы бойынша айтып беріңіз

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

- 1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019
- 2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәuletбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019
- 3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>
- 4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

- 1.Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Дидактикалық материал. Көкжиек – Горизонт, 2019.
- 2.Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Мұкеева Б. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Лексикалық минимум. Көкжиек – Горизонт, 2019.
- 3.Хазимова А., Салыхова Б., Бейсебекова М.. Қазақ тілі. Әдістемелік құрал. –Алматы: Кітап, 2016.
- 4.Хазимова А., Салыхова Б., Бейсебекова М.. Қазақ тілі. Окулық+CD. –Алматы: Кітап, 2016.
- 5.Бақылау диктанттары 5-11 сыныптар. Оку орыс тілдерінде жүргізетін қазақ тілі мұғалімдері үшін. Жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне арналған оқу-әдістемелік құрал. Қостанай облысы, 2014 ж.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

8. Бақылау: сұрақ- жауап

- 1.«Отанды қорғау- әрбір азаматтың парызы» тақырыбына шағын мәтін құрастырыңыз
2. Үстеудің мағыналық түрлерін қатыстырып сөйлемдер жазыңыз

40 сабак

5.1. Тақырып: Бос уақытты жоспарлау. Уақыт – сыншы. Айқындауыш

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Мақсаты: Қазақ жырының қара бурасы атанған ақындардың өмірімен және шығармашылығымен таныстыру. Ақын әкіннің жырларымен таныстырып, оқушылардың поэзия туралы түсініктерін, сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту.

5.3. Оқу міндеттері: Оқушыларды өздігінен іздену арқылы деректермен жұмыс істеуге баулу, поэзияны сүйе отырып, сұлулық пен махаббатты тануға, адамгершілік мен мейрімділік қасиеттерін, өнерді құрметтеуге тәрбиелеу.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 159 беті

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Бос уақытты жоспарлау.

2. Уақыт – сыншы.

3. Айқындауыш

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

Бос уақытты жоспарлау. Уақыт – сыншы.

Адам баласына берілген баға жетпес құндылықтың бірі –уақыт. Уақыт – адамға берліген нағыз сый. Бос уақыт жоқ, босқа өткен бар. Уақыт – адам баласының азына ие болып, көбінесе мұқтаж болған нәрсесі. Барлығында жиырма төрт сағат бар. Бірақ баршасы бұны ұтымды қолданбайды. Уақыт қордаланып жиналмайды, кері қайтарылмайды. Қарызға алуға және беруге болмайды. Сыйғ тартылмайды. Мирастарде қалдырылмайды. Уақыт деген біздің өміріміз!!!

Тайм-менеджмент (ағылш. Time Management) — уақыт ұйымдастыру технологиясы және оның пайдалану тиімділігін арттыруды сонымен қатар уақыт бөлудегі бақылау, онда арнайы тиімділігі мен өнімділігін арттыру. Тиімділікті, нәтижелікті арттыру мақсатында жасалатын пландау процессі, кейбір әрекеттерге жұмысалатын уақытты бақылау, басқару. Өткен күндер, жылдар қайта келмес, ал келесі жылдың қалай өтуі сізге байланысты.

Бұл әрекет шектелген уақыт аралығында жасалып жатқан жұмыстың пайдасын барынша көбейту. Алғашқыда, Тайм-менеджмент термині тек бизнес саласында қолданылатын, алайда қазір терминнің мағынасы кеңелуімен байланысты адамдардың жеке ісіне де байланысты болды. Уақытты пайдалы қолдану жүйесі түрлі амалдардан, техникалардан, құралдардан және әдістерден құрылған. Кез келген жобаның көлемі мен уақытын нақтылайтын жүйе болғандықтан, тайм менеджмент оның қажеттілігі болып табылады. Уақытты басқару нақты міндеттері, жобалар мен мақсаттар орындау үшін пайдаланылатын дағдыларын жиынтығын алуға көмектесе алады, Осы дағдылар келесі мәселелерді қамтиды: жоспарлау, бөлу, мақсаттарын қоюы, жұмысалған уақыт талдау, мониторинг, ұйымдастыру, тізімдер мен басым бағыттарын құру.

Басында, уақыт басқару тек бизнеске жатқызылған, бірақ кейінірек осы термин сол негізде жеке қызмет саласын қосып алады. Әдетте, уақытты басқару кез келген жобаның дамуына қажеттілік, себебі ол жобаны аяқтау және көлемін уақытын анықтайды.

Айқындауыш

Айқындауыш — анықтауыштың ерекше бір түрі. Сөйлемде белгілі бір мүшенің заттың, мекендік, мезгілдік, т.б. мағынасын басқа сөзбен түсіндіріп, нақтылап көрсететін сөз я сөз тіркесі. Айқындауыш айқындастың сөздерімен тұлғалас, қызметтес болып келеді. Айқындауыш мүшелер құрамы мен құрылымына қарай, мазмұнына байланысты үш түрлі болады: 1. оңашаланған айқындаушылар (обособленные уточняющие)
2. қосалқы айқындаушылар (дополнительные уточняющие)
3. қосарлы айқындаушылар (удвоенные уточняющие)

1. Оңашаланған айқындауыш — өзінен бұрын тұрған сөзді айқындаған, дәлелдеп, түсіндіріп тұратын бір немесе бірнеше сөз. Оңашаланған айқындауыштың алдынан әсіресе, яғни, көбінесе, сияқты сөздер қолданылуы мүмкін. Оңашаланған айқындауыш

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндеу	164 беттің 160 беті

бастауышты ғана емес, басқа да мүшелерді — пысықтауышты, толықтауышты, кейде анықтауышты да айқындай береді. Үтір оңашаланған айқындауыштың екі жағынан қойылады. Бірнеше және бірыңғай мүше болып келсе, үтірдің орнына сзықша қойылады. Оңашаланған айқындауыш жалпылауыш мүшениң де айқындауы мүмкін. Онда жалпылауыш сөзден кейін қос нұкте қойылады. Мысалы: «Бұларсыз — жем-шөпсіз, қорасыз, жайылымсыз — малды қыстан күйлі шығарам» деген — бос сөз. Еуропаның теңіздері — Азов, Солтүстік және Баренц теңіздері — балыққа бай.

2. Қосалқы айқындауыш көбіне зат есімдердің қосымша сыны ретінде жұмсалады. Қосалқы айқындауыштар анықтайтын сөздерінің алдында келсе де, сонында келсе де, ешбір тыныс белгісіз байланысады. Мысалы: Әнші Ермек Серкебаев, Алпамыс батыр, профессор Сабырбаев.

3. Қосарлы айқындауыш — айқындаитын мүшениң бір сыңары болып, мазмұнын дәлелдеп тұратын сөз. Қосарлы айқындауыш кейде өзі анықтайтын сөзімен дефис арқылы байланысады. Мысалы: Талғат Мұсабаев әлемге танымал, үшқыш ғарышкер. Телефон-автомат, инженер-механик.

Тапсырма 1. Сөздерді баламасымен сәйкестендіріңіз.

1	жоспарлай алу білігі	а	время перед закатом (солнца)
2	зер салу	ә	скучать от безделья
3	мөлшерін анықтау	б	приехали рано утром
4	жан рақаты	в	относиться равнодушно
5	кіші бесін	г	обращать внимание
6	елен-алаңда келді	ғ	умение планировать
7	енжар қарау	д	определить количество
8	қолбостықтан зерігу	е	услада для души

Тапсырма 2. Берілген сөйлемдерден айқындауыш мүшелерді тауып, түрлерін анықтаңыз. Жазушы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын оқымаған қазақ жок шығар. Бауыржан Момышұлы — Ұлы Отан соғысына қатысқан ақын-жазушы. Біз кеше танымал әншілердің — Роза Рымбаева, Димаш Құдайберген, Қайрат Нұртастың қатысуымен болған бағдарламаны тамашаладық. Біздің мектептің оқушылары — әсіреле, 9-сынып пен 10-сыныптары әрдайым аудан сайыстарына қатысада. Оның әкесі өңірде белгілі майталман-шебер адам болған.

Тапсырма 3. Тындаған мәтінге сәйкес ақпаратты анықтаңыз

- 1) Ермек істер жаныңызға рахат сыйламайды.
- 2) Ермек іс деңсаулыққа пайдалы.
- 3) Күйтабақ жинау ермек іске жатпайды.

Тапсырма 4. Мәтінді оқыңыз. Қою ғаріппен жазылған сөздерді лексика грамматикалық синонимдерін тауып айтыңыз:

Мен бүгін сендерге уақыттарыңды дұрыс жоспарлаудың бірнеше **құпиясын** ашамын. Іскер адамдар оған арнағы термин ойлап тапқан екен. Ол — тайм-менеджмент. Тайм-менеджмент — уақытыңды дұрыс жоспарлау өнері. Ол — бір тәулікті 48 сағатқа айналдыратын сиқыр емес, бірақ көп шаруа тындыруға үлгерудің бір жолы. Қалай ойлайсың, іскер адамның негізгі қасиеті не? Кез келген іскер адамның негізгі қасиеті — өз уақытын дұрыс жоспарлай алу білігі. Уақытты жоспарлай алу білігіне үйрену қажет. Оны үйренуді тап қазір бастау қажет. Ағымдағы жұмыстармен алда жасалатын жұмыстарды жоспарлап, күн сайын күнделікке жазып отырыңдар. Оны **енжарлық**

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 161 беті

танытпай, ұялы телефондарыңа жазып алуларыңа да болады. Өз жұмыстарыңды үш категорияға бөліндер: өте маңызды, маңызды, күнделікті. Нақты мақсат қоймасандар, көп уақыт пен құш-қайраттарыңды бекер жоғалтып аласыңдар. Жоспарланған жұмысты орындау мерзімін, **мөлшерін** нақтылау қажет. Ол міндетті! Өйткені «Уақытым болса, жасаймын» мен «Бір сағаттың ішінде жасаймын» деген ұғымдардың айырмашылығы **үлкен**. Бірінші жағдайда ақталуға себеп табылады, ал екінші жағдайда белгілеген міндетті орындауға қатаң шектеулі шарт қойылады. «Жоқ!» деп айтуға үйрену керек. Біреулердің өзінді пайда әкелмейтін жұмысқа тартуына жол берме. Маңызды нәрселерді жай нәрселерден ажыратуды үйрену керек. Осы ережелерді бір ай ұстан. Қорытынды жаса: уақытты жоспарлы пайдалануға үйрендің бе, жоқ па?

Дружные ребята. №41. 15.10.2013.

Тапсырма 5. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. «Дружные ребята» газеті қандай құпиямен бөлісті?
2. Іскер адамдар не ойлап тапқан еken?
3. Іскер адамның негізгі қасиеті не?
4. Жұмыстарды неше категорияға бөлуді ұсынады?
5. Нақты мақсат қойылмаса, не болады?
6. Жоспарланған жұмысты орындау мерзімін нақтылау не үшін қажет?

Тапсырма 6. Көп нүктенің орнына қажет сөздерді қойып жазыңыз.

Бүгін сендерге өз уақыттарыңды бірнеше құпиясын ашамын. Іскер адамдар оған арнайы термин еken — тайм-менеджмент. Тайм-менеджмент — дұрыс жоспарлау өнері. Ол — бір тәулікті 48 сағатқа айналдыратын сиқыр емес, бірақ көп үлгерудің бір жолы. Кез келген іскер адамның өз уақытын дұрыс жоспарлай алу білігі.

Қажет сөздер: өз уақытынды, ойлап тапқан, негізгі қасиеті, шаруа тындыруға, дұрыс жоспарлаудың.

Тапсырма 7. Сұрақтарға жауап беріп, диалогті толықтырыңыздар.

1. Әдетте сен әр күніңе жоспар құрасыз ба?
2. Достарыңмен телефон, интернет арқылы сөйлесесіз бе?
3. Жоспарланған жұмыстарды уақытында бітірген кездерің көп пе? Ол қандай жұмыстар?
4. Орындалмай қалған жұмыстарың бар ма?
5. Көптен көрмеген танысыңмен кездесіп қалдың. Уақытың тығыз. Не айтар едің?

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Оқушылар өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 минут.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет.

- 1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019
- 2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-231
Әдістемелік өндөу	164 беттің 162 беті

3. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Косымша әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Дидактикалық материал. Көкжиек – Горизонт, 2019.
2. Оразбаева Ф., Дәuletбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Мұкеева Б. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Лексикалық минимум. Көкжиек – Горизонт, 2019.
3. Хазимова А., Салыхова Б., Бейсебекова М.. Қазақ тілі. Әдістемелік құрал. –Алматы: Кітап, 2016.
4. Хазимова А., Салыхова Б., Бейсебекова М.. Қазақ тілі. Оқулық+CD. –Алматы: Кітап, 2016.
5. Бақылау диктанттары 5-11 сыныптар. Оқу орыс тілдерінде жүргізетін қазақ тілі мұғалімдері үшін. Жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне арналған оқу-әдістемелік құрал. Қостанай облысы, 2014 ж.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: сұрақ- жауап

1. Уақытты тиімді пайдаланудегеніміз не?
2. Уақытыңызды қалай пайдаланаңыз?
3. Өзіңнен-өзі есеп алу дегенді қалай түсінесіз?
4. Уақыт сыншы дегенді қалай түсінесіз?